

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Э.А.ОРЫНБАСАРОВА

**ПЕДАГОГ ЭТИКАСЫ ЖӘНЕ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС
МӘДЕНИЕТІ**

Алматы, 2017

УДК 37.013
ББК 74.6
О 74

*Қазақ қаржы, экономика және халықаралық сауда университетінің
Ғылыми-әдістемелік кеңесі оқу құралы ретінде басылымға ұсынған.*

Пікір жазғандар:

- Қ.Қ.Шалғынбаева** – педагогика ғылымдары докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі
- Г.Т.Оразбаева** – педагогика ғылымдары докторы, Қазақ қаржы, экономика және халықаралық сауда университетінің «Әлеуметтік жұмыс» кафедрасының доценті

Орынбасарова Э.А.

- О 74 Педагог этикасы және қарым-қатынас мәдениеті:** оқу құралы /
Э.А.Орынбасарова / Алматы: «Бастау», 2017. – 216 бет.

ISBN 978-601-281-248-0

Оқу құралында Қазақстан Республикасында педагогикалық ойлау тарихындағы этикалық-педагогикалық идеялар бастауларына өткенге мән беру тұрғысынан талдау жасалып, жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық этика мәселелеріне: қазіргі заманғы жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі міндеттерін тиімді шешуге ықпал ететін басты құрамдас бөліктердің қағидалары, шарттары мен факторларының мазмұнына әдістемелік негіздеме берілген.

Оқытушының жеке басынын: адамгершілік бағыттары, борышы, ар-ұжданы, абыройы, беделі, әдептілігі мен төзімділігі іспетті санаттарына қоса, педагогтің адамгершілік мәдениеті мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Автор педагогикалық қарым-қатынастың мәнін, мазмұнын, ерекшеліктерін аша келе, ұстаздың қарым-қатынас жасау мәдениеті мәселелеріне көп көңіл бөліп, киікшіл-қақтығыстар себептері жайында айтумен қатар, олардың алдын алу бойынша ұсыныстар да береді.

Бұл оқу құралы, бәрінен бұрын, жоғары оқу орындары мен колледждердің оқытушыларына, гуманитарлық ЖОО магистранттары мен бакалаврларына, мектеп мұғалімдеріне арналады, бірақ жеке тұлғаның адамгершілік және этика тұрғысынан дамуы мәселелері толғандыратын барша қауымға да кітаптың пайдалы болатыны сөзсіз.

Оқу құралында білім мен тәрбие алатын жас жеткіншектер бойларында адамгершілік-этикалық білімдер, жақсы қасиеттер қалыптастыру мәселелеріне арналған тапсырмалар мен тест сұрақтары берілген.

УДК 37.013
ББК 74.6

ISBN 978-601-281-248-0

© Орынбасарова Э.А., 2017
© «Бастау», 2017

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
I бөлім. Қазақ ағартушылары және Қазақстанның белгілі қайраткерлерінің адамгершілік-этикалық көзқарастары рухани-адамгершілік тәрбие үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздері бастауларының бірі ретінде	9
1-тарау. Қазақ ағартушылары жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі мәселелері жөнінде	9
1.1. Қазақ ағартушылары: Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың адамгершілік-этикалық тұжырымдамалары	9
1.2. Ш.Уәлихановтың адамгершілік тәрбиеге көзқарасы	16
1.3. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық этикасы	20
1.4. Абай жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі жайында	25
2-тарау. Қазақстанның алғашқы педагог-ғалымдарының мұрасы негізінде шәкірттерге адамгершілік-этикалық тәрбие беру мәселелері	38
2.1. М.Кәшімовтің адамгершілік-этикалық көзқарастары	38
2.2. Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық еңбектеріндегі оқушылардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі мәселелері	43
2.3. Мағжан Жұмабаев жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі туралы	50
3-тарау. Қазақстанның белгілі қайраткерлері жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі мәселелері жайында	61
3.1. Мұқтар Әуезов оқушылардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі мәселелері туралы	61
3.2. Қаныш Сәтбаев мұрасындағы мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу идеялары	69

3.4. Мәлік Ғабдуллиннің оқушылардың адамгершілік-этикалық тәрбиесіне көзқарастары	73
Сұрақтар мен тапсырмалар	77
Тестілер	77
II бөлім. Педагогика этикасының теориялық негіздері	82
2.1. Педагогика этикасының теориялық қырлары және болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселелері	82
2.2. Педагогикалық қызметтің адамгершілік мазмұны	90
2.3. Егемен Қазақстанның білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптастырудың инновациялық бағыттары	94
2.4. Тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуының психологиялық мәселелері	101
2.5. Жоғары оқу орындарындағы оқыту-тәрбие үдерісінің кәсіптік бағдарлылығы – болашақ ұстаздың адамгершілік-этикалық мінез-құлқын қалыптастырудың маңызды ұстанымы	107
2.6. Оқытушының педагогикалық өзіндік қасиеттері – студенттердің адамгершілік тәрбиесінің маңызды факторы	115
Сұрақтар мен тапсырмалар	123
Тестілер	123
III бөлім. Педагогтің адамгершілік мәдениеті	128
3.1. Тұлғаның адамгершілік бағыттылығы педагогтің адамгершілік мәдениетінің негізі ретінде	128
3.2. Педагогтің борышы және ар-ұжданы	131
3.3. Педагогтің абыройы мен қадір-қасиеті	134
3.4. Педагогтің әдептілігі	137
3.5. Оқытушының төзімділігі	144
3.6. «Оқытушы – студент» қатынастары жүйесі	148
Сұрақтар мен тапсырмалар	156
Тестілер	156

IV бөлім. Педагогтің қарым-қатынас этикасы және мәдениеті	161
4.1. Қарым-қатынас адамгершілік құндылық ретінде	161
4.2. Педагог беделі жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінің табыстылығы ретінде	168
4.3. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық қарым-қатынастың стилі және ерекшеліктері	176
4.4. Қақтығыстар және олардың алдын алу	188
4.5. Педагогтің кәсіби мәдениетіндегі әдеп	193
Тестілер	205
Тест сұрақтарының жауаптары	209
Қорытынды	210
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	212

КІРІСПЕ

Елдегі болжап болмайтын әлеуметтік-экономикалық ахуал білім беру, оқыту-тәрбиелеу үдерісін елеулі қиындатып жіберген бүгінгі таңда, мамандардың жеке тұлғасының жаңаша құрылуға тиіс екендігі айқындала түсті: адам баласының басына әртүрлі экономикалық, құқықтық, саяси және, әлбетте, адамгершілік-этикалық әсерлер түрінде ықпалын тигізіп жатқан нарықтық қатынастар жағдайында, маманды адамгершілік ұстанымын дербес іздеп-табуға, таңдауға жан-жақты дайындау қажет.

Қазіргі заманғы адамгершілік бет-бейнесі қоғамдық мораль айнасына айналған педагог өзін қоршаған әлемде дұрыс бағдар ұстап, өмірде де, мамандықтарда да пайда болып жатқан жаңалық-өзгерістерді бағалай білуге тиіс. Педагог тәрбиенің ең нәзік құралы – **адамгершілік, мораль туралы ғылымды** жетік меңгерген кезде ғана кәсіпқой маманға айнала алады. Ұстаз ғана өзінің шәкіртінің рухани жан-дүниесін, адамгершілік бағдарларын қалыптастырып, оған қоғамдағы мінез-құлық нормалары жайында жалпы түсініктерді ұғындырып, оның бойына адамға тән ізгі қасиеттерді сіңіре алады.

Кәсіптік этика ежелден-ақ этика ұстанымдарын, адамдардың нақты еңбек қызметі аясындағы мінез-құлық нормаларын айқындай отырып, еңбек моралінде белгіленген. Кәсіптік этика адамдардың кәсіби қызметінің ерекшеліктерінен туатын адамгершілік сана, өзара қарым-қатынастар мен мінез-құлық ерекшеліктерін көрсетеді. Ал егер кәсіптік этиканың *медициналық, әскери, құқықтық* іспетті түрлері тарихи тұрғыда қалыптасқан болса, енді бүгінгі таңда *қызметтік, басқарушылық этика* мәселелері тым белсенді қолға алынып, жаңартыла жасалып жатыр. Мысалы, *журналистің шығармашылық этикасы, милиция (полиция) қызметінің этикасы* бойынша жасалған жұмыстар белгілі, сонымен қатар *ғалымның, әртістің этикасына* және басқаларының этикасына жататын мәселелер өзекті бола түсті.

Педагогикалық қызметке қатысты айтсақ, онда бұл жерде кәсіптік дайындықтың табысты болуы педагог бойында кәсіби мораль: адамгершілік сана-сезім мен нанымның қалыптасуы деңгейімен айқындалады, өйткені ұстаздың ісінде адамгершіліктің рөлі ерекше маңызды, себебі – моральдің өзі педагогикалық міндеттерді орындайды, яғни **ұстаз елеулі дәрежеде жастардың рухани әлемін, демек, адамгершілік бейнесін қалыптастырады.**

Педагогтің ұстанымы мен біліктілігі деңгейі және кәсіби шеберлігі айтарлықтай дәрежеде нақ осы міндеттің іске асуын қамтамасыз ете алады. Сондықтан ұстаздың өзінің жеке тұлғасының адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы, оның кәсіптік-этикалық дайындығы мәселелері қашанда өзекті болған, сондай-ақ жоғары мектеп қызметінде де, қоғам дамуының қазіргі кезеңінде де солай болып қалып отыр. Жоғары білім беру мәселелерімен ғалымдардың, ұстаздардың бірқатары (К.Жаңабаев, К.Жоламанов, А.И.Иманалиев, В.П.Елютин, С.И.Зиновьев, Н.В.Кузьмина, Н.Г.Куликов, Н.Д.Никандров және басқалары) жан-жақты, белсенді айналысып жатқанын айта аламыз.

Мұғалімнің жеке тұлғасының қалыптасуы мәселелері бойынша арнаулы зерттеулер (М.Ачилов, Э.А.Гришин, В.И. және И.Я.Писаренколар, Л.Э.Рустамов, В.А.Сластенин, И.И.Чернокозов, В.Н.Чернокозова, Э.А.Шыныбекова, Т.Ж.Шылымбаева, Н.Д.Хмель және басқалары) пайда болды.

Алайда ТМД ғалымдарының: философтар мен әлеуметтанушылардың, психологтар мен педагог мамандардың адамгершілік тәрбие теориясын дамыту ісіне қосқан үлестерін атап өте отырып, студент жастардың, әсіресе педагогикалық жоғары оқу орындарында білім алатын жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі жүйесі мәселесінің, – оның шешімі алдыңғы зерттеулермен жеткілікті дайындалғанына және педагогика ғылымының өзінің қисын-уәждерімен ақталатынына қарамастан, – кең зерттеу нысанына айналмағанын айтуға тиіспіз.

Жоғары мектептің іс жүзіндегі тәжірибесіне жасалған талдау болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының басқа міндеттерімен қатар, оның жеке тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыру барысында ЖОО оқытушылары бетпе-бет келетін қиындықтарды айқындауға мүмкіндік береді. Э.А.Гришин атап айтқандай, «...жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын қалыптастыру тиісті дәрежеде оны жалпыпедагогикалық даярлаудың қажетті құрамдас бөлігіне айнала алмады. Сондықтан мұғалімнің жұмысында кәсіби-этикалық тәртіп қателіктерінің көптігі кездейсоқ емес» [20; 54].

Жоғарыда баяндалғандарға сүйене отырып, **осы еңбектің педагог этикасы мәселелерін жан-жақты талдау әрекеттерінің бірі екені, сондай-ақ Қазақстан Республикасында педагогикалық ойлау тарихында этикалық-педагогикалық идеялардың негізін салушылардың көзқарастарына өткенге мән бере қарау тұрғы-**

сынан талдау жасау әрекеті екені туралы қорытынды жасай аламыз.

Дереккөздердің елеулі ауқымды материалдары және көпжылдық педагогикалық қызметтің нәтижелері бойынша әзірленген педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерін кәсіби даярлаудың адамгершілік-этикалық негіздері, біз үміттенгендей, болашақ мұғалімдердің, ұстаздардың педагогикалық білімдерін жетілдіру ісінде пайдалы болатынына сенім артқымыз келеді.

I БӨЛІМ. ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЛГІЛІ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЭТИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ БАСТАУЛАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ

1-ТАРАУ. ҚАЗАҚ АҒАРТУШЫЛАРЫ ЖАСТАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

1.1. Қазақ ағартушылары:

**Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың
адамгершілік-этикалық тұжырымдамалары**

Үлкен Совет энциклопедиясы «концепция» (лат. conceptio – түсіну, жүйе) ұғымын: *түсінудің белгілі бір тәсілі, әлдебір затты, құбылысты, үдерісті түсіндіру, жүйелі және басқадай баяндауға деген көзқарас* ретінде айқындайды. (Терминология комитеті «концепция» сөзін «тұжырымдама» деп бекіткен. – Аудармашы).

Сонымен қатар «тұжырымдамалық ережелер» ұғымы қызметтің: ғылыми, көркем, техникалық, саяси және басқадай түрлеріндегі жетекші ой-пікірді, сындарлы ұстанымды білдіру үшін де қолданылады.

Бүгінгі таңда, «Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық білім тұжырымдамасында» айтылғандай, *Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адамдар санасындағы өзгерістер үдерістерімен қатар жүріп, іргелі және әржақты білімдердің қайта ойластырыла, айтарлықтай жетілдірілгенін, олардың білім беру (ал білім беру өндірісте жұмыс істеудің дәстүрлі үлгісінен мәдени-шығармашылық үлгіге өтуге тиіс) жүйесі арқылы жүзеге асырылғанын талап етеді.*

Оны жүзеге асыру тәсілі ретінде өз мақсатын қоғамды демократиялық ағартудан көретін, оны адамгершілікке бағдарлаудың көпқырлы құралы болып табылатын гуманитарлық білім беру танылады, өйткені ол *зияткерлікті қалыптастыруды, сезімдер мәдениетіне тәрбиелеуді, өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін жасауды* қажет етеді.

Максат ретінде тұжырымдама жалпыадамзаттық құндылықтар мен Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, өтпелі кезеңде гуманитарлық білім беру саласындағы мемлекеттік саясат стратегиясының айқындалуын көрсетеді. Ал бұл, біздің ойымызша, шығармашылық жолдары: сана-сезімнің оянуы, ғылымның рухани өрлеуі, әлемдік өркениет биіктеріне қосылу мәселесі ерекше өткір тұрған XIX ғасырдың екінші жартысына тұспа-тұс келген қазақ ағартушылары: Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың адамгершілік-этикалық тұжырымдамасымен тығыз байланысты.

Қазақтың демократ ағартушылары жайында аз айтылып, жеткіліксіз жазылмағаны белгілі.

Бірақ дәл қазір, тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тарихы құрылып жатқан тұста, олардың шығармашылық мұрасына қатысты көзқарастарды түзету, бәрінен бұрын, олардың жас ұрпақтың жан-дүниесін қалыптастырудың жалпыадамзаттық адамгершілік тұжырымдамасын жете ойластыру қажет, өйткені біздегі қиын өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық және моральдық ауыртпалықтары жастардың адамгершілік бейнесіне өте қатты әсер етеді.

Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың мақсатқа сай ағартушылық қызметінің өзі Қазақстанның педагогикалық ойлауды дамыту тарихындағы жаңа бағытқа – ***жеке тұлғаны шынайы танып-білу әрекетіне, бәрінен бұрын, адамгершілік көзқарастар мен ұстанымдарға, адамгершілік құндылықтар мен мұраттарға*** серпін берді.

Қазақ ағартушыларының түсіндіруінде адамгершілік мәселелері шынайы мазмұн ғана емес, сонымен қатар XV-XVII ғасырлардағы ақын-жыраулардың дерексіз «руханияттандыру» әрекеттеріне ұқсамайтын жауынгерлік сипаты бар, орныққан тәртіптер мен әділетсіздіктерді сынап-мінеуге қабілетті демократиялық бағыт та алған-ды. Олардың XVIII-XIX ғасырлардағы қоғамды революциялық жолмен өзгертуге үндеген орыс материалистерінің озық адамгершілік ұстанымдарынан бөлек ерекшеліктері де бар-тын. Бұндай ұстаныммен бұрындағыдай бас шұлғып келісе алмаймыз, өйткені біз, қазақ ағартушылары сияқты, ешқандай қантөгіссіз, адамдардың өмірі мен тағдырларын құрбан етпестен, ағартушылықты, ғылым мен мәдениетті дамыту жолымен-ақ халықтың, жалпы, тұтас қоғамның адамгершілігін, рухани және материалдық мәдениетін қалыптастыруға тиіспіз деп санаймыз.

Қоғам, орта, жағдайлар – адамның адамгершілік санасы мен сезімін айқындайтын, міне, – осылар. Ағартушылардың әділетті пайымдауынша, «адамды дәуір қалыптастырады».

Оның үстіне, жеке адамды моральдық тұрғыда қайта бағалағанда, ағартушы демократтар тәрбиенің рөліне айрықша мән беріп, ерекше үміт артқан.

Бүгінгі күні қазақ ағартушыларының мұрасын терең зерттеудің іргелі бастаулары мен негіздері бар болғанмен, олардың этикалық ойларының педагогикалық қыры толық ашылмаған күйінде қалып отыр, ал бұл біз дайындап жатқан, зерттелетін тұжырымдамалық ережелердің мәнін, яғни қазақтың ағартушы демократтары: Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың этикалық көзқарастарының педагогикалық негіздерін құрайды.

Аталған тұжырымдамалық ережелерді дайындаудың мақсаты – *қазіргі заман жағдайларында білім беруді адамгершілік негіздерге құрып, қазақ ағартушыларының адамгершілік-этикалық ұстанымдарының негізгі бағдарларының Қазақстанда жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеу ісіндегі рөлін айқындау үшін, оларды жіктеп, ажырату.*

Осы мақсатты жүзеге асыруға байланысты, біз төмендегідей міндеттерді белгіледік:

1. Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың адамгершілік-этикалық ұстанымдарының басты бағдарларын сипаттау.
2. Қазақ ағартушыларының педагогикалық этикасының негізгі ережелерін жалпылама қорыту.
3. Қазақ ағартушыларының адамгершілік-этикалық ұстанымдарының тұжырымдамалық ережелерін Қазақстанның жас жеткіншектерін тәрбиелеудің қазіргі заманғы іс-тәжірибесінде пайдалану үшін, кейбір ұсыныстар әзірлеу.

Басты идея: ағартушы демократтар: Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың этикалық ой-пікірлерінің шығу тегін жалпыадамзаттық мораль ұстанымдарын дамытудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде зерттеу, өткен замандардың моральдық құндылықтарын меңгеру – ол жеке тұлғаны адамгершілік тұрғысынан байытудың және республикамыздағы нарықтық қатынастар кезеңінде адамгершілік-этикалық тәрбиенің мазмұнын адамгершілік бағытында жақсарту деген сөз.

Қазақтың ағартушы демократтарының адамгершілік-этикалық ұстанымдарының негізгі бағдарлары

Әрбір ұлы ойшылдың шығармашылығы міндетті түрде өз заманы үшін ғана емес, барлық уақыттар үшін де өзекті адамгершілік мәселелерін қамтиды. Оның үстіне, ұлы тұлғаның шыармашылығында, қоғамдық қызметінде өтпелі емес, жалпыадамзаттық маңыздылығын сақтаған моральдық қасиеттері, адамгершілік ұстанымдары, адамгершілік мақсаты жарқын көрініс табады, өйткені олар өз халқының ең жақсы дәстүрлеріне, ертедегі, қазіргі заманғы шетелдік, ресейлік және қазақстандық ойшылдардың озық этикалық ілімдеріне негізделеді.

Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысында этикалық ойлау белгілі бір дәрежеде Қазақстанның Ресейге қосылуының қоғамдық-саяси үдерісінің әсерімен дами бастады, өйткені ол үдеріс қазақ даласының алдыңғы қатарлы адамдарының этика мәселелеріне, сол кезде қалыптасқан мораль нормаларына адамгершілік, демократиялық тұрғыдан қарауға ұмтылуына ықпал етті. Сын әділетсіздікке қарсы, қоғамдағы жалпыадамзаттық мораль нормаларын шонжарлардың аяққа таптауына қарсы бағытталды.

Қазақ ағартушыларының адамгершілік мұратқа жету құралы деп еңбекті және халықтың ағаруын санауы

1. Еңбек адамның өмірлік қажеттілігі, оның адамгершілігінің негізі ретінде саналады. Еңбек адамдары – «Әулие адамдар», «адамның әулиесі».

2. Ғылым – барлық адамгершілік мәселелерін шешудің әмбебап құралы. Ғасыр ғылыммен ғана алға жүреді. Өз халқыңды ағарту идеясы жалпыадамзаттық мәдениетке жақындау арқылы жүзеге асады.

3. Барлық жағдайларда ақылға қонымды әрекет жасау: «Қанағат ету» – әр нәрсенің шамасын білу.

4. Ар-намыстылық, ұждан, ұят – іс-әрекеттер мен мінез-құлықты адамгершілікпен реттеуші, адамдар алдындағы жауапкершілік.

5. Тұрақты түрде өзіне-өзі баға беру, өзінді-өзі бақылауда ұстау, өзінді-өзі реттеу, өзінді-өзі тәрбиелеу.

6. Халықтар арасындағы достық идеясы – ол барлық адамдардың табиғи қажеттілігі: басқа халықтардың мәдениетіне, тіліне, ұлттық

қасиеттеріне құрметпен қарау, жер бетінде өмір сүріп жатқан барлық халықтар арасында бейбітшілік идеялары, өзара түсіністік және ынтымақ.

«Жер бетін басып жүрген барша халық,
Қуаныш пен бақыт үшін жаралған.
Күн сәулесіне жылынып,
Ай шуағына бөленген.
Дара туған болмаған,
Болмайды ондай ешкім де.
Жасымыздан дос-құрбы,
Тең боламыз барлық жерде», –

деп жырлайды ақындар.

«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» (Абай) [6; 103].

Шындығын айтқанда, қырғыз (қазақ) халқы өте бейбітшілдердің қатарына, демек, орыс үкіметінің азырақ жабайы бұратаналарының қатарына жатады» [1; 308].

Қазақ халқының рухани, әсіресе адамгершілік сипаты басым өміріндегі осы жаңа бағыт атақты қазақ ағартушылары: Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың шығармаларында көрініс тапқан.

Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың этикалық ой-пікірлері өз халқының ең жақсы дәстүрлеріне, Ресейдің және шетелдің өткен замандардағы және қазіргі уақыттағы алдыңғы қатарлы ілімдеріне негізделген.

Ағартушы демократтардың этикалық ұстанымы – зұлымдыққа, әлеуметтік әділетсіздікке және адамгершілік тұрғысынан азғындауға қарсы күресу әрекетінің Қазақстанда адамгершілікке тәрбиелеудің этикалық теориясын қалыптастырып, дамыту ісінде үлкен рөл атқарғанын атап айтуымыз керек.

Шоқан Уәлихановтың адамгершілік мұраттары

– Қазақ қоғамындағы қоғамдық және адамгершілік зұлымдыққа қарсы күрес жүргізу.

– Жергілікті аксүйектер мен патша шенеуніктерінің алдамшы және «жабайы» моралін, өздерінің жеке мүдделеріне қол жеткізу үшін: «ар-намыс», «әділеттілік», «борыш» және басқа да адамгершілік ұғымдарын пайдаланатынын айыптау.

– Даусыз мойынсұнып, азап шегуге дайын адамды Құдайдың құлына айналдыратын екіжүзді діни моральмен күресу.

– Патша билеген Ресейдің қазақ даласын әділетті сұлтан, шынайы білімді, өз халқына пайдасы тиетін қажетті адам басқарсын деген шартпен, өзінің «бұратана ұлдарына» теңқұқылық беруі мүмкіндігін көрсету.

– Қазақ халқының болашақта қоғамдық және адамгершілік тұрғыда дамуының «жалпыға бірдей маңызды» мәселелерін қарау.

– Отансүйгіш, шынайы білімді, «ақылды, ерік-жігері бар, адал, ізгілікті және жаны жайсаң», жүздеген, мыңдаған адамға жақсылық жасай алатын жастардың танылатынына сенімділік.

– «Өздерін жақындарына пайда келтіруге арнаған жеке тұлғалардың пәрменді және жанашырлық қасиеттерін» қамтитын, «сезімдік тәжірибеге сүйенген өзімшілдік» идеясы [1; 404].

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық этикасы

– Адамгершіліктің мәні, адам тіршілігі мен бақытының мағынасы, мінез-құлық пен қарым-қатынастардың адамгершілік уәждемелері жайында ойлау, толғану – Ыбырай Алтынсариннің, бәрінен бұрын, педагогикалық болып табылатын этикасының негізге алынатын мәні, өйткені ол адамгершілігі өте жоғары жеке тұлға тәрбиесі туралы ойлардан тұрады.

– Ыбырай Алтынсарин өзінің мұғалімдік қызметіне өз халқына қалтқысыз ұлы адамгершілік тұрғысынан қызмет ету деп қарады: «Мен шамам жеткенше, өз жақындарыма пайдалы болу туралы түбегейлі сенімдерім мен іс-әрекеттерімнен танбаймын. Адамдардың қитұрқылықтарына қарсы тұрып, әділетсіз кінә-жалалардан торығып өліп кетпеуім үшін, Алла тағалам күш берсін».

– Ы.Алтынсариннің педагогикалық этикасы – ол халықтың этикасы, өйткені халықтың өмірі мен тұрмысын, қайғысы мен қуанышын, отаншылдығын, дәстүрлері мен салт-ғұрыптарын бейнелейтін халық ауыз әдебиеті және шығармашылығы – оның өсиеттер мен кеңестер түрінде баяндалған этикалық көзқарастарының маңызды бастауы.

– «Бақыт» ұғымына, мәселен, оны құрайтын көптеген құрамдас бөліктермен қатар, Ы.Алтынсарин: еңбекқорлық, қанағатшылдық, жақсылық жасауға ұмтылу деген негізгі үш түсінікті қосады.

– Орта – адамгершіліктің бастауы. Сондықтан оны ұлы ағартушы қоғамдық қатынастардың жиынтығы деп емес, басым азаматтық заңнама және тәрбие деп түсінген.

– Қазақ зиялыларының адамгершілік борышы – ол халықтың мұқтаждықтарын ойлау, қоғамдық игіліктерді, байлықты арттыру, отанның әлеуетін нығайту, оның экономикалық және мәдени дамуына көмектесу – міне, отаншыл азамат орындауға тиіс осы негізгі міндеттер өмірдің адамгершілік мағынасын құрайды.

– Отбасындағы және мектептегі тәрбиенің адамгершілік негіздері.

– Отанға ыстық сүйіспеншілік сезімнің, қазақ халқының рухани дамуын тежеген экономикалық арттақалушылықты қоса алғанда, барша теріс пиғылдарға, сол жат ниеттерді, исламды уағыздайтын молдаларға деген жеккөрінішке ұласуы.

– Отансүйгіштік пен адамгершілік – мәдениеті мен білімі жоғары адамға тән маңызды қасиеттер.

Абай Құнанбаевтың адамгершілік өсиеттері

Шоқан Уәлиханов пен Ыбырай Алтынсариннің көзқарастары сияқты, Абайдың адамгершілік өсиеттері де XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтардың өнегелі өмірінің көрінісі іспетті, ал қарапайым еңбеккерге деген сүйіспеншілік ағартушының өзі дайындаған адамгершілік-этикалық идеяларының негізіне салынған азаматтық және адамгершілік ұстанымын айқындап берді. Ол идеялар төмендегідей:

– Өмір сүру барысында «Құдай белгілеген мораль» туралы діни ілімге қарсы адамгершілік ұстанымдары мен нормаларының қалыптасуы.

– Ағартусыз сенім де жоқ, игілік те жоқ. Білім болмаса, намаз бен ораза да, қажылық та ешқандай мақсатқа жеткізбейді.

– Өртүрлі әлеуметтік жағдайға – біреулердің бай, ал екіншілерінің кедей екеніне қарамастан, адамдар табиғатынан тең, яғни бұл әлемде: дүниеге келу мен өсу, тоқтық пен аштық, қайғы мен өлім, адамның дене сымбаты және шыққан жері мен баруға тиіс жері – осының барлығы да бірдей.

– Бірақ тумысынан тең адамдар адамгершілік тұрғысынан бір-бірілеріне тең емес: біреулердің адамгершілігі таяз, ал екіншілері ізгілікті, ақылды, қарапайым.

– Орта, дәуір, азаматтық заңнама және адамдардың өмір сүру салты – адамгершіліктің жалпылама алғышарттарының бастауы.

Абай жеке адамның адамгершілік тұрғысынан қалыптасуы әлеуметтік ортаға тікелей тәуелді екенін мойындайды.

– «Адамды дәуір қалыптастырады. Ал егер біреу азғын болып шықса, онда бұған оның замандастары да кінәлі».

– Бақыт моральға берілетін баға, өлшем іспетті. Адамның бақытты болуға ұмтылуы – өмірдің мән-мағынасын айқындайтын фактор: ол білімде, еңбекте, ізгі істерде де халық үшін пайдалы.

Қазақ ағартушыларының педагогикалық этикасының маңызын олардың тәрбиеге беретін ерекше мағынасынан көруге болады.

Абай Құнанбаевтың жоғары этикалық мұраты «Адам бол!», «Адам деген даңқым бар!» – деп жариялаған адамгершілік формуласында айқын байқалады.

Абайдың «Адам бол!» деген формуласының этикалық мағынасы адамның ақылы мен адамгершілігін, еңбекқорлығы мен білімділігін, достық және сүйіспеншілік сезімдерін қамтитын өміріндегі рөлі мен міндеттерінің жоғары бағалануынан шығады.

Қазақтың ағартушы демократтары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев бүгінгі таңда – озық адамзат олардың жүз елу жыл толған мерейтойларын атап өткен кезде де, өзінің адамгершілікке негізделген шығармашылығының шынайы мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар өздерінің жеке бастарының адамгершілік ұстанымдарымен де жастарды бұрынғыша адамгершілікке тәрбиелеп келе жатыр.

Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев ХІХ ғасырдың 60 жылдарында жария еткен, бір жағынан, оңбағандық, арамдық, жүгенсіздік, жігерсіздік, жалқаулық, ыза-кек сияқты теріс қылықтарды айыптайтын, екінші жағынан, еңбексүйгіштік, халық мүддесі үшін жан аямай күресу, адалдық, шыншылдық, ғылым меңгеру жолындағы табандылық секілді жақсы қасиеттерді дәріптейтін моральдық нормалардың, олардың биік этикалық мұраттарының біздің заманымызда да мағынасын жоғалтпағаны – өз алдына, жаңа күш, серпін алып, олардың жете зерттелуін, әркімнің, әсіресе білім қуған жастардың, атап айтқанда, болашақ мұғалімдердің тыңғылықты меңгеруін талап етеді.

1.2. Ш.Уәлихановтың адамгершілік тәрбиеге көзқарасы

Қазақ халқының белгілі ғалымы, ағартушы демократ, саяхатшы, этнограф, суретші, Қазақстан, Орталық және Орта Азия елдері халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуші Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың шығармашылығы оның көзі тірісінде-ақ бүкіл әлемге танылып, еңбектері әлі күнге дейін ғылыми құндылығын сақтап келеді.

Шоқан Уәлихановтың ғылыми мұрасын зерттеу жүз жылдан астам уақыт бойы жүргізіліп келе жатқанмен, бәрібір оны сарқып алу мүмкін емес, өйткені оның ғылыми ізденістері мен қызметі көпқырлы, ауқымды және терең болған.

«Әлемге танылған қазақ ғалымы, ағартушы және демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов – жаңа заманның, яғни Ресейдің орыс емес халықтарының ұлттық сана-сезімі оянған дәуірдің, олар өз тарихын білуге, адамзат жинақтаған білім қазыналарынан сусындауға ұмтылған уақыттың жаршысы болған адам. Көшпенді халық ортасынан шыға отырып, ол өркендей бастаған ғылым мен қоғамның шыңдарына көтеріліп, Ресей шығыстанушыларының қатарынан құрметті орын алуға жете алды». Атақты ғалымға осындай мінездемені Ш.Уәлихановтың таңдамалы шығармаларының алғы сөзінде Қазақ КСР-і Ғылым академиясының академигі Ә.Х.Марғұлан берген-ді: «Оның Тянь-Шаньға, Жоңғар Алатауына, Шығыс Түркістанға жасаған саяхаттары, ғылыми еңбектері мен зерттеулері орыстың ғана емес, сонымен қатар күллі дүние жүзінің шығыстану ғылымына да қосқан елеулі үлес деп бағаланады. Алғашқылардың бірі болып ол әлемге бейтаныс та жұмбақ Қашқария жайында баяндап берді, Цинь империясының шеткері отар аймағы туралы бірқатар қызықты зерттеулер жазып, Орта Азияның тарихы, этнографиясы мен саяси жағдайына қатысты бағалы мағлұматтарды хабарлады, сондай-ақ Қазақстан тарихы бойынша да бірегей еңбектер қалдырды.

Шоқан Уәлихановтың қоғамдық-саяси қызметі (ағартушылық қызметі де бар) – оның кертартпалыққа, надандыққа, діни және мұсылмандық ілімге көзсіз беріліп кету әрекетіне қарсы табанды күресі, қазақ халқын озық орыс және дүниежүзілік мәдениетке тартуға ұмтылуы – осының бәрі езілген қазақ халқының сана-сезімінің оянуына септігін тигізді» [1; 5].

«Оның шексіз сіңірген зор еңбегі мынада: ол Ресей мен Қазақстанның өзара жақындасуының тарихи қажеттілігін терең, әрі дұрыс түсіне алды. Тамаша ағартушы ғалым орыс және қазақ халықтарының, біздің ұшы-қиыры жоқ Отанымызда өмір сүріп жатқан барлық халықтардың достығын, мәдениеттерін өзара байыту идеясының салтанат құруын паш етті» [1; 10].

Шоқан Уәлиханов өзінің «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Қырғыздардың ата-тегі», «Даладағы мұсылмандық жайында», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Жоңғар очерктері» және басқа да туындыларында

жастар тәрбиесі жайында тамаша ойларын жазған. Қазақ және орыс халықтары арасындағы ары қарайғы жақындасу мен достықты насихаттай отырып, ол өзі осындай достықтың үлгісін көрсетті, қазақ халқы ортасына «еуропалық» деп санап, орыстың мәдениеті мен ағартушылығын енгізу үшін күресті; қырғыз (қазақ) феодалдарының озбырлығын, орыс патшасы билігінің отарлық саясатын әшкерелеп, қазақтарды отырықшылық өмір салтына, егіншілікпен айналысуға көшуге үгіттеді, қоғамдық-мәдени арттақалушылықты жою жолында аянбай тер төкті.

Қазақ халқының діни наным-сенімдерге байланысты тұрмысы мен психологиясын асқан дәлдікпен, егжей-тегжейлі зерттей отырып, ол халық өміріндегі арттақалушылық пен надандыққа және баксылық ырымшылдыққа құрылған феодалдық-патриархалдық салт-ғұрыптардың көбінесе өндіргіш күштердің, халықтың мәдениетінің дамуын тежеп отырғанын сенімді түрде дәлелдеді.

Ш.Уәлиханов арнайы педагогикалық зерттеулермен айналыспағанмен, өзінің кең ғылыми еңбектерінде қазақ халқының психологиясы, жас ұрпақтың білім алуы және адамгершілік тәрбиесі жайында құнды да қызықты идеяларын қалдырды.

Шоқан Уәлихановтың адамгершілік мұраттарының маңызын: қазақ қоғамында орын алып жатқан зұлымдықпен күрес жүргізуінен, жергілікті аксүйектер мен патша шенеуніктерінің алдамшы және «жабайы» моралін, өздерінің жеке мүдделеріне қол жеткізу үшін: «ар-намыс», «әділеттілік», «борыш» және басқа да адамгершілік ұғымдарын пайдаланатынын айыптауынан, сондай-ақ даусыз мойынсұнып, азап шегуге дайын адамды Құдайдың құлына айналдыратын екіжүзді діни моральмен күресуінен көреміз. Осыған байланысты, Шоқан Уәлиханов жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін діни ұйымға сеніп тапсыруға мүлдем болмайтынын жазған. «Мұғалімдер болып татар молдалары немесе семинаристер жұмыс істейтін мектептерде дәл осындай жағдайлар орнаған: дінге құлай берілу, өлі схоластика¹, ал бірақ бірде-бір шынайы ой-пікір жоқ... Бұл суреттемені толықтыра түсу үшін, бұндай жаншошырлық құбылыстарға: өлі рухсыздық, араб тіліндегі Құран мәтіндерін, өнімсіз шатпақты ешқандай түсіндірусіз, аудармасыз жаттату әрекеттері қырғыз (қазақ)

¹ Схоластика – схоластика (бұл жерде: өмірден алшақ, пайдасыз ақылгөйлік). Кейбір терминдер мен жекелеген сөздердің түсіндірмесі аудармашы тарапынан беріледі. – О.С.

балаларына «аюға намаз үйреткен таяқ» болғанын қосуымыз керек. «Әдетте, қазақтар балаларын оқыту үшін молдаларға бергенде: «Еті – сенікі, сүйегі менікі», – дегенді айтады [1; 58]. Ондай мұғалімдер жас жеткіншектердің бойларында құлдық рух пен құлдық тәртіпті ғана қалыптастыра алады».

Ислам дінінің қазақтарға тигізіп жатқан теріс ықпалын біршама әлсірету үшін, Ш.Уәлиханов төмендегілерді ұсынды:

1. Қырғыз (қазақ) даласын діни наным-сенімі жағынан татарлардан бөлек халық ретінде Орынбор мұфтияты ведомствосынан бөліп, жалпылама облыстық басқаруға қарайтын қырғыздардан/қазақтардан тұратын кеңес іспетті ерекше облыстық мекеме (ахун) құру.

2. Егер халық тарапынан өтініш болса, молда лауазымына үкіметке қызмет ететін қырғыздарды/қазақтарды ғана тағайындау.

3. Округте бір ғана молда тағайындау, ал болыстарда кеңесшілер лауазымын алып тастау.

4. Орта Азиядан татар семинаристеріне келетін имамдар мен қажылардың белгілі бір қызметтер атқармай, қырғыздардың/қазақтардың қоныстарында тұруына рұқсат етпеу және олардың қырғыздар/қазақтар арасында қазіргі уақытта Баянауыл мен Қарқаралы округтерінде құрылып үлгірген дәруіш, диуаналардың түсініксіз қоғамдарын құруына жол бермеу үшін, оларды қатаң бақылауда ұстау.

«Бірақ ислам іспетті теріс ықпалы тиіп жатқан жамандыққа қарсы уақытша шаралар мүлдем жеткіліксіз. Соттау құқын тартып алу әрекеті молдалардың діни уағызшы ретіндегі ықпалын жоя алмайды» [1; 296-297].

Ш.Уәлиханов патша әкімшілігін қазақтардың білім алуына аз көңіл бөлетіні үшін кінәлайды. Ал қазақтар, ол көрсеткендей, табиғатынан зерек, ақылды, өте сезімтал.

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының қоғамдық және адамгершілік тұрғысынан дамуы мүмкіндіктерін неден көреді? Оның ойынша, қазақтар қалай дегенде де, татарлық кезенді айналып өтуге, ал бұл жолда үкімет оларға көмек көрсетуге тиіс... Адамға қамқорлық танытудың осындай ісінің жүзеге асуы үшін, молдалар мен ислам мұраттарын қолдауды тоқтатып, округтерде татар мектептерінің орнына орыс мектептерін ашу қажет... Орыс үкіметі кейбір бұратана халықтар арасында Еуропа білімдерінің таралуын, әйтеуір, неге екенін, өзі үшін тиімсіз деп санаған кез болған-ды. Орыс билігі ондай саясатты, жоқ дегенде, Кавказ мұсылмандары мен қырғыздарға

қатысты ұстанған-ды. Кавказдықтар мен қырғыздар (қазақтар) кадет корпустарына, әскери ғылым-білім берілетін арнаулы оқу орындарына жіберілмеді. Ондай заң енді алынып тасталды, демек, жалған деп танылды.

Ш.Уәлиханов халықтың қалыпты жағдайда өсіп, дамуы үшін бостандық және лауазым қажет екені туралы қорытынды жасайды... Демек, бәрінен бұрын, оқып, білім алу қажет... Шынайы білім ғана – құтқарушы рух, күмәндану береді, шынайы білім ғана өмірді бағалауға, моральдық күш-қуат алуға үйретеді.

Сонымен, қазақ халқының адамгершілік сана-сезімінің дамуы жолы оның білім алуында жатыр. Ал ол, Ш.Уәлихановтың пікірінше, қазақ даласын әділетті, шынайы білімді, халқына пайда келтіретін және қажетіне жарайтын сұлтан басқарған кезде ғана мүмкін болмақ. Бұл пікірін Ш.Уәлиханов сайлау барысында өзін аға сұлтан лауазымына ұсына отырып дәлелдеді. Соған байланысты ол Ф.М.Достоевскийге жазған хатында отандастарына жәрдемдесу үшін, оларды шенеуніктерден, бай қазақтардың озбырлығынан қорғау үшін аға сұлтан болуға бекінгенін баяндаған. Сол кезде ол, бәрінен бұрын, жерлестеріне білімді сұлтан билеушінің олар үшін қаншалықты пайдалы болатынын өзінің үлгісімен көрсетуді ойлады. Бұл идеяда Шоқан Уәлихановтың шын мәнінде білімді, отаншылдық сезімдері басым, «жүздеген, мыңдаған адамдарға жақсылық жасай алатын» жастарды танып-біліп, іске тартуға деген тікелей сенімі жатқан-ды [2; 48].

Сонымен, Шоқан Уәлиханов: *«Білімдер ғана адамға күш-қуат беріп, халықтың білім алып, ағаруы және әл-ауқаты жолындағы күресте зор қаруға айналады, білім ғана қазақ халқын азаттық және адамгершілік тұрғысынан жетілу жолына шығара алады»,* – деген әділетті қорытынды жасады.

1.3. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық этикасы

Жүз жыл бұрын осыдан
Ыбырай атты жас ұлан
Дүниенің көріп жарығын
Дария боп, сел боп тасыған.
Қараңғы елдің қамқоры
Болып шықты жасынан.
Надандық деген малғұнды
Көп желкеден түйгіштеп,

Сүйреді төрдің басынан.
Халқының көзін ашам деп,
Ғылымның жолын ойлады.
...Қауырсын қалам қолға алып,
Бір жазбады, жүз жазды.

Ыбырай Алтынсариннің немересі Мәриям Хакімжанованың осы қанатты өлең жолдарында адамның, бәрінен бұрын, адамгершілігі жоғары адамның, ұлы ағартушының, ойшылдың, қоғам қайраткерінің, талантты ақынның, ғалымның, әлбетте, тамаша **жанашыл педагогтің** көпқырлы таланты ғажап, көркем тілмен бейнеленген.

Ы.Алтынсариннің шығармашылық мұрасы туралы, білетініміздей, бүгінгі таңда ғалымдар, педагог мамандар, әдебиеттанушылар, тарихшылар, философтар (Т.Тәжібаев, К.Біржанов, К.Б.Бейсембиев, А.Ситдықов, Ә.Дербісалин, М.Фетисов, Б.Сүлейменов, К.Бекмаханов, А.И.Сембаев, Г.М.Храпченко және басқалары) іргелі еңбектер жазған. Зерттеушілердің әрқайсысы оның адамгершілік-этикалық көзқарастарын арнайы баяндауды мақсат етпегенмен, белгілі бір дәрежеде ағартушы-демократ шығармашылығындағы тәрбие мен адамгершілік мәселелерін қозғаған. А.Оразбековтің «Ыбырай Алтынсариннің этикалық көзқарастары» (1974 ж.), «Қазақстандағы этикалық ой» (1982 ж.) еңбектерінде ұлы ойшылдың адамгершілік-этикалық ұстанымдарын бір жүйеге келтіру әрекеті байқалады.

Жалпыадамзаттық адамгершілік – ол барлық уақыттарда әрбір ойшыл адамды, әсіресе адамгершілік мәселелерін, тұтас ұрпақтың, халықтың тағдырларын шешу үшін маңызды мәселелерді күн тәртібіне қойып, шешуге ұмтылатын барлық ойшылдарды толғандырған және қазірде өткір толғандыратын іс болып отыр.

Бұның жарқын мысалы ретінде, білім берудің басқа мәселелерімен қатар, арнайы терең зерттеулерді әлі де күтіп жатқан мектеп пен отбасында тәрбие берудің адамгершілік негіздерін жасап шыққан Ы.Алтынсариннің педагогикалық ерлігін айта аламыз. Ы.Алтынсарин шығармаларында этика мәселелері елеулі орын алады. Адамгершіліктің маңызы, адамның өмір сүруі мен бақытты болуының мағынасы, мінез-құлық пен қарым-қатынастардың адамгершілік қырлары жайындағы ойлары мен толғаныстары Ыбырай Алтынсариннің, жоғарыда айтылғандай, бәрінен бұрын, педагогикалық этикасының басты мәнін құрайды, өйткені ол адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу туралы ойлармен қаныққан. Сонымен қатар Ы.Алтынсариннің педагогикалық

этикасының халықтық этика екенін тағы бір рет атап өтуіміз керек, себебі ол қазақтардың халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығынан туған.

Мысалы, оның танымал «Қазақ хрестоматиясында» ертегілерге, хикаяларға, өнегеге үйрететін шағын мақалаларға, әлбетте, қазақтың шынайы адамгершілік-этикалық, тәрбиелік мазмұны бар – жас жеткіншектердің: қоршаған дүниеге, өмірге, адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарына қатысты дұрыс көзқарас қалыптастыруына ықпал ете алатын *халық мақал-мәтелдеріне* көп орын берілген. Солардың төменде келтірілген біразы бүгінгі күні де этиканың: еңбектегі, қарым-қатынастардағы, мінез-құлықтардағы адамгершілік ережелерінің жиынтығы ретінде пайдалы болуы мүмкін.

1. «Бейнетсіз рақат жоқ».
2. «Ерте тұрған еркектің бір ісі артық».
3. «Ойнақтаған бала от басар».
4. «Өзі құлаған бала жыламас».
5. «Ұят өлімнен күшті».
6. «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың».
7. «Жалғыз жүрген жол таппас».
8. «Көрмес түйені де көрмес».
9. Отпен ойнама – күйерсің».
10. Ащының тәмін татқанда білерсің,
Жақынның қадірін кеткенде білерсің».
11. Көп жасағаннан сұрама,
Көпті көргеннен сұра».
12. «Жүгірген жетер мұратқа».
13. «Қол қусырып қарап отырма (кәсіп қыл, әрекет ет)».
14. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей».
15. Қасқырдан қорыққан орманға бармас».
16. «Еңбектен қашқан игілікке жетпейді».
17. «Жақсыға ерсең – жетерсің мұратқа,
Жаманға ерсең – қаларсың ұятқа».
18. Кісі елінде сұлтан болғанша,
өз елінде ұлтан бол».
19. «Сабыр түбі – сары алтын».
20. «Жоқтық ұят емес,
Байлық мұрат емес».

Білім мен тәрбие, Алтынсариннің пікірінше, төмендегі өсиеттерде баяндалған адамгершілік негіздерін құрайды:

- тұрақты қамқорлық пен дұрыс тәрбие ғана баланың бойында ең жақсы адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады;
- жақсы тәрбие алған бала кейін де ізгілікті адам болып қала береді;
- өнеге-мінезді жетілдірудің басты шарты – бұқара халық арасында сауаттылық пен ғылыми білімдерді кең тарату;
- барлық адамдар туғаннан тең және білім алуда да теңқұқылы, яғни барлық балалар оқуға тиіс:

Бір құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар [4; 51].

Ы.Алтынсариннің осы және төменде келтірілген адамгершілік-этикалық өсиеттері бұрынғыдай өзекті естіледі.

Еңбекке және еңбексүйгіштікке үндеу – Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясының» барша мазмұнының негізі. Автор әрдайым балалардың санасына «...еңбек етпейтін бірде-бір тірі жан жоқ...», «Еңбек етуге үйрену керек, өйткені өзінді еңбегіңмен асырайсың», ал «Еңбекпен табылған нан әлдеқайда дәмді және құнарлы, еңбекте табандылық пен ерік-жігер керек» екенін сіңірумен болған. Еңбек тақырыбы оның «Сәтемір хан», «Жомарт адам», «Қалай етсең дүние табылады», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары» атты әңгімелерінде ерекше айқын көрінеді. «Қыпшақ Сейітқұл» атты әңгімесінде егіншіліктің пайдасы жайында айтылады. Сонымен қатар Ы.Алтынсарин байлардың кедейлерді қанап, тонауына қарсы шығады:

Азған елдің байлары –
Тақ үстінде отырғандары.
Жарлыдан алып байларға
Сыйлар берсе керек-ті [4; 80].

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» адамгершілікке, адалдық пен шыншылдыққа, қарапайымдылық пен әділеттілікке, ынталылыққа, жеке бастың тазалығына үндейді; молдаларға, надандарға,

ұры-қарылар мен паракорларға, мылжындар мен өтірікшілерге қарсы күресуге шақырады.

«Бақша ағаштары» деген әңгімесінде тік бой түзеп өскен ағаш – жақсы күтімнің, ал қисық өскен ағаш нашар күтімнің нәтижесі екенін айта келе, әкесі баласына: «Бақша ағаштарын бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, қарағым... Сен де өзіне ғибрат алсаң болады. Сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисыз өсерсің...» – деп ақыл айтады [4; 15].

«Адамгершілік тәрбиенің басты құралдары, – дейтін Ы.Алтынсарин өне бойы, – ата-аналардың, ұстаздардың және ересектердің еңбегі мен көрсететін үлгісі:

- балалардың бойында еңбеккорлықты тәрбиелеу – арамтамақтық пен жалқаулыққа қарсы күресудің басты құралы;
- адам бақытының шынайы мағынасы – адал еңбекте; өзіне: «Мен өзімнің адал еңбегіммен өмір сүремін», – дей алатын адам бақытты;
- топас балалар жоқ, керісінше, оларға сара ақыл мен білім сіңіре алмайтын ата-аналар мен мұғалімдер бар;
- оқушы – ол соған қарап мұғалім өзінің бетін көретін айна;
- балаларды жақсы көру – олардың болашағы үшін қам жеу, оларға оқу материалын түсінікті және мағыналы етіп жеткізе білу, сенім арқылы жақсы адамгершілік сіңіру;
- отаншылдық пен адамгершілік – жоғары өнегелі, білімді адамның маңызды қасиеттері;
- жалпыадамзаттық мәдениет – тұлғаның жалпы дамуы мен адамгершілігінің негізі...
- жаның мен тәніңді бұлақтай таза ұста, жаныңды жалпақ әлемге аша берме...

Ы.Алтынсариннің педагогикасы мен педагогикалық этикасы және, әлбетте, ұлы ағартушының жеке тұлғасының өзі бүгінгі таңда бізге өзгеше етене жақын, әрі қазіргі білім беру ісінің көкейтесті міндеттерін шешу үшін де, қоғамның рухани-адамгершілік жаңғыруы үшін де өте қажет мөлдір бұлақ ретінде танылады.

«Біздер, көшпенділер үшін, Алтынсариннің шығармалары да, оның өзі де өте қымбат, – деп жазады оның қазақ замандастары. – Бұны

Ресейдегі алғашқы зайырлы әдебиеттің маңызын білетіндер ғана түсіне алады».

«Біз Алтынсарин мырзаның тұлғасынан өз халқының рухы мен ақылына, салт-дәстүріне, мінезіне және, жалпы, оның барша өмірінің сипатына айналған қаһарманды көруге дайынбыз» (Орынбор парағы, № 15, 1984 жыл).

Ы.Алтынсарин дүниеден озған соң, оның мектептеріндегі мұғалімдер оған инспектор ретінде де, адам ретінде де (Ильминскийге жолдаған хаттарында) ең жоғары баға берген. «Ол мектепке келгенде, мен мерекедегідей қуанатынымын. Ол мұғалімдер үшін бастық қана емес, әкесі, ең бір сырлас досы, қайырымды замандасы да болды» (А.А.Мозохин).

«Оның бізбен, тұрғындармен әңгімелері жанымызды жадыратып, шын мәнінде, жүректерімізге нұр құйып, ісімізге күш-қуат қосатын, мектепті шынайы сүйіп, міндеттерімізді құлшына орындауға үйрететін» (Ф.Д.Соколов).

Бірақ Ы.Алтынсарин өзінің мұғалімдеріне талап та қоятын. «Халық мұғалімдерінен өз істеріне мұқият қарауды талап ете отырып, жауапкершіліксіздікке төзбейтін, қатал қадағалайтын. Оқыту ісін өзі қандай сүйсе, мұғалімдердің бойларынан да сондай сүйіспеншілікті көргісі келетін. Жергілікті жұртшылық алдында мұғалімдердің беделін көтеруге тырысатын. Оларды тұрғындар алдында мақтан тұтып, оларды мұғалімдерге адал да пайдалы еңбекшілер ретінде тиісті құрмет көрсетуге мәжбүрлейтін» (А.А.Мозохин).

Қазақтар Алтынсаринді Ломоносов пен Пушкин деп, оған қоса, педагогикадағы – әдебиетші, әдебиеттегі педагог деп де атаған.

Сонымен, Ыбырай Алтынсариннің ұстаз-ағартушы, ғалым, ақын, прозашы, публицист және балалар жазушысы ретіндегі барша көпқырлы қызметі адамгершіліктің мәні, адамның өмір сүруі мен бақытының маңызы, сонымен қатар адамгершілігі мен мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеудің мағынасы туралы ой-толғаныстарына толы болса, ал оның педагогикалық этикасы адамгершілік шабыттың сарқылмас бұлағы іспетті.

1.4. Абай жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі жайында

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Көкірегі сезімді, тілі орамды

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, – деп,
шығармашылығының тақырыбын Абайдың өзі осылай айқындаған [6; 107]. Иә, Абай өзінің шығармашылығын халқының болашағы – нақ осы жастарға арнайды. Заманында басынан кешкен ешбір қиындықтарға қарамастан, тіпті: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде еш нәрседе баянсыздық жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің.

Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?! – дей отырып, ұлы ойшыл, ақын, ағартушы демократ жарқын болашаққа деген сенімін жоғалтпаған.

Ал біздің сол заманмен бірдей дерлік әлеуметтік құлдырау, саяси ауыртпалықтар ғана емес, рухымыздың тоқырауы да орын алып жатқан қазіргі қиын-қыстау өмірімізде Абайдың осы айтқаны және барша көркем шығармашылығы ертеңгі жарқын болашаққа, барлық мемлекеттердегі, жаңа достастық елдеріндегі бауырластық пен бірлікке, бейбітшілік пен ізгілікке, туған отанымыздың өркендеп, гүлденуіне үлкен сеніммен қарауға рухтандырып, жанымызды жадыратып тұрған жоқ па?

Бұны ақын Мәриям Хакімжанова:

«Тарихта Абай атың – бір шын,

Бөледік бүгін гүлге күмбезінді.

Атаймыз мақтанышпен күнде өзінді.

...Теңіздей терең ойлы, ұшқыр қиял,

Тіл жетсе, Абай атың сөзге сыяр.

Болғанда өлеңге өзек, жырға желі,

Ақындық қасиетің нөсер құяр», –

деген өлең шумағымен дәлелдей түскендей. Абайдың шығармашылығы, шын мәнінде, «қазақ өмірінің энциклопедиясы» іспетті: ол соншалықты терең, толық ауқымда, ең бастысы, адам сенгісіз батылдықпен және өткір сынымен XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басындағы қазақтардың әлеуметтік, сондай-ақ рухани өмірінің барлық жақтарын камтиды.

Егер Абайдың өткен жүзжылдықта, феодалдық-таптық құрылыс жағдайында қалыптасқан педагогикалық көзқарастарына келсек, онда олардың дәл қазіргі заманға барынша сай естілетініне тағы бір рет көз жеткізе аламыз, өйткені оларда, біздің ойымызша, психологиялық-педагогикалық теория мен іс-тәжірибенің негізге алынатын жалпыадамзаттық және қазіргі өзекті мәселелері айқын көрінеді.

Олардың кейбірі төмендегідей:

«Білімдіден шыққан сөз,
Таланттыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге,
Көкірегінде болсын көз» [6; 169].

Сезіну танымның бірінші сатысы іспетті: «Адам көзімен көріп, құлағымен естіп, қолымен ұстап, тілімен татып, мұрнымен иіскеп қана өмірді танып-біледі». Бұдан шығатын қорытынды: оқыту дамытумен және тәрбиелеумен бірге жүруге тиіс, яғни бала психологиясының ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, сонымен бірге балалардың бойларында мінез-құлықтың жағымды қырларын да тәрбиелеу қажет:

- тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастырудың рөліне деген сенім болуы керек: «Қолымда билік болса, адам түзелмейді дегеннің тілін кесер едім»;
- еңбек – ол тәрбиенің басты құралдарының бірі; еңбек адамдары – «әулие адамдар»;
- еңбек тәрбиесінің ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік тәрбиесімен өзара үндесуі және тағы басқалары.

Абайдың барша көпқырлы педагогикалық мұрасынан біз оның адамгершілік көзқарастарына, педагогикалық этикасына ерекше тоқталып өтуге тырысамыз, өйткені бүгінгі таңда, ұлы тұлғалардың кеше ғана сөзсіз басшылыққа алынған идеялары оп-оңай құртылып, ал әр күн қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани-адамгершілік өміріндегі тоқырау жайында ащы деректер әкеліп, және, әлбетте, бұл жас жеткіншектер мен жастардың адамгершілік бейнесі мен мінез-құлқына өте теріс әсер етіп (нигилизм¹, эгоцентризм², оқшаулану, құқық бұзушылық және қылмыс жасау орын алып) жатқанда, жас ұрпақтың жан-дүниесін қалыптастырудың өзіндік жалпыадамзаттық адамгершілік тұжырымдамасымен Абай бізге аса қажет.

Абайдың адам, оның өмірдегі орны мен атқаратын міндеті, оның адамгершілік тұрғысынан жетілуі туралы ойларына жүгіне отырып, біз олардың өзектілігіне тағы бір рет көз жеткіземіз, өйткені оларды өзіміздің кәсіптік-педагогикалық қызметімізде де, жеке басымызды адамгершілік-этика тұрғысынан жетілдіруіміз үшін де басшылыққа ала аламыз.

¹ Нигилизм – нигилизм (сөзсіз шүбәлану, жалпыға бірдей қабылданған құндылықтарды: адамгершілік пен этика нормалары мен мұраттарын жоққа шығарушылық).

² Эгоцентризм – эгоцентризм (менмендіктің, өзімшілдіктің шектен шыққан түрі).

Білетініміздей, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Ресейге қосылуының аяқталуы – этикалық ойды дамытудың түбегейлі жаңа бағытының пайда болуына және, бәрінен бұрын, кең бұқара жұртшылықтың мүдделерін билеуші топтың моральдық әділетсіздігінен қорғау мақсатында этика мәселелерін қарауға адамгершілік және демократиялық тәсілдерді бекітуге септігін тигізді.

Қазақ халқының рухани және әсіресе адамгершілік өмірінде осы жаңа құбылыс ұлы қазақ ағартушылары: Шоқан мен Ыбырайдың, Абайдың шығармашылығында кең орын алады.

Абай арнайы психологиялық-педагогикалық еңбектер жазбаған, кәсіби педагогикалық қызметпен айналыспаған. Бірақ жастардың жалынды ұстазының барлық дерлік шығармалары еңбекшіл халықтың мүдделеріне, адамгершілік мұраттары мен даналығына, Шығыс пен Батыс халықтарының қоғамдық ой-санасының алдыңғы өкілдерінің шығармашылығына негізделген дидактикалық, адамгершілік-этикалық өсиеттеріне қаныққан. Мысалы, Шығыс ақындарының әсері жайында Абайдың өзі он төрт жасында, 1859 жылы жазған шумағында былай дейді:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдоуси,
Қожа Хафиз – бу һәммәси,
Мәдәт бер я шағири¹ фәрияд².

Абайдың адамгершілік-этикалық көзқарастары, сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтардың адамгершілік сипатына айналса, ал қарапайым еңбек адамына деген сүйіспеншілігі ағартушының өз заманында және біздің заманымызда да бұрынғыша өзекті адамгершілік-этикалық идеяларының негізіне салынған азаматтық, адамгершілік ұстанымын айқындап берді. Абайдың өмір сүру барысында моральдық қасиеттерді «Құдай белгілеп беретіндігі» туралы діни ілімге қарсы адамгершілік ұстанымдары мен нормаларын қалыптастыру туралы ойлары бүгінгі таңда өзекті емес деп айтуға бола ма?

Абайдың пікірінше, адам дүниеге жеке тұлғаның әлдебір дайын мінез-құлық ережелерімен бірге келмейді. Ізгілік пен кемістік жайындағы түсініктер, барша мінез-құлық ережелері адамның өмір сүруі мен қызметі барысында пайда болады. Ол жастарды:

¹ Шағири – ақын.

² Фәрияд – бұл жерде тілек, сиыну мағынасында.

«Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалан.
Сен де бір кірпіш – дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан», – деп үйретті [6; 169].

Ал адамды зерттеп, тәрбиелеу үшін, бұны қазіргі заманға сай ғылыми тұлғалық-қызметтік көзқарас емес деп айта аламыз ба?

Абайды адамның: этикалық, эстетикалық тұлғасы, оның білімі мен тәрбиесі, сезімдері мен ақыл-ойының әлемі, мұраттары мен өмірлік мақсаты қызықтырып, тартады.

Абай адамдар арасындағы айырмашылықтарда, олардың адамгершілік тұрғысынан бірдей еместігінде ортаның рөл атқаратынын толық қисынды түрде түсіндіреді. Абайдың ойынша, адамгершілік ұстанымдарының бастауларын ғылыми негіздерде түсіндіру үшін, ортаның адам тұлғасын қалыптастырудағы шешуші рөлінің маңызы зор.

Оның үстіне, тұлғаны моральдық тұрғыдан қайта сомдау үшін, ағартушы демократ тәрбиенің рөліне ерекше мағына беріп, оған үміт артқан.

Абайдың өзінің моральдық санасын, сөз жоқ, оның өмір сүрген заманы айқындап берген, ал көне дүниеге қарсы күреске оны, бәрінен бұрын, өз халқының артта қалып, езілгендігіне наразылығы итермеледі. Алдында айтылғандай, «Адам деген данқым бар» дегенде, ол сөзін ең алдымен жастарға арнайды. Абайдың «Адам бол!» формуласының этикалық мағынасы адамның өмірдегі рөлін, атқаратын міндетін жоғары бағалаудан тұрады. Оның түсінуінде адамның бойында: ақыл мен адамгершілік, еңбекқорлық пен білімділік, достық пен сүйіспеншілік ұштасып жатуға тиіс. Ол замандастарына: Күн мен Ай – аспанның сәні, орман мен жемістер – таулардың сәні, ал жердің сәні АДАМ екенін ұғындырудан жалықпады. Абай өзінің осы батыл сенімімен соны ХІІ ғасырда-ақ жария еткен Омар Хайяммен үндестік тапқан:

«Дүниенің саф асылы, сарасы – біз,
Жайқалған гүлмайса санасы – біз.
Бұл өмір дөп-дөңгелек жүзік болса,
Жауһардай жанған соның шарасы – біз».

Ал Абайдың замандастары ғана емес, ХХІ ғасырға аяқ басқан біздер де адамның жер бетіндегі ғажап міндеті – оның сәні болуға тиістігімізді жиі ұмыта береміз: тіршілікте орын алып жататын ұсақ-түйек кикілжіңдерге, қарама-қайшылықтарға, күйзеліске соқтыратын

(кейде өзіміз туғызатын) жағдайларға күшімізді, денсаулығымызды жұмсап, уақыт жоғалтатынымыз, өкінішке қарай, өтірік емес.

Адамның тәрбиесі мен қалыптасуына аса маңызды мағына бере және адамның кемістіктерін тағдырдың жазуы деп түсіндіргісі келгендерге қарсы күресе отырып, Абай адамгершілік қасиеттерді адамның табиғаттан алмайтынын, тәрбие барысында ғана оның өнегелі немесе өнегесіз адамға айналатынын баса айтқан.

Баланы тәрбиелеуші кім, сонда? Әлбетте, бәрінен бұрын, оны қоршаған адамдар. Оларды Абай үш топқа бөледі. Кейбір кемшіліктерді анықтау, сонымен қатар өсіп келе жатқан жас ұрпақтың адамгершілік тұлғасында ауытқушылықтарды болдырмау үшін, Абайдың ұстанымдарын тәрбие беру үдерісінде басшылыққа алуымыз керек. Сонымен, Абай ажыратқан топтар қандай топтар екен?

Біріншіден, Абайдың айтуынша, ол – ата-аналар, аға-інілер мен сіңлі-қарындасстар, яғни баланың отбасы, туыс-туғандардың ортасы. *Екіншіден*, ол – мұғалімдер, тәрбиешілер, тәлімгерлер, яғни бала тәрбиесіне кәсіби жауапты ересек адамдар. Ал, *үшіншіден*, ол – құрдастар, достар, жолдастар...

Бірақ Абай өзгеше маңызды адамгершілік-этикалық қорытынды жасайды: адамдардың осы санаттарының ішінен балалар кімді көбірек құрметтейді, кімге көбірек сенеді, кімнің ықпалы күштірек? Баланың жақсы көретін адамы – олардың алғашқы да басты тәлімгері!

Педагогикалық ойлау және балаларды адамгершілікке тәрбиелеп, қалыптастырудың тиімді жолдарын іздеп, табу үшін, Абай бізге қаншалықты көп дүние қалдырды десеңізші...

Педагогика саласындағы әрбір теорияшы мен тәжірибе жинақтаған адам тәрбиешілердің ажыратылған санаттарына қарай отырып, бүгінгі таңда қай жерде, қай топта қандай кемшіліктер мен олқылықтар барын біліп, келісе алады. Шамасы, олар, бәрінен бұрын, бірінші және үшінші санаттарда кездеседі, өйткені оларда педагогика аздау. Осы уақытқа дейін ғалым-педагог мамандардың, мұғалімдер мен ата-аналардың арасынан ешкім де балаға, жасөспірімге құрдастарының, достары мен жолдастарының тәрбиелік әсері мәселелерін зерттеумен шын мәнінде айналыспаған ғой. Отбасы және ата-ана педагогикасы бойынша әдебиеттердің бар екеніне қарамастан, нақ осы отбасының балаға тәрбие беруді бұрынғыша беталды, ең жақсы негіздерге сүйенбестен, мектеппен, мұғаліммен, кәсіпқой тәлімгермен өзара байланыс орнатпай жүргізетіні құпия емес. Бұл жерде кінә екі жаққа бірдей түседі:

жұмысбасты мектеп пен мұғалімнің уақыты жоқ десек, оқушылардың ата-аналарының арнайы педагогикалық жұмысқа дайындығы да жоқ.

Абай өзінің өсиеттерінде қазақ балаларының бойларындағы әдеттерінің ата-аналары мен тәлімгерлерінің дұрыс тәрбие бермеуінен, оған қоса, надан, пасық жолдастарының теріс ықпалынан бұзылатынын қайта-қайта еске салып отырады.

Бүгінгі күні біз үшін отбасылық тәрбиедегі олқылықтардың Абай анықтаған үш тобы да қызықсыз емес. Оның ойынша, бала сүйгісі келетін ата-аналар алдарына үш түрлі теріс, есепке құрылған мақсат қояды. Біріншіден, балаларын мұрагер ретінде көргісі келеді; екіншіден, өздері бұл дүниеден озғанда, арттарында Құдайға құлшылық ететін ұрпағы қалғанын қалайды; ал, үшіншіден, қартайған шақта, олардың өздерін асыраушы болғанын ойлайды. Бұл мақсаттардың барлығын Абай өзімшілдік деп атап, тәрбие беру міндеттерінің талаптарына сай емес деп санайды.

Абай өзінің оныншы «қарасөзінде»: «Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады?

Өлсем, орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнінде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма? «Балам орнымды бассын», – демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар деймісің? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда, өзгеден қызғанып айтқаның ба?

Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді?

Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге неге құмар болдың?

Артыңнан балам құран оқысын десең, тіршілікте өзіңнің жақсылық жасаған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Тіршілікте өзін қылмаған істі өзің өлген соң, саған балап, кәсіп қылып бере ала ма?

Акирет үшін бала тілегенің – балам жасында өлсін дегенің.

Қартайғанда асырасын десең, ол да – бос сөз. Баланы өтірікші, жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?» – деп күйзеледі [7; 293].

Абай надан ата-аналардың өз мақсаттары мен міндеттерін дұрыс түсінбеуі нәтижесінде адамгершілік тұрғыда мүгедек адамдарды тәрбиелеп шығаратыны туралы қорытынды жасайды.

Сол замандағы мұсылман мектептеріндегі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі олқылықтарды Абай тәлімгер молдалардың өздерінің

надандықтары мен ұждансыздықтарынан көреді: олардың ілімінің нәтижелерін: «Шала сауатты молдалар сабақ берген соң, олардан шала адамдар тәрбиеленіп шығады», – деген өткір пікірімен бағалайды. Абай жастардың басым көпшілігінің сауатсыз күйінде қалатынын, ал олардың мектептер мен медреселерде тәрбиеленіп жатқан азғантай бөлігі уақыт өте келе пасық жарамсақ, аянышты мансапқор, менмен өзімшіл, жалқау надан адамдарға айналатынын ашына айтады.

Абайдың замандастарына тән осындай теріс моральдық қасиеттер, өкінішке қарай, қазіргі ұрпақтардың кейбіреулерінің бойларына да тым берік ұялап алған, әрі өте көп ұшырасады. Міне, сондықтан да ұлы Абайдың кеңестері мен адамгершілік өсиеттеріне жүгіну, дау жоқ, өзіміздің әсіресе жас жеткіншектерді тәрбиелеу ісінде жетіспей жатқан адамгершілік қасиеттеріміздің орнын толтыруға үлкен көмек бере алады.

Абай адамгершілікке үндейтін жалынды шығармалары топтамасында «Адам бол!» деген өсиетін алға тарта отырып, жастарға арнап достық пен жолдастықтың, ерлі-зайыптылық өмірдегі сүйіспеншіліктің, борыш пен ұжданның, адам істеріндегі ерлік пен сұлулықтың этикалық нормаларының тұтас кодексін жасап шыққан: оларда мінез-құлықтың оң да, теріс те қасиеттері, жақсылық пен жамандық, адамның адамгершілік тұрғысынан жетілуі үшін ғылым мен ғалымдардың қандай рөл атқаратыны жайында баяндайды. Ұлы ағартушының: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Интернатта оқып жүр» және көптеген басқа шығармаларында осындай қасиеттер сипатталады. Егер бір өлеңдеріне Абай адам болу үшін не керек екенін айтса, ал басқаларында адам болу үшін не істемеу керектігін түсіндіреді. Мәселен, «Әсемпаз болма әрнеге....», «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын...», «Болды да партия» және тағы басқа өлеңдерін атауға болады.

Адамның мінез-құлқын өзгерту үшін тәрбиенің атқаратын рөлін жоғары бағалай отырып, Абай тәрбие мен білім берудің адамгершілік мұрат-мақсаттарын айқындайды. *Тәрбиенің жоғары мақсаты, Абайдың пікірінше, – баланы еңбекқор және отаншыл етіп шығару, ал оқытудың мұраты – оның қоршаған әлемді танып-білуі, білімдерге қанығып, білім мен мамандық алып шығуы.* Басты міндет – тәрбие мен оқытуды қатар жүргізіп немесе, қазір өзіміз айтатындай, бір мақсат – адамгершілігі асқақ, мәдениетті, білімді, халқына қызмет ететін, соның мүдделерімен, ойларымен, арман-мүдделерімен өмір сүретін жоғары өнегелі адам қалыптастыра оты-

рып, біртұтас педагогикалық үдеріс құру. Біздің түсінуімізше, Абай тәрбие мен оқыту ісін адамгершілік пен демократия ұстанымдарына құрудың қазіргі заманғы мақсатын алдын ала болашақтағы жүз жылға айқындап қойғандай.

Адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралдары деп Абай еңбекті және адамдарды ағартуды атайды. Оның поэзияда да, прозада да еңбектің адам өміріндегі маңызы туралы айтпаған бірде-бір шығармасы жоқ дерлік. Абай еңбекті адамның өмірлік қажеттілігі және оның адамгершілігінің негізі ретінде жырлайды. Еңбек адамы, Абайдың ойынша, ізгіліктің шынайы иесі, яғни «адамның әулиесі».

Ғылым мен ағарту жайында айтсақ, онда оларды Абай барлық адамгершілік мәселелерін шешудің қажетті, әмбебап құралдары деп санайды. Яғни жас жеткіншектің бойында білімге, ақылдылыққа ұмтылу қасиетін жетілдіру – осының өзі оның адамға тән негізгі адамгершілік міндеттерді түсіне білуін қалыптастыру деген сөз. Адамның адамгершілік қасиеттері оның ақыл-ойының дамуы деңгейіне тәуелді болып шығады. Біз Абайды осы біржақты тәуелділік үшін сынап және, өкінішке қарай, ондай сәйкестіктің әрдайым бола бермейтінін дәлелдей аламыз. Бірақ Абай этиканы – ғылыми, ал ғылымды этикалық және адамгершілікті студің қажеттігін дәлелдеуге ұмтыла отырып, бізге осы сәйкестіктің ең дұрыс үлгісін беруге тырысқан жоқ па?

Осы ең дұрыс сәйкестікке, арақатынасқа қол жеткізу жолдарының бірі ретінде Абай ақылға қонымды бірқалыптылықты – қанағат ете білуді алға тартады.

Қажеттіліктердегі, әсіресе іс-әрекеттердегі бірқалыптылық (әр нәрсенің шамасын білу), Абайша айтқанда, біртұтас адамгершілік санаты, адамгершілік өсиет ретінде әрекет етеді: «Барлық нәрселердің шама-шарқын, мөлшерін біл. Бәрінің шама-шарқын білу деген – үлкен іс. Ойларың шатыспасын, ақыл-есінді жоғалтпа. Тамақ жеп-ішу, күлу, киіну, ойын-сауық құру, сүю, құшақтасу, сүйісу, байлыққа ұмтылу, – осының барлығының, тіпті мансапқорлық пен қулықтың да өлшемі, шамасы бар. Ал шамадан артықтың бәрі – жамандық» [6; 152].

Ал шаманы, Абайдың айтуынша, іс-әрекеттер мен мінез-құлықтың адамгершілік реттегіші болып табылатын ар-ұждан үйретуге тиіс. Ар-ұжданы жоғары тұлға айналасындағы адамдардың алдында өзінің моральдық жауапкершілігін сезінеді, өйткені ар мен ұждан – тұлғаның өз істері мен әрекеттерін өзінің бағалауы деген сөз. Адамның адамгершілікке жатпайтын істер істеуден дер кезінде тартынуы үшін,

Абай оның өз ар-ұжданы алдында тұрақты түрде есеп беріп отыруы керектігін айтады: «Күніне – бір рет, не аптасына – бір рет, немесе, жоқ дегенде, айына бір рет осы уақыт ішінде өзінді қалай ұстағаның, игілік пен ақылға сай іс істегенің-істемегенің, қандай ісің, қылығың үшін өкінуге тиістігің жайында ойла. Кейін есіңе алып отыратын ештеңе де қалмауы мүмкін ғой». «Өміріңді қалай өткізгенің: қалай өмір сүргенің, нені байқағаның, есіңе нені сақтағаның туралы ойла».

Сонымен, Абай поэзиясында да, прозасында да өзінің ең жоғары: «Адам бол!» – деген **этикалық мұратының жалпылама адамгершілік ұстанымдарын** қалыптастырады. Бұл: біріншіден – еңбекқорлық, екіншіден – білімге, парасаттылыққа ұмтылу, үшіншіден – бірқалыптылық, төртіншіден – ұждандылық және бесіншіден – адамның өзін-өзі бақылауда ұстауы, өз-өзін тәрбиелеуі, тәртіпке салуы және қалыпқа келтіруі.

Егер адамдар, Абайдың атап айтуынша, ар-ұжданын ұмытпай, шаманы, қанағатшылықты, өзінің қажеттіліктерін білсе, өзін-өзі сынап, бақылауда ұстаса, онда олар кемістіктерінен арылып, ізгілікті болады.

Абайдың «мазмұны алтын, оқасы күміс» өлеңдеріндегі көркем сөздің пәрменділігі, біздің көзқарасымыз бойынша, оның аса маңызды ерекшелігінде – терең психологиялық мазмұнында, Абайдың адамның рухын ғана емес, жанын да өзгеше сезімталдықпен түсінетіндігінде жатыр. Сондықтан оның шығармашылығы кең бұқараға етене жақын, әрі ұғынықты. Шығармаларында, өлеңдері мен өсиеттерінде ол адамдардың психологиялық күйзелістерін ерекше шеберлікпен ашып көрсетеді, адамдарға тән жеке қасиеттері мен нақты ерекшеліктерін сипаттайды. Абай адам еркінің моральдық-этикалық негіздері мен сипатына айрықша көңіл бөледі. Ол ерік-жігерді адамның мақсаттарына қол жеткізуі, білімдер меңгеруі, өзін-өзі билеуі үшін аса қажет моральдық қасиет деп санайды: «Адамның келбеті көз тартарлық, мінезі сыпайы болуы мүмкін, ал егер ол жатып ішер арамтамақ болса, еңбек еткісі келмесе, онда ол жексұрын, бейшара; адам күш-қайраты тасыған мықты болуы мүмкін, бірақ ол еңбек етпейтін сандалбай болса, онда оны осал адам деу керек».

Кішкентай кезінен-ақ адам өзінің рухани қабілеттерін дамытып, өзін адамгершілік, эстетика тұрғысынан да, дене құрылысы жағынан да шынықтырып, жетілдіру үшін барынша көп күш-жігер жұмсауға тиіс.

Енді дене құрылысын жетілдіру жайында бірер сөз айтсақ, Абайдың тазалық, денсаулық сақтау туралы арнайы жазған шығармалары жоқ дерлік. Бірақ перзенті Әбдірахманға арнаған өкінішке толы өлең жолдарын оқи отырып, оның деннің саулығын жоғары бағалағанын, сүйікті ұлының айықпас ауруға шалдыққанына қайғырғанын, ұлына баксы-балгерлер емес, білімді адамдар – дәрігерлерге қаралып, емделу керектігі туралы кеңес бергенін көреміз:

«Алмаса доқтырға
Нанбаңыз соқырға.
Визитке төлемей,
Шырағым, бос қалма...
Ақшаны аяма,
Ұйқыны тыншытсын.
...Сарғайды жүзіміз,
«А құдай» деуліміз.
Жазылып келсеңіз,
Гүлденер өміріміз» [6; 177].

Ал басқа шығармаларында қазақтардың жеке тазалықты сақтамаудан көрінетін надандығы, мысалы, Медеттің күн сайын жуынбайтын қызы туралы ашына айтады:

«Әйелің – Медетқызы, аты – Өрім;
Айында бір жумайды беттің кірін.
Ер кезек ер жігітке үшке дейін,
Бір боқты тағы бас та және сүрін» [6; 255].

«Он сегізінші қарасөзінде» Абай киімнің тазалығы жайында айта келіп, сәнқойларды: «Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі. Мұның бәрі – масқаралық. Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы – киын іс. Кербез дегенді осындай кер, кердең неменен безіңдер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі – ақымақтық», – деп сынға алады [7; 302].

Ағартушы-педагог адамның бақытын адамгершілікті бағалау өлшемі деп қарай отырып, оның мағынасы жайында көп ойланып, толғанады. Оның ойынша, адам бақытқа ұмтылуға тиіс, өйткені бақытқа жетуге құлшыну адамдардың өмірін айқындайтын аса маңызды фактор болып табылады. Өмір мен бақыттың мағынасын

ол білімнен, еңбектен, халық үшін өтпейтін-өшпейтін мағынасы бар игілікті істер істеуден көреді. Абайдың өзі халыққа қалтқысыз қызмет етудің осындай жарқын үлгісі бола білді. Көркем шығармаларында ол өзінің баласы Әбдірахманның тұлғасын «Адам бол!» деген этикалық формуласының шынайы жүзеге асуы ретінде, халықтың ең жақсы қасиеттерін бойына сіңірген мұрагері ретінде, жаңа ұрпақтың өкілі ретінде ғажап суреттемемен:

«Жаңа жылдың басшысы – ол,

Мен ескінің арты едім...» – деп бейнелеген.

Жастардың адамгершілігі шын мәнінде жоғары адамға айналуы үшін, өз бойларына ең жақсы қасиеттерді сіңіруі үшін, өзінің белгілі «Адал бол!» атты этикалық формуласына сүйене отырып, Абай оларға төмендегідей кеңес береді:

«Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз» [6; 190].

Абай жас ұрпақ тұлғасының адамгершілік рухында қалыптасуының әлеуметтік жағдайларға тікелей тәуелді екенін жете түсінген.

Абай шығармаларында барлық халықтар арасындағы достық идеясын қажымай-талмай таратумен болды. Оның идеялары ТМД елдері арасында жаңа қатынастар орнап жатқан бүгінгі таңда да ерекше өзекті, әрі қымбат. Ақынның «Екінші қарасөзі», «Жиырма бесінші қарасөзі» қазақтардың өзбектермен, татарлармен, орыстармен достығына арналған. Абайдың «Отыз төртінші», «Отыз сегізінші қарасөзі» халықтар арасындағы достықты барлық адамдардың табиғи адамгершілік қажеттілігі ретінде қарайды.

«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды». Абайдың түсінігінде адамның өз ұлтына деген сүйіспеншілігі мен құрметі басқа халықтардың мәдениеті мен тіліне, ұлттық қадір-қасиеттеріне құрметпен қарауға тиістігінен туады.

Сонымен, Абай шығармашылығының өзгеше ерекшеліктерінің бірі – оның *жалпыадамзаттық мәдениетке жақындау арқылы өз халқын ағарту идеясын тұрақты уағыздауы*. Халықтардың тілдеріндегі, діни көзқарастарындағы айырмашылықтардың ешқайсысын Абай халықтардың ғасырлар бойы жинақталған мәдениетіне кедергі деп қабылдамайды. Туған халқын ағартудың осындай ұлы тарихи міндетін жүзеге асыру үшін, ол өзінің көркем сөзімен, ағартушылық қызметімен өткен замандардың барлық ескі сарқыншақтары мен ұстанымдарына бітіспес күрес жариялап, байлар мен молдаларды, старшындарды, жеткілікті білім алмаған жастарды, арамтамақтарды, жеке басының күйін күйтеп, еңбекшіл халықтың арасына іріткі салып, араздастыратын билеушілерді аяусыз әшкерелейді.

Абай терең өнегелі шығармашылығының шынайы, әділетті мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар өзінің ұстаз, ізгілік пен адамгершілік қағидаларын уағыздаушы, жастардың да, мұғалімдердің де Ұстазы ретіндегі жеке асқақ ұстанымымен де тәрбиелеуді жалғастырып келеді. Өлбетте, адамзат өмір сүретін барлық уақыттарда да оның өсиеттері мен ілімі, ешбір қиындықтарға қарамастан, жас ұрпақты оқытып, тәрбиелей беретіні айдай анық. Ал Абайдың ұстаздарға арнаған сөздері ерекше өзекті, әрі оларды болашаққа сеніммен қарауға, өз еңбектерінің түпкілікті нәтижелеріне сенуге үндейді:

«Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға» [6; 149].

2-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ПЕДАГОГ- ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МҰРАСЫ НЕГІЗІНДЕ ШӘКІРТТЕРГЕ АДАМГЕРШІЛІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2.1. М.Кәшімовтің адамгершілік-этикалық көзқарастары

Ақын, журналист, ағартушы Мұхаметсәлім Әбдірахманұлы Кәшімов діни отбасында дүниеге келіп, жас кезінде қасиетті орындарға қажылық жасап, қажы атанған. «Үгіт», «Әдептер», «Сабақ», «Қазақтарға насихат», «Ақыл-ой кітабы», «Этика» атты кітаптарында М.Кәшімов этиканың көптеген мәселелерін көтеріп, сол арқылы, біздің көзқарасымыз бойынша, балалардың адамгершілік тәрбиесі мәселелерін де шешкен.

Біздің пікірімізше, бұл тұрғыда М.Кәшімовтің «Этика» және «Әдептер» деп аталатын кітаптары – ерекше назар аударуға тұрарлық еңбектер.

«Этикада» М.Кәшімов, бәрінен бұрын, Ұстаз қызметінің адамгершілік бағыттарының мәнін ашады: «Ата-анаңды, жақын туыстарыңды қалай сүйсең, Отаныңды да солай сүй. Ең маңызды міндетің адамдарға қызмет ету болсын, бар жан-тәніңмен еңбекке беріл... Сендердің ең асқақ мақсаттарың – халыққа көмектесу, күш беру. Оған қуат беру. Халықтың арасында білімдерді таратыңдар, достық пен келісім ұрығын себіңдер. Егер сендер ұстаз, молда болсаңдар, шәкірттеріңді дұрыс жолға салыңдар, оларға қажетті, пайдалы білімдерді беріңдер» [9; 251].

Мұғалімнің балаларға үлгі болуы үшін, М.Кәшімов оның жеке басына, ұстаздардың баланың адамгершілік мінез-құлқын қалыптастыруы, сондай-ақ, жалпы алғанда, оқыту мен тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыруы мақсатында бақылау, үйрету әдістерін пайдалануына: «Уақытты да, өмірді де текке өткізбеу үшін, балаларды дұрыс оқытыңдар. Оқушыларыңды үнемі бақылап отырыңдар, оларды әдепті мәнерлерге үйретіп, олар барлық жағынан басқаларға үлгі болатындай, сөйлеген сөздерін, ойлары мен мінез-құлықтарын қалыптастырыңдар. Балаларға қатал болмаңдар, сыпайы сөйлесіңдер. Қашанда орнымен, ашық та дәл сөйлеңдер, барлық балаларға бірдей қараңдар. Олардың барлығы бірдей білімдер менгеріп, дұрыс тәрбие алсын. Ал өздерің оларға үлгі бола біліңдер», – деген талаптар қояды [9; 255].

«Этикада», адамгершіліктің осы оқулығында М.Кәшімов оқушылардың қандай адамгершілік қасиеттерін меңгеруге, адамгершілік пен ұйымшылдықтың идеяларынан танбауға тиістігі жайында айтады:

- Ешқашан күншіл, қызғаншақ болмаңдар.
- Ақылды, жақсы адамнан үлгі алыңдар.
- Жолдасыңнан кек алғың келсе де, оған жала жабуға болмайды.
- Сабакты білмеген немесе түсінбейтін оқушыларға күлу жақсы әдет емес, олар да сен сияқты адам баласы ғой. Ондайларға көмектесуге тырысыңдар.
- Өздеріңнің оқушы жолдастарыңды туған бауырларыңдай сыйлаңдар.
- Үлкендердің ақыл-кеңестеріне құлақ асып, кішілерге тәлім беріңдер.
- Қарапайым да сыпайы болыңдар, берген сөздеріңнен айнымаңдар.
- Шамаларың келгенше, адамдарға көмектесіңдер.
- Көпшілікке қарсы тұрмаңдар.
- Көп ойлап, аз сөйлеңдер.
- Басқаға ор қазбаңдар, өйткені оған өздерің түсіп қалуларың мүмкін.
- Өтірік айтудан аулақ болыңдар, өтірікші атанып, күллі халыққа күлкі болмаңдар.
- Адамдық деңгейді тани біліңдер, билікке ұмтылмаңдар, өздеріңнің адамдық қасиеттеріңді жоғалтпаңдар.
- Халықтың алдында менмендік, жақтырмаушылық танытпаңдар.

М.Кәшімов адамның білім алуы қажеттігін баса айтып, балаларды осыған үндейді:

- Оқыңдар, өздеріңе өмір бойы ештеңе тең келмейтін қазына болатын білімдерді меңгеруге ұмтылыңдар.

Білім – адамның ең алғашқы қажеттілігі. Ал жақсы білімді, М.Кәшімовтің әділетті пікірі бойынша, адам еңбек сіңірсе, күш-жігер жұмсаса, адамдарға құрметпен, ал еңбек құралдарына ұқыпты қараса ғана ала алады.

- Қабырғаларға, басқа заттардың беттеріне жазу жазбаңдар, білім алып жатқан үйлеріңді ластамаңдар, оны таза ұстандар.
- Кітаптарың мен жазу құралдарына ұқыпты болыңдар.
- Қаншалықты қиналып жатсаңдар да, ғылымдарды меңгеруден танбаңдар.
- Ниеті бұзық бай болғанша, епті, еңбексүйгіш кедей болған артық екенін ұмытпаңдар [9; 252].

Адамгершілік мінез-құлықтың жоғарыда айтылған өлшемдеріне сай болу мақсатында, М.Кәшімов оқушыларға әрбір өткен күніне талдау жасауды ұсынады. Бұл, оның пікірінше, оқушылардың бұрын істеген ісі үшін кейін қызаруға, ұялуға тура келетіндей ештеңе істемеуге көбірек күш-жігер жұмсауына көмектеседі: «Күні бойы жұмыс істеп, кешкілік тағы бір рет ойлап, қараңдар. Келесі күнге жоспар құрыңдар... Әрбір күн сендердің істерің көрініп тұратын дәптерге ұқсайды. Бұл дәптерге жаман нәрсе түсіріп алмауға тырысыңдар» [9; 252].

Сонымен, біз «Этика» атты еңбегінде М.Кәшімовтің адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын аша отырып, мұғалімдерге және білім алып жатқандарға оқушылардың моральдық бет-бейнесі мен мінез-құлқын қалыптастыру үшін аса пайдалы кеңестер мен ұсыныстар бергенін нық сеніммен айта аламыз.

«Әдептер» атты еңбегінде ғалым адамның бойында болуға және балалардың бойында қалыптастырылуға тиіс адамгершілік қасиеттер тізімін толықтыра түскен. М.Кәшімов адамның өмірінде достықтың қандай маңызы бар екені, оқушылардың бойларында достаса білу, қарым-қатынастарын өзара көмек, өзара қолдау, өзара сыйластық негізінде құру қабілетін қалай дамытуға болатыны, достықты іспен дәлелдеудің маңызды екені жайында айтады: «Адамға қайғы мен қуанышта достық ниет қашанда тірек болады. Егер достық екі тараптан да шынайы болса, онда ол – мәңгілік достық. Нағыз дос – ол аурудың емі, қиыншылықта – сүйеніш, қайғы-қасіретте – жұбаныш... Адал дос іс-әрекеттерімен танылады. Досынды құрметтеп, оған күш-қайрат пен сенімділік беру, оған көмектесіп, қолдау көрсету керек» [9; 252].

М.Кәшімовтің пікірі бойынша, тәрбиенің маңызды әдістерінің бірі – үлгі көрсету, сондықтан ғалым оқушыларға айналадағы адамдардың, оның ішінде ата-аналар мен туған-туыстардың, достардың, мұғалімдердің көзқарастарында, іс-әрекеттерінде, мінез-құлықтарында байқалатын барлық оң, жағымды қасиеттерді үйрену керектігін айтады. «Жақсы адамды оның ақылды, пайдалы сөздерге құлақ асатынынан тануға болады. Ал ата-аналарың сендерге зиян келтіретін ештеңе айтпайды... Қашанда олардың айтқандарын тыңдаңдар» [9; 252].

Адамгершілік сана мен мінез-құлық қалыптасуы үшін, М.Кәшімов балаларға ата-аналарымен, көршілермен қарым-қатынаста келесі

кеңестерге құлақ асуды ұсынады, өйткені этикалық білімдердің негізін бала, бәрінен бұрын, отбасында алады, әрі оның моральдық бет-бейнесінің қалыптасуына бастапқыдан-ақ отбасындағы ахуал әсер етеді: «Оларға қарсы сөйлемдер, дауласпаңдар. Қашанда сыпайы сөйлесіндер және сұрақтарына дұрыс жауап қайтарыңдар. Олар түрегеп тұрғанда, сендер отырмаңдар. Егер олар өсиет айтса, көңіл қойып тыңдаңдар... Қолдарыңнан келгенше, оларға көмек көрсетіңдер...

...Көршілермен тату тұрыңдар, олармен достасып, қайғыны да, қуанышты та бірге бөлісіндер. Әрдайым оларға көмектесіндер» [9; 253].

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралы, – ғалымның ойынша, – кітап. «Бірақ, – деп ескертеді М.Кәшімов, – кітаптардың арасында пайдасыздары да бар, сондықтан оларды таңдап оқыңдар» [9; 253].

«Әдептер» атты еңбегінде, біздің пайымдауымызша, адам өзінің ойларында, іс-әрекеттері мен мінез-құлқында ұстануға тиіс этикалық кодекс толық берілген:

- Көңілді, ашық болыңдар.
- Қызғаншақ болмаңдар.
- Бейшара, наукас адамды келемеждемеңдер.
- Дандайсымаңдар.
- Пайдалы және әдепті әңгімелерді ғана тыңдаңдар.
- Әдепсіз сөздерді тыңдаудан аулақ болыңдар.
- Өзгенің байлығына қол созбаңдар.
- Жолда жүгі ауыр адамға жәрдемдесіп, шаршағанды сүйеңдер.
- Алыс жолда сапарластарыңмен ізгі қарым-қатынас сақтаңдар.
- Ұсақ-түйекке бола керіспендер.
- Таза киім киіп жүруге тырысыңдар. Ешқашан киімдеріңді көрсетіп мақтанбаңдар.
- Шындықты ғана айтуға тырысыңдар.
- Жақсы адам кешіре де, ізгілікті бола да біледі.
- Қымбат уақытты текке өткізбеңдер, пайдалы іспен айналысыңдар.

Сонымен, еңбектерінде этикалық мәселелерді қозғай отырып, М.Кәшімов мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, адамның қандай оң қасиеттері болуы керектігін айта отырып, адамгершілікке тәрбиелеу үдерісінің мазмұнын аша түседі, адамгершілік мінез-құлық өлшемдерін көрсетеді, жеке тұлғаның

моральдық бет-бейнесін, санасы мен мінез-құлқын қалыптастыру әдістері мен құралдарына егжей-тегжейлі тоқталады.

М.Кәшімов еңбектеріне жасаған талдау негіздерінде, біз педагогикалық этиканың басшылыққа алынатын ұстанымдары деп ғалымның төмендегі қағидаларды есептейтіні туралы қорытынды жасадық:

- мұғалім қызметінің адамгершілік бағыттылығы ұстанымы;
- педагогикалық жанқиярлық ұстанымы.

Ғалымның пікірі бойынша, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу міндеттерін шешу барысында төмендегілерге сүйену қажет:

- адамгершілік;
- ұйымшылдық;
- еңбекке тәрбиелеу.

Адамгершілікке тәрбиелеудің мақсатын ол жеке адамның адамгершілік рухында қалыптасуынан, ал міндеттерді тұлғаның адамгершілік қасиеттерін нығайтудан көреді. Ол адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұнына жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарын енгізеді.

Адамның адамгершілік қасиеті, М.Кәшімовтің ойынша, қоғамға, адамдарға, еңбекке, заттарға, оның өзіне деген көзқарастарынан көрінеді.

Жеке адамның қалыптасуына әсер ететін факторлардың арасында ғалым тәрбие мен ортаны ажыратып көрсетеді.

Адамгершілікке тәрбиелеу әдістерінің ішінде адамгершілік сананы қалыптастыру әдісіне – үлгі көрсетуге ерекше назар аударып, ағартушы оқушылардың өнегелі мінез-құлықтарын қалыптастыру мақсатында үйрету, жаттықтыру әдістерін пайдалануға қатысты ұсыныстар да береді.

Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды құралы ретінде М.Кәшімов кітапты алдыңғы орынға қояды.

Тұлғаның адамгершілік тәрбиесінің негізгі өлшемдері деп ол оқушының мінез-құлқы мен істеріндегі адамгершілік қасиеттерді; басқа адамдарға қайырымды, сыйластық қарым-қатынас дәрежесін; өзінің жеке қадір-қасиеті, ар-ұяты сезімдерінің дамуы деңгейін санайды.

Тұлғаның адамгершілік-этикалық тәрбиесі мәселелеріне өзінің еңбектерінде Жүсіпбек Аймауытов та үлкен көңіл бөледі.

2.2. Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық еңбектеріндегі оқушылардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі мәселелері

Ж.Аймауытов – ағартушы, қоғам қайраткері, жазушы, романшы, ақын, аудармашы, сонымен қатар оны шын мәнінде қазақ педагогикасының негізін салушылардың бірі деп атауға болады.

Ж.Аймауытов – оннан аса кітаптың, жүздеген ғылыми жарияланымның, педагогика, психология, этика жөніндегі оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Олардың арасынан, бәрінен бұрын, ағартушының «Педагогикалық басшылық», «Психология және мамандық таңдау», «Психология», «Комплекспен оқыту жолдары» деп аталатын, бүгінгі таңда да педагогика мен психология ғылымы үшін және жекелеген педагогикалық, психологиялық мәселелерді баяндау ісінде даусыз қызығушылық туғызатын ірі еңбектерін атауға болады.

Ж.Аймауытов қазақ психология терминологиясын құру ісіне елеулі үлес қосты. Ағартушының қазақ әдебиеті мен лингвистикасының әртүрлі қырларын этнопсихологиялық тұрғыдан түсіндіруі ерекше маңызды. Дау жоқ, Ж.Аймауытов жастарды оқыту мен тәрбиелеу, оның ішінде адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін айналып өткен жоқ.

Мәселен, Ж.Аймауытовтың «Тәрбие» атты еңбегі, біздің көзқарасымыз бойынша, бәрінен бұрын, адам тұлғасының адамгершілік бет-бейнесін қалыптастыру мәселелеріне арналған.

Ертедегі Грекия мен Ертедегі Римдегі тәрбиенің ерекшеліктерін сипаттау, ертедегі грек ғалымдары мен философтары Сократ пен Аристотельдің және басқаларының педагогикалық ойларына, сондай-ақ Я.А.Коменский, Дж.Локк, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци сынды дүниежүзілік педагогика классиктерінің педагогикалық мұрасына талдау жасау негізінде, Ж.Аймауытов адам тұлғасын қалыптастырудың және, бәрінен бұрын, оның адамгершілік рухында жетілуінің жетекші факторы – тәрбие екені туралы өте әділетті қорытындығы келеді: «Адам, былайша айтқанда, барлығында да жетілуге жеткен сияқты: құс сияқты ұшады, балықша жүзеді, алыс қашықтықтарды жақындатады, табиғаттың тылсым жұмбақтарын ашады. Бірақ сонымен бірге жыртқыш аңның өшпенділігімен бір-бірлерін өлтіреді. Неге? Мәселе мынада: адам әлі күнге дейін тәрбиенің құлына айналған жоқ, табиғаттың, яғни өзінің жабайы түйсіктерінің құлы болып қалып отыр. Олай болса, оған айқын ақыл қайдан келсін, бүкіл қоғам да, адамдар да қайдан тәрбиелі болсын» [9; 290].

Біздің ойымызша, Ж.Аймауытовтың «Тәрбие» еңбегіндегі оның тәрбиенің мақсаттары мен міндеттері, мазмұны туралы ой-пікірлері ерекше құнды, себебі солар арқылы ғалым төмендегідей даусыз қорытындыларға келеді.

Тәрбие ісінде балаларға туған өлкені, Отанды, халық дәстүрлері мен салттарын сүю сезімін дарыта отырып, Ж.Аймауытов адамның өз ұлты аясында шектеліп қалмауға тиістігін айтады, өйткені «ұлттық шеңберде тұйықталып қалған адам өз ұлтына қатысты мәселеде зорлық-зомбылық көрсете де, қан төге де алады. Ұлтшылдықтың салдары – бақталастық, дау-жанжал, кескілескен ұрыс. Бұл – асқан өзімшілдікпен өзін ғана жақсы көру: өзімшіл адамның жаны дарқан бола алмайды, ал жаны кең емес адам көбінесе қаскөй, зиянкес болып шығады. Өмір адамдардың тұйықталып кетуіне жол бермейді. Ал ұлтшыл болу адамдық қасиет емес» [9; 290].

«Өмір – ол еңбек, бірақ еңбектің де әртүрлі мақсаттары болады. Демек, адамға лайық өмір сүру үшін, адамға тән істер істеген жөн. Ал адамға тән істер істеу үшін, тиісті мақсат болуы керек. Ал бұл мақсаттың мәні мен мағынасында жақсылық жатуға тиіс. Бұл жақсылық әлдебір қиялда шарықтап жүрмей, нақты істе жүзеге асуы, бір адам үшін ғана емес, жалпы, айналадағылардың барлығы үшін жасалуы қажет».

Тәрбиенің міндеті, Ж.Аймауытовтың пікірінше, «жақсы қасиеттерді анықтап дамытуға, ал теріс қасиеттерді жоюға бағытталуға тиіс».

Сөйтіп, **Адамның** қандай болуға тиістігі туралы сұраққа жауап бере отырып, Ж.Аймауытов жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтар жайында айтады. Тәрбиенің маңызды әдістерінің бірі деп Ж.Аймауытов үлгі көрсету әдісін санайды, сондықтан «тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуға тиіс». Бала тұлғасын қалыптастыру үшін, тәрбиеден өзге, ғалымның ойынша, тұқымқуалаушылық пен ортаның да әсері аз емес.

«Медреседен және ата-анадан өзге, балаға басқа да факторлар әсер етеді. Ол – оның бойында туа бітті пайда болған жеке қасиеттер, қоршаған орта, замандастары, олардың діни сенім-нанымы, тілі және көптеген басқа нәрселер».

Сонымен, «Тәрбие» еңбегінде Ж.Аймауытов тәрбие жайындағы ғылымға өте көп көңіл бөлу қажеттігін айтады, өйткені ол ғылымның нысаны – баланың «жаны» мен «ақылы»; ал егер саналы және тәрбиелі адамдардың саны өссе, онда Отанның саналы қорғаушылары көбейе түседі.

«Әдет заңы» деп аталатын еңбегінде Ж.Аймауытов адамды адамгершілік рухында тәрбиелеу ісінде әдеттердің рөлі туралы баяндайды: «Мұғалім әдеттердің рөлін дұрыс ажырата және түсіне білуге тиіс, өйткені барша өмір солардан тұрады. Әдеттердің жаманы да, жақсысы да бар. Олар адамдардың іс-әрекеттерінен, ойларынан, жұмысынан көрінеді» [9; 288]. Баланың бойына жас кезінен пайдалы әдеттерді ғана сіңіріп, оны зиянды әдеттерден сақтандырудың маңызы өте зор, өйткені адам еш ойланбастан үйреншікті ісін қаншалықты оңай орындаса, оның бойында өмір-еркіндік те, ақыл-ойдың кеңдігі де көбірек байқалады. Бойына өзіне деген сенімділік қасиетін дарыта алмаған адамның жарты өмірі күмәнданумен, қобалжумен өтеді.

Ж.Аймауытов адамға әдеттерді қалыптастырудың оңай еместігін айтады, себебі оларды дарытуды қалау және соған ұмтылу жеткіліксіз, олар үшін табандылық, ерік-жігер қажет: «Адамның күші кез келген қиын жағдайда табандылық, қайтпас қайсарлық танытып, іс-әрекетке батыл ұмтылуынан көрінеді. Ал егер біз жақсы ниетімізді тежеп, оны іс-әрекеттерімізде көрсетпесек, онда, уақытты текке өткізіп алатынымызды айтпағанның өзінде, сол жақсы ниетіміз болашақта да іске аспай қалады. Жалтақтаумен және бос қиялмен өмірін өткізетін, тәуекелге бара алмаған, бірде-бір маңызды істі шешуге батылы жетпеген адам – түкке тұрғысыз адам. Бұндай жағдайлар үшін де Ж.Аймауытов мұғалімге нақты кеңес-ұсыныстар айтады: «Ұзын-сонар көркем сөздердің, бос насихат пен үгіттің орнына, оқушылар кез келген істе өздерін таныта алуы үшін, олардың ойларын, санасын, іс-әрекетке қабілетін дамыту жайында қам жеу керек. Нақты іс-әрекеттер ғана мінезді, жақсы әдеттерді қалыптастырады. Ал бос уағыздар мен үгіт тыңдаушыларын жалықтырып жібереді» [9; 288].

Ж.Аймауытов пайдалы әдеттер қалыптастыру шарттарын ашып көрсетеді, сонымен бірге адамның тұлға болып қалыптасуы үшін пайдалы әдеттердің маңызды екенін де айтады: «Ешқандай жақсылық қолға өзінен-өзі келіп түспейді. Ерлік, күш және мақсат үлкен істе ғана емес, сонымен бірге күнделікті ұсақ іс-әрекеттерде, бірақ пайдалылығы жағынан гөрі, қиындығына және әдетке байланысты көрінуге тиіс. Оның үстіне, ондай адам үлкен де маңызды істе қателікке және жүрдім-бардым әрекетке жол бермейді... Табиғатынан ширақ, белсенді, тіпті елеусіз істі де жанын сала істейтін адам болашағы үшін қам жемесе де болады...» [9; 289].

«Педагогикалық басшылықта», ең алдымен дидактика мәселелерін қарастыра отырып, Ж.Аймауытов оқыту үдерісінің тәрбиелік қырын

айқындап, көптеген пәндердің тәрбиелік мүмкіндіктері жайында айтады.

Мәселен, тілдерді оқып-үйрену, ғалымның пікірінше, таным тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар тұлғаның адамгершілік тұрғысынан қалыптасуы үшін де маңызды: «Тілдердің бала тәрбиесі үшін маңызы орасан зор, өйткені тілдерді ыждағатты және терең меңгеру сол халықтардың ертедегі мәдениеті мен дүниетанымын танып-білуге көмектеседі. Бөтен тілді үйренумен қатар, адам халықтың рухани әлемін де таниды. Басқа халықтардың дүниетанымын және өмірлерінің әртүрлі қырларын танып-білу адамның ақылын байытады. Басқа халықты тану оның сезімдері мен ойларына батырып, оның жанының байлығын ашады» [9; 281].

Балалардың адамгершілік тәрбиесінде, Ж.Аймауытовтың әділетті пікірі бойынша, елеулі орын ана тілі сияқты пәннің үлесіне тиеді, өйткені «ана тілі, айна секілді, халықтың көпғасырлық жанын білдіреді, сондай-ақ халық рухани нығайып, дамиды және содан байитын мәңгілік қазық болып табылады. Халықтың тілі – өткен дәуірлерді көрсететін, оның ойларын, мақсат-мүдделерін, адамгершілік және рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа беретін қазына» [9; 282].

Ж.Аймауытов адамның рухы мен ақыл-ойының дамуы үшін тарихтың да орасан зор маңызы бар деп санайды, өйткені тарихты оқып-білу балалардың өткен замандарға, әртүрлі халықтардың өміріне, адамзат өркениетінің дамуы жолында олардың сіңірген еңбегіне қызығушылығын туғызады, оларды өткен және бүгінгі замандардың өзара байланысын табуға үйретеді.

Жалпы білім беретін мектепте, Ж.Аймауытовтың ойынша, баланың эстетикалық тәрбиесіне ғана емес, оның рухани қалыптасуына да көмегі тиетін өнерге оқытып-үйрету елеулі орын алуға тиіс: егер адамзаттың мәдени дамуында өнер ерекше рөл атқарса, егер қазіргі заманғы мәдениетті адамның өмірінде өнер барған сайын маңызды орын алса, онда, демек, жалпы білім беретін мектепте өнердің қандай орын алуға тиістігі айқын көрінеді. Тұлғаның рухани баюы үшін, мектеп әр баланың бойында өнерге ұмтылыс пен қызығушылық оятып, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға тиіс.

Көптеген пәндердің тәрбиелік қызметтерін айқындай келе, Ж.Аймауытов «Педагогикалық басшылық» атты еңбегінде оқыту міндеттерін тиімді шешуге ықпал етіп қана қоймай, сонымен бірге балалардың жасы мен психологиялық ерекшеліктерін де ескеретін адамгершіліктің қалыптасуы үшін бағалы ұсыныстар береді. Мысалы,

табиғаттану жайында: «Табиғаттану бойынша оқу бағдарламаларын балалар қоршаған әлем мен табиғатты дербес танып-біле алатындай, олардың қабылдау қабілетіне сай әзірлеу керек. Табиғаттану бойынша бағдарлама жергілікті материалға құрылып, оқулықтар соған сай жазылуға тиіс. Сабақтар балаларға күнделікті ұшырасатын құбылыстармен, оларға таныс ұғымдармен тығыз астастырылып құрылуға тиіс. Адамның өмірі белгілі заттар мен құбылыстардың арасында өтіп жатады. Мектептің міндеті, бәрінен бұрын, балаларды айналадағы заттармен, табиғат құбылыстарымен қызықтырып, олардың білуге құмартуын оятуға тиіс. Ондай оқыту мектепті жергілікті өмірге жақындата түседі, жайлы психологиялық байланыс орнатады. Бала үшін ең қымбат және жақын ұғым – ол туған жер, сондықтан оған туған өлкесін және табиғат құбылыстарын оқып-білу қызықты. Оқытудың осындай жүйесі қоршаған табиғатқа терең мазмұн беріп, оған деген сүйіспеншілікті оятады, оны жете түсінуге көмектеседі, сөйтіп, бала өзін қоршаған әлемге және қоғам өміріне жіті назар аудара бастайды; пайда болып жататын қиын мәселелерді оңай шешіп, алған «білімдерін» іс жүзіне асыру мүмкіндіктерін табады» [9; 283-284].

«Педагогикалық басшылықта» Ж.Аймауытов білімдерді меңгерудің: жүйелілік, сабақтастық, көрнекілік, қолжетімділік, беріктік іспетті дидактикалық қағидаларын аша отырып, оларды балалардың адамгершілік тәрбиесі үшін сақтаудың маңыздылығын айтады, оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі сияқты, адамгершілік тұрғысынан қалыптастыру заңдылықтарының бірлігін; тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігін; тәрбиенің барлық түрлерінің бірлігін; тәрбие нәтижесінің тәрбиешінің беделі мен шеберлігіне тәуелділігін айқындайды.

Сабақтарды тиімді өткізу шарттарына тоқтала отырып, ғалым оқушылардың моральдық бейнесін қалыптастыру үшін, сол шарттарды сақтаудың маңыздылығын ескертеді. «Оқушыларды кіріспе әңгімемен қызықтырып, олардың назарын сабақтың тақырыбына аудару, алдын ала дайындап алған сұрақтар арқылы оқытылатын тақырыпқа қызығушылығы мен ынтасын ояту; жалықтырып жіберетін және біртектес материалдарды алмай, сәтті салыстырулар мен қатар қою тәсілдерін пайдаланып, сабақтарды қызықты және тартымды өткізуге ұмтылу керек» [9; 285].

Ж.Аймауытов мұғалімге қоятын, атап айтқанда: өзінің оқытатын пәніне қызығушылық, оған қызықтыра білуге ұмтылу, пайымды ойлау

сияқты талаптардың, біздің көзқарасымыз бойынша, дидактикалық қана емес, сонымен бірге тәрбиелік міндеттерді шешу үшін де үлкен маңызы бар.

«Педагогикалық басшылықта» Ж.Аймауытов оқыту үдерісінің ғана емес, сондай-ақ сабақтан тыс іс-шаралардың, мектеп мерекелері мен кештерінің де тәрбиелік мүмкіндіктерін көрсетеді. Ғалымның соларды ұйымдастырып, өткізу үшін берген ұсыныстары мектеп оқушыларының моральдық бейнесін қалыптастыру үшін де маңызды: «Жалпы, бұқаралық іс-шараларды өткізу, мерекелік бағдарламаға барлық балаларды тарту да пайдалы, өйткені балалардың жеке-дара өнер көрсетуі, еріксіз, олардың бойларында мақтаншақтық және тақаппарлық туғызуы мүмкін» [9; 286].

Ж.Аймауытовтың әділетті пікірі бойынша, балаға тәрбиелік әсерлердің тиімділігі оның бос уақытын қалай өткізетінінен көрінеді: еркіндік – ол жан-жақты белсенді қызмет. Егер бала мектептен тыс уақытта алдыңғы алған өнеге-тәрбиесінен танбаса, онда, демек, тәрбие мақсатына жетті деген сөз.

Балалардың адамгершілік тәрбиесі үшін, Ж.Аймауытовтың ойынша, мектеп жанындағы бау-бақша учаскесінің де үлкен маңызы бар. Соған қатысты ғалым: «Оның пайдасы көпқырлы: ағаштардың адамның жаны мен көзін қуантатыны – өз алдына, олардың денсаулық үшін орнататын қолайлы микроклиматы балалардың мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерінен де көрінеді. Мектеп бағы мұғалімдер мен оқушылар ашық-жарқын әңгімелесетін және бірлесе жұмыс істейтін орынға да айнала алады» [9; 286].

Сонымен, біз Ж.Аймауытовтың мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің, мәселен, оқушылардың моральдық бейнесін қалыптастырудың: заңдылықтары, ұстанымдары, мақсат-міндеттері, мазмұны, әдістері мен құралдары іспетті теориялық ережелерін әзірлеп, жасау ісіне елеулі үлес қосқанын нық сеніммен айта аламыз.

Мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің мақсатын Ж.Аймауытов тұлғаның адамгершілік тұрғысынан қалыптасуынан, ал міндеттерді оқушылардың адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуынан көреді.

Ж.Аймауытовтың еңбектеріне жасалған талдау негізінде, біз оның адамгершілікке тәрбиелеу үдерісінің төмендегідей заңдылықтарына сүйенгені туралы қорытындыға келдік:

- оқыту мен тәрбие берудің бірлігі;
- тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі;

- тәрбиенің барлық түрлерінің бірлігі;
- тәрбие нәтижесінің тәрбиешінің беделі мен шеберлігіне тәуелділігі.

Ж.Аймауытовтың пікірінше, мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесі үдерісінде төмендегідей қағидаларға сүйену қажет:

- адамгершілік;
- патриотизм, яғни отансүйгіштік;
- интернационализм¹;
- еңбекпен тәрбиелеу;
- оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу.

Патриотизм мен интернационализм ұстанымдарын педагог мәдени тарихи көзқарас тұрғысынан қарайды.

Адамгершілік тәрбие факторларының арасынан ғалым тәрбие мен ортаны («қоршаған орта», замандастар, олардың наным-сенімдері) ғана емес, сонымен қатар тұқымқуалаушылықты да («туғаннан пайда болған жеке қасиеттері») атап айтады.

Адамгершілік тәрбиенің мазмұнына ол жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарын да қосады.

Тұлғаның адамгершілік қалыптасуы жолын көрсетіп, әдеттерге ерекше назар аудара отырып, бұл үдерістің психологиялық негізін («ойларды, сананы және әрекет етуге қабілеттілікті дамытып») аша түседі.

Ж.Аймауытов сондай-ақ мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесінде тілдерді білу және меңгеру сияқты тәсілдердің маңызын айтумен қатар, туған қазақ тілінің, тарих пен өнердің, еңбек қызметінің мүмкіндіктерін атап көрсетеді.

Ғалым оқушылардың моральдық бейнесін қалыптастыру үшін: ана тілі, тарих, өнер, табиғаттану секілді пәндердің мол мүмкіндіктерін аша отырып, сонымен қатар көптеген дидактикалық ұстанымдарды, оның ішінде оқыту үдерісінің тәрбие берумен бірлігін сақтау, сондай-ақ балалардың жас және жеке психологиялық ерекшеліктерін ескеру қажеттілігіне баса назар аудартады.

Ж.Аймауытов сабақтан тыс іс-шаралар өткізу бойынша да құнды ұсыныстар беріп, мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесі мәселелерін шешу үшін ондай шаралардың көпшілік үшін маңызды екенін айтады.

¹ Интернационализм, қысқаша айтқанда, ол – барлық халықтардың теңдігі мен теңқұқықтылығын діттейтін дүниетаным.

Балалардың адамгершілік тәрбиесінің басты әдісі деп ғалым мұғалімнің жеке басының үлгісін есептейді. Соған байланысты мұғалімге белгілі бір талаптар қояды.

Ж.Аймауытовтың оқушылардың адамгершілік тәрбиесі теориясы мәселелеріне көзқарасы көп жағдайда Мағжан Жұмабаевтың көзқарастарымен үндесіп жатады.

М.Жұмабаев та, Ж.Аумауытов сияқты, өсіп келе жатқан жас жеткіншектердің адамгершілік тәрбиесі теориясының құрамдас бөліктерін халық педагогикасының әсері арқылы қарайды, ал мектеп оқушыларының моральдық бейнесін қалыптастырудың психологиялық негіздері мәселелері оның мұрасында ары қарай дами түседі.

2.3. Мағжан Жұмабаев жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі туралы

Мағжан Жұмабаев – ақын, прозашы, аудармашы, педагог. Оның барша шығармашылығы өз халқының бақыты жайындағы ойлармен өрілген. Ал ғалымның терең ғылыми зерттеулері ерекше назар аударуға тұрарлық.

Балаларға білім мен тәрбие беру мәселесіне ол көптеген жарияланымдар, оқулықтар мен оқу құралдарын арнаған. Олардың арасынан «Бастауыш мектептегі ана тілі» (1923 ж.), «Сауаттылыққа оқыту» (1926 ж.), «Ересектерге арналған әліппе» (1929 ж.) деген кітаптарын атауға болады. Ал М.Жұмабаевтың 1922 жылы жарыққа шыққан «Педагогика» атты кітабы бүгінгі таңда да тамаша оқулықтың озық үлгісі болып саналады.

Бірқатар авторлардың өз зерттеулерінде М.Жұмабаевтың педагогикалық мұрасына жүгінетінін айтуымызға болады. К.Е.Жарықбаев ғалымның педагогикаға қатысты пікірлерінің психологиялық қырларына назар аударады; А.І.Илиясова М.Жұмабаевтың отандық педагогиканың қалыптасуы үшін сіңірген еңбегін анықтауға әрекет жасаған; З.У.Жантеева, бәрінен бұрын, ғалымның педагогикалық көзқарастарының бастауларына көңіл бөледі. Біздің зерттеуіміз бойынша, Р.И.Көшенованың «М.Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастары» деп аталатын еңбегі ерекше қызығушылық туғызады: онда М.Жұмабаевтың өмірі, педагогикалық қызметі мен педагогикалық мұрасы тарихи сабақтастықпен баяндалады. Аталған автор М.Жұмабаевтың «Педагогикасын» да айналып өтпеген: онда мектеп

оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің теориялық негіздерін ашуға талпыныс жасаған. Алайда Р.И.Көшенова өзінің зерттеуінде, бәрінен бұрын, М.Жұмабаев мұрасында оқушылардың моральдық бейнесін қалыптастыру үдерісінің психологиялық негіздеріне баса назар аударады. Біз үшін ғалымның оқушыларға адамгершілік тәрбие беруге мәдени-тарихи тұрғыдан қарайтын көзқарасы және осы жағынан сол тәрбие теориясына сіңірген еңбегін анықтау ерекше маңызды.

«Педагогика» кітабын жазған уақытқа қарай М.Жұмабаевтың жоғары және орта мектептегі педагогикалық қызметінде айтарлықтай тәжірибесі бар-тын. Ол бейімділігі жағын айтпағанда, алған білімі бойынша да педагог болған. М.Жұмабаев өткен уақыттардағы ғана емес, сонымен қатар замандас ғалымдардың да зерттеулерімен жақсы таныс болған. Бұл жайында ол, атап айтқанда, «Педагогика» кітабының алғы сөзінде: «Мен көптеген педагог ғалымдардың еңбектерін оқыдым. Әсіресе Рубинштейннің, Смирнов пен Скворцовтың кітаптарын егжей-тегжейлі зерттедім. Бірақ бұл кітапты алдыма қойып, оны көшірдім деген сөз емес. Ғалымдардың жазғандарын сын көзбен қарап, түсіне отырып, мен қазақтардың өмірімен үндесіп жатқан, өзіміздің іс-тәжірибемізде пайдалануға болатын идеяларды іріктеп алдым», – деп жазған [12; 9].

М.Жұмабаевтың «Педагогикасындағы» басты тақырып – «бәрінен бұрын, адам мен адамзаттың мүдделері». Бұл оқу құралын қазақ ұлттық педагогикасын құрудың алғашқы тәжірибесі деп айтуға болады. М.Жұмабаев халықтың ұлттық тәрбиесінің ең басты, негізгі тәрбие екеніне нық сенімді, өйткені «ұлттық тәрбиенің ежелден қалыптасқан, ең ерте замандардан бастап-ақ көпжылдық іс-тәжірибелерде сыналған тәсілдері мен жолдары бар» [12; 18]. Сондықтан әрбір мұғалім, әрбір тәрбиеші ұлттық тәрбиенің педагогикалық негіздерін білуге тиіс. Сонымен бірге М.Жұмабаев халықтық тәрбиені даралаудан сақтандырады, өйткені «...ұлттық тәрбиенің жақсы жағы көп, бірақ жаман жағы да баршылық. Кез келген ұлттық тәрбиеде ұшырасатын зиянды әдеттерден қазақ ұлты да ада емес...» [12; 19]. Бірақ соған байланысты ол қазақ халқының педагогикасын әлемдік педагогикалық ойдан, жалпыадамзаттық ойдан, жалпыадамзаттық өнеге мен мәдениеттен оқшауламайды. Өзінің ой-толғауларында ол өткен уақыттардың тамаша педагог ғалымдарының еңбектеріне сүйенеді.

М.Жұмабаевтың авторлық ұсыныстары, педагогикалық қорытындылары мен кеңестері қазақ халқының поэзиясымен, салт-ғұрыптарымен және ең жақсы дәстүрлерімен табиғи астасып жатыр.

Зерттеудің тағы бір ерекшелігі – онда психология педагогикаға оның бөлінбес бөлшегі, тұлғаның рухани өмірінің қалыптасуына септігі тиетін бөлігі ретінде енген.

Автор еңбегінде тәрбиенің бағыттарын жіктей отырып, оның дене тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық және рухани тәрбие деген түрлерін ажыратады. Бұл көрсетілген бағыттардың үзілместей байланысын көрсетуге ұмтыла отырып: «Егер адам баласы тәрбиенің осы төрт түрін толық алса, оны тәрбиелі адам деп санауға болады. Егер ол шыныққан, күшті және өмірде кездесетін: ыстық, суық, аштық, кедейлік сияқты құбылыстардан қорықпайтын, ойлауға, дұрыс жол табуға қабілетті болып өссе, егер ол көркем сөзді, сиқырлы әуенді қабылдай алатын, көрген ғажайыптарынан ләззат алатын, жақсыны ғана қалайтын, мораль тұрғысынан кіршіксіз таза болып өссе, онда біз толық тәрбие алған нағыз адам туралы айта аламыз», – деп жазады [12; 14].

Кітаптың кіріспесінде М.Жұмабаев педагогикаға жақын ғылымдарды атап көрсетеді. Дене тәрбиесімен айналысу үшін, ғалымның пікірінше, анатомия, физиология, гигиена, жаттығулар іспетті салаларды біліп, меңгеру қажет. Рухани тәрбие үшін ол: психология, логика, этика салаларын көрсетеді. М.Жұмабаев педагогиканы ғылым ретінде бес құрамдас бөлікке: жалпы педагогика, дидактика, әдістеме, мектепті басқару, педагогика тарихы деп ажыратады.

Оның еңбегінде «Жалпы педагогика» тарауы ғана баяндалса, екінші бөлігі рухани тәрбиеге арналған. Кітаптың кіріспесінде М.Жұмабаев: «Жан – адам бойындағы ең қымбат, ең жұмбақ нәрсе. Ал рухани тәрбиемен айналысу үшін, жанның қасиеттері жайында білім беретін ғылымды өте жақсы оқып, меңгеру қажет», – дейді [12; 40].

«Педагогиканың» негізін халық педагогикасының әсері арқылы қаралған жалпыадамзаттық құндылықтар құрайды.

Оқулықтың алғашқы беттерінен-ақ баланы бесікте жатқан кезден тәрбиелеу жайында айта келіп, М.Жұмабаев халық педагогикасының дәстүрлеріне («Баланы – жастан») сүйенеді. Соған байланысты Мағжан: «Бала – талдың бұтағы. Оны қалай исең, солай өседі. Бірақ оның діңін түземек болсаң, ағашты сындырып аласың», – дейді.

Кітапта баланың адамгершілік тәрбиесінің заңдылықтары, ұстанымдары мен мақсаты, мазмұны, жолдары, түрлері мен тәсілдері ашыла көрсетілген. «Тәні саудың жаны сау» деген мәтелге сүйене отырып, автор қазақтың киіз үйі, ұлттық азық-түлік түрлері (қазы, қымыз,

кұрт, сорпа), тұрмыстық салттар мен дәстүрлері (баланы бесікке бөлеу, емізу, атқа мінгізу және басқалары) жайында баяндайды.

М.Жұмабаев, шынайы ағартушы ретінде, жер шары халықтары ынтымақтастығының адамгершілік ұстанымдарын жариялайды, адамның өз халқын ғана сүйіп, басқа халықтарды жек көре алмайтынын айтады. Адамгершілікке: жаны ашу, аяу, сүю сияқты қасиеттер жатуға тиіс. Педагог басқаның қайғысын сезу қабілеті адамның табиғатына тән екеніне сендіреді. Суға батып бара жатқан адамды құтқаруға ұмтылғанда, ешкім де сол ісі үшін марапат алуды ойламас-тан суға секіреді. Адам өмірінде қиындықтар мен ауыртпалықтарды қаншалықты көп көрсе, ол басқалардың ауыртпалығын да соншалықты жақын сезінеді.

Сөйтіп, баланың адамгершілік тәрбиесін бағалаудың басты өлшемі деп М.Жұмабаев жер бетіндегі барлық адамдарға бауырластық сүйіспеншілік сезімін атайды. Адамзаттың осы адамгершілік қасиетін жоғалту және ұмыту қорқынышты салдарларға: ұлттық өшпенділікке, озбырлыққа, ыза-кекке әкеліп соқтырады.

Адамгершілікке тәрбиелеудің мақсаты, М.Жұмабаевтың пікірінше, баланың бойында адамгершілік бағдарлық ойлау қабілетін, адамгершілік мінез-құлық пен іс-әрекеттер қалыптастыру болуға тиіс. «Бала, – деп жазады педагог, – жаман қылықты адамгершілік таңдау жасай алмағаннан, әрекетінің салдарын алдын ала көре білмегеннен істейді, өйткені ол міндеттердің шешімі одан белгілі бір күш-жігер жұмсауды, адамгершілік ұстанымдар мен моральдық қасиеттердің болуын талап етеді» [12; 77]. М.Жұмабаевтың пайымдауынша, адамның бойында өз бетінше дамуға, жетілуге ұмтылу, бойында нық адамгершілік ұстанымдарын, сенімдерін қалыптастыруды, өзінің адамгершілік мұратын табуды, өзінің наным-сенімдері жолында күресу үшін қажетті ерік-жігері мен мінез-құлқын дамытуды қалау сезімін туғызу өте маңызды.

Ол үшін мұғалімнің, тәрбиешінің жеке тұлғаны дамытудың, қалыптастырудың психологиялық негіздерін, қоршаған әлемді қабылдау, қырағылықты, есте сақтау қабілетін дамыту ұстанымдары мен заңдарын білуі өте қажет. Бұл, ғалымның сенімі бойынша, баланың білім қорын толықтырып, оған белгілі бір әдеттерді, мінез-құлық нормаларын сіңіру үшін ғана емес, бәрінен бұрын, баланың бойында ойлауға, қорытынды жасауға ұмтылу қабілетін қалыптастыру үшін маңызды. Бала өздігінен өмірде болып жататын барлық қалыптасуларды өз басынан өткізіп немесе басқалардың мыса-

лында көре алмайды, ал болашақ өмірінде оны күтпеген оқиғалар күтіп тұруы мүмкін. Міне, сондықтан тәрбиеші баламен бірге кез келген орын алған жағдайды адамгершілік тұрғысынан бағалап, баланы жалғыз дұрыс шешім қабылдауға үйретуге тиіс. Сонда бала салыстырып, талдау жасауды үйренеді, әрі оның бойында адамгершілікке қатысты өзіндік түбегейлі сенім мен пікірлер қалыптасады және ол өз өмірінде шындық пен өтірікті, ізгілік пен жамандықты, ақ пен қараны ажырата алатын болады.

Баланың ерік-жігерін қалай тәрбиелеуге болады? Бұл жерде тәрбиешінің міндеті баланы істейтін ісінің нәтиже-салдарын көре білуге үйретуден көрінеді. Соған қатысты Мағжан: «Тиянақты екшеп-өлшеп, ой таразысына салып қана бала ойлағанына жете алады. Бірақ егер бала талқылап алып, «иә» не «жоқ» дегенді салмақтап өлшеп барып, өзінің бастапқы қалау-ниеттерінен бас тартса, бұл ол үшін үлкен жеңіс болмақ, ал қалағандарын мүмкіндіктерімен салыстыра бағалай білуі оның ересек өмірінде пайдаға асады», – дейді.

М.Жұмабаев баланың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша да белгілі бір ұсыныстар айтады: бала әлдебір істі ересектердің көмегінсіз-ақ өзі істей алса, оған қамқорлық таныта берудің еш қажеті жоқ. Баланы тәртіпке үйретудің маңызы зор, ал бұны артық тежеусіз және жекірусіз істеу керек. Балаға әлдебір істі тапсырған кезде, оған атқаратын істі асықпай, егжей-тегжейлі, ақырын, сабырмен, бұйырып сөйлемей түсіндіру қажет, ал баланың іс-әрекеттері санаға жетіп, мақсатқа сай орындалуы үшін, балаға орындайтын жұмысының қандай мақсатқа қажет екенін түсіндірген жөн.

М.Жұмабаев тәрбиемен оқыту ұстанымының дұрыстығын айтады. Оқушыларға қолайлы әсер еткен жағдайда ғана білімдердің бағалы болатынына ол нық сенген. Білімді адам барлық қалау-тілектері мен қажеттіліктерін айналасындағылардың тілектері мен мұқтаждықтарымен салыстыруға тырысады, өзінің ғана емес, өзгелердің де игілігін ойлайды. Мағжан ана тілі мен әдебиетті мектептегі маңызды пәндердің бірі деп санайды. Тілдің көмегімен, педагогтің пікірінше, адам маңызды құпияларын бөлісіп, басқа адамның жанын түсіне алады. «Адам» деген сөздің толық мағынасында ондай атқа тілді, сөйлей білу өнерін меңгерген кісі лайық болады. «Тіл – адам жанының айнасы. Халық өзінің тілінсіз, ұлт ана тілінсіз өмір сүре алмайды... Туған тілі өлген ұлттың өзі де жойылады» [12; 14]. Автор ана тілінің бай да сарқылмас мүмкіндіктерін аша түседі: онда

кең-байтақ қазақ даласы, беймаза көшпенді тірлік, оның халқының бейкам, үркіп-шошымайтын, жайбарақат мінез-құлқы көрінеді...

М.Жұмабаев жас анаға сәбиін дүниеге әкелген кезден бастап, оның ана тіліне, жанына жақын әуендерге бойы үйренуі үшін барлығын да істеуге: бесік жырын айтуға, домбырада ойнауға, әңгіме-жырлар айтып отыруға кеңес береді. Ақын, өзінің бесік жырының, әлбетте, отаншылдық сипаттағы мәтінін мысалға келтіреді: жас ана өз ұлының батыл, ержүрек жігіт болып өскенін көруді армандайды.

М.Жұмабаев халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығын ұлттық бастауларды қалпына келтірудің маңызды көздері деп санап: «Адамгершілікке тәрбиелеу үшін, мүмкіндігінше, әдебиеттен көбірек мысалдар келтіру керек. Жақсылық пен жамандық тақырыбындағы тәрбиелік маңызы жоғары тарихтар мен оқиғалар әлбір халықтың әдебиетінде бар. Ал сол бай қорды пайдалана білу қажет... Баланың қабылдау ерекшелігі оны құрғақ өсиеттермен, ақыл-кеңестермен еліктіріп, қызықтырудың қиындығында жатыр... Балаларға өтірік айтуға, қулық жасауға қалағаныңша тыйым сала аласың, бірақ оған өтірікшінің жазаланатыны жайында ертегі айтып берсең, оның балаға әсері кез келген өсиеттен анағұрлым артық болып шығады» [12; 115].

Мағжанның пікірінше, тұлғаның моральдық бейнесін қалыптастыру үшін, оның бойында сұлулықты танып-білу сезімін тәрбиелеу маңызды. Тәрбиеші баланың табиғатқа, өнерге деген сүйіспеншілігін оятуға тиіс, өйткені олар адамгершілік тәрбиенің өте елеулі құралдары болып саналады: «Табиғат пен өнердегі әсемдік адамның бойында сұлулыққа тәнті болу сезімін дамытады. Әдемі гүлдер, ну орман, бұлақтың сылдыры, алаңсыз теңіз, гүлдер мен шөп басқан дала, шыңдарында бұлт үйірілген таулар, күннің алтын сәулелері, әсем ай, жұлдыздар жымыңдасқан түн, ал табиғаттың барша осы сұлулығына өнердің тамаша туындылары: жаныңды тербейтін ән, елітіп әкететін сөздер, көркем сурет, сәулет, айқышты кескін-мүсіндер қосылса, адамды толқытпай, оның жаны-дүниесінде асқақ, биік сезімдерді туғызбай қоймайды» [12; 69].

«Педагогиканың» авторы баланың назарын табиғаттың сұлулығына аударумен, өнер туындыларына тамсандырумен шектелмей, оның көркем шығармашылыққа деген қабілетін де дамытудың маңызды екенін айтады: бала, одан өзге, музыка тыңдап, табиғаттағы ғажайыптарды көруге, сурет салуға, қандай да бір музыкалық аспапта ойнауға, ән салып үйренуге тиіс.

М.Жұмабаев бала тәрбиесінде Я.А.Коменскийдің педагогикалық жүйесінде аса маңызды саналатын, яғни табиғатқа ұқсауға ұмтылу ұстанымын бөліседі. Ол баланы табиғатына сай ұстап, баптауды қажет ететін жас бұтаққа ұқсатады. Бала – табиғаттың бір бөлшегі. Сондықтан балаға табиғат көрсетіп тұрған нәрсені істеуіне тыйым салуға болмайды. Мысалы, оған жүгіруге, секіруге тыйым салынса, бала өтірік айтуға, айла-құлық істеуге үйренеді, өйткені балаға тән табиғи тілектер оны қалай да қалағанына жетуге итермелейді.

Тұлғаның моральдық бейнесін қалыптастыру үшін, Мағжанның сенімі бойынша, діни сенімдерді тәрбиелеудің үлкен маңызы бар. Оның ойынша, дін адамды қайырымдылыққа, ізгілікке, кемтарларға аяушылық танытуға, жақын туыстарға мейірімді болуға үйретеді, адамгершілік рухында тазаруға көмектеседі. Жалғыз Жаратушыға деген сенім адамның бойында жамандықтардан, азғырушы эзгілдерден құтылуға ұмтылу сезімін туғызады. Діндар адам үшін жамандық істеу – Алла тағаланың қаһарына ұшырау деген сөз. Осындай сенім-нанымдарда тәрбиеленген адам өмір бойы ізгіліктерге ұмтылып, жаман істерден бойын аулақ салуға тырысады.

Сонымен, Мағжанның ой-пікірі мынаған негізделеді: егер адам о дүниедегі өмірге деген сеніммен өмір сүрсе, өзінің барлық іс-әрекеттерін теңдессіз Жаратушының нені қалайтынымен, нені қаламайтынымен бағалап істейді, сонда бұл сенім адам бойында биік рухани ниеттерді тәрбиелеп, оны адамгершілік тұрғысынан кемелденуге ынталандырады. Бірақ сонымен қатар дінді адамгершіліктің негізі деп санай отырып, М.Жұмабаев жас ұрпақтың адамгершілік тәрбиесінде дінді даралап, ұлықтауға қарсы тұрған. Оның молдаларға көзқарасы теріс болды, олардың пайдакүнемдігі мен екіжүзділігін әшкереледі. Оның ойынша, діндарлықтың дәрежесі әрдайым адамның моральдық бейнесін айқындай бермейді, өйткені адамгершілік қасиеттер адам табиғатының өзінде салынған.

Мағжанның көзқарасы бойынша, адамгершілік тәрбиенің маңызды факторы – ол отбасылық дәстүрлер. Отбасында халық педагогикасы құралдарының пайдаланылуы рухани даналыққа келтіреді, адамға деген сүйіспеншілікті немесе өмірдің жоғарғы заңын бекіте түседі. Егер адамның балалық шағында алған әсерлері көңілді, қуанышты болса, онда ол ашық-жарқын мінезді, көпшіл жанға айналады. Баланың жақсылық пен жамандық жайындағы пікірі үлкендердің мінез-құлқы, іс-әрекеттері бойынша қалыптасады. Егер, Жұмабаевтың айтуынша, әкесі ұрлық істесе, бала ұрлықты жақсы іс деп қабылдап,

ол да ұрлық жасайтын болады. Қызба, ашуланшақ ата-аналардың балалары да күйгелек, әрі есіріп, долдану қылықтарына бейім болып өседі. Бала отбасында көргенін үйренеді. Соған байланысты адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың қажетті шарты деп М.Жұмабаев отбасындағы жайлы ахуалды, оның қолайлы моральдық-психологиялық әсерін айтады, өйткені баланың отбасынан алатын өмір сабағының тәрбиелік күші аз емес. Ондай сабақтарды балаға ең жақын адамдар – әкесі мен анасы береді.

Баланың араласатын достарының да ол үшін маңызы көп. Бала оларға еліктейді, тыңдайды, оларға өзінің құпияларын ашады. Өзінің жақсы да, жаман да қасиеттерін бала солармен араласу барысында көрсетеді. Соған байланысты баланың араласатын ортасына мән беріп, дұрыс қадағалау керек.

Бала тұлғасының адамгершілік рухында қалыптасуына педагог тарапынан болатын әсер де өте маңызды. Сондықтан тәрбиешінің адамгершілік бейнесі де үлкен рөл атқарады. Егер педагогтің өзі ұқыпсыз, бейқам, тиісті міндетін салдыр-салақ орындаса, онда оқушы да ұқыпсыздыққа үйренеді. М.Жұмабаев баланың бойына оң қасиеттер сіңіруге, оның ерік-жігерін, мінез-құлқын, әсемдікке, жалпыадамзаттық мұрат-мақсаттарға ұмтылысын шыңдап, қалыптастыруға тиіс тәрбиешіге, педагог маманға елеулі талаптар қояды. Ол үшін бала мен тәрбиеші арасында өте жақын қарым-қатынас, сыйластық орнауы керек. Олардың арасында сенімсіздік болмауға тиіс. Тәрбиеші өзінің сөздері мен істерінде ттиянақты болуы керек, өйткені егер бүгін адамгершілікке жатпайтын деп саналатын іс ертең жақсы деп аталуы мүмкін, ал сол кезде баланың тәрбиешінің сөзіне сенімсіздігі туады. Бала тәрбиешіні өзінің жетістіктеріне қуанатын, жеңілістеріне мұңаятын, ең бір құпия сырларын бөлісетін дос деп тануға тиіс. Ал егер бала ұстазын дәл сондай адам деп тапса, онда ол ешқашан одан ештеңе жасырмайтын болады, яғни өтірік, қулық, айлакерлік оның жанынан орын таппайды.

Тәрбиенің әдістері жайында айтқанда, Мағжан баланы ұрып-соғып жазалауға, тұлғаны қорлауға үзілді-кесілді қарсы тұрады. Балаға жалмауыз кемпір, мыстан, шайтан, адам жегіштер, Кащей жайында әңгімелеп, оны қорқытпау керек. Ондай бала батыл, ержүрек болып өспейді. М.Жұмабаев бала тәрбиешіге сөзсіз құлақ асуға, көзсіз сенуге тиіс дейтін өктем тәрбиеге қарсы болды. «Педагогика» авторының ойынша, бала тәрбиешінің озбырлығына емес, қажеттілікке, тиісті нәрселердің күшіне бағынуға тиіс. Әлдебір істі тапсырған кезде, балаға

оның не үшін қажет екенін түсіндіру керек. Егер бала өз еңбегінің түпкілікті мақсатын білсе, ол, қайткенде де, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тырысады. Өзінің бұйрықтарын сөзсіз бұлжытпай орындауды талап ететін тәрбиеші – нашар тәрбиеші.

М.Жұмабаев педагог тарапынан өне бойы камқорлық көрсетудің де зиянды екенін айтады. Оқушының қайсыбір істі басқалардың көмегіңсіз орындай алмайтынына көзі жеткенде ғана, тәрбиеші оған көмекке келе алады. Тұрақты бақылау және үлкеннің айтқанын орындауды талап ету, әлбетте, баланың бойында қорқыныш сезімін туғызып, оны қорқақ, тұйық және ынжық жанға айналдырады. Бірақ бала басына келгеннің бәрін істеп, ешқандай шектеу көрмесе, онда біз кейін есерсоқ өзімшіл, еркетотай, ешкіммен санаспайтын әпербақан адамды көретін боламыз.

Бір жағынан, бала еркіндікті сезінуге тиіс, екінші жағынан, бұл еркіндік міндеттілікке, жауапкершілікке және өзара сынға тәрбиелейтін тәртіпке бағынуға тиіс.

Тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынастарда сыйластық пен құрмет орын алуға тиіс. Адамгершілікке негізделген педагогика ұстанымдарын қолдай отырып, М.Жұмабаев, бәрінен бұрын, әр адамның бойында ізгі бастаулардың бар екеніне сүйене отырып, тұлғаның адамгершілік бейнесін игі істермен қалыптастыруға болатынын айтады.

Сонымен қатар Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасында» халықтың тәрбие, бәрінен бұрын, адамгершілікке тәрбиелеу туралы нақыл сөздері, мақалдары мен мәтелдері, мысалы: «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Ұрлық түбі – қорлық», «Надан адам – тірі өлік», «Жаксы әдет – игі істердің көзі» және басқалары мол берілген. Қазақтың халық ертегілерінен, эпосынан, әдеби шығармаларынан және тіпті Құраннан да үзінділерді М.Жұмабаев кең пайдаланған.

Сонымен, М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты оқулығында адамгершілік тәрбиенің бастаулары, тұлғаның моральдық бетбейнесін қалыптастырудың мазмұны, ұстанымдары, мақсаттары мен міндеттері, жолдары, әдістері мен құралдары ашыла көрсетіліп, баяндалған.

Этнопедагогика және этнопсихология – балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің бастаулары. М.Жұмабаев, алдында айтқанымыздай, адамның рухани-адамгершілік тұрғысынан қалыптасуының негізі ретінде дінге, қасиетті Құранға да жүгінген.

М.Жұмабаев «Педагогикасының» құндылығы, біздің көзқарасымыз бойынша, онда адамгершілік тәрбие теориясының психологиялық негіздерінің ашыла түскенінен көрінеді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің мақсатын М.Жұмабаев баланың бойында адамгершілік-бағдарлық ойлаудың қалыптасуынан көреді.

Ал тәрбиенің міндеттері тұлғаның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға негізделеді.

Баланы адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі факторлары деп М.Жұмабаев отбасындағы тәрбие мен ортаны (достардың ықпалын) айтады.

Ол да, Ж.Аймауытов сияқты, балалардың адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін шешу ісінде төмендегідей заңдылықтарға сүйену керек деп санайды:

- оқыту мен тәрбие берудің бірлігі;
- тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі;
- тәрбиенің барлық түрлерінің бірлігі;
- тәрбие нәтижесінің тәрбиешінің беделі мен шеберлігіне тәуелділігі.

Оқушыларды адамгершілік рухында тәрбиелеудің жетекші ұстанымдары, ғалымның пікірінше, ол барлықтарының мазмұнын мәдени-тарихи көзқарас тұрғысынан қарайтын: адамгершілік, демократизм, интернационализм, патриотизм сезімдері болуға тиіс.

Адамгершілік тәрбиенің мазмұнын – жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарын М.Жұмабаев халық педагогикасының әсері тұрғысынан қарайды.

Мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің әдістері арасынан ол үлгі көрсету әдісін ғана емес, сонымен қатар жазалау, сендіру әдістерін, әңгімелесуді де баса көрсетеді. Ғалым баланы ұрып-соғып жазалауға мүлдем қарсы болған. Әңгімелесу әдісінің негізінде, оның әділетті пікірі бойынша, жағдайды адамгершілік тұрғысынан талдап, бағалау жатуға тиіс.

М.Жұмабаев оқушылардың адамгершілік тәрбиесінің: ана тілі мен әдебиет, халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығының туындылары, ұлттық салт-ғұрыптар мен дәстүрлер іспетті құралдарын айқындайды.

Адамгершілік тәрбиенің жолын М.Жұмабаев адамгершілік ағартудан, адамгершілік сана қалыптастырудан, адамгершілік сезімдерден көреді. Олардың құрамына ғалым діни сезімдерді, сұлулықты сезінуді, адамгершілік наным-сенімдерді қалыптастыруды

қосады, өйткені олар жетіліп, дамыған ерік пен мінез-құлықтың нәтижесінде іс-әрекеттерде, қызметте жүзеге асады.

Қазақстанның танымал тұлғалары: М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, М.Ғабдуллин және жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесіне көп көңіл бөлген басқа танымал тұлғалардың шығармашылығы мен қызметіне де жүгінгеніміз жөн.

3-ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕЛГІЛІ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЖАСТАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДА

3.1. Мұқтар Әуезов оқушылардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі мәселелері туралы

Мұқтар Әуезов шын мәнінде ғалым-педагог атанған. Ол өзінің артында педагогика бойынша арнайы ғылыми еңбектер қалдырмағанмен, оның білім беру мәселелеріне қатысты көзқарастары мен пікірлері осы тақырыпқа арналған жарияланымдарда балалардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыру, еңбекке, эстетикаға, сонымен қатар адамгершілікке тәрбиелеу туралы көптеген құнды ойлары жарық көрген.

М.Әуезовтің шығармашылық мұрасына жасалған талдау негізінде: жазушының өз еңбектерінде адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын ашып көрсеткені, сондай тәрбиенің құрамдас бөліктеріне; адамның моральдық бейнесіне ықпал ететін факторларға; адамгершілік тәрбиенің мақсаттары мен міндеттеріне, жолдарына жан-жақты сипаттама бергені; тұлғаның рухани, моральдық бейнесін қалыптастыру тәсілдеріне ерекше назар аударғаны туралы қорытынды жасауымызға мүмкіндік туды.

Жас кезінен-ақ М.Әуезов адамгершілік пен интернационализм идеясын уағыздай бастаған. Өзінің педагогика тақырыбына арнаған мақалаларында ол қазақ жастарының санасын адам меңгере алатын, «шындықты танып-біліп, рухани көтерілуге» мүмкіндік беретін білімдердің барша байлығын игерте отырып қалыптастырудың қажеттігі жайында жазған-ды. «Егер қазіргі заманның әрбір адамы ғылымды, қоршаған ортаны танып-білсе, онда әлдеқашан адамгершілік, адалдық және ізгілік салтанат құрып, бұны жүрегімен ұғынған адамдар анағұрлым көп болар еді». М.Әуезов ғылым мен білімдерді дамытудағы барлық жетістіктердің «адамгершілікті жетілдіруге қызмет етіп және адамдарды жамандықтан, пайдакүнемдіктен, ашкөздіктен арылтып, оларды махаббат пен бауырластық туы астына біріктіруге тиіс» болатынына шынайы сенім артқан [9; 331].

М.Әуезов өзінің шығармаларында жас ұрпақтың бойында отаншылдық сезімін қалыптастыруға үлкен көңіл бөліп, оны интернационализммен диалектикалық бірлікте түсіндірген, өйткені шынайы отаншылдық еңбекшілердің интернационалдық міндеттерінен

ажырамақ емес. Жазушының пікірінше, «адамның бойындағы отаншылдық сезім Отанға шексіз берілген сүйіспеншіліктен, халқын мақтаныш тұтудан көрінеді».

М.Әуезов адам бойындағы отаншылдықтың: жолдастық, бауырластық, достық, басқа халықтарға құрмет іспетті сезімдермен бірге дамитуына, осының бәрі жиынтығында адамгершіліктің негізін құрайтынына сенген. Отаншылдық – ол терең ойлап түсіну, барлық адамдардың, Отанның игілігі жолында, жас ұрпақ үшін, әке мен ана болу үшін, жастық пен қадір-қасиет үшін еңбек ету деген сөз.

М.Әуезовтің пікірінше, шынайы отаншылдық сезім бұқара еңбекшілердің құқықтары жүзеге асып, жалпыға бірдей демократия салтанат құрған кезде қалыптасады. «Зорлық-зомбылық пен қанаушы озбырлық, жүгенсіздік пен қорғансыздық, әлеуметтік және рухани шектелушілік жайлаған жерде отаншылдық сезім тууы мүмкін емес» [9; 330].

«Отан, – деп жазды М.Әуезов, – ол сен туып-өскен ауыл, оқып, білім алған қала».

М.Әуезов бойынша, отаншылдыққа интернационализм тән, өйткені ол барлық халықтардың тілі мен мәдениетіне, дәстүрлері мен салттарына, сонымен қатар кез келген ұлттың өзіне тән ұлттық ерекшеліктеріне деген құрметті білдіреді. Отаншылдыққа тәрбиелей отырып, біз интернационалистік санаға да тәрбиелейміз, өйткені отаншылдықта әлдебір тарлық, жергілікті шектелушілік жоқ, есесіне жалпыхалықтық мақсаттарға ұмтылу, бүкіл ел үшін, халықтың тағдыры үшін жауапкершілік сезіну бар.

М.Әуезов еңбектерінде Қазақстанда тұратын байырғы емес ұлттардың педагогика саласындағы зиялы адамдарына да қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, тілін білу, оның салт-дәстүрлерін құрметтеу қажеттігі туралы талаптар қояды. Жазушы бұны Қазақстанда өмір сүріп жатқан халықтардың достығын нығайтудың аса маңызды шарттарының бірі деп қарайды. Халықтардың бір-бірлерінің рухани құндылықтарын біліп, құрметпен қарауына құрылған өзара сыйластық, оның көрсетуінше, жалған жақындықты емес, шынайы жақындасуды қамтамасыз етуге көмектеседі.

Өзінің алғашқы жарияланымдарында-ақ, «Қазақтардың мінез-құлқының өзгешелігі», «Әйел – адамгершіліктің негізі», «Қазақтар арасына партия қайдан келді?» атты мақалаларында М.Әуезов қазақтар ортасындағы: «бытыраңқылық, бақталастық, паракорлық, партияға бөлінушілік, әділетсіз билік, әйелдерді кемсіту» сияқты әртүрлі

кемшіліктерді сынап, осындай кемістіктерден құтылу тәсілдерін іздестіреді, адамзатты солармен күресуге үндейді.

Көптеген жарияланымдарының арасында жазушының «Абай» журналында жарық көрген «Ғылым» атты мақаласы (одан үзінділер келтіргенбіз) ерекше назар аударуға тұрарлық. Онда М.Әуезов қоғамдық өмірдің әлеуметтік, саяси, рухани үдерістеріне егжей-тегжейлі тоқталған.

М.Әуезов мақаласында мінез-құлықты қалыптастыру, адамдықтың, тазалықтың, адалдықтың, араздық пен арсыздықтың, жақсылық пен жамандықтың бастауларына қатысты сұрақтарға жауап беруге тырысады. Адамның жаман мінезі оның табиғатынан емес, оның өскен ортасынан, өзі куәгер болған үлгілерден қалыптасатыны және мінезді жас кезде ғана түзетуге болатыны туралы қорытындыға келеді. Шынайы адамгершілікті болу үшін, көп ойлану керек. Ойлау үшін оқып, білім алу қажет, тәрбиелей отырып, балаға жан-жақты білім беріп, шындыққа көзін ашып, жақсылыққа баулу маңызды.

Сөйтіп, тұлғаның қалыптасуының, оның ішінде адамгершілік рухта қалыптасуының жетекші факторларына, М.Әуезовтің пікірі бойынша, орта мен тәрбие жатады. Сондықтан тәрбиешіге елеулі талаптар қойылады, бәрінен бұрын, ол шығармашыл, ойшыл адам болуға тиіс.

Адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұнына М.Әуезов, адамгершілік, отаншылдық және интернационалдық қасиеттерден өзге, адамның бойында жауапкершілік, мейірімділік және еңбекке шығармашылық көзқараспен қарау секілді қасиеттерді қосады, өйткені бұдан ол адамгершілік тәрбиенің мақсатын да көреді, яғни жазушының ойынша, адамгершілік тұрғысынан ағарған адам болу жеткіліксіз, сондықтан адамның моральдық көзқарастары міндетті түрде адамгершілік мінез-құлық пен қызметте, іс-әрекеттерде, шығармашылық қоғамдық еңбекте жүзеге асуға тиіс. Ал қоғамдық еңбекте адам өзінің бірегейлігін жоғалтпастан дамып, қалыптасады, бірақ бұған ол қоғамдық тәрбие мен білім арқылы дайын болуға тиіс.

М.Әуезов адамның дамуы мектепте ғана жүзеге аспайтынына, сонымен қатар елеулі дәрежеде қоршаған ортаға да, қоғамдық құрылыс пен еңбекке де байланысты болатынына назар аударған. Баланы тәрбиелей отырып, мектепте іске асатын педагогикалық үдеріске оң ықпалын тигізетін немесе оны тежей алатын барлық құбылыстарды ескермеуге болмайды.

Жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің аса маңызды құрал-тәсілдері қатарында М.Әуезов, ең алдымен, ана тілі мен әдебиетін, халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығын атайды.

«Ана тілдеріңді, әдебиеттеріңді сүйіңдер!» атты мақаласында М.Әуезов: «Біздің заманымызда өзінің ана тілін, әдебиетін сыйламайтын, бағаламайтын адам сауатты, мәдениетті адам болып санала алмайды, өйткені ондай жан өзінің барлық моральдық және рухани қасиеттерінде біржақты болып қала береді», – дейді [13; 2]. Ары қарай ол мектеп оқушыларына: «Қазақ мектептерінде оқитын балалар өздеріне қандай мамандық таңдап алса да, бәрінен бұрын, өздерінің ана тілі мен туған әдебиетін сүйуге, құрметтеуге тиіс. Бұл махаббатты олар мектепті бітіріп, жоғары оқу орындарында оқыған немесе өндірісте жұмыс істеген кезде де сақтауға тиіс», – дегенді айтады. Бірақ туған тілге деген сүйіспеншілік орыс тілі мен әдебиетін білуге ұмтылуды жокқа шығармайды. Себебі, М.Әуезовтің пікірінше, орыс тілі мен орыс әдебиетін білудің де адамның рухани дүниесі мен моральдық бейнесінің қалыптасуы үшін үлкен маңызы бар: «Өзіңнің ана тілің мен әдебиетіңді шексіз сүйе отырып, терең тәлімдік және тәрбиелік маңызы бар орыс тілі мен орыс әдебиетін де сүйу керек. Егер сен орыс тілін балалық шағыңда жеткілікті біліп үлгірмесең, оны мектепте, кітаптар бойынша үйрен. Орыс тілі сенің екінші ана тіліңе айналған сәттен бастап, әлемді жан-жақты танып-білу, ғылым мен табиғат сырларына терең ену мүмкіндіктеріңнің шексіз кеңейетінін есінде ұста» [13; 2].

«Әр жылдардың ойлары» мақаласында адамның адамгершілік рухында қалыптасуына өнердің, көркем әдебиеттің орасан зор ықпалы туралы М.Әуезов: «Өнердің біздің ішкі әлемімізге, психикамыздың қалыптасуына, тұлғаның тәрбиесіне әсері туралы... Иә, біз осы ең басты мәселе жайында қалай ұмыттық! – деп толғанады. – Біз Гомердің өз заманындағы адамдардың дүниетанымы мен әлемді сезінуінің өзіндік ерекшеліктерін көрсеткені туралы жиі айтамыз да, жазамыз да. Бірақ бүгінгі таңда бізді соған қызығушылық, нақтырақ айтқанда, еліктеушілік қана тарта ма? Әлде бұл «таза» эстетикалық ләззат па? Әлде «ескі әндерді» тыңдай отырып, біз олардан жаңаша леп іздеп, бүгін де де қажетті әлдене аламыз ба? Әрине, бұл солай. Гомер бүгін де біздің замандасымыздың ойын, сезімін, жанын тәрбиелеп жатыр» [9; 112].

Шығармашылық мұрасында М.Әуезов көптеген ғалымдардың, ақындар мен жазушылардың, оның ішінде Шоқан мен Ыбырайдың,

Абайдың классикалық еңбектері мен өмір жолдарының тәрбиелік маңызын анықтап, ашып береді. Халық мұғалімі С.Көбеевке, өнер шеберлері К.Байсейітова мен Қ.Қуанышбаевқа, ақын Ө.Тәжібаевқа және көптеген басқаларына арнаған пікірлері мен жазған сөздерінде ғалым рухани-моральдық бейненің жастарға үлгі болуға тиістігін атап көрсетеді. М.Әуезов Ш.Руставели, А.С.Пушкин, М.Горький, А.П.Чехов, Ф.М.Достоевский, Т.Г.Шевченко сынды және басқа да жазушылардың өмірлерінен үлгі боларлық үзінділерді асқан ептілікпен және тапқырлықпен көрсетіп берді.

М.Әуезов: «Бүгінгі таңда поэзияның, өнердің енді керегі жоқ, ғылым нәтижелірек және «қазіргі заманға сай» тәсілмен тәрбиелейді, ал біздің рухани дүниеміз «ескірген» корекке зәру емес деп ойлау, әлбетте, аңғалдық болар еді.

Бұл жолда үйлесімді жетіліп, дамыған адам тұлғасы емес, роботтар күтіп тұр», – деген қорытындыға келеді [13; 13].

Ал «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде жазушы жастардың адамгершілік тәрбиесінде халықтың ауыз әдебиетінің, мәселен, жас ұрпақты көкейтесті армандарына шақыратын, жамандықты – ізгілікке, жалқаулықты еңбекқорлыққа бағындыруға үйрететін тұрмыстық ертегілердің үлкен мүмкіндіктері жайында айтады.

М.Әуезов ертегі, аңыздардың тәрбиелік маңызын, бәрінен бұрын, оларда және, бастысы, іс-әрекеттерде тарихи тұлғалардың моральдық бейнесі терең де жан-жақты бейнеленгенін көреді. Ертегілер әркімнің білім деңгейін, тапқырлығын, батылдығын, ержүректігін, адалдығын, мейірімділігін, сыртқы да, ішкі де сұлулығын тәрбиелеп, сол арқылы тұлғаның моральдық бейнесінің жетілуіне елеулі ықпал етеді.

Жазушы батырлық және лирикалық поэмаларды оқып, саралауға көп мағына береді, өйткені оларда да адамның батырлығы, шыншылдығы, сөзге беріктігі, ар-ұжданы мен қадір-қасиеті жырланады.

Жұмбақтар мен мақал-мәтелдерді де М.Әуезов балалардың адамгершілік тәрбиесі үшін маңызды бастаулар деп санайды.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты, М.Әуезов балалардың оқуы үшін көркем әдебиеттің ең жақсы, озық үлгілерін тандаудың маңыздылығын, ертегілерді, эпостарды, тарихи хикаяларды жариялаудың қажеттігін, өсіп келе жатқан жас ұрпақ үшін Абайға, Ыбырай мен Шоқанға, Амангелдіге, Мәншүк пен Әлияға, Төлегенге және қазақ жерінің басқа да әйгілі ұлдары мен қыздарына арналған

повестер мен поэмаларды жарыққа шығарудың қажеттігін айтады. Ұлы адамдар туралы кітаптар, М.Әуезовтің пікірінше, шын мәнінде, жастардың бойларында адамгершілік, адалдық, ұлттық сана-сезім қасиеттерін тәрбиелеудің алғашқы да маңызды құралдары емес пе.

Сондықтан «Жаңа ауыл», «Жас жеткіншек» атты кітаптарына жазушы адамгершілік-тәрбиелік мазмұны айқын көрінетін, жастардың бойларында отаншылдық, интернационалдық, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына септігін тигізетін шығармаларын енгізген.

Қазақ әдебиеті бойынша оқу бағдарламалары авторларының бірі бола отырып, М.Әуезов мұғалімдерге әдебиетті оқыту барысында адамгершілік тәрбие міндеттерін тиімді шешу үшін қажетті, елеулі кеңестер мен ұсыныстар береді:

- жазушылардың шығармашылығын тарих пен әдебиеттің тар саласында, дүниеден алшақ оқып-білуге болмайды, керісінше, оны әдебиетті сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің барлық түрлерімен байланыстыра отырып зерттеу қажет;
- әдебиет қоғамтануға ойысып кетпеуге, оның шылауына айналмауға тиіс;
- жалпылама, қарадүрсін, шашыраңқы қорытындылар жасап, оларды ғылыми деп көрсетуден немесе тым үзілді-кесілді қорытындылар жасаудан сақ болу керек.

М.Әуезов педагог мамандарға мектептегі адамгершілік тәрбие үдерісін ұйымдастырушы және басқарушы ретінде елеулі талаптар қояды.

М.Әуезовтің пікірі бойынша, мұғалім өз заманының талаптарын жақсы білетін адам, білімсіздікке, надандыққа, мәдениетсіздікке қарсы күрескер, асқақ мұраттарға ие тұлға болуға тиіс. Оған: идеялық кемелдік, саяси сауаттылық, тазалық, ұстамдылық, мәдениеттілік, ғылымның әр саласынан хабардарлық, бала психологиясын терең білу, педагогика техникасын жетік меңгеру, сондай-ақ болашаққа сеніммен қараушылық сияқты қасиеттер тән болуға тиіс.

М.Әуезовтің ойынша, мұғалім өзінің барлық әлеуетті мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға тиіс. Сондықтан мұғалімге өзін-өзі танып-білу деңгейіне жету үшін, оның өз бойында сабырлылық, күшті ерік, төзімділік, еңбекқорлық, жинақылық, тәртіптілік іспетті қасиеттерді қалыптастыруы қажет.

Мұғалімнің масаттанып, паңданып жүруге қақы жоқ. Қолы жеткен жетістіктеріне масайрап, жайбарақаттыққа салыну сезімі онда

болмауға тиіс. Ол «қашанда өзіне оншалықты риза емес» сезімде жүруі керек, өйткені бұндай сезім оны балаларды одан сайын жақсы оқытып, тәрбиелеуге ұмтылдырады.

Одан өзге, мұғалім өзі оқытатын пәнді тамаша меңгеруге, оны оқытудың мақсаттары мен міндеттерін, материалды түсіндірудің түрі мен әдістемесін, пәннің тәрбиелік қырының қашан жемісті болатынын жақсы білуге; өзінің педагогикалық шеберлігін ұдайы жетілдіріп отыруға; оқыту-тәрбиелеу үдерісіндегі педагогикалық және психологиялық әдістерді меңгеруге; өзінің мамандығын да, балаларды да сүюге, оқушылары үшін барлық жағынан үлгі болуға тиіс.

М.Әуезов өзінің ғылыми мақалаларында, баспа жарияланымдарында мектептегі табысты жұмыс үшін, оның ішінде адамгершілік тәрбие міндеттерін сәтті шешу үшін, мұғалімнің педагогикалық жұмысқа табиғатынан бейімділігі, терең ақыл-парасаты, ептілігі, сезімталдығы және зеректігі болуға тиістігін айтады... Немқұрайдылық, дөрекілік, менмендік сияқты қасиет теріс әдет-қылықтардың көрінісі ғана емес, сонымен бірге балаларды тәрбиелеу мен оқыту ісіне кедергі, зиян келтіретін үлкен жамандық болып саналады.

Оқыту үдерісінде адамгершілікті қалыптастыру міндеттерін табысты шешу үшін, М.Әуезов төмендегідей өте пайдалы ұсыныстар береді:

- Оқушыларды таным сатыларымен: олар дүние заңдылықтарын танып-біліп, өздерінің істерінде ескеріп, басшылыққа алып қана қоймай, сонымен қатар оларды жан-тәнімен сезініп, бере алатындай етіп жетелеу керек, яғни жетіліп келе жатқан жас ұрпаққа әсер ететін барлық тәрбие құралдары таным ақпаратын берумен шектелмей, бәрінен бұрын, тәрбиелейтіндей болуына ұмтылу қажет.
- Оқыту-тәрбиелеу үдерісінде жастар бейбітшілік үшін күресудің, бүкіл әлемдегі ынтымақтастықтың мәнін түсінуге тиіс.
- Оқыту барысында оқушыларға жалпыадамзаттық мораль мағынасы жайында түсінік беру, этикалық ұғымдармен таныстыру, адамгершілік санаттарын түсінуге үйрету қажет.
- Оқыту үдерісінде өзінің отанын қорғауға, халық үшін еңбек етуге, оның игілігін арттыруға дайын отаншыл азаматтар тәрбиелеу керек.
- Оқыту-тәрбиелеу барысында қазіргі жас ұрпақтың өзі үшін ғана емес, дәл қазіргі сәт үшін ғана емес, сонымен қатар өзінен кейін келетін ұрпақтар үшін өмір сүретінін ұғындыра білу қажет.

- Оқыту-тәрбиелеу үдерісін оқушылар бұл үдеріске белсенді атсалысатындай, кейіннен қоғам алдындағы міндеттерді шешуге қатыса алатындай етіп ұйымдастыру керек.

Сонымен, М.Әуезовтің бай шығармашылық мұрасы және оның барша өмірі мен қызметі жазушының жастарды адамгершілік рухында тәрбиелеу мәселелеріне қаншалықты маңызды мағына бергенін дәлелдейді.

М.Әуезов жастардың адамгершілік тәрбиесі теориясының негізгі құрамдас бөліктерінің мазмұнын аша отырып, бұл үдерістің төмендегідей заңдылықтарына сүйенеді:

- оқыту мен тәрбиелеу үдерісінің бірлігі; тәрбиелеу мен өзін-өзі тәрбиелеудің бірлігі;
- тәрбие тиімділігінің тәрбиеленушілердің белсенділігі дәрежесіне тәуелділігі;
- тәрбие нәтижелерінің тәрбиеленушілердің айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы, араласуы сипатына тәуелділігі;
- тәрбиенің барлық түрлерінің бірлігі;
- тәрбиелеудің әртүрлі құралдары мен әдістерінің бірлігі және өзара байланысы; тәрбиелеу әсерінің тәрбиешілердің беделі мен шеберлігіне тәуелділігі.

Сонымен қатар М.Әуезов мұғалімнің педагогикалық шеберлігін құрайтын: балаларға деген сүйіспеншілік, мамандығын сүйе; ғылымның әр салаларынан хабардар болу, бала психологиясын терең білу; идеялық кемелдік, саяси сауаттылық, тазалық, ұстамдылық, адамдарға мейірімділік, болашаққа сеніммен қарау; педагогика техникасын меңгеру сияқты қасиеттерді ашып көрсетеді.

М.Әуезовтің ойынша, мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесі міндеттерін шешу ісінде келесідей ұстанымдарды басшылыққа алу керек:

- адамгершілік;
- отаншылдық;
- интернационализм;
- мақсатқа жетуге ұмтылу және тәрбиенің жоғары идеялылығы;
- еңбектегі және белсенді қызметтегі тәрбие;
- ұжымдағы тәрбие;
- тәрбиенің өмірмен және іс-тәжірибемен байланысы;
- жүйелілік, сабақтастық, үздіксіздік.

Оған қоса, жазушы отаншылдық, интернационализм ұстанымдарын мәдени-тарихи көзқарас: туған жерге, туған тілге сүйіспеншілік,

өз халқыңның және басқа халықтардың ұлттық ерекшеліктерін, дәстүрлері мен салт-ғұрыптарын құрметтеу тұрғысынан қарайды.

Адамгершілікке тәрбиелеу мақсатын ғалым тұлғаның адамгершілік рухында қалыптасуынан көреді.

Ал адамгершілікке тәрбиелеудің міндеттері жас ұрпақтың Отанына, адамдарға, еңбекке, өзіне де көзқарасынан, қарым-қатынасынан туатын адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруды көздейді.

Тұлғаның адамгершілік рухында қалыптасуының жетекші факторлары қатарында М.Әуезов тәрбие мен ортаны атайды.

Оның құралдарына: ана тілі, әдебиет, өнер, халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығының туындылары жатады.

Адамгершілік сананы қалыптастырудың негізгі әдісі деп мұғалімнің жеке басының үлгісін айтады.

Қорыта келе, М.О.Әуезовтің мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесі үдерісін оңтайландыру бойынша бағалы ұсыныстар әзірлегенін айта аламыз.

3.2. Қаныш Сәтбаев мұрасындағы мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу идеялары

Ғалым, академик, Қазақ КСР-і Ғылым академиясының алғашқы президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – ғалым-энциклопедист, геолог, ағартушы, педагог болған адам. Оның еңбектері көптеген маңызды ғылыми бағыттардың құрылуына жол ашқан.

Қ.Сәтбаевтың ғылыми мұрасы бай, ал қызығушылықтары мен ізденістерінің ауқымы кең болған. Толық емес деректер бойынша, академик Қ.Сәтбаев еңбектері мен мақалаларының библиографиясында 641 жарияланым жинақталған.

Академик Қ.Сәтбаевтың ғылыми мирасының елеулі бөлігін, қосымша деректер бойынша, 500-ден астам жарияланбаған қолжазбалары құрайды. Осындай орасан үлкен материалды жүйелеп, өңдеу және басып шығаруға әзірлеу – таяу болашақта кейінге қалдыруға болмайтын маңызды міндеттердің бірі.

Қ.И.Сәтбаевтың педагогикалық көзқарастары мен ой-пікірлері ғылыми ауқымдылығымен және пайдалы бағыттылығымен ерекшеленеді. Олар халық ағарту ісінің барша жүйесі мен тармақтарының теориялары мен тәжірибелеріне арналған.

Халық ағарту мәселелері мен болашақ мүмкіндіктерін ғалым қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуымен ұштастыра

қарайды. Оның пікірінше, білім беру саласындағы өзгерістер экономикалық-әлеуметтік және мәдениет салаларындағы өзгерістерге сай болуға тиіс.

Біз шын мәнінде Қ.Сәтбаевтың білім мен тәрбие, оның ішінде адамгершілік тәрбие беру саласындағы жоспарлар мен идеялардың іс жүзіне асуы үшін көп еңбек сіңіргенін айта аламыз.

«Мектеп пен уақыт» деп аталатын еңбегінде Қ.Сәтбаев: «...Жалпы алғанда, менің ойымша, білім беру саласындағы өзгерістер қоғамның экономикалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі өзгерістерге сай, сәйкес болуға тиіс. Бұл сәйкестік қаншалықты толық, шынайы болса, үйлесімді дамыған, рухани бай, дене құрылысы жетілген адам тәрбиелеу ісіндегі табыстар да қомақты болмақ», – деп жазған [9; 345]. Балалар ұжымын ұйымдастыру, сабақ жоспарындағы қасаңдық пен таптаурындықты еңсеру, политехникалық кезең пәндерінің өзара және мұғалім мамандар даярлау тәжірибесімен тиімді байланысының, оқытудың, оқушылардың бойларында ғылымға ұмтылу қабілетін тәрбиелеудің қажеттігі және соған байланысты оқулықтар мен оқу құралдарын, оқыту бағдарламаларын жетілдірудің қажеттігі сияқты мәселелердің бірқатарын көтере отырып, Қ.Сәтбаев: «...Коммунистік сана мен коммунистік мінез-құлықтың үйлесімді бірлігіне балаларымыз өздерінің таланттары мен қабілеттерін кең ашып, көрсете алатындай жағдай туғызып қана қол жеткізе аламыз...» – деген әділетті пікірге келеді [9; 346].

Сондықтан «Олардың жолы – жұлдыздарға қарай» атты еңбегінде Қ.Сәтбаев педагог тарапынан барынша назар аударуды және елеулі жұмыс атқаруды сабақ үлгерімі нашар оқушылар ғана емес, сонымен қатар ерекше дарынды оқушылар да, тіпті «орташалар» да қажет етеді. «Мұғалімдерге артта қалған және үлгерімі нашар оқушылар көп әбігершілік пен қиындықтар әкеледі. Ұстаздар олармен жеке-жеке айналысып, әңгімелеседі. Қажет болса, оларға ұжымның күші мен ықпалын жұмсауға тура келеді. Олардың ата-аналары сынып жетекшісіне, мектеп директорына жеке шақырту алады. Қалай болғанда да, осал оқушылар назардан тыс қалмайды. Олар еріксіз бақылауда болады: олардың қылықтары, мінездерінің ерекшеліктері солардың айналасында жүріп жатқан еңсеру, жою күресінде бірте-бірте ашылады.

Ал қалған балалар ше? Үздік және екпінді оқушыларға бәрі дән риза. «Орташалар» жайбарақат көлеңкеде қалады. Олар қоғамдық

тәртіпті бұзбастан, тыныш қана, жұмбақ күйде, құдды, бірнеше белгісізі бар теңдеу сияқты, мектептен шығып кете барады.

Сондықтан білім берудегі жетістік немесе сәтсіздік тәрбие әсерлері үшін негізгі бағалау өлшемі болуға тиіс», – деген әділетті қорытынды жасаған Қ.Сәтбаев бұны: «Осал оқушы, бірақ тамаша жолдас, камкор ұл; жақсы оқушы, бірақ мейірімсіз, табиғатынан менмен, отбасының еркесі және рақымсыз бала. Ал бұның ең қауіптісі – жақсы аттестат, тіпті алтын медаль алған «үздік» оқушы да өмірге бет алады, оның теріс қасиеттері ұстаздар мен ұжымның талқысына түспей де қалады», – деп түсіндіреді [9; 347].

Қ.Сәтбаев елеулі дәрежеде адамды оқуға деген көзқарасы сипаттай-тынын, оқудағы жоғары көрсеткіштер мұғалім жұмысы үшін маңызды екенін теріске шығармайды, бірақ педагогтің өз оқушыларының адамгершілік бейнесі үшін жауапкершілік көтеретінін атап айтады, ал бұл міндет, Қ.Сәтбаевтың пікірі бойынша, күрделірек, қиынырақ, сондықтан оны жауапкершілікпен шешу қажет. Оның себебін: «...Мұғалімдер балалардың ғылыми және нақты білімдер негіздерін қалай меңгергенін жақсы біледі. Сараланған және терең пікір мектепте және оқушылардың мінездерінде қалыптасуға тиіс. Олар коммунистік мораль негіздерін жаттанды нормалар түрінде емес, істерінде басшылыққа алу ретінде меңгерді ме? Егер меңгерсе, қандай шамада? Бұл жерде бағалау жүйесі жоқ (мінез-құлық пен ынта үшін жалпы қойылатын бағалар істің мәнін өзгертпейді), тұрақты бақылау да жоқ, міне, дәл осы себепті, мәселе өзіне білікті, шебер, ұқыпты көзқарасты қажет етеді», – деп түсіндіреді [9; 348].

Қ.Сәтбаевтың пікірі бойынша, педагог мамандар адамгершілікке тәрбиелеудің «мектеп оқушыларының адамдық қасиеттерін түбегейлі және анық білу» іспетті міндеттерін, атап айтқанда, төмендегі міндеттерді шешуге тиіс:

- оқушы шыншыл және әділетті ме;
- ол жаны мен тәніне советтік болмыстың адамгершілігін сіңірген бе;
- ол қиын-қыстау уақытта жолдасына көмекке келуге, онымен қиындықты бөлісуге дайын ба?
- қоғамдық борышты жоғары санасымен түсінетін адам бола ала ма, «өйткені, – деп жазады Қ.Сәтбаев, – мектеп бітіретін оқушылар, бәрінен бұрын, үйлесімді дамыған, шыншыл және Отанына берілген адамның жаңа бейнесін көрсетуге тиіс».

Бұл мақсатқа жету үшін, Қ.Сәтбаев, біздің көзқарасымыз бойынша, алдыңғы қатарлы мектептер қызметінің тәжірибесіне сүйене отырып, шын мәнінде, ұстаздарға өздерінің жұмыстарында тәрбиенің жеке-дара тәсілін ұжымдағы тәрбие және ұжым арқылы тәрбиелеу тәсілімен ұштастыра жүргізуді ұсынады: «Республикамыздың алдыңғы қатарлы мектептерінде балалар ұйымшыл және біріккен, ал бастама шынайы істерде көрінеді, жолдастық сезім, өзара көмек сезімі алға қарай бірге қозғалу үшін керемет ынта туғызады. Осындай мектептерден үлгі алып, бағалы іс-тәжірибесін үйрену қажет».

Сонымен қатар педагог ешқашан болашаққа, адамдарға, өздерінің оқушыларына деген сенімін жоғалтпауға тиіс. Ал бұл – жемісті білім мен тәрбие, оның ішінде мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің маңызды шарты: «... Болашаққа сенім, адамдарға сенім – нағыз ұстаздардың кәсіптік қасиеті. Оларсыз тіпті жұмыс істеу, балаларды білімсіздіктен – білімділікке, балалық қызықтардан азаматтық мұраттарға жетелеу мүмкін емес» [9; 348].

Сонымен, Қ.Сәтбаев өздерінің жұмыстарында оқушылардың адамгершілік тәрбиесінің заңдылықтарын, ұстанымдары мен мазмұнын, мақсаты мен міндеттерін, әдістерін ашып көрсете отырып, оған үлкен мән береді.

Дегенмен Қ.Сәтбаевтың тұлғаның адамгершілік рухында қалыптасуына қатысты көзқарастары сол уақытта «Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексінде» тұжырымдалған, яғни тұлғаны коммунистік мұраттар рухында тәрбиелеудің үстемдік құрған идеологиялық ұстанымын көрсетеді.

Сөйтіп, мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесінің мақсатын Қ.Сәтбаев коммунистік сана мен коммунистік мінез-құлықты, демек, «коммунистік мораль негіздерін жаттанды нормаларды меңгеру ретінде емес, жұмыста басшылыққа алу ретінде» қалыптастырудан көреді.

Ғалым оқушылардың «Отан алдындағы қоғамдық борышты орындау» сияқты қасиетінің қалыптасуына ерекше назар аударады.

Ғалымның мектеп оқушыларының моральдық бет-бейнесін қалыптастыру мәселелеріне қатысты көзқарастарының қоғам өміріндегі маңызы еш күмәнсіз құнды болып саналады.

Қ.Сәтбаев оқыту-тәрбиелеу үдерісін әр оқушы тұлғасын саралау, нашар үлгіретін ғана емес, сонымен бірге үздік оқитын оқушыларға да, ең бастысы, «орташаларға» жеке-дара қарау қажеттігін айта келіп,

біздің ойымызша, әрбір жеке тұлғаның жан-жақты маңыздылығын атап көрсеткен.

Мұғалім бойындағы келешекке сеніммен қарау қасиетіне бірінші кезектегі мағына беріп, Қ.Сәтбаев мектеп оқушысының жеке тұлғасының жан-жақты көрінуі, оның бойында табиғатынан берілген қасиеттердің ашылуы, балалардың адамгершілік көзқарастары мен мақсат-мұраттарының олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарында жүзеге асуы үшін алғышарттар құру қажеттігін ойлаған.

Мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесі теориясына М.Ғабдуллиннің сіңірген еңбегі, бәрінен бұрын, қазақ халық педагогикасының адамгершілік сипатын фольклорлық дәстүрлер үлгісінде ашқан еңбегі назар аударуға тұрарлық.

3.3. Мәлік Ғабдуллиннің оқушылардың адамгершілік-этикалық тәрбиесіне көзқарастары

Әдебиеттанушы-фольклоршы, педагог, Педагогика ғылымдары академиясының толық мүшесі (1959 ж.), Қазақстан ғылымының еңбек сіңірген қайраткері М.Ғабдуллин қазақ фольклористикасы мәселелерімен ғана айналыспаған. Сонымен қатар ол – республикамыздың жоғары оқу орындары мен жалпы білім беретін орта мектептеріне арналған оқулықтардың да авторы. Өз зерттеулерінде педагог өсіп келе жатқан жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің, оның ішінде оның моральдық бет-бейнесін қалыптастырудың әртүрлі мәселелеріне назар аударған. Осы тұрғыда М.Ғабдуллиннің «Ата-аналарға балалар тәрбиесі туралы» еңбегін атап өтуге болады, өйткені онда ол қазақ халық педагогикасының тәрбиелік маңызы мен адамгершілік сипатын фольклор дәстүрлерінің үлгісінде көрсетеді.

М.Ғабдуллин тәрбие үдерісіне: «Балаларды ұжымда, отбасында еңбекке немесе қоғамдағы басқадай пайдалы қызметке, көпқырлы әлеуметтік міндеттерді орындауға даярлау үдерісі тәрбие деп аталады», – деген анықтама береді.

Ғалымның пікірінше, тәрбиелі адамның бойында қандай қасиеттер болуы керек? Бала кішкентай кезінен-ақ ынталы, белсенді, әртүрлі қиын жайттарға мойымайтын, тапқыр, батыл, халық ісі үшін жан аямай кірісетін, адал және әділетті болуға тиіс; баланың бойында отаншылдық, батырлық, ерлік сезімдерін тәрбиелеу қажет. Осыған байланысты М.Ғабдуллин: «Халқыңды сүй, ол үшін отқа түс –

жанбайсың, суға түс – батпайсың, қашанда халықпен бірге бол, халық мүддесін бәрінен жоғары қой. Отан қорғау ісінде де, күнделікті өмірде де отаншыл бол, халық үшін күшінді аяма», – деп жазған [9; 432]. Сондай-ақ ғалым баланың бойына үлкендерге құрмет, елгезектік, еңбекқорлық секілді қасиеттерді сіңірудің қажеттігіне, ал баланың өз міндеттерін орындауға жауапкершілікпен қарауға тиістігіне назар аудару туралы айтады.

Аталған еңбегінде ғалым балаларды адамгершілікке тәрбиелеу құралдары жайында айтады және ол үшін халық педагогикасының, әсіресе батырлық эпостың орасан зор мүмкіндіктерін ашып көрсетеді: «Батырлық эпос жастардың: «Батыр болу үшін не істеу керек?» немесе «Кімді қорқақ деп атауға болады?» – деген сұрақтарына толық жауап қайтарады. Батырлық эпостың халық даналығының асыл қазынасы бола отырып, жас ұрпақтың тәрбиесі үшін, оны халық мәдениетінің бастауларына жақындату ісінде орасан үлкен рөл атқарғанын айтуымыз керек.

Тәрбие отбасында басталып, мектепте жалғасады. М.Ғабдуллин адамгершілік тұрғыда кемелденген тұлға қалыптастыру ісінде мектеп пен отбасының, қоғамдастықтың өзара бірлесе жұмыс істеуі қажеттігін: «Бала толыққанды, рухани және дене құрылысы жағынан жетіліп өсуі үшін, ата-ананың, мектептің, қоғамдық ұйымдардың белсенді қатысуы талап етіледі», – деп атап айтады [9; 433].

Ғалым баланың адамгершілік тәрбиесі әдістеріне, адамгершілік сананың қалыптасуы, сондай-ақ оны ынталандыру әдістеріне баса назар аударады: «Баланы отбасында, балабақшада немесе мектепте тәрбиелеудің алдында, оның санасын көтеру керек. Бала тәрбиесін ескі әдістермен емес, яғни ұрып-соғып, қорқытумен емес, оның санасына ненің жақсы, ал ненің жаман екенін, тәрбиелі немесе тәрбиесіз болудың не екенін, кімнен үлгі алу, кімнен аулақ жүру керектігін түсіндіру, сендіру жолымен әсер ету әдістерімен жүргізу қажет. Баланы осылай ғана дұрыс тәрбиелеуге болады...».

Мәлік Ғабдуллиннің әділетті көзқарасы бойынша, «баланың адамгершілік санасының қалыптасуында ата-ананың көрсететін үлгісі маңызды орын алады: бала шыншыл болып өсуі үшін, ата-ананың өздері шыншыл болуға тиіс. Шыншылдықты бала ата-анасынан үйренеді. Егер ересектер арасында нашар және шынайы емес қатынастар орнаса, ол бала тарапынан байқалмай қалмайды. Сондықтан ата-аналар бұған ерекше көңіл бөлуге тиіс» [9; 434].

Ата-аналардың да, мұғалімдердің де баланың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін ынталандыру, жазалап, көтермелеу үшін, белгілі бір тәртіптерге бағынғаны жөн. Бәрінен бұрын, жазалау мен көтермелеу балаға түсінікті болуы үшін, шамадан аспау, яғни баланы артық жазаламау керек. Өрескел іс істеген бала алдағы уақытта ондай істі қайталамау үшін, өзінің кінәсін жете түсінуге тиіс. Мұғалім кінәлі болған оқушының басқа балалардың мазағына қалмауын қадағалауы керек.

Ата-анаға берер кеңесіміз: балаңызды жақсы көріңіз, оған жаныңыздың жылуын беріңіз, бірақ шамадан тыс еркелетпеңіз. Егер бала мектепке дейін еркетотай болып өссе, ата-ана оның барлық еркеліктерін көтерсе, оны желдің өтінен де, күннің сәулесінен де қорғаштаса, бала өмірдің қиындықтарын білмей өссе, онда одан дұрыс, лайықты азамат шыға қояр ма екен. Ондай балалар ересек өмірде, әдетте, енжар, жігерсіз, өзімшіл, өзін ғана жақсы көретін, қоғамдық пікірмен санаспайтын, өзін бәрінен жоғары қоятын тәкаппар адамға айналады.

Мәлік Ғабдуллин жұмысында мектеп оқушысының адамгершілік бейнесін қалыптастыру ісінде тәрбиеші шеберлігінің маңыздылығына назар аударады: «Мұғалім жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде орасан үлкен рөл атқарады, сондықтан да ол өзіне халық жүктеген жауапкершілікті қашанда есінде сақтауға тиіс». Мұғалім тәрбиесі: оның өзінің іске деген көзқарасынан, сыртқы түр-келбетінен, мінез-құлқының мәдениетінен, өз пәнін қаншалықты жақсы білетінінен, сондай-ақ оқыту мен тәрбиелеу әдістерін қалай меңгергенінен көрінеді. Бұл жайында М.Ғабдуллин: «Мұғалім өзінің мінез-құлқымен, іске деген жеке қарым-қатынасымен, сөйлеу мәнерімен, тіпті киген киімімен де балаға қатты әсер етеді. Бәріміз де бала, мектеп оқушысы болғанбыз. Өмір бойы өзінің шыншылдығымен, әділеттілігімен ерекшеленген ұстаздарымызды есімізде сақтап, оларды мақтан тұтамыз», – деп жазған [9; 434].

Сонымен, «Ата-аналарға балалар тәрбиесі туралы» атты еңбегінде Мәлік Ғабдуллиннің мектеп оқушыларының адамгершілік тәрбиесіне қатысты көзқарастарының жеткілікті толық сипаттамасы көз алдымызға ашылады.

Мәлік Ғабдуллин оқушылардың моральдық бет-бейнесін қалыптастыру ісінде мектеп пен отбасының, қоғамдастықтың өзара бірлесе жұмыс атқаруының қажеттігі жайында айтады.

Тұлғаның адамгершілік рухында қалыптасуына әсер ететін факторлар арасынан ғалым тәрбиені ерекше ажыратып көрсетеді.

Аталған еңбекте баланың Отанына, адамдарға, еңбекке, өзіне деген көзқарасынан қалыптасатын адамгершілік тәрбиенің мазмұны ашыла түскен.

Ғалым мектеп оқушысының адамгершілік санасының, адамгершілік мінез-құлқының қалыптасуы, сондай-ақ іс-әрекеттерін ынталандыру әдістеріне елеулі назар аударады; оған қоса, баланы сендіру, түсіндіру, қолдау, жазалау сияқты әдістерге қойылатын талаптар жайында баяндайды.

Ата-аналарға, мұғалімдерге қойылатын талаптар туралы айтқанда, олардың жеке үлгі көрсетуі әдісін ерекше бөліп қарай отырып, тәрбиеші шеберлігінің маңызды екенін ескертеді.

Мәлік Ғабдуллиннің балаларды адамгершілікке тәрбиелеу теориясына сіңірген өзіндік еңбегі, біздің көзқарасымыз бойынша, мынадан көрінеді: ғалым оқушылардың моральдық бейнесін қалыптастыру ісінде халық педагогикасының тәсілдеріне баса назар аударады. Бәрінен бұрын, қазақ батырлық эпосының мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Бұдан, біздің ойымызша, тұлғаның адамгершілік рухында қалыптасуы мәселелерін ғалым мәдени-тарихи тәсілдер тұрғысынан қараған деген қорытынды жасауға болады.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Неге казак ағартушыларының адамгершілік-этикалық ұстанымдары жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі үдерісінің психологиялық-педагогикалық бастауларының бірі болып есептеледі?

2. Ш.Уәлихановтың адамгершілік мұраттарының маңызы неде?

3. Неге Ы.Алтынсариннің этикасын педагогикалық деп атауға болады?

4. Абай Құнанбаевтың «Адам бол!» деген биік этикалық мұратының маңызын қалай түсінесіздер?

5. М.Кәшімов бойынша, мұғалім қызметінің адамгершілік бағыттылығының мәні неде?

6. Ж.Аймауытов өзінің еңбектерінде оқушылардың адамгершілік-этикалық тәрбиесіне қандай ұсыныстар береді?

7. М.Жұмабаевтың «Педагогика» атты еңбегінің басты тақырыбының мазмұны неде?

8. М.Әуезов жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі міндеттерін табысты шешу үшін қандай ұсыныстар береді?

9. Қ.Сәтбаевтың пікірінше, оқыту-тәрбие үдерісін дараландыру мен саралау әдістерінің маңызы неден көрінеді?

10. М.Ғабдуллин мектеп оқушыларының адамгершілік-этикалық тәрбиесінің қандай әдістеріне ерекше назар аударады?

11. М.Кәшімов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, М.Ғабдуллин сынды педагог ғалымдардың педагогикалық мұрасы жайында арнаулы курс бағдарламаларын жасаңыздар.

12. М.Кәшімов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, М.Ғабдуллин сынды педагог ғалымдардың педагогикалық мұрасы бойынша курстық, дипломдық жұмыстардың, әңгімелер мен рефераттардың, дәрістердің тақырыптарын жасаңыздар.

ТЕСТІЛЕР. ДҰРЫС ЖАУАБЫН ТАҢДАҢЫЗ:

1. «Үш шындық» деп аталатын шығарманың авторы кім?

а) Ш.Уәлиханов

ә) А.Құнанбаев

б) Ш.Құдайбердиев

в) Ы.Алтынсарин

г) С.Торайғыров

2. Философиялық-моральдық пікірлердің – өсиет сөздердің авторы кім?

- а) Ш.Уәлиханов
- ә) Ы.Алтынсарин
- б) Ш.Құдайбердиев
- в) С.Торайғыров
- г) А.Құнанбаев

3. Ақын, журналист, ағартушы, «Этика» атты алғашқы қазақ оқулығының авторы кім?

- а) М.Жұмабаев
- ә) А.Байтұрсынов
- б) С.Көбеев
- в) М.Дулатов
- г) М.Кәшімов

4. Зерттейтін саласы адамгершілік болып табылатын ғылымды атаңыз:

- а) эстетика
- ә) психология
- б) педагогика
- в) этика
- г) әлеуметтану (социология)

5. Адамға қоғамда өмір сүріп, дамуға, береке-рақат алуға, үйлесім мен кемелдікке жетуге септігін тигізетін мораль санатын атаңыз:

- а) жақсылық
- ә) жамандық
- б) пайда
- в) жауапкершілік
- г) жинақылық

6. Қазақ ағартушыларының пікірі бойынша, адамдардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарының адамгершілік реттегіші не болып саналады?

- а) ар-ұждан
- ә) мақтаныш
- б) намыс
- в) қадір-қасиет
- г) қайсарлық

7. «Қазақ халқының ағаруы даланы әділетті сұлтан басқарғанда мүмкін болады» деген пікірді кім айтты?

- а) А.Байтұрсынов
- ә) М.Жұмабаев
- б) М.Дулатов
- в) Ш.Уәлиханов
- г) М.Кәшімов

8. Педагогикадағы әдебиетші және әдебиеттегі педагог деген атқа кім ие болды?

- а) Ш.Уәлиханов
- ә) Ы.Алтынсарин
- б) А.Құнанбаев
- в) М.Дулатов
- г) М.Жұмабаев

9. Белгілі бір заттардың маңыздылығын айқындайтын адамгершілік реттегіштің маңызды құрамдас бөлігін атаңыз:

- а) көзқарас
- ә) өмірдің мағынасы
- б) ұстаным
- в) ереже
- г) тыйым

10. Негізінде адамдардың қарым-қатынастары мен көзқарастарын реттеу жататын мораль қызметін атаңыз:

- а) байланыстырушылық
- ә) тәрбиелік
- б) реттеушілік
- в) танымдық
- г) өмірлік-бағдарлық

11. Қазақ педагогикасының негізін салушылардың бірі, «Педагогикалық басшылық», «Тәрбие» еңбектерінің авторы кім?

- а) М.Жұмабаев
- ә) Ж.Аймауытов
- б) М.Дулатов
- в) А.Байтұрсынов
- г) А.Құнанбаев

12. Алғашқы қазақ «Педагогикасын» кім жазды?

- а) Ш.Уәлиханов
- ә) Б.Алтынсарин
- б) А.Құнанбаев
- в) А.Байтұрсынов
- г) М.Жұмабаев

13. «Ана тілінді сүйіндер, туған әдебиетінді сүйіндер» деген мақаланың авторы кім?

- а) Ш.Құдайбердиев
- ә) С.Торайғыров
- б) М.Әуезов
- в) Р.Лемберг
- г) Ғ.Мүсірепов

14. «Дидактикалық очерктердің» авторы кім?

- а) Р.Лемберг
- ә) М.Әуезов
- б) Ш.Құдайбердиев
- в) С.Торайғыров
- г) Б.Алтынсарин

15. М.Жұмабаев төмендегі еңбектің авторы:

- а) «Психология»
- ә) «Үш шындық»
- б) «Педагогикалық басшылық»
- в) «Психология және мамандық таңдау»
- г) «Педагогика»

16. Мәлік Ғабдуллин тәрбиенің қандай әдісін атап көрсетті?

- а) жазалау
- ә) қолдау
- б) үлгі көрсету
- в) жарыстыру
- г) әңгімелесу

17. Жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесінде батырлық эпостың мүмкіндіктерін ашып көрсеткен кім?

- а) Ш.Құдайбердиев

- ә) М.Әуезов
- б) М.Кәшімов
- в) С.Торайғыров
- г) М.Ғабдуллин

18. «Олардың жолы – жұлдыздарға қарай» атты кітаптың авторы кім?

- а) Қ.Сәтбаев
- ә) А.Құнанбаев
- б) М.Кәшімов
- в) С.Торайғыров
- г) М.Әуезов

19. «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» еңбегін кім жазды?

- а) Ш.Уәлиханов
- ә) Ы.Алтынсарин
- б) А.Құнанбаев
- в) А.Байтұрсынов
- г) М.Әуезов

20. Ғалым, академик, Қазақстанның Ғылым академиясының алғашқы президенті кім болды?

- а) Ш.Құдайбердиев
- ә) М.Әуезов
- б) Қ.Сәтбаев
- в) С.Торайғыров
- г) М.Ғабдуллин

II БӨЛІМ. ПЕДАГОГИКА ЭТИКАСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1. Педагогика этикасының теориялық қырлары және болашақ мұғалімдердің рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселелері

Білетініміздей, **этика** – ол адамның қоғамның барлық дерлік салаларындағы да, жеке өміріндегі де іс-әрекеттерін, мінез-құлқын реттейтін ұстанымдардың, талаптардың жиынтығын, оның қоғамға, өзіне, міндеттерін орындауға, сонымен қатар адамдардың адамгершілік мұраттары, адамгершілік құндылықтары туралы тарихи қалыптасқан көзқарастары мен пікірлерін қамтитын қоғамдық сананың өзіне тән түрі іспетті мораль жайындағы ғылым. Сөйтіп, этиканың зерттейтін тақырыбы – **мораль** адамның **қоршаған әлемді**, жақсылық пен жамандықты, әділеттілік пен әділетсіздікті бағалау өлшемдері арқылы **құндылық** деп бағалауының және **рухани-тәжірибелік тұрғыда игеруінің өзіндік тәсілі** болып табылады.

Мораль қоғамдық іс-тәжірибенің барлық жақтарының ең қажетті қыры ретінде танылып, іс жүзінде адамның шындықты мораль тұрғысынан сезінуінен тыс өмір сүре алмайтын қоғамдық сананың: саяси, құқықтық, эстетикалық, экономикалық, діни және басқадай түрлерінің арасында ерекше орын алады. Мораль санатының іс жүзінде атқаратын қызметі жеке адам мен қоғамның арасындағы қатынастарды реттеуден көрінеді, ал оның адам қатынастарын реттеуші ретіндегі күші адамның ерікті немесе мәжбүрлі түрде оның талаптарына бағынатынынан байқалады.

Моральға жататын осы ерекшеліктер оны адамның кәсіби қызметінің кез келген түрінің маңызды құрамдас бөлігі етеді, өйткені кез келген маман бұл жерде білікті қызметкер ретінде емес, моральдық тұлға ретінде танылады, ал бұл даусыз өзара байланыстың оның кәсіби қызметінің нәтижелеріне орасан зор ықпалы бар.

Қоғамның кәсіби моралі жалпы және ерекше санаттар аясында өзара байланысатын, жалпы мораль шектерінде дамитын жеке адамгершілік жүйе ретінде танылады.

Мұғалімнің кәсіби моралінде адамгершілік мұраттары және мұғалімнің педагогикалық қызметі үдерісінде қалыптасатын қатынастардан шығатын моральдық ұстанымы ерекше орын алады.

Педагог мамандығы моральдық фактордың салмағы ерекше жоғары бағаланатын адамдарға көбірек жақын, өйткені өзінің ерекшелігіне

қарай ол педагогтің, ұстаздың, тәрбиешінің еңбегі қызметінде барлық адамгершілік қасиеттерінің айқындалуына себепкер болады.

Педагогикалық еңбек өзінің шынайы қоғамдық қажеттілігі жағынан көпқырлы, жан-жақты. Оның жан-жақтылығы төмендегі себептерге байланысты:

- қоғамның кез келген мүшесіне бағытталады, оған қоса, оның балалық шағында ғана емес;
- оны педагог мамандармен қатар, қоғамның барлық мүшелері орындайды;
- қызметтің барлық түрлеріне қатысы бар;
- ақыр соңында, мораль сияқты, ол да, тіпті адамдар шын мәнінде басқаларды тәрбиелеумен және оқытумен айналыспайтын жерлерде де, адам қызметінің барлық жақтарын қамтиды.

Педагогикалық еңбекте, сөйтіп, *шынайы қажет және ресми белгіленген әрекеттер беталды, алдын ала көзделмеген, реттелмеген істерде де астасып жатады.* Мұғалім еңбегінің ерекшелігі, қалай дегенде де, педагогика үдерісіне тартылған адамдардың өздіктерінен кең ашылып, адамгершілік ашық-жарқындығы мен емір-еркіндігіне оята алмайды. Сондықтан оқытушының кәсіптік еңбек шектерінде пайда болып, шоғырлана табылған этика нормаларының тіпті кәсіпқой емес тәрбиешілер үшін де құндылығы бар. Педагогика этикасының бүгінгі таңдағы салыстырмалы аз арнаулы зерттеулеріне қарамастан, оның бәрібір де халық педагогикасынан бастау алатын өз тарихы және терең даму көздері, студенттерді оқытып, тәрбиелеудің дайын теориялық негіздері мен міндеттері, қалыптасқан этикалық-педагогикалық білім беру жүйесі бар ғылым ретінде нығайып жатқанын біз нық сеніммен айта аламыз, ал бұл болашақ мұғалімдер даярлау теориясы мен іс-тәжірибесінің белгілі бір қалыптасқан кәсіби-этикалық негіздері жайында сенімді баяндауымызға мүмкіндік береді.

Педагогикалық этика, осылайша, этика жүйесінің салыстырмалы оқшау тармағын білдіреді. Этика теориясы негізінде ол адамгершілік тәрбиенің педагогикалық теориясын тұлғаның әлеуметтанушылық және психологиялық теориясымен біріктіреді. Э.А.Гришиннің пікірі бойынша, педагогика этикасын осылай түсінудің түбегейлі сипаты, маңызды әдістемелік және теориялық-қолданбалық маңызы бар болуы оны екі қырынан қарау мүмкіндігін береді. Біріншісі – теориялық-әдістемелік маңызы білімдердің тиімді жүйесі мен зерттеу әдістерін құруға байланысты болса, ал екіншісі, яғни теориялық-қолданбалы маңызы оны студенттер мен оқытушылардың адамгершілік

тәрбиесінің ғылыми жүйесін құруға бағыттайды [20; 37]. Педагогика этикасының осылай түсіндірілуімен келісуге болмайды.

Әлбетте, педагогикалық этиканың теориялық-әдістемелік негіздері қоғамдық сананың өзіндік түрлері ретінде жалпылама моральдің философиялық теориясына сүйенеді. Оның ғылым ретіндегі зерттеу нысанасы, оқытушының кәсіптік қызметінің ерекшелігіне байланысты, моральдің жалпылама теориясы мен оқытушының іс жүзіндегі қызметін бағалаудың адамгершілік заңдылықтары мен ұстанымдарын көрсететін педагогикалық мораль болып табылады: онда, басқалардағыдай емес, тұлғаның адамгершілік жауапкершілігінің шамасы кәсіптік және шынайы моральдық қасиеттердің қосылуына дейін жетеді, өйткені бұл жерде кәсіптік қызметтің нысанасы болып адам тұлғасы, бәрінен бұрын, оқытушының өзінің тұлғасы танылады. Демек, педагогикалық этиканың мақсаты тұлғаның адамгершілік рухында қалыптасуын, мүмкіндігінше, негізгі екі міндетті шешу арқылы басқарылатын үдеріс етуден көрінеді. Біріншіден, педагогикалық этика оқытушының адамгершілік санасының дамуы заңдылықтарын зерттеп, оның өзінің кәсіптік міндеттерін орындауы барысында адамгершілік мәнін аша отырып, оқытушы тұлғасына қойылатын адамгершілік талаптарын әзірлейді, екіншіден, оқытушының кәсіптік еңбегіне қатысты, қоғамдық қатынастардың өзіндік түрі сияқты, оқытушының педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларымен өзара адамгершілік қарым-қатынастарына қатысты талаптарды айқындайды.

Әлеуметтік түбегейлі өзгерістердің қазіргі заманғы жағдайларында ең бір елеулі қиындықтар, қалай дегенде де, саясат пен экономикада емес, адамгершілік-рухани салада қатты сезіледі: дөрекілік, озбырлық, зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық пен қылмыстар, оның үстіне, балалар тарапынан жасалатын қылмыстар – қоғамдық өмірдің барлық осы теріс құбылыстары жас ұрпақ тәрбиелеудің басты субъектілері – жоғары оқу орындарының оқытушыларына тұрақты назар аударып, әлбетте, бірінші кезекте, олардың тым нашар материалдық жағдайларын ескеріп, көмек көрсетуді қажет етеді. Олардың кәсіби даярлықтарын жетілдірудің де, әрине, алдыңғы орындарда тұратын міндет екенін жоққа шығаруға болмайды.

Оқытушыға, оның кәсіптік қызметінің табыстылығына артып отырған талаптар жоғары білім беру жүйесінде оның кәсіптік даярлығын тұрақты түрде жетілдіріп отыру, атап айтқанда, педагогикалық этика бағдарламаларын арнайы әзірлеу қажеттігін

көрсетеді, өйткені ол әлі күнге дейін жоғары оқу орындарында білім мен тәрбие беру ісінің маңызды құрамдас бөлігіне айнала қойған жоқ. Дегенмен кез келген деңгейдегі мектептің педагогикалық үдерісінде қалыптасатын адамгершілік қатынастар, білетініміздей, оның қызметінің нәтижелеріне тікелей әсер етеді. Әлі күнге дейін, – өкінішке қарай, бұны айтуға тура келеді, – педагогикалық этика дербес ғылымға айналмады, дегенмен оның оқытушы, тәрбиеші қызметінің нақты саласы ретінде мектеп пен педагогиканың дамуы үдерісімен бірге дамып келе жатқан тарихы бар. Антикалық философиялық-педагогикалық ойдың, әсіресе Ортағасыр кезеңі тарихының өзінде мұғалімнің этикалық даярлығының мазмұны жайындағы ережелер бар. Кейіннен мұғалімнің нормативтік кодексінің, тәлімгер тұлғасының адамгершілік мұраттарының, мұғалімнің оқушылармен өзара адамгершілік қатынастарының мәселелері қарала бастайды. Педагогикалық этиканың мәселелері, әрине, оқытушы тұлғасына және оның кәсіптік қызметінің сипатына моральдық талаптар жүйесін айқындап берген Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Песталоцци, А.Дистьерверг, Р.Оуэн сынды ойшылдардың педагогикалық көзқарастарында ашыла көрсетіледі. Орыстың озық қоғамдық-педагогикалық ойының этикалық-педагогикалық идеялары жіті назар аударуды қажет етеді, өйткені онда, білетініміздей, екі балама: Н.И.Пирогов пен К.Д.Ушинскийдің есімдерімен байланысты либералдық демократиялық және А.И.Радищев, В.Г.Белинский, А.И.Герцен, Н.Г.Чернышевский мен Н.А.Добролюбов ұстанған революциялық-демократиялық бағыт айқындалған. Қоғамдық педагогикалық қозғалыстың либералдық-демократиялық бағытын ұстанғандар, бізге белгілідей, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және А.Құнанбаев болған: олар еңбекші халық өмірін адамгершілікке сай ету жолында өздерінің адамгершілік мұраттарын жұртшылықты кең ағартумен және білім берумен, жүйелі адамгершілік өзіндік жетілумен, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуімен байланыстырған.

Мұғалімнің педагогикалық этикасының негіздерін салушылар қатарында: Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, С.Т.Щацкий, П.Л.Блонский, А.С.Макаренко және В.А.Сухомлинский сынды ірі тұлғаларды атауға болады. Олардың әрқайсысы қоғамдық сананың өзіндік түрі ретіндегі мораль туралы материалистік ілімнің негізінде педагогикалық этиканың өзіндік жүйесін жасап шыққан: оларда мұғалімнің еңбегін бағалаудың адамгершілік өлшемі, этикалық

мүддесі, адамды жақсы көру, азаматтылық идеясы мәселелері қаралған.

Е.И.Ильин (әдебиет сабақтары – адамгершілік сабақтары), В.Ф.Шаталов, М.П.Щетинин және, әрине, В.А.Сухомлинскийдің гуманизміне жақын адамгершілік педагогикасын (бірақ жаңа уақыт талабына сай) қуаттайтын Ш.А.Амонашвили, ал Қазақстан бойынша халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиев сынды жаңашыл, озық ойлы педагог ғалымдардың іс-тәжірибелері ерекше қызығушылық туғызады. Соңғы жылдарда шетелдегі (Б.Кауфман, А.Джерард, В.Уоллер және басқалары (АҚШ); Ж.Троншер, А.Ферре, М.Маршан (Франция); Плетерс, Р.Буш (Англия); Г.Бауэр, Ф.Шнайдер (ГФР); К.Котарский, И.Козловский (Польша) және өзгелерінің кәсіби этика зерттеулеріне қызығушылық арта түсті.

Сонымен қатар қазіргі заман мұғалімінің педагогикалық этикасының теориялық негіздерін ғылыми білімдердің арнаулы саласы ретінде зерттеп, әзірлейтін, сондай-ақ жоғары педагогикалық мектеп жұмысы жүйесін мұғалімнің кәсіптік-этикалық даярлығы бойынша қалыптастыруға арналған: Э.Г.Костяшкин, В.И. және И.Я.Писаренколар, В.Н. мен И.И.Чернокозовтардың, Э.А.Гришиен мен Я.Г.Якубсонның және басқаларының еңбектерін пайдалана алатын мүмкіндіктері бар.

Сонымен, педагогикалық этика – ол мұғалімнің кәсіби моралі жайындағы ғылым. Ал, алдында айтылғандай, өз нысанасы, мақсаты мен міндеттері бар осы ғылымның зерттейтін тақырыбын педагогтің моральдық ұстанымы құрайды.

Оқытушы этикасының ұстанымдары мен нормаларына қатысты айтсақ, онда қабылданған адамгершілік құндылықтары мен мұраттары жүйесінің адамгершілік бағалары мұғалімнің кәсіптік қызметінің басты бағыты болып саналады.

Шартты түрде төмендегілерді ажыратуға болады. Бәрінен бұрын, әлбетте, **педагогтің** және оның кәсіптік қызметінің **идеялық мақсаттылығы ұстанымын** атағанымыз дұрыс. Қандай әлеуметтік және саяси өзгерістер орын алып жатқанына қарамастан, педагог белгілі бір жалпыадамзаттық игіліктер мен құндылықтарға негізделетін өзінің тиісті идеялық көзқарастары мен ұстанымдарынан, мұраттарынан бас тарта алмайды. Ұстанымдарды ажыратқанда, үдемелік, сатыластық шартты болғанмен, келесі деп, біздің көзқарасымыз бойынша, **мұғалімнің азаматтылығы, отаншылдығы және интернационализмі ұстанымын** атау керек, өйткені оларды негізге алмайтын адамгершілік педагогикасы да, адамгершілік

тәрбиесі де болмайды. Бұл ұстанымның интернационалдық тәрбиесі өз халқың, туған тілің мен мәдениетің үшін мақтанумен қатар, басқа халықтарды түсініп, қабылдау деңгейіне ғана емес, сонымен бірге олардың: мәдениетіне, тіліне, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына тамсану дәрежесіне дейін, яғни «тауды кемсітпестен даланы дәріптеуге» ұмтылуға жеткізілуге тиіс. Қ.Мырзалиевтің «Өзбектерге сүйсінем, өйткені өз халқымды сүйемін...» – дегеніндей болуы керек.

Келесі – *педагогикалық гуманизм ұстанымы*, біздің пікіріміз бойынша, өзіне ғалам шеңберіндегі адамды ғана емес, нақты адамды – студентті жақсы көруді, оның тағдыры, қалыптасуы үшін жауапкершілік көтеруді, педагогикалық үдеріске қатысушылардың барлығымен қарым-қатынастарды қамтитын ең терең, өзекті ұстаным болып табылады. Бұл ұстаным бүгінгі таңда білім мен тәрбие берудің барша жүйесінің де басты бағыттылығын айқындайды. Себебі, гуманизм – ол жалпы адам болмысының және, атап айтқанда, жеке тұлғаның жан-жақты маңыздылығын айқындайтын идеялар мен құндылықтардың жиынтығы. Гуманизм тұрғысынан қарағанда, білім беру мен тәрбиенің түпкілікті мақсаты мынада: әрбір адам қызметтің, таным мен қатынастың толыққанды субъектісі, яғни осы әлемде болып жатқан барлық оқиғалар үшін жауап беретін азат, өзіндік күші бар тіршілік иесіне айнала алады. Демек, оқыту-тәрбиелеу үдерісінің адамгершілік шамасы бұл үдерістің: жеке тұлғаның өзін-өзі бақылауы, бостандыққа, жауапкершілік пен шығармашылыққа деген табиғи қабілеттерін ашу үшін қаншалықты алғышарттар құратынымен айқындалады. Яғни гуманизм ұстанымы әрбір нақты студенттің тұлға ретіндегі мүдделеріне, оның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Келесі – педагогикалық жанқиярлық ұстанымы қазіргі заман жағдайында жаңаша естіледі, яғни ешқандай экономикалық дағдарыстарға қарамастан, педагогтің өзі таңдаған міндетіне шын берілгендігі мен адалдығы ұстаздардың міндетті ұйымшылдығын, кәсіптік ұжымдасуды: өзара түсіністік, өзара көмек, оқыту барысында оқытушылық және студенттік ұжымдарға қатысты сөз бен іс-әрекеттің бірлігі іспетті әрекеттерді қажет етеді, өйткені, біздің көзқарасымыз бойынша, бұл негіздердің негізін, педагогикалық ынтымақтастықты және оның жоғарғы деңгейі – педагогикалық бірлескен шығармашылықты білдіреді.

Түптеп келгенде, *педагогтің болашаққа сеніммен қарауы* – оқытушыға ерекше қажет ұстаным, өйткені оны ең алдымен өз

күшіне, студентке сенумен, тіпті ең қиын студентке Абайдың сенімімен («Баланы түзеуге болмайды деген кісінің тілін кесер едім») қаруландырады, жоғары оқу орнының, білім беру жүйесінің, қоғамның ертеңгі жарқын болашағына үмітпен, тағы да Абайдың шынайы сенімімен қарауға үйретеді («Дүниеде еш нәрседе баянсыздық жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің?...»).

Педагогикалық этиканың жоғарыда аталған басты адамгершілік ұстанымдары тұлғаның адамгершілік сана-сезімі қалыптасуының күрделі тетігін айқындайтын негізгі адамгершілік санаттармен тығыз байланысты. Олар тұлғаның жеке әлемінде өтіп жатқан, оның адамгершілік сана-сезімін, өмірдегі құбылыстардың, адамгершілік қадір-қасиеттердің, адамдардың іс-әрекеттерінің сипатын, олардың қоғамдағы қызметі мен қатынастарының өзіндік бағасы ретінде қабылданатын моральдық құндылықтарын: жақсылық пен жамандық, әділеттілік, ар-ұждан және басқалары туралы көзқарастарының қалыптасуы жүйесін құрайтын осы тетіктен тұратын адамгершілік үдерістерін білдіреді.

Педагогика этикасының жекелеген санаттарының егжей-тегжейлі сипаттамасы В.И. және И.Я.Писаренколардың «Педагогика этикасы» атты еңбегінде берілген.

Ал біздің оқытушыдан өз бойларында адамгершілік қасиеттерін толық мөлшерде сақтап қана қоймай, сонымен қатар оларды студенттердің алдында тұрақты көрсетіп отыру қажеттігін есінде ұстау талап етілетінін атап айтуымыз керек.

Педагогикалық этика: намыс пен қадір-қасиет, ар-ұждан мен әділеттілік, оқытушының беделі мен еңбек тәртібі іспетті этика санаттарын қамтиды, ал олардың әрқайсысын осы тарауда атай отырып, педагогикалық этика мазмұнының сипаты секілді, оны негізгі құрамдас бөліктері арқылы ары қарай арнайы қарау үшін қалдырамыз. Оқытушының кәсіби этикасының негізгі құрамдас бөліктері ретінде, біздің көзқарасымыз бойынша, бәрінен бұрын, оның жұмысына, кәсіптік қызметіне, сонымен қатар жеке басының да, іскерлік қасиеттеріне де тікелей қатысы бар төмендегілерді бөліп көрсетуге болады. Бұл, біріншіден, **оқытушы еңбегінің әлеуметтік қызметтері, екіншіден, оның кәсіптік қызметінің моральдық қасиеттері.** Ары қарай кәсіби міндеттердің жиынтығын өте жақсы орындауға мүмкіндік беретін **оқытушы тұлғасының моральдық қасиеттерін** және **оның тұлғасын құрудың психологиялық ерекшеліктерін** ажырату керек. Келесі құрамдас бөліктер

оқытушы тұлғасы мен қызметінің *кәсіптік қаруланушылық және педагогикалық үдерістегі өзара қарым-қатынастардың ерекшелігі* секілді маңызды адамгершілік-этикалық қырларын қамтиды.

Оқытушының педагогикалық этикасының құрамдас бөліктері жайында айтқанда, оның кәсіптік қызметінің ерекшеліктерін көрсететін *мінез-құлық нормалары* мен *ережелерін* ажыратпауға болмайды, сондай-ақ *тұлғаның: жасы, мәртебесі, жынысы, мамандығы, отбасылық жағдайы* сияқты сипаттамалары және соларға байланысты оқытушының кәсіптік еңбегінде өзгеше қайталанбас реңктерге ие болатын басқа да көптеген жағдайларды есепке алмауға болмайды. Педагогика этикасының біз ажыратып көрсеткен негізгі сегіз құрамдас бөлігі төмендегі үлгі құрылымдық сызбанұсқада беріліп отыр.

№ 1-сызбанұсқа
Оқытушы этикасының негізгі құрамдас бөліктерінің
құрылымдық сызбанұсқасы



Жалпы алғанда, педагогикалық этиканың ұстанымдары, санаттары мен негізгі құрамдас бөліктері адамгершілік талаптардың мазмұнын аша отырып, кәсіптік қызмет деңгейін маңызды бағалау өлшемі және оқытушы тұлғасының адамгершілік рухында дамуының, адамгершілік мәдениетінің шарты болу қызметін атқарады, ал ол (адамгершілік мәдениет) қоғамның адамгершілік-рухани мәдениетінің деңгейіне әсер етпей қоймайды.

Сөйтіп, оқытушы этикасының мәртебесі мен атқаратын міндеттері оны бүкіл қоғамның әлеуметтік-тәрбиелік іс-тәжірибесімен байланыстырады. Сондықтан оқытушы этикасы мәселелері бүгінгі таңда барынша көп назар аударуды қажет етеді. Ал сол кезде жоғары оқу орындарында педагогикалық ұжымның оқытушы этикасы мәселелерімен кәсіби іс-шаралар мен әрекеттердің, мінез-құлық нормалары мен ережелерінің және оның педагогикалық үдеріске қатысушылармен: әріптестермен, студенттермен, оқу орны әкімшілігімен, білім алып жатқандардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынастарының жүйесі ретінде жұмыс істеуі сирек кездеседі. Оған қоса, педагогикалық ұжым бұл ғылымның мәселелеріне терең бойламайды, оны тәрбиешінің жеке өзінің үлгісі мен көзқарасы арқылы тәрбиеленушінің ішкі жан-дүниесіне әсер етудің аса маңызды психологиялық-педагогикалық құралы ретінде пайдаланбайды. Педагогикалық қызметтің терең адамгершілік мазмұны болуға тиіс.

2.2. Педагогикалық қызметтің адамгершілік мазмұны

Педагогтің өз қызметіне адамгершілік көзқарасы – бәрінен бұрын, саналы көзқарас. Ол осы қызметті, оның маңызын, мазмұнын, негізгі құрамдас бөліктері мен ерекшеліктерін адам қызметінің басқа түрлерімен салыстыра отырып есепке алуды және әлеуметтік мағына беруді, әрі, ең бастысы, педагогтің өзін тұлға деп тануын қажет етеді.

Бәрінен бұрын, педагогикалық қызметтің ерекшелігі оның адамды өзгертуге, түзетуге бағытталатынында жатыр. Педагогикалық қызметтің нысаны – белгілі бір нышандары, ақылы, еркі, сезімдері және адам баласына тән, әрі оның қызметінің өзін жауапты ететін басқа да қасиеттері бар адам болмысы. Әсер ету нысаны бола отырып, әрбір адам белгілі бір «қарсылықтар» да көрсетеді. Педагогикалық қызметтің осы ерекшелігін атап көрсеткен А.С.Макаренко: «Неге техникалық жоғару оқу орындарында біз материалдар кедергісін

оқып, үйренеміз де, ал педагогикалық оқу орындарында тұлғаны тәрбиелегенде, оның кедергілерін зерттеп, оқымаймыз?» – деп жазған.

Педагогикалық қызметтің ерекшелігі мынада: ол білім алушының өзін оқытудың жеке нысаны ретінде қарауды қамтиды, өйткені студент тұлғасына тиімді педагогикалық әсер ету оқытушы студентпен белсенді өзара қарым-қатынас орнатқанда ғана мүмкін болады.

Сонымен қатар педагогикалық қызметке тән өзіндік ерекшелік педагогтің жекелеген студенттермен емес, ұжыммен жұмыс істейтінінен көрінеді, себебі, ұжым да – педагогикалық үдерістің субъектісі. Сондықтан оқыту және тәрбиелеу үдерісі ұжымды ұйымдастыру үдерісін де қамтиды.

Педагогикалық қызмет студенттің көптеген оқытушылардың, ата-анасының тәрбиелік ықпалында болатын жағдайымен күрделене түседі. Педагогтің ісі – педагогикалық үдерістің барлық субъектілерінің ынтымақтастығын ұйымдастыру.

Педагогикалық қызметтің өзіндік ерекшелігі оқытушының өзін ары қарай жетілдіріп отыру мақсатында тұрақты жұмыс істеуін талап етеді, өйткені студенттер алдындағы беделін сақтау үшін, оның тиісті деңгейде, тиісті биіктікте тұруы қажет.

Педагог студент тұлғасына мақсатты түрде әсер етіп, өмірдің қарама-қайшылыққа толы әсерлерін дер кезінде және біліктілікпен түзетіп отыруға тиіс.

Педагогикалық қызмет шарттарының аталған мамандықтың өзіне тән өзгешелігінен туатын ***негізгі ерекшеліктері*** деп, біздің көзқарасымыз бойынша, төмендегілерді ***есептеуге болады:***

- педагогикалық қызмет адамдармен қызу қарым-қатынасты қамтиды, ал ол педагогика тұрғысынан мақсатқа сай, пәрменді болуға тиіс және сондықтан ақылдылықты, сезімталдық пен ерік-жігерді қажет етеді;
- педагогикалық қызмет студенттер ұжымымен қарым-қатынас, араласу түрінде өтеді, бірақ сонымен қатар олардың жеке-дара ерекшеліктерін ескеруді талап етеді;
- педагогикалық қызмет бағалау мен бақылаудың қиындығымен сипатталады: оның сапасын, көптеген басқа мамандықтарға қатысты істейтіндей, оқу-тәрбие жұмысының нәтижелері бойынша ғана бағалауға болмайды, өйткені оқытушы еңбегінің нәтижесі оның бір өзіне ғана емес, барша педагогикалық ұжымға, студенттердің өздерінің қабілеттері мен күш-жігерлеріне де байланысты.

Педагогикалық қызмет шарттарының қоғамдағы нақты тарихи қатынастардың, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктердің жиынтығынан туатын ерекшеліктеріне төмендегілерді жатқызуға болады:

- Қоғамдағы білім мен мәдениеттің рөліне байланысты, педагог мамандығының ондағы беделі, педагог еңбегінің мәселелеріне қоғамның назар аударуы. Педагогикалық қызметтің табысты жүзеге асуы үшін, педагог мамандығы жоғары қоғамдық беделге мұқтаж, өйткені ол оның танылуына да, педагогтің беделіне де әсер етеді, оған қабілетті жастар ағынын тартады.
- Білім беру жүйесін басқарудың қоғамда қалыптасқан түрлері мен үлгілері және педагогтің дербес шығармашылық қызметі үшін берілетін шарттары мен мүмкіндіктері, оның педагогикалық еңбекке қатысты құқықтары мен міндеттері, оларды жүзеге асырудың қалыптасқан үлгілері, өйткені педагогтің педагогикалық істі ұйымдастырудың көптеген жақтары үшін моральдық жауапкершілігі соларға тәуелді.

Педагогикалық қызмет – ол өсіп келе жатқан жас ұрпақты, әрбір оқушының тұлғасын қоғам қажеттіліктері мен мүдделеріне сай мақсатпен, саналы қалыптастыру үдерісі. Ол қажеттіліктердің мазмұны жалпылама түрде оқу жоспарлары мен бағдарламаларында, оқыту мен тәрбиелеу ұстанымдарында беріліп, педагогикалық теория мен әдістемелерде қорытылған.

Оқытушының бағдарламалар мен басқа да ұйғарымдарға қасаң ережемен бағынуға тиіс емес екені белгілі. Педагог қоғамдық өмір серпінін ескеруге тиіс. Оның алдынан дұрыс шешу үшін ойлануды, жеке күш-жігер салуды, оның өз іс-әрекеттерін жобалап, олардың салдарларын алдын ала болжауын қажет ететін көптеген қайталанбас міндеттер жиі шығып отырады.

Педагогикалық қызметтің шығармашылық сипаты студенттер мен студенттер ұжымдарының да, сондай-ақ өзіне тән қасиеттері, тәжірибесі, беделі бар оқытушының да жеке ерекшеліктеріне байланысты. Педагогикалық әсердің бір оқытушының қолына шоғырланған амал-тәсілдері басқа мұғалімнің қолында мүлдем жарамсыз немесе тиімділігі аз болуы мүмкін. Бөтен іс-тәжірибені еш тексерместен, ұқсастығына қарап пайдалану, әдетте, ешқандай мақсатқа жеткізбейді.

Шебер педагог шығармашылық ізденіске құрылған ғылыми-педагогикалық қызметке өзі келеді. Өз ісіне шығармашылықпен қарап, ол жас ұрпақтың өзінен не ала алатынын және басқа арналардан не алып үлгіргенін әрдайым қайтадан айқындап, біліп отыруға

тиіс. Өзіне жоғары талап қойып отырса да, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог кейде өзінің еңбегіне әлдебір қанағаттанбаушылық сезінеді, сөйтіп, өне бойы ізденіп, толқып жүруге мәжбүр болады.

Педагогтің өз еңбегіне адамгершілік көзқарасының жоғары деңгейіне сол еңбек тұлғаның қажеттілігіне айналған кезде, яғни ондай қызметте жеке және қоғамдық мүдделер үйлесімді біріккенде қол жеткізуге болады.

Педагогикалық қызметке көзқарастың басқа деңгейі оқытушы өзінің жеке мүддесін бағындыратын қоғамдық мүдде негізгі болып танылатынымен сипатталады. Педагог еңбекке маңызды қоғамдық бағалы міндет ретінде ерікті, саналы түрде қарайды. Ондай оқытушы ешкімге лайықсыз баға қоймайды, жұмысында кемшілікке жол бермейді, ол ешкімнің өзін бақылауына мұқтаж емес, өйткені өзін-өзі бақылайды.

Еңбек борышты орындау ғана деп қабылданғанда, әңгіме басқадай. Бұл жерде ол сыртқы бақылауға жататын бағалауға – басқаларға қарағанда жақсырақ орындауға, көңіл бөлудің сыртқы белгілері – марапаттар, сыйақылар, мақтау алуға бағдарлануы мүмкін. Педагог өзінен басшылық пен ұжым талап ететіннің барлығын орындайды. Оның ойынша, педагогикалық қызметке деген нақ осындай көзқарас оны қоғамның тануы үшін лайықты болып табылады.

Педагогикалық қызметте негізгі болып оқытушының жеке мүддесі танылатын да көзқарас бар: ол кезде еңбекке жалақы немесе жұмыстың кейбір ыңғайлы шарттарына мүдделі болушылық ынталандырады. Сол уақытта оқытушы жұмысты жақсы істейді, бірақ ақы төленетін жұмысты ғана орындайды.

Көріп отырғанымыздай, еңбек оқытушы үшін аса маңызды өмірлік қажеттілікке, ал шығармашылық, жаңашылдық, тұрақты ізденіс құнды қасиеттердің біріне айналған кезде, педагогтің еңбегі өте жоғары бағалауға лайық болады.

Оқытушының еңбек қатынастарына тартылуы ол педагог мамандығын таңдаған кезден басталады.

Педагогтің өз қызметіне қатысты негізгі бағытын білдіретін тым жалпылама талап, біздің көзқарасымыз бойынша, ***педагогикалық еңбекке өз өмірінің басты мазмұны секілді, әлеуметтік маңызы үлкен қызмет деп, өзінің қабілеттері мен мақсат-мұраттарын жүзеге асыру құралы ретінде қарау*** болуға тиіс.

Бұл қағиданың мазмұны талаптардың, адамгершілік нормалардың бірқатарында ашылады. Оларға төмендегілер жатады:

- мамандық таңдауға жауапкершілікпен, жеке адам үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды іс деп қарау;
- педагог мамандығын педагогикалық еңбекке деген бейімділік, ынталылық болғанда ғана таңдау;
- педагогикалық қызметтен өз халқына жеке қызмет ету үлгісін көру.

Жеке, кәсіптік, қоғамдық мүдделердің табиғи үйлесімі, педагогикалық қабілеттер және педагогикалық қызметке бейімділік болуын – педагог мамандығына қабілет, ал оларды дамытудың жоғары дәрежесін педагогикалық талант деп санауға болады.

Адамгершілік талап – педагог қызметінен қоғамға жеке қызмет ету үлгісін көру: орта және жоғары мектептің, оқытушының әлеуметтік жетістіктердегі орнын, педагог еңбегінің мағынасын, оның қоғамға: экономикалық, адамгершілік, саяси, мәдени өміріне әсерін тигізу мүмкіндіктерін терең түсінуді қажет етеді. Педагог мамандығын таңдаған адам одан өз қабілеттерін дамыту, сондай-ақ тарихи және әлеуметтік шығармашылыққа қосылу құралын көруге тиіс.

Педагог мамандығын таңдап үлгірген адамға педагогикалық мораль өзінің төмендегідей талаптарын қояды:

- педагог қызметіне қажетті жеке қасиеттерін жетілдіру, педагогикалық шеберлігін ұштауға ұмтылу;
- тұрақты түрде өзіне қазіргі заманғы мектеп талаптарына өзінің сай келетіні-келмейтіні туралы сұрақ қою;
- педагог мамандар құрамының сапасын жақсартуға атсалысу, педагог мамандығының беделі мен қадір-қасиетін сақтап, қорғау.

Кәсіптік шеберлікті жетілдіру бойынша жұмыс істеу педагог қызметіне

деген сүйіспеншілікті сақтап, дамытуға көмектеседі, өйткені педагог еңбегінің қуанышы оның жоғары сапасынан, шығармашылық ізденістен және табысқа жетуге ұмтылудан, оның ішінде жас ұрпақ тұлғасын рухани-адамгершілік тұрғысынан қалыптастырудың инновациялық бағыттарын іздеп, табудан көрінеді.

2.3. Егемен Қазақстанның білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптастырудың инновациялық бағыттары

Қазақстан Республикасында орын алып жатқан тарихи өзгерістер білім берудің барша жүйесін түзетуді қажет етті. Білім беру

жүйесіндегі жаңашылдықтардың маңызын, сипатын, бағыттылығын айқындайтын әділетті факторлар қатарында төмендегілерді атауға болады:

- Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде қалыптасуы;
- экономиканың нарықтық үлгісіне бағдарлану;
- ұлттық білім беру жүйесінің дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуі.

Тәуелсіздік алу, тоталитаризмнен демократиялық қоғамдық құрылысқа көшу, жаңа нарықтық қатынастардың дамуы, идеологиясыздану, діннің қайта жандануы іспетті үдерістер қоғамның қалыптасып қалған құндылықтарының бұзылуына келтірді. Әрі бүгінгі таңда біз Қазақстанның жаңа тарихына сай келетін құндылықтардың тууына куәгер болып отырмыз. Қазір Қазақстанда халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру үдерісінің қазіргі заманғы беталыстарын көрсететін келесідей инновациялық бағыттар дамып жатыр:

- ата-бабаларымыздың аса бай мұрасын игілікке жарату;
- қазақ халқының бастапқы рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту;
- республикамыздың әлеуметтік-мәдени кеңістігінің сапалы жаңа ахуалына сай келетін жаңа құндылықтар мен мақсат-мұраттарды игеру;
- өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеудің өзіндік дәстүрлері мен тәжірибесі бар этнопедагогиканы жандандыру;
- білім беру ісінің адамгершілік мазмұнын тереңдету;
- қоғамның рухани-адамгершілік дамуы бойынша білім берудің жаңа жобаларын әзірлеу.

Бұл аса маңызды жұмысқа еліміздің ең үздік мамандары тартылған. Ешбір жаңғырту тәрбиенің бастапқы дәстүрлерін іске қоспай тұрып, яғни этнопедагогикасыз мүмкін болмайды деген бірыңғай пікір қалыптасқан. Этнопедагогиканың дәстүрлеріне салынған адамгершілік мұраттары халықтың: туған жерге сүйіспеншілік, еңбекті сүю, үлкендерге құрмет көрсету, әртүрлі ұлттар өкілдеріне құрмет пен жылы сыйластық көзқарас, табиғатты аялап, қорғау сияқты бұлжымас рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына көмек етуге тиіс.

Қазіргі білім беру жүйесінде қазақтардың этнопедагогикасының тәсілдері мен әдістері барған сайын кең қолданысқа еніп жатыр. Мәселен, жалпы білім беретін қазақ мектептері үшін балалардың

рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге, олардың бойларында этнопедагогиканың көмегімен негізгі құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған: «Атамекен» (авторы – М.Х.Балтабаев), «Мұрагер» (авторы – А.И.Райымбергенов) және басқа да бағдарламалар жасалған.

Сонымен қатар төмендегідей білім беру жобалары жасалғанын айтуымызға болады:

- «Балаларға арналған философия» (авторы – Г.Г.Соловьёва). Бұл жұмыс ҚР ҒА Балалар мен жасөспірімдердің гуманитарлық дамуы орталығында («Интеллект») әзірленген;
- «Балақай», «Өзін-өзі тану сабақтары» бағдарламалары (авторы – С.Назарбаева). Бұл бағдарламалардың мақсаты – тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы.

Алдында айтқанымыздай, Қазақстан ғалымдарының бірқатары, атап айтқанда: А.А.Бейсенбаева, Э.И.Шыныбекова, К.К.Жампейісова, Г.К.Нұрғалиева, Л.К.Керимов, Н.Н.Хан, А.А.Калюжный, С.А.Ұзақбаева, Э.А.Орынбасарова және басқалары оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселелеріне елеулі үлес қосқан.

Қазақстандық демократиялық қоғамның құрылуы және республикамыздың дүниежүзілік білім беру кеңістігіне енуі білім берудің жаңа үлгісіне, бұрынғы совет жүйесінің бай тәжірибесі мен жетістіктерін және білім беруді жетілдірудің жалпыәлемдік үрдістерін – жеке-дара бағдарлық, өзгергіштік, көпдеңгейлілік, көпсатылық, үздіксіздік сияқты бағыттарды ескеретін үлгіге көшуді талап етті.

Елімізде білім берудің ұлттық жүйесінің жаңа үлгісінің құрылымы білім берудің төмендегідей төрт деңгейін белгілейді:

- мектепке дейінгі тәрбие және білім беру;
- орта білім беру;
- жоғары кәсіптік білім беру;
- жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

Білім берудің әрбір деңгейінде өсіп келе жатқан жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың инновациялық бағыттары ескеріледі.

Сонымен, **мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ісінде күнбе-күн, тұрақты түрде білімдерге қанықтыру арқылы балалар санасының рухани-адамгершілік бағдары басталады.** Бұл – бала тұлғасының рухани-адамгершілік қалыптасуының бастапқы кезеңі. Бала осы жерде, негізінен, тәрбиешінің педагогикалық іс-әрекеттерінің нысанына айналады: баланың жеке тұлғасына азырақ көңіл бөлінеді. Балалармен жұмыс әртүрлі ойындар, сабақтар өткізумен шектеледі.

Педагогтің бұл кезеңдегі негізгі міндеті – *балалардың білімдерге ынтасын ояту, моральдық және рухани қажеттіліктерін дамытуға көмектесу*. Себебі, руханият адамның бойына әуелден-ақ сіңіп, балалар ән айтып, сурет салғанда, табиғатты нәзіктікпен сезініп, ата-анасын әлдене үшін емес, жай ғана сүйетін кезде, бірте-бірте айқын көріне бастайды. Балаларды руханият әлеміне, сұлулық әлеміне енгізу: музыка мен би, қол еңбегі, сурет салу, пластилиннен әр алуан нәрселер жасау сабақтарында іске асады. Жақсы кітаптар – балалардың бойларында отанды сүю, өз халқын сүю, оның тарихы мен мәдениетін құрметтеу сезімдерін тәрбиелеу ісіндегі алғашқы көмекшілер.

Екінші деңгей – орта білім беру барысында балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру ары қарай жалғасады. Бұл кезеңді бірнеше сатыға бөлуге болады.

Бірінші саты – мектеп оқушыларын рухани-адамгершілік құндылықтарға жеке тұлғаның рухани-адамгершілік бастауын бекіте түсетін сезімдік іс-әрекеттерді жинақтау арқылы сезімдік-бейнелік көзқарасқа жұмылдыру. Бұл жерде педагогтің жетекші рөлі сақталады, бірақ оқушының жеке-дара рухани-адамгершілік бастауы қызметінің саласы кеңейеді. Педагогтің бұл кезеңдегі негізгі міндеті – *оқушылардың жеке рухани-адамгершілік тәжірибесінде сезімдік-бейнелік көзқарастар жинақтауы үшін жағдай туғызу*.

Ары қарай оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін сабақтарда немесе күнделікті өмірде болып жататын әртүрлі жағдайларда ынталандыру арқылы адамгершілік таңдауда дамыған көзқарастарының, сезімдерінің шоғырлануы орын алады. Мектеп оқушысының жеке басының ұстанымы оны өзінің өмірлік тәжірибесінің жинақталуына сәйкес маңызды бола түседі. Педагогтің бұл кезеңдегі негізгі міндеті – *оқушыларды рухани және адамгершілік таңдау жағдайына барынша көп тарту*.

Тұлғаның негізгі құндылықтары қалыптасуының келесі сатысы – *тұлғаның рухани-адамгершілік әлеуетіне маңыздылық беру арқылы оның өзіндік мақсат-мұратын айқындауы үшін педагогтің жағдай туғызуы*. Бұл кезеңде педагогтан мектеп оқушысының бойында өзінің мүмкіндіктеріне құрметпен қарауы, өз күшіне сенімінің нығаюы, жеке басының қадір-қасиетін бағалау сезімінің бекуі үшін барынша көмек етуге ұмтылу талап етіледі.

Ары қарай оқушылардың бойларында *рухани-адамгершілік тұрғысынан өз бетінше жетілуге, өз таңдауын, тұлғалық ұстанымын ынталандыруға қажеттілік сезімін дамыту* кезеңі басталады.

Педагогтің мақсаты – оқушыларға шешім қабылдау үшін дербестік қамтамасыз ету, балаларды өз іс-әрекеттерінің салдарларын болжай білуге ынталандыру. Бұл кезеңде рухани-адамгершілік ұстанымдар жолына түсу ниеті оларды тұлғаның ішкі қабылдауынан туады. Тұлғаның ақыл-ой және сезім саласында бекіген құндылықтары тұрақты көзқарастарға, сенімдерге айналады.

Тұлғаның бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың осы кезеңдерін жүзеге асыру ісіндегі мектептің рөліне баға жетпейді деуге болады. Әдебиет, табиғаттану, тарих, валеология, этика сабақтарының, «Балаларға арналған философия» бағдарламасының, жоғары сынып оқушылары үшін: «Адам және нарық», «Бизнес философиясы», «Қазақ мәдениетінің үлгілері», «Азаматтық қоғам» деп аталатын дәріс-сұхбаттардың және басқаларының осы үдерісті жүзеге асыру мүмкіндіктері мол.

Сонымен қатар орта білім беру саласында «Қазақстан-2030» Стратегиясына сәйкес орындалып жатқан төмендегідей негізгі міндеттердің терең рухани-адамгершілік әлеуетін де атап өткеніміз жөн:

- Балаларға мектепте білім берудің жалпыға бірдей **конституциялық кепілдіктерінің сақталуы**. Бұл мәселені шешуге байланысты, Білім министрлігі жергілікті атқарушы органдармен және білім беру органдарымен бірлесе мектепке тартылмаған балаларды анықтап, оларды мектепке келтіру бойынша жұмыс істеу жүйесін ретке келтірді, жергілікті білім беру органдарының жалпыға бірдей білім беру туралы кезең-кезеңмен есеп беріп отыруы бойынша тұрақты жұмыс жүргізіліп келеді.

- **Жаңа діл қалыптастыру**. Бұл жердегі міндет қазақ халқының, оның тілі мен салт-ғұрыптарының этнотілін, яғни ұлттық психологиясын жандандыруды, нарыққа жеделірек бейімделуді, қоғамның әлеуметтік құрылысында лайықты орын алуға ынталандыруды қамтиды. Сонымен қатар республика азаматтарының отаншылдық санасын, мемлекеттік рәміздерге құндылық деп қарау сезімін қалыптастыру қажет.

- **Тіл саясаты**. Қазақ тілін жаңғырту мәселесін ерекше атап өтуіміз қажет. Бұл қазақ халқына ғана қатысты мәселе емес, өйткені:

- қазақ тілі – әлемдік тілдер кеңістігінің құрамдас бөлшектерінің бірі, сондықтан қазақ тілінің жетістіктерін күллі адамзаттың жалпы семантикалық, мағыналық байлығының бір бөлігі деп қарау керек;

- қазақ тілі – әлемнің ұлттық мәдениетінің бір бөлігі. Сол себепті мемлекет қазақ тілін дамытудың: оның мәртебесін конституциялық негізде бекіту, білім беру саласындағы орасан көп ілгерілеушіліктер, қазақ тілінде толыққанды ақпарат ортасын құру секілді институционалдық алғышарттарын іске асырған;
- қазақ тілі мәртебесі бойынша мемлекеттік тіл болғандықтан, ел аумағында жұмыс істейтін, кең қолданылатын тіл болып есептеледі.

• **Сау қоғам құру.** Осы міндетке байланысты республика мектептерінде балалар мен жасөспірімдер арасында олардың өз денсаулықтарын сақтауы үшін жауапкершіліктерін көтеретін, балалар мен жастардың сау қажеттіліктерге ынталарын туғызатын салауатты өмір салтына тәрбиелеудің кешенді бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр.

• **Орта білім жүйесін ақпараттандыру.** Бұл іс-шара кез келген ғылыми-танымдық, статистикалық және ғылыми ақпараттарға қолжетімдікті қамтамасыз етеді.

• **Білім беру ісінің мазмұнын жаңарту.** Білім беру жүйесін реформалау ісінде республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі жаңа ұрпақты оқулықтармен, яғни мазмұны адамгершілік рухында білім беру міндеттерін шешуге бағытталған оқулықтармен қамтамасыз ету үдерісі үлкен рөл атқарады.

Үшінші деңгей – жоғары кәсіптік білім беру. Қазақстан Республикасында жоғары білім беруді дамытудың бірінші кезектегі міндеті – оны адамдық етіп реформалау, яғни бұл жерде білім беруді адамгершіліктендіру туралы сөз болып отыр. *Адамгершіліктендірудің мақсаты – студенттерді әлемде болып жатқан өзгерістерге терең талдау жасау негізінде адамзаттың жинақталған ақыло-ойы мен мәдениетінің бай қазынасына жақындата түсу.* Білімді адамгершіліктендірудің басты бағыттарына: білім алушыларға дайын білімдер берудің дәстүрлі әдісінен олардың білімдерді өз бетінше, дербес алуы қабілеттерін қалыптастыруға көшу және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту жатады. Гуманитарлық білім берудің тікелей міндеттеріне төмендегілер кіреді:

- білім алушылардың бойларында үздіксіз білім алу ұстанымын қалыптастыру;
- студенттердің өздерін-өздері тәрбиелеуге, шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыруға деген қажеттіліктерін қалыптастыру;

- жоғары оқу орындарының болашақ түлектерінің гуманитарлық сауаттылығын қамтамасыз ету;
- келешекте жастардың гуманитарлық пәндерді терең оқып-үйренуін қамтамасыз ету;
- негізгі мамандығына қосымша гуманитарлық мамандық алғысы келетіндердің барлықтарына мүмкіндік туғызу, сондай-ақ арнаулы курстар, өнер, этика және басқа да салалардан жалпыға бірдей міндетті факультативтер таңдауды қамтамасыз ету.

Білім беруді адамгершілік рухында жүргізу үдерісінде гуманитарлық білімге алдыңғы орын беріледі. Біз сөзбен айтқанда, егер гуманитарлық пәндерді оқыту адамгершілік құндылықтарды, моральдық бағдарлар мен мұраттарды іздеуге байланысты болса, гуманитаризация адамгершілік рухы жоғары қоғамдық ахуалдың қалыптасуына келтіруге тиіс. Бұл жұмыс білім беру үдерісіне қатысушылардың барлықтарынан үлкен зияткерлік күш-жігер жұмсауды талап етеді.

Төртінші деңгей – жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

Оның мақсаты – ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар – PhD магистрлері мен докторларын даярлау.

Соған байланысты рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптастыру – ол *жүйелі және адамның барша өміріне ұласатын үздіксіз үдеріс*. Адамзат өзінің ақыл-ойын игілікке де, жамандыққа да бағыттай алады. Мамандардың нақ осы рухани-адамгершілік әлеуеті ХХІ ғасырдың қандай болуға тиістігін айқындайды. Адамды басқа адамдарды және өзі өмір сүріп жатқан әлемді сүйуге, отанының патриоты болуға үйрету – ол білім беру жүйесінің міндеті: кәсіпқойлық адамның бай рухани әлемімен үйлесуге тиіс. Бұл – адамзаттың табиғи аман-есендігінің басты шарты.

Сонымен, Қазақстанда қоғамымыздың рухани-адамгершілік құндылықтары қалыптасуының, яғни осы үдерістің қазіргі заманға сай беталыстарын көрсететін инновациялық бағыттары іске асып, дамып жатқанын айта аламыз. Сондай-ақ олардың адамгершілік, отаншылдық, демократизм ұстанымдарына және тәрбиенің өмірмен, іс-тәжірибелермен байланысына сүйеніп, негізделетінін айтуға болады. Сонымен қатар ана тілі, әдебиет, өнер, халық ауыз әдебиеті мен шығармашылығы туындылары, этнопедагогиканың тәжірибелері мен дәстүрлері, білім берудің адамгершілік мазмұны іспетті құралдар, тәсілдер пайдаланылады. Оның *мақсаты – ХХІ ғасыр ұрпақтарының*

жоғары рухани-адамгершілік құндылықтарын құрып, қалыптастыру. Сонымен қатар тұлғаның рухани қалыптасуы үдерісінің бірқатар психологиялық мәселелері де бар.

2.4. Тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуының психологиялық мәселелері

Тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы мәселелерінің психологиялық қырлары аса маңызды болып саналады.

Өкінішке қарай, адамдардың экономикалық еркіндігі, ерекше іскерлік белсенділігі іспетті жаңа ұстанымдары бар қазіргі заманғы нарықтық экономика тұлғаның рухани-адамгершілік жай-күйінің дағдарысына келтіреді: өткен уақыттардың ең жақсы дәстүрлері бұзылып жатса, ал жаңалары санамызға жеткілікті сіңбеген және түсініксіз. Білімдердің үлкен көлемін ала отырып, бірақ рухани өсу, жақсылық пен жамандық, махаббат пен мейірімділік жайында көп ойланбаған адам өзін бақытты сезіне алмайды. Осындай жағдайларда білім беру саласындағы аса маңызды әлеуметтік-саяси міндет болып өсіп келе жатқан жас ұрпақтың рухани-адамгершілік сана-сезімін жаңғыртып, сақтау танылады. Аталған міндеттің өзгеше маңыздылығын асыра айтпағанның өзінде, оны бүгінгі күні жаңа мемлекет құру және дамыту ісіндегі басым міндеттердің бірі деп қарау керек.

«Қалыптасу» санатын адамның әлеуметтік тіршілік иесі ретінде жетілуінің аса күрделі және ұзақ үдерісі деп қарауға болады. Қалыптасу, қысқаша айтқанда, адам тұлғасының әлдебір толысуы мен нығаюы, кемелдік деңгейіне жетуі, тұрақталуы деп түсіне аламыз. Қалыптасу – ол, бәрінен бұрын, өз кезеңдерінен өтетін, өз қарқындары, тарихы бар үдеріс, қозғалыс деген сөз. Қалыптасу – тұлғаның бойында өзгерістер орын алып жатқанда жүретін үдеріс. Есейген жасқа жеткен кезде де қалыптасу тоқтамайды, өйткені әлеуметтік шындық өзгереді, қоғамдағы ахуал өзгереді, демек, оның әлеуметтік рөлі де өзгеріске ұшырайды, ал өмірлік тәжірибе тұлғаны бұл әлеммен қарым-қатынастарында әлденені өзгертуге, қайта құруға мәжбүрлейді. Тұлға қалыптасуының тоқтауы – оның өлгені деген сөз, өйткені тұлғаның тіршілік етуі тәсілі оның қоғаммен, әлеуметтік дүниемен өзара әрекеттесуіне тікелей байланысты. Тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы үдерісі адамның ахуалдық, сезімдік, зияткерлік және парасаттылық салаларының үйлесімі мен бірлігіне бірте-бірте жетуді

кажет етеді. Ол үдеріс адамның сезімдерін қозғап, басынан өткен және жеке-дара қабылдаған өмірлік жағдаяттарды, мінез-құлық нормаларын, олардың дамуы барысын жинақтап, жете түсінуін қамтамасыз етуге бағытталып, оның өмірінде рухани-адамгершілік бағдарлардың барша жиынтығының жетіліп, жүзеге асуына көмектеседі. Бұл үдерістің тиімділігі жете ойластырылған стратегияға тәуелді, өйткені онда тұлғаның рухани-адамгершілік әлеуетін қарқындату, оған сараланған дербес көзқараспен қарау әдістеріне аса маңызды рөл беріледі.

Тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы үдерісін шартты түрде оның психологиялық тетіктерін өзгеше айқын белгілеуге мүмкіндік беретін төмендегідей кезеңдерге бөлуге болады:

1. Тұлғаның жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімдерге қанықтыру арқылы адамгершілік-этикалық бағдар беру. Бұл кезеңнің мақсаты – *балалардың білімдерге қызығушылығын, ынтасын туғызу, адамгершілік қажеттіліктердің дамуына көмектесу.*

2. Сезімдер арқылы тұлғаның адамгершілік-этикалық бастауларын саналы түсінуіне бағдарлау. Мақсат – *сезімдер саласын ояту.*

3. Тұлғаның ішкі мүмкіндіктерін ынталандыру. Мақсат – *рухани және адамгершілік таңдау жасау жағдайында тұлғаны мейлінше көп тарту.*

4. Тұлғаның адамгершілік әлеуетін қарқындату. Мақсат – *таңдаудың дербестілігін қамтамасыз ету.*

5. Тұлға ұстанымын ынталандыру. Мақсат – *сенімдер қалыптастыру.*

Қалыптасу үдерістерімен тұлғаның адамгершілік дамуы деңгейлері өзара байланыста болады, өйткені жастар білімдерінің дамуына, олардың сезімдік арналары мен тәжірибесіне және өздерін дұрыс, лайықты бағалауына, рефлексиясына – сананың өзіне назарын аударып, психологиялық жай-күйіне көз жүгіртуіне көп көңіл бөлудің өзі, шын мәнінде, тұлғаның адамгершілік-этикалық дамуы үшін негіздеме береді.

Тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы үдерісінің мазмұнын оқушылардың өз ойларын, сезімдері мен іс-қимылдарын мінез-құлықтың адамгершілік-бағдарлық тәжірибесіне бірте-бірте және жүйелі дайындауынан, оны жүзеге асыру шарттарын жете түсінуінен байқай аламыз.

Сөйтіп, тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы үдерісінің мазмұнынан біз онда *адамгершілік қажеттіліктердің* үлкен рөл атқаратынын көреміз.

Адамгершілік қажеттілік жеке тұлғаның өзіндік бағдарын, оның еркінің бағыттылығын көрсетеді. «Рухани-адамгершілік қажеттілік» ұғымына адамның мінез-құлқына ғана тән, тұлғаның өзі қоғамдық мүдделермен байланыстыратын психологиялық қамсыздандыру жүйесіне жататын психикалық құбылыстар ауқымы кіреді.

Аса тазарақ түрінде адамгершілік қажеттілік, оның қоғам игілігіне бағытталғандығы себепті, жеке тұлғаның сол үдерістен қанағаттанушылық алатынынан көрінеді.

Сонымен қатар адамның жеке санасының моральдық көзқарастар мен сезімдер негізінде қалыптасқан және белгілі бір әлеуметтік қоғамдастықта таралған элементтерін жүзеге асыруға ұмтылысы да адамгершілік қажеттілік болып саналады. Жеке адам іштей қабылдаған кез келген қоғамдық мораль элементі оған рухани-адамгершілік қажеттілік сияқты әсер етеді.

Адамгершілік қажеттіліктердің белгілі бір түрлері моральдық мінез-құлыққа дағдылану негізінде қалыптасады. Жеке адам, – егер тіпті жағдаяттық әсерлер оны қарама-қарсы бағытқа итермелесе де, – үйреншікті мінез-құлық желісін таңдауға бейілділік танытады. Мінез-құлық дағдыларының қалыптасуы тетігі, өздігінен, моральдан тыс жүреді, бірақ оны адамгершілік қажеттіліктерлі тәрбиелеу үшін пайдалану мүмкіндігі айқын байқалады. Дағдылану қажеттіліктерін қалыптастырудың дәлелін мінез-құлықтың әдет-дағдыға сай – оң сезімдер, ал ондай мінез-құлықтан ауытқу жағдайы теріс сезімдер туғызатынынан көруге болады. Соған байланысты С.Л.Рубинштейн сезімдерді «қажеттіліктің көрінісі», «оның өмір сүруінің нақты психикалық үлгісі» деп атаған [42].

Адамгершілік қажеттілік жеке тұлғаның дербес моральдық сананың жұмыс істеуі әрекетін жете түсінуіне көмектесетін санат болып табылады, оның барлық элементтерін адамның еркімен байланыстырады. Жеке тұлғаның адамгершілік талаптарды білуі осы талаптарға сай мінез-құлыққа кепілдік бермейді, бірақ ол жоғары деңгейдегі адамгершілік қажеттіліктердің қалыптасуы үшін қажетті шарттардың бірі болып табылады, өйткені солармен бірлікте және соларға сүйене отырып, бұл білім дербес сананың ерекше тетігін – адамгершілік сенімдерді, тиімділік пен сезімдердің ұштасуын қалыптастырады.

Сонымен, адамгершілік қажеттіліктер адамның моральдық тұрғыдан дәлелденген мінез-құлқының психологиялық құрамдас бөлігі болып танылады. Б.Д.Парыгин [37] және басқалары адамның

кез келген іс-әрекетінің алдында екі күрделі психологиялық құбылыстың – *әрекет етуге даяр тұрушылық және әрекет етуге қабілеттілік* болуға тиістігін анықтаған. Адамгершілік тұрғыдан дәлелденген іс-әрекетке дайын тұрушылық: а) тиісті дәрежеде әрекет етуді қалау; ә) қарама-қарсы ниеттердің болмауын немесе, жоқ дегенде, бірінші фактордың басым болуын қажет етеді. Адамгершілік тұрғыдан әрекет ету қабілетіне әр жағдай үшін қалай әрекет ету қажеттігін білуден өзге, әрбір моральдық іс-әрекетке тән бірқатар психологиялық қасиеттер «жинағы» кіреді. Бір жағдайда – ол ерік-жігер күші, екіншісінде – батырлық, үшіншісінде – белсенділік және басқадай. Сондықтан тұлғаның моральдық іс-әрекетке дайын тұруы рухани-адамгершілік қажеттіліктердің әсерімен қалыптасады. Сөз жоқ, ол кезде біз тұлғаның моральдық мінез-құлқына басқа қажеттіліктердің де әсері болатын фактіні жоққа шығармаймыз.

Қажеттіліктерден өзге, адамның мінез-құлқында дербес сананың басқа да элементтері үлкен рөл атқарады. Олардың арасында *еріктің күш-жігеріне қабілет болуы* үлкен рөл атқарады. Бірқатар жағдайларда, рухани-адамгершілік мінез-құлық кейбір қажеттіліктердің шектелуін қажет ететін кезде, тұлғаның өзін-өзі шектеуі, тежеуі қабілетінсіз бұл мүмкін болмайды. Тұлғалардың бойларында өзін-өзі шектеу қабілеттері жеткіліксіз дамыса, ерік күш-жігеріне адамның адамгершілік талаптарын орындауы мен оның шынайы мінез-құлқы арасында айқын тәуелділік болмауының ықтимал себептерінің бірі қосылады. Соған байланысты Б.И.Дадонов: «Ерлік жасауды армандайтын барлық адамдардың шын мәнінде оны жасауға қабілетті еместігі сияқты, жалпы сезімдік бағыттылығы бойынша өзінің жеке мүдделерін басқалар үшін құрбан етуге дайын кез келген адам жоғары ықыластылық танытуға қабілетті бола бермейді. Жалпы сезімдік бағыттылық тұрпатында тұлғаның белгілі бір жағдаяттарда қуануға деген қажеттілігі байқалады. Бірақ адам әрдайым қуаныш үшін барын салуға дайын емес», – деп жазған [22; 27]. Сөйтіп, әлдене істеуге ұмтылу мен шынайы іс-әрекеттер арасындағы алшақтық еріктің күш-жігеріне тұлғаның қабілеті жоқтығына байланысты. Сондықтан тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғыда қалыптастыру үшін, оның бойында ерік күшін тәрбиелеуге ерекше назар аудару қажет.

Адамның міне-құлқы, оның ішінде адамгершілік мінезі оған табиғатынан берілетін кейбір психикалық қасиеттеріне де байланысты екенін ұмытпау керек. Жүйке жүйесі, әлбетте, адамның көптеген психикалық ерекшеліктерін, оның ішінде *жігерлілігін*,

қызуқандылығын айқындайды. Жігерлілік қасиеттері, жалпы, тұлғаның моральдық қасиеттеріне жатпағанмен, олар тікелей адамгершілік мінез-құлықты қамтамасыз етудің психологиялық жүйесіне кіретін: адамның белсенділігі және өзін-өзі ұстауға қабілеті сияқты қасиеттерін айқындайды. Б.Я.Первомайскийдің [39] жасаған қорытындыларына сәйкес, жұмыс істеуге қабілеттілік, төзімділік, ерлік, қиындықтарды еңсеру қабілеті, өз бетінше әрекет етуге қабілеттілік, батылдық қасиеттерінің қаншалықты жеңіл немесе қиын қалыптасуы жүйке үдерістерінің күшіне тікелей байланысты. Осылайша, тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуы барысында оның психологиялық ерекшеліктерін, оның ішінде маңызды рөл атқаратын табиғи факторларды ескеру қажет.

Биологиялық фактордың адамның мінез-құлқына әсер етуі мәселесінің тәрбиелеудің іс-тәжірибесі, жеке-дара көзқарас ұстанымының жүзеге асуы үшін тікелей маңызы бар, өйткені адам тұлғасынан оның әртүрлі туабытты ерекшеліктеріне қарсы әрекет ете алатын қасиеттерін нығайту мүмкіндіктерін қарастыруды қажет етеді.

Тәрбие ісінде тұлға психологиясының салыстырмалы дербестігін, яғни оның жеке басының сипаттамаларын да ұмытпау керек.

Әрбір адамға тән, шынайы болмысқа деген дербес көзқарас оның өзіне түсіп жатқан ақпаратты таңдап қабылдайтынынан байқалады, ол кезде адам кейбір сыртқы факторларға қызу ұмтылса, басқаларын қабылдамауы мүмкін. Сөйтіп, жеке-дара сананың орнықтылығы мен белсенділігінің көптеген қырларының тұлғаның адамгершілік рухта қалыптасуы үшін үлкен маңызы бар.

Сонымен қатар тұлға психологиясының орнықтылығы моральдық ынта-жігер қалыптасуының шарты бола отырып, белгілі бір жағдайларда оның адамгершілік тұрғысында қалыптасуы үдерісінде кедергі де болуы мүмкін. Адамның санасы мен мінез-құлқына кез келген сәтте: 1) шынайы болмыс (шындық) және шындықтың шарты, қоғамның мәдениеті, топтық сана мен мінез-құлық; 2) тұлғаның өткені – тарихы, жеке іс-тәжірибесі; 3) тұлғаның болашағы: қоғамдық даму үрдістері, жеке мақсаттары, демегөйлік ниеттерінің деңгейі және басқалары; 4) жеке-дара іс-тәжірибенің ерекше бөлігі ретіндегі жеке мақсаттарын жүзеге асыру нәтижелері; 5) меншікті биологиялық ерекшеліктері әсер етуі мүмкін.

Л.С.Выготский [16], А.Н.Леонтьев [30], Н.Н.Трубников [46] және басқа да психологтардың зерттеулерінде тұлғаның дамуы

барысындағы сезімдік және импринтингтік¹ әсерлер атап өтіледі. Олардың көзқарастары бойынша, жеке адамның өмірінде оның белгілі бір қасиеттері мен қабілеттерінің, оның ішінде адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы үшін аса қолайлы кезеңдер болады. Осындай көзқарастар тұрғысынан тұлғаның рухани-адамгершілік қалыптасуында өсу жасы кезеңдерінің рөлі де айқындала түседі.

Мәселен, С.Т.Шацкийдің [47] пікірі бойынша, балалық шақта жақсылық пен жамандық, қайырымсыздық немесе адамдар мен жануарларға қатысты немқұрайдылық, озбырлық, төзімділік, ерік және басқа да қасиеттер қалыптасады. Кейінірек, жасөспірім, бозбалалық шақта қалыптасатын қоғамдық мүдделерге көзқарас, отаншылдық іспетті қасиеттерді тұлғаның «әлеуметтік бағдарлылығы» деген терминге біріктіруге болады. Тұлғаның әлеуметтік бағдарлылығына қарағанда, қайырымдылық, ерік сияқты қасиеттердің тұрақтылығы басымдау.

Сонымен, тұлғаның мінез-құлқына, іс-әрекеттеріне әсер ететін психикалық ерекшеліктері мен қасиеттерінің қалыптасуы ол дүниеге келген сәттен басталып, өмір бойы жалғасады. Бірақ сонымен қатар баланың әр жасында, негізінде, бір немесе басқадай қасиетін қалыптастыруға болады.

Дербес сананың қалыптасуы өте ерте кезеңдерде тұлғаның табанды, мықты ерекшеліктерінің, мінез-құлқының енжар, өзгермейтін қасиеттерінің пайда болуына келтіргенмен, бірақ кейіннен олар сананың әсерімен, онда да адамның үлкен күш-жігер жұмсауының нәтижесінде, көптеген қиындықтармен түзелуі мүмкін.

Бұдан шығу жолын біз психологиялық жүйені өзгертуден көріп отырымыз, өйткені оған қалыптасқан қасиеттер салынған. Сөйтіп, оң, жағымды қасиеттерді күшейту, олардың ашылуы үшін жаңа мағына және мән беру арқылы теріс қасиеттерді бейтараптандыруға болады. Психологиялық жүйені өзгерту тәсілі тұлға қызметінің әлеуметтік бағытын өзгертуден, яғни оңай түзетуге болатын қасиеттерін күшейтуден тұрады. Осының негізінде ерік-жігер қасиеттеріне, мінездің жұмсақтығына, қайырымдылыққа жаңа серпін беріп, озбырлық пен қатыгездіктің жолын кесуге болады. Әртүрлі адамдар үшін ғана емес, сонымен қатар бір ғана адамның әртүрлі дамуы

¹ Импринтинг – импринтинг (ағылш. imprinting – есте сақталып, жатталып қалу). Бұл жерде тұлғаға әсер ететін сыртқы факторлар әсерінің есте сақталатыны және кейбір туабытты мінез-құлық қасиеттері жайында сөз болып отыр.

кезеңдеріне дербес іріктеліп алынған психологиялық-педагогикалық іс-шаралар кешенін жүзеге асыру қажет. Соған байланысты жоғары оқу орындарында кәсіптік бағдарлылыққа берілетін рөлдің де маңызы аз емес.

2.5. Жоғары оқу орындарындағы оқыту-тәрбие үдерісінің кәсіптік бағдарлылығы – болашақ ұстаздың адамгершілік-этикалық мінез-құлқын қалыптастырудың маңызды ұстанымы

Кәсіптік бағыттылық ұстанымы қызметтің кез келген түрінің өнімділігі үшін қажетті шарт болып саналады. «Бағыттылық» түсінігі: мамандыққа қызығушылық, онымен айналысуға бейімділік, мақсат, сол мақсатқа ынталандыратын уәждемелер, оған қатысты сезімдер туралы көзқарастарды қамтиды.

Жоғары мектеп – кәсіптік білім беретін оқу орны үшін кәсіптік бағдарлылық оқу-тәрбие үдерісінің барлық салаларында жүзеге асырылуға тиіс.

Сонымен, кәсіптік бағыттылықтың мәні неде?

Жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінің кәсіптік бағыттылығы – ол, біздің көзқарасымыз бойынша, *студенттердің дүниетанымын қалыптастыруға, оларды терең шығармашылық білімдермен және әдістемелік біліктілікпен, дағды-машықтармен қаруландыруға бағытталған құралдардың, әдістер мен амалдардың жиынтығы.*

Кәсіптік бағыттылықтың басты мақсаты – болашақ маманның тұлғасын қалыптастыру. Демек, кәсіби даярлықтың негізгі мәселесі – моральдық-этикалық мәселе, өйткені болашақ маманның нақ осы идеялық-этикалық қасиеті оның кәсіптік тәрбиесінің бағдарламасы болып саналады.

Кез келген салада жұмыс істейтін маманды тәрбиелеудегі кәсіпқойлық, мәселен, оның кейін кімдермен жұмыс істейтініне еш байланыссыз, студенттің бойына тиісті этикалық қасиеттерді сіңіру болып табылады. Себебі, барлық мамандықтар, оның ішінде мұғалім мамандығы, нәтижесінде, «адамдық» мамандық болып шығады, маман не істесе де, адам үшін істейді. Ал сондықтан оның *идеялық-этикалық қасиеті кәсіптік тәрбиенің бағдарламасы* болады. Әзірше ондай бағдарлама өзінің бастауын Гиппократ антынан алатын дәрігерлерде ғана болып отыр. Жоғары оқу орнын тамамдаған

жас дәрігерлер Гиппократтың: денсаулықты сақтау, қоғам сеніп берген биік ар-ұжданды жоғары бағалау, адамдардың табиғат берген күштерін сақтау туралы антын қабылдайды. Біздің ойымызша, мұғалімдер де өздеріне тиісті ант беруге тиіс.

Жас мұғалімнің анты

Сен, педагогикалық жоғары оқу орнының бүгінгі студенті, мұғалім мамандығына қарай өз жолыңды бастай отырып, қиындықтарға, бірақ ғажайыптарға да толы осы жолды саналы ойлап, өзіңнің жүрегіңнің кеңесін тыңдай отырып таңдағаныңа ант бер.

Ант беремін!

Ешқашан ашу-ызаға, реніш пен әбігерлікке жол бермейтініңе ант ет. Себебі, сенің айналанда балалардың өткір көздері, таза жандары, жылы жүректері бар. Олар саған ұқсағысы келетін адам бол.

Ант етемін!

Жоғары оқу орны қабырғасында өткізетін бес жылыңды білімге ұмтылуға арнайтынына, балалардың алдына құр алақан келмеу үшін, адамзат жинақтаған орасан мол байлыққа құрметпен қарауға ант бер.

Ант беремін!

Өзіңді Отаныңның азаматы ретінде ұстауға ант ет. «Бұны мен істемегенде кім істейді?» – деген ұйғарым сенің ұраның болсын.

Отаныңның болашағы сенің қолыңда екенін есінде ұста. Оның қандай болатыны сенің оқушыларыңның жандарын қалай ағартатынына байланысты.

Ант етемін!

Мейірімді, жанашырлық танытуға және көмек көрсетуге дайын болуға ант бер. Сенің мейірімділігің ізгілікті, жамандыққа, қатыгездік пен әділетсіздікке төзбейтін болсын.

Мұғалімнің игі іс-әрекеттері: қорғау, көмектесу, үйрету деген сөздерде жататынын ұмытпа!

Ант беремін!

Саны көп балаларды – өзіңнің оқушыларыңды, бауырың – ұстазыңды да жолда тастап кетпейтініңе ант ет. Барлықтарыңды бір тілек – бақытты болу үміті біріктіретінін есінде ұста.

Ант етемін!

Балаларыңа жүрегіңді ұсынатынына ант бер. Олар барлығын адамдарға қайтарады, еселеп қайтарады. Ал бұл – сенің жер бетіндегі ізің, сенің тіршілігіңнің мағынасы болады.

Ант беремін!

Кәсіптік бағыттылықты жүзеге асырудың өзгеше маңызды қыры – студенттердің жоғары оқу орнында оқыған кезең ішінде кәсіби қасиеттерін қалыптастырудың негізгі әдістерін айқындай отырып, болашақ маманның үлгісін, яғни *мамандық жазбасын* – профессиональная программа әзірлеу.

Мамандық жазбасын, болашақ маманның үлгілерін әзірлеу саласындағы зерттеулер соңғы жылдарда белгілі бір шамада қарқынды жүре бастады.

Болашақ мұғалімнің үлгісінде негізгі екі бөлімді ажыратуға болады.

Бірінші бөлім қоғамдық-саяси қасиеттерді біріктіріп, болашақ маманның мінез-құлқы мен қызметінің идеялық негізін құрайды. Оларға төмендегілер жатады:

- идеялылық пен сенімділік;
- қоғамдық борышты сезіну, азаматтылық;
- әлеуметтік белсенділік және жауапкершілік;
- көпшілікке арналған жұмыстарды атқара білу машықтары, адамдармен шығармашылық жұмыс атқара білу; ұжымдық іс-тәжірибені пайдалану және бағалау, айналадағы адамдардың пікірлеріне құлақ асу, қол жеткен жетістіктерді сын көзімен бағалау.

Мамандық жазбаның екінші бөлімі әлеуметтік-психологиялық, этикалық қасиеттерді қамтиды. Бұларға да кәсіптік маңызы бар қасиеттер жатады:

- тұлғаның педагогикалық қызметке қажеттілік ретінде көрінетін кәсіптік бағыттылығы;
- мұғалімнің әлеуметтік рөлі және қоғамдағы беделі туралы көзқарас;
- кәсіптік қырағылық;
- кәсіптік ой-қиял;
- ұйымдастырушылық қабілеттер: адамдарды тарта білу және олармен байланыс орнату, жаңа мүмкіндіктерге қызығушылық таныта білу, ойға алынған істі жүзеге асырудың сабақтастығын айқын белгілеу, адамдардың уақытын, күштері мен мүмкіндіктерін есепке алып, бөле білу; өзгеріп жататын жағдайларға байланысты дұрыс бағдар ұстануға көмектесу, қажеттілік туса, мінез-құлықты өзгерту;
- тұрақты рухани, бәрінен бұрын, танымдық қызығушылықтардың болуы;

- мінез-құлық қасиеті ретіндегі талапшылдық (талап етушілік);
- адалдық, табандылық, әділеттілік, қарапайымдылық, сөзге беріктік, елгезектік, сабырлылық.

Сонымен қатар болашақ мұғалімнің мамандық жазбасы психологиялық-кәсіптік даярлық талаптарын, арнаулы даярлықтың құрамы мен деңгейін, мамандық бойынша әдістемелік даярлықтың мазмұнын қамтиды.

Болашақ мұғалімдер даярлығының маңызды құрамдас бөлігі ретінде кәсіптік біліктілікті қалыптастыру мәселелерін зерттеу ерекше назар аударуды қажет етеді. Жасалатын мамандық жазбасында болашақ мұғалімге аса қажетті теориялық білімдер мен нақты, іс жүзіндегі біліктіліктер жүйесінің мазмұны айқындалуға; мұғалім міндеттерінің жекелеген түрлеріне қатысты кәсіптік біліктілікті қалыптастырудың мазмұны, түрлері мен әдістері жасалуға тиіс.

Болашақ мұғалім тұлғасының кәсіптік жазбасында аталған барлық қасиеттер оқу сабақтары мен тәжірибелерінің барша жүйесі арқылы, сонымен қатар студенттермен сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында қалыптасады.

Ал әзірше, қазіргі кезеңде, біз, өкінішке қарай, жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінің нашар кәсіптік бағыттылығы орын алып жатқанын айтуға мәжбүрміз.

Сонымен, жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үдерісінің кәсіптік бағыттылығы болашақ мұғалім тұлғасын адамгершілік-этикалық қалыптастырудың ғылыми негізделген мәнін құрайды, оның кәсіптік тәрбиесінің бағдарламасы болып табылатын моральдық-этикалық даярлық мәселелерін шешеді.

Кәсіптік бағыттылыққа және тәрбиенің басқа ұстанымдарына сүйену студент тұлғасын қалыптастырудың: сендіру, ынталандыру, мәжбүрлеу, жаттықтыру, үйрету, көтермелеу мен жазалау, жарыстыру, сын және өзіндік сын секілді әдістерін таңдап, айқындайды.

Сендіру – ол адамның жеке-дара сипат алған және әлемге, өзіне көзқарасын, тұлғаның бағытын айқындайтын көзқарастар мен ұстанымдардың ерекше түрі. Сендіру әдісінің көмегімен өте маңызды психологиялық қасиет – сенім қалыптасады.

Адамды сендіру – бір немесе басқа талапты оның ақыл-ойы өзінің іс-әрекеттерінде солай істеу керек пе, керек емес пе деп, соның дұрыстығына күмәнданбайтын, толқу сезінбейтін деңгейге дейін түсінуі дегенді білдіреді. Адамды сендіру – демек, оны белгілі бір

көзқарастардың шынайылығына сенуге, қабылдауға, өзінің шындыққа деген көзқарасы мен іс-әрекеттерінің ұстанымы етуге көндіру.

Сенімдерді қалыптастыру үдерісі тиісті психологиялық үдерістің психикалық жай-күйге, ал содан кейін тұлғаның тиісті қасиетіне өтуі арқылы жүзеге асады.

Сөйтіп, сендіру әдісі студенттердің санасына, сезімдеріне, сенімдері мен мінез-құлықтарына әсер етеді. Бұдан аталған әдістің ерекше пәрменділігін көреміз. Сендіру әдісі әңгімелесу барысында, дәрістерде, баяндамаларда, конференцияларда, пікірсайыстарда, кездесулерде қолданылады.

Ынталандыру мен мәжбүрлеу тәрбиенің жетекші әдістері емес. Ынталандырудың тәрбие әдісі ретіндегі негізінде студенттердің бойларында борыш және әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру жатыр.

Мәжбүрлеу – бір өзі, сендірусіз, тәрбиелеу шарты бола алмайды. Бірақ дегенмен барлық тәрбиелік іс-шараларда этикалық мораль ұстанымдары рухында лайықты мінез-құлықтың бұлжымас талаптарын алға тартудан басталатын мәжбүрлеу элементі бар. Кейбір авторлар, атап айтқанда, И.И.Кобыляцкий ректордың бұйрығын немесе жоғары оқу орны өмірінің дара басшылығы жүйесіндегі реттеуші әдісті мәжбүрлеу түрі ретінде қарайды.

Жаттықтыру әдісі студенттерді оқытушылар түсіндіретін мінез-құлық ережелері мен нормаларын орындауға үйретеді. Жаттықтыру – ол тұлғаның қалыптасуы мен дамуы үшін, тәрбиеленушілерді әртүрлі әрекеттерді, нақты істерді жоспарлы, ұйымдастырылған түрде орындату деген сөз.

Студенттердің моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін меңгеруі адамдармен араласу нәтижесінде де, оқыған кітаптарының, көрген кинофильмдерінің әсерімен және тағы басқадай жағдайларда іске асуы мүмкін.

Тәрбиедегі **үйрету** – ол тәрбиеленушілердің бойларында мінез-құлықтың қажетті машық-дағдыларын, әдеттерін іс жүзінде қалыптастыру.

Үйрету студенттерді нақты табиғи қызметке тартуды қажет етеді.

Көтермелеу мен жазалаудың, бәрінен бұрын, тәрбиелік сипаты басым. Бұлардың рөлі қосалқы: олар жетекші де, шешуші де болып саналмайды. Көтермелеу әдісінің негізгі психологиялық міндеті – ынталандыру, тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту. Көтермелеу шынайы болуға, студенттерді міндетті түрде алға ілгерілетуге, оларды

белгілі бір жетістіктерге жеткізуге тиіс. Көтермелеуге студенттердің өздерінің де қатысқаны жақсы болады.

Жазалау әдісі педагогикасы анағұрлым күрделі. Ол көбірек сақтықты және дәлелді көзқарасты қажет етеді. Міндетті түрде студенттің кінәсін түсініп, әділетті бағалау керек, өйткені жазалау әдісінің басты мақсаты – тұлғаның теріс қасиеттерін жою. Жазаға тарту айқын айып үшін ғана белгіленуге тиіс.

Педагогикалық фактілер мен жағдайлар ғана әсер ету құралдары мен әдістерін таңдау бағдары болуға тиіс. Осылар ғана тәрбиешінің іс-әрекеттерінің шынайылығы мен әділеттілігінің алғышарттары болып танылады.

Жоғары оқу орындарының қазіргі іс-тәжірибесінде тәрбиенің жарыстыру әдісі мен сын және өзіндік сын сияқты өзіне тән әдістері өз мағынасын жоғалтқан жоқ.

Қорытынды жасау барысында ұжым өміріндегі белсенділік пен өз күшімен әрекет ету секілді педагогикалық маңызды қағидаға да назар аудару қажет.

Сын және өзіндік сын әдісі студенттерді өздерінің іс-әрекеттерін және жолдастарының іс-әрекеттерін дұрыс бағалай білуге, олардың оң да, теріс те қылықтарын көруге үйретеді. Сынға және өзіндік сынға қабілетті болу жоғарырақ деңгейдің қасиетін – идеялық-саяси сенімділікті, қоғамымыздың алдындағы міндеттерді түсінуді, жауапкершілікті сезінуді білдіреді. Осындай идеологиялық алғышарттар болмаса, сын және өзіндік сын әдісін шын мәнінде пайдалану мүмкін емес.

Педагогикада әдістерді жіктеуде әлі де пікірлестік жоқ. Біз жалпылама дерлік әдістерге қысқаша тоқталып өттік: оларға шығармашылық және ұтымды қарау арқылы студенттердің жалпы, және, атап айтқанда, адамгершілік-этикалық тәрбиесінің кейбір міндеттерін табысты іске асыруға болады.

Сонымен, аталған әдістерді меңгеру және ары қарай өзінің нақты жұмысында жетілдіру – жоғары оқу орны оқытушысының қызметіндегі ең маңызды нәрсе болып саналады. Сол үшін оқытушы студенттердің ішкі жан-дүниесіне терең бойлап, студент ұжымының психологиялық ерекшеліктерін, оның қалыптасуындағы ерекшеліктерді танып, білуге тиіс. Себебі, қазіргі заманғы студенттік шақ – бұрынғыша жастардың саны көп жасақтарының бірі.

Әлеуметтанушылардың, педагогтар мен психологтардың анықтамасы бойынша, *студенттік шақ* – ол белгілі бір әлеуметтік

маңызды ұмтылыстармен және міндеттермен сипатталатын ерекше әлеуметтік өмір.

Жастық шақтың жоғары оқу орнында оқу уақытымен тұспа-тұс келетін екінші кезеңінің (17-20 жас) бірқатар елеулі ерекшеліктері мен қарама-қайшылықтары бар.

Бозбалалық шақ – ол тұлға аса қарқынды өсіп, жетілетін кезең. Студенттік жаста қалыптасқан психикалық, идеялық және азаматтық кемелдік жас жігітті немесе қызды жоғары оқу орнының қабырғасында қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында жоғары кәсіптік және әлеуметтік рөлдер орындауға дайындық алатын әлеуметтік белсенді тұлғаға айналдырады.

Студенттік жасқа сезімталдық, мұратқа, романтика мен шындыққа ұмтылушылық іспетті психологиялық ерекшеліктер тән.

Студенттік жас адамның ақыл-ой мен зияткерлігі мүмкіндіктерін дамыту үшін аса жемісті болып саналады. Соған байланысты оның: оқу, өнер мен спорт, қоғамдық қызмет және жеке өмірін ұйымдастыру сияқты қызығушылықтарының ауқымы кеңейеді.

Бірақ осы ізгілікті жастың өзіне тән қиындықтары, қарама-қайшылықтары да бар. Белгілі совет психологы Ю.Я.Самарин студент жастардың дамуындағы кейбір қарама-қайшылықтарды атап өтеді:

1. *Әлеуметтік-психологиялық қарама-қайшылық.*

Ол – студенттердің ақыл-ойлары мен дене күштерінің және уақыттың қатаң шектеулілігі, жас қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін экономикалық шектеулі мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылық.

2. *Білім алу саласында дербестікке ұмтылу және белгілі бір саланың маманын даярлаудың жеткілікті қатаң түрлері мен әдістері арасындағы қарама-қайшылық.* Бұл – дидактика саласының қарама-қайшылығы: ол оқу үдерісінің нәтижелеріне студенттер мен оқытушылардың қанағаттанбауына келтіре алады.

3. *Ақпараттың орасан көп саны туғызатын қарама-қайшылық.*

Олар әртүрлі арналар арқылы түсіп, студенттердің білімдерін кеңейтеді, бірақ сонымен қатар ақпараттың көптігі жеткілікті уақыттың болмайтыны, оған қоса, оны ой елегінен өткізіп, қорыту ниетінің жоқтығы білімдердегі үстірттікке келтіруі мүмкін және, тұтастай алғанда, студенттердің білімдері мен біліктіліктерін, қызығушылықтарын тереңдету үшін, оқытушының арнайы, қосымша жұмыс атқаруын қажет етеді.

Әсіресе төменгі курс студенттерінің тұлғасынан көп қарама-қайшылықтар байқалады. Мәселен, бірінші курс студентін: өзіндік талдау жасауға және өзін-өзі бағалауға, өткір сынға, басқа адамдарды сынауға, көп жағдайда өзіне деген ішкі сенімсіздікке келтіретін өткір өзіндік сынға ұмтылу қасиеті сипаттайды. Жастық шақтың екінші кезеңі жастардың бағалауының барынша көптігімен және үзілді-кесілді шешімімен, әрі ол бағалаудың әрдайым дұрыс бола бермейтінімен ерекшеленеді.

Жоғары курс студенттерімен атқарылатын жұмыстың да өз қиындықтары бар. Олардың ішінде, көптеген зерттеушілердің пікірінше, үшінші курс ерекше назар аударуды қажет етеді. Ол адамның кемелденуінің бірінші кезеңіндегі ерекше бозбалалық жас деп саналады. Үшінші курс студенттерінің негізгі жиыны – жиырма жасқа жеткен жастар. Көпшіліктері осы жаста отбасыларын құрып жатады. Психологиялық тұрғыдан әрбір студент осы кезде есте сақтау, назар салу және басқадай қабілеттерінің төмендеуі жағдайына тап болады. Аталған психологиялық ахуалдар деңгейінің сырттай төмендеуі студентті күйзеліске түсіріп, жолдастарымен араласуға қызығушылығын жояды.

Студенттік шақтың барлық қиындықтары мен қарама-қайшылықтарына қарамастан, жоғары оқу орнының оқытушысы, кураторы студент тұлғасының дамуын тиімді басқаруға, оның жеке ерекшеліктерін ескеруге, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуын қадағалауға тиіс.

Студенттердің моральдық қасиеттерінің қалыптасуы үшін студенттік топта орнайтын, маңызды рөл атқаратын адамгершілік қатынастарды алты топқа бөлуге болады (В.П.Гаврилов):

- тікелей ұжым ішіндегі қызметті сипаттайтын адамгершілік қатынастар (оқу сабақтары, өндірістік жиналыстар және басқалары);
- ұжымнан тыс өтетін қызметті сипаттайтын адамгершілік қатынастар (студенттік құрылыс жасақтары);
- ұжым ішінде де, одан тыс та қалыптасатын адамгершілік қатынастар (мысалы, мәдени жорықтар);
- тікелей ұжым мүшелері арасында, ұжым басшылығы – топ жетекшісі, кәсіподақ басшысы және ұжым мүшелері арасында пайда болатын адамгершілік қатынастар;
- студенттер ұжымының екі, үш немесе одан көп мүшелерінің арасында басқа шағын топтармен орнайтын топтық адамгершілік қатынастар;

- қарапайым және күрделі адамгершілік қатынастар (студенттік топтағы байланыстардың мазмұны мен санына қарай).

Топтардың саны мен олардың сатыланушылығына қатысты, автормен (В.П.Гаврилов) келісуге немесе келіспеуге болады, бірақ адамгершілік қатынастардың құрылымын осылай бөлшектеуге тырысу әрекетінің өзі жоғары оқу орны қызметкерін студенттер ұжымын, А.С.Макаренко анықтамасы бойынша, тұлғаны адамгершілік мінез-құлыққа жаттықтыратын спорт залы болып табылатын ұжымды басқару ісінде белгілі бір ғылыми негіздермен қаруландыра алады. Бұл жерде көп нәрсе мұғалімнің педагогикалық өзіндік қасиеттеріне де байланысты.

2.6. Оқытушының педагогикалық өзіндік қасиеттері – студенттердің адамгершілік тәрбиесінің маңызды факторы

Педагогикалық қызметтің табыстылығы көбінесе мұғалімнің кәсіптік біліктілігі деңгейі, **моральдық бейнесі, адамгершілік ұстанымы** арқылы қамтамасыз етіледі. Сондықтан мұғалімнің өзінің тұлғасының адамгершілік тұрғысынан қалыптасуы, оның кәсіптік-этикалық даярлығы мәселелері мектеп қызметінің тиімділігін көтеру ісінде айқындаушы болған және білім беру саласының адамгершілікке құрылуының қазіргі заманғы кезеңінде солай болып қалып отыр.

Әдебиетте: Я.А.Коменский, К.Д.Ушинский, Ы.Алтынсариндерден бастап, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинскийлермен және өткен замандардың және қазіргі уақыттың басқа да көптеген ұлы педагогтарымен аяқтағанда, мектеп мұғалімі туралы аз айтылмағаны бәрімізге белгілі. М.Горький, мысалы, мұғалімдерді қандарында күн сәулесінің тамшысы бар адамдар ретінде бағалаған.

Ал осы күн сәулесінің жоғары мектеп қабырғаларында қалай жарқырауға тиістігі және жоғары оқу орнының оқытушысы жайында тым жеткіліксіз айтылады. Бірақ дегенмен жоғары оқу орнының педагогикасы бойынша іргелі еңбектер жазған авторлар (Б.Г.Ананьев, Н.В.Кузьмина, З.Ф.Есарева, Э.А.Гришин, М.А.Кашутин, Н.Д.Хмель, М.А.Құдайқұлов және басқалары) жоғары оқу орны қызметкерлеріне ЖОО-ның тәрбие беру үдерісінде қашанда басты тұлға болған және солай болып қалып отырған оқытушы қызметінің ерекшелігін жете түсінуге тікелей немесе жанама түрде көмектесуге тырысады. Ал тәрбие беру үдерісінің міндеттерін шешудің табыстылығы, бірінші

кезекте, оқытушы тұлғасына, оның өзіндік жеке қасиеттеріне байланысты. Себебі, тәрбие ісінде, К.Д.Ушинскийдің сөзімен айтқанда, барлығы тәрбиеленушімен бетпе-бет тұратын тәрбиешінің тұлғасына негізделеді, ал тәрбиеші тұлғасының ықпалы мен әсері ештеңемен ауыстыруға келмейтін күн сәулесінің шуағына ұқсайды. Ал тәрбие үдерісінде барлығы тәрбиешінің тұлғасына негізделетіндіктен, студенттің адамгершілік мәдениетінің қалыптасуына тікелей есер ететін оның педагогикалық жеке қасиеттерінің мәнін жете ұғынып алуымыз керек. Педагогтің жеке қасиеттерін не құрайды?

Педагогтің даралығы, оның жеке қасиеттері – ол, біздің көзқарасымыз бойынша, тәрбиеші тұлғасына тән, оның тәрбиелік қызметінің әр алуан: бәрінен бұрын, оқыту үдерісін ұйымдастыру, студенттердің ғылыми жұмыстарына басшылық жасау, дербес тәсілдерді жүзеге асыру, тәрбиенің нәтижелерін алдын ала дұрыс көре білу және соған байланысты тиімді педагогикалық шаралар қабылдау сияқты түрлерінен көрінетін жеке-дара қасиеттер.

Жоғары мектеп оқытушысы тұлғасының, оның педагогикалық жеке қасиеттерінің тәрбиелік әсері көптеген факторлар арқылы айқындалады. Бұл – оның әлеуметтік белсенділігінің деңгейі: жұмысқа, саяси өмірге, қоғамға және айналасындағыларға көзқарасының сипаты және жалпы мәдениетінің, ықылас-қалауларының кеңдігі, ал, түптеп келгенде, мәдениеттілігінің, зиялылығының деңгейі. Мәселен, «мұғалімнің зиялылығы» түсінігіне қатысты, Мариэтта Шагиняннің еңбегінен: «ол – мұғалімнің мәдениеті, біліктілігі, әдептілігі және әуес ісі» деген анықтама табуға болады. Зиялылықтың ондай анықтамасы, біздің ойымызша, тең дәрежеде ғана емес, толық, үлкен дәрежеде жоғары оқу орнының оқытушысына арналуға тиіс. Екіншіден, оқытушы тұлғасының тәрбиелік әсері, әлбетте, оның кәсіби даярлығының деңгейімен: кәсіптік шеберлігімен, ғылыми біліктілігімен, теориялық қабілеттерімен, сендіре білу және үлгі бола білу, студенттерді тиісті мінез-құлық пен қызметке ынталандыра білу қабілетімен айқындалады. Ақыр соңында, мүмкін, бірінші кезекте, оқытушының педагогикалық қасиеттерінің тәрбиелік әсері оның адамгершілік-этикалық қасиеттерімен айқындалатын шығар, өйткені студенттердің оларға бейжай қарамайтынын: «Оқытушының қандай қасиеттерін көбірек бағалайсыңдар?» – деген анкета сұрағына берген жауаптарынан көруге болады. Бәрінен бұрын, сабақ беру шеберлігімен қатар, студенттер оқытушыға тән отыздай жағымды қасиеттерді:

оның ішінде адамгершілік, әділеттілік, мейірімділік пен қаталдық, жоғары мәдениеттілік пен қарым-қатынас орнату талантын атаған. Оқытушының адамгершілік-этикалық қабілеттері ретінде қарым-қатынас орнату талантын бөлек көрсетіп, студенттер, дау жоқ, дұрыс істейді, өйткені егер біз тұлғаның дамуы мен қалыптасуы негізінде білімдерді, қарым-қатынастар мен іс-әрекеттерді игерудің шынайы үдерісі жатыр деп есептесек, онда *оқытушының студенттермен қарым-қатынасы педагогикалық тәрбие үдерісінің негізге алына-тын мәнін құрайды*. Оқытушы тұлғасының тәрбиелік ықпалы мен әсерінде: оның жеке-дара мінез-құлқының, ойлауының, сезімдері мен еркінің, жігерлілігінің, оның қызығушылықтары ауқымының, өзін-өзі ынталандыруы деңгейінің, адамгершілік мінездерінің, сыртқы түр-келбетінің сипаты, эстетикалық, этикалық мәдениетінің ерекшеліктері де маңызды. Мұғалім тұлғасының, – сөздің жоғары мағынасында, – сабақ беру барысындағы адамгершілік-тәрбиелік әсері күшінің терең сипаттамасы жоғары оқу орны оқытушысына қатысты да айтылғанын тағы да М.Шагинянның: Мұғалімнің мәдениетті бет-келбеті, оның білімдерінің ауқымдылығы студенттердің тың қабылдауына мыңдаған көзге көрінбейтін реңктермен беріледі.

Осындай бай қорды басқа ғылымдардан, ұстаздың кездейсоқ шегіністерінен, жеке тәжірибесінен алынған әңгімелерден, оқыған көптеген кітаптардан келтірген үзінділерден, үлкен ғалымдардың өмірбаяндарынан айтылған естеліктерден, жақсы үйретілген орыс тілі мәдениетінің өзінен, оқытушының әңгіме құру шеберлігінен, асқақ та шешен сөйлеуден қорықпайтын көтеріңкі, көпбейнелі сөздігінен, ізгілікті тәрбиесінің, жақсы білімінің барлығынан қоса алғанда, мұғалімнің өзі барша болмысымен сабаққа сән мен тартымдылық қосқанда, білімдерді шынайы беру үшін, осы қосалқы дерлік факторлар шын мәнінде маңызды рөл атқарады», – деген сөзінен байқауға болады [43].

Өлбетте, жоғарыда аталған факторлар тіпті де оқытушының педагогикалық дара қасиеттерінің барша тереңдігін сарқа көрсете алмайды: оларды басқаларды тәрбиелеу үшін қызмет ететін тұлғаның негізгірек қасиеттерін шартты түрде саралау деп қана қарау керек.

Сонымен, оқытушының тұлғасы, оның адамгершілік ұстанымдары мен сенімдері, кәсіптік біліктілігі мен ғылыми білімділігі, сырт келбеті мен қарым-қатынас мәдениеті – осының барлығының студенттерге өзгеше үлкен тәрбиелік әсері бар. Ал жоғары оқу орындарындағы

сабақтардың барлық түрлері – ол педагог-тәрбиешінің студенттік аудиториямен тікелей қарым-қатынасының бір түрі. Оның әуес ісі, айталық, оқытушының театрға, музыкаға, сурет салуға, көркем әдебиетке қызығушылығы тұлғаны тиімді толықтырып, сезімдердің басқа айшықты бояуларымен, қосымша білімдермен, шығармашылық қабілеттерімен толтырады. *Әуесқой адам ғана басқалардың әуесқойлығын оята алады.*

Оқытушының педагогикалық қасиеттерінің тәрбиелік әсерінің аса маңызды адамгершілік-этикалық мәселесі болып *оның беделінің мәселесі* – жеке қасиеттері, идеялық сенімі, сезімдері ғана құра алатын моральдық мәртебесі танылады.


В.А.Сухомлинский атап өткендей, тәрбиешінің сезімдері, оның адамды жақсырақ, биігірек етуге ұмтылысы – рух беретін, сенімділік ұялататын, «мінез-құлық үлгісін» көрсететін күш, негізгі ұстанымдар немесе, бүгінгі күні айтылып жүргендей, құндылық бағдарлары болуға тиіс.

Шын мәнінде, оқытушы студенттер үшін – белгілі бір ғылым саласының маманы – филолог, математик немесе тарихшы емес. Ол – тірі тұлға, өзіне тән әлеуметтік тәжірибесі, нақты қызмет тәсілдері, талғамдары бар, мүдделері мен өмірлік құндылықтары қайталанбайтындай үйлесіп жататын адам. Өмірлік тәжірибесі бай, қызығушылықтарының ауқымы кең болған сайын, оқытушының өзінің тәрбиеленушілеріне тәрбиелік ықпалы соншалықты пәрменді, ал ұстаздың беделі жоғары болса, А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда, студенттер оған толық, даусыз сеніп, сөзсіз бағынады, қуана-қуана еліктейді және қалтқысыз сенеді. Жоғары оқу орны оқытушысының педагогикалық қасиеттеріне жасалған жоғарыдағы талдаудың мазмұнын біз студенттерге тәрбиелік ықпал етудің маңызды факторы ретінде қарап, дау жоқ, шартты, үлгі іспетті сипаты бар, бірақ оның адамгершілік-этикалық мәнін қорыта жүйелеп және көрнекі таныстыруға мүмкіндік беретін құрылымдық сызбанұсқа түрінде әзірлеп, ұсынуға тырыстық. Ол:

- Оқытушының мамандық жазбасы – профессиограммасының құрамдас бөліктерінің құрылымдық сызбанұсқасы.
- № 1-үлгі – оқытушының жеке-дара қасиеттері.
- № 2-үлгі – оқытушының кәсіптік-этикалық қасиеттері.
- № 3-үлгі – оқытушының кәсіптік-іскерлік қасиеттері.

2-сызбанұсқа


Оқытушының мамандық жазбасы – профессиограммасының құрамдас бөліктерінің құрылымы



№ 1-үлгі. Оқытушының жеке-дара қасиеттері

Қоғамдық-саяси қасиеттері	Моральдық және адамгершілік қарым- қатынас қасиеттері	Тұлғаның психологиялық қасиеттері
↓	↓	↓
Идеялық сенімділік	Адалдық және шыншылдық	Бастамашылық, батылдық және әуестенушілік
Азаматтылық, отаншылдық, интер- национализм	Шынайылық және қарапайымдылық	Жарқынжүзділік, әзіл- оспақты түсіне білу
Әлеуметтік белсенділік, жауапкершілік	Адамшылық пен қайырымдылық	Өзін-өзі тәрбелеу деңгейі
Бұқаралық-саяси жұмыстың дағдылары	Табандылық және талапшылдық	Қызметті өздігінен ұйымдастыру деңгейі
Еңбекке шығармашылық көзқарас	Кішіпейілділік, ықыластылық	Педагогикалық қырағылық және назар аударушылық
Ұжымдаса еңбек ете және әрекет ете білушілік	Әділеттілік және әдептілік	Педагогикалық ой-қиял
Қол жеткен табысты сын көзбен бағалай білушілік		Сезімдік мәнерлілік, әртістік өнер
		Тәртіптілік

№ 2-үлгі.
Оқытушының кәсіптік-этикалық қасиеттері



№ 3-үлгі.
Оқытушының кәсіптік-іскерлік қасиеттері

Әлеуметтік-педагогикалық
қабілеттер



Рухани мәдениет, біліктілік
зиялылық

Ғылыми білімдарлық

Теориялық қабілеттер

Қарым-қатынас
орнату қабілеті

Ұйымдастырушылық
қабілет

Сындарлы қызметтік
қабілеттер

Танымдық қабілеттер

Кәсіби
каруланушылық



Теориялық білімдер деңгейі

Сабақ беру әдістерін меңгеру

Студент тұлғасын және оның жеке
өмірін білу

Тәрбиелік әсер ету әдістемесін,
педагогикалық техниканы меңгеру

Оқытушының «Сөйлеу қабілеті»
(К.Д.Ушинский)

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Педагогикалық этиканың зерттейтін саласы қандай?
2. Педагогикалық еңбек неге жан-жақты?
3. Педагогикалық этика ұстанымдарын атаңыз.
4. Педагогикалық адамгершілік ұстанымының маңызы неде?
5. Педагогикалық жанқиярлық ұстанымын қалай түсінесіз?
6. Педагогикалық этиканың негізгі құрамдас бөліктерін атаңыз.
7. Тұлғаның адамгершілік-этикалық қалыптасуының қандай психологиялық мәселелері бар?
8. Жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінің кәсіптік бағыт-тылығының мәні неде?
9. Болашақ мұғалім тұлғасын қалыптастыру әдістерін атаңыз.
10. Сын және өзіндік сын әдісіне қандай талаптар қою қажет?
11. ЖОО оқытушысының педагогикалық қасиеттерін не құрайды?
12. Педагогикалық этика бойынша рефераттар тақырыптары топта-масын жасаңыз.
13. «Менің болашақ мамандығым» тақырыбына шығарма жазыңыз.

ТЕСТІЛЕР. ДҰРЫС ЖАУАБЫН ТАҢДАҢЫЗ:

1. Адамның дүниеге, өзіне, тұлғаның бағытына деген пікірін айқындайтын көзқарастары және ұстанымдары:
 - а) мәжбүрлеу
 - ә) жаттықтыру
 - б) ынталандыру
 - в) сендіру
 - г) көтермелеу
2. Мазмұнына мұғалімнің тиісті идеялық көзқарастары мен ұстанымдары кіретін қағида:
 - а) идеялық мақсаттылық
 - ә) отаншылдық
 - б) адамгершілік
 - в) педагогтің болашаққа сеніммен қарауы
 - г) педагогтің жанқиярлығы

3. Негізінде жас ұрпақты болашақ қызметке даярлау ісінде моральдің қатысуы жататын міндет:

- а) өмірлік-бағдарлық
- ә) тәрбиелік
- б) қарым-қатынастық
- в) реттеушілік
- г) танымдық

4. Тұлға дамуының жоғарғы мақсаты ретінде әрекет ететін биік құндылық:

- а) сенім
- ә) көзқарастар
- б) білімдер
- в) мұрат
- г) ұстаным

5. Педагогикалық қызметте онсыз қол жеткізу мүмкін емес адамгершілік қасиет:

- а) ерлік
- ә) батылдық
- б) риясыздық
- в) еңбекқорлық
- г) бірбеткейлік

6. Адамдардың өз еліне көзқарасын айқындайтын, әдетте, Отанға сүйіспеншілік деп аталатын қоғамдық және адамгершілік ұстаным:

- а) отаншылдық
- ә) адамгершілік
- б) ұжымшылдық
- в) болашаққа сеніммен қарау
- г) интернационализм

7. Мұғалімнің өз сезімдері мен іс-әрекеттерін бақылауда ұстау қабілетінен көрінетін өзіндік бақылау формаларының бірі:

- а) өзіндік бағалау
- ә) жанқиярлық
- б) өз күшімен әрекет ету
- в) өзін сүю
- г) ұстамдылық

8. Оқытушының адамшылығын көрсететін санат:

- а) қатыгездік
- ә) зорлық-зомбылық
- б) адамгершілік
- в) дәрекілік
- г) іштарлық

9. Оқушылардың өз мінез-құлықтарын және айналасындағылардың мінез-құлықтарын дұрыс бағалай білуге, олардың жағымды және жағымсыз жақтарын көре білуге үйрететін әдіс:

- а) көтермелеу
- ә) жазалау
- б) үйрету
- в) сын және өзіндік сын
- г) мәжбүрлеу

10. Мұғалімді өзіне, күшіне, оқушысына деген сеніммен қаруландыратын педагогикалық этика ұстанымы:

- а) педагогтің жанқиярлығы
- ә) педагогтің адамгершілігі
- б) педагогтің болашаққа сеніммен қарауы
- в) идеялық мақсаттылық
- г) отаншылдық

11. Бір адамды екіншісінен ажыратып тұратын санат:

- а) тұлға
- ә) жеке қасиеттер
- б) дара тұлға
- в) адам
- г) лауазым

12. Адамның мінез-құлқын түсіндіретін, психологиялық сипаты бар себептер жиынтығын қандай қасиеттің көмегімен айқындауға болады?

- а) ерік
- ә) сезім
- б) уәждеме
- в) жігерлілік
- г) мінез

13. Мақсаты тәрбиеленушілердің бойларында қажетті дағдылар мен машықтар, мінез-құлық әдеттерін іс жүзінде қалыптастыру болып саналатын тәрбие әдісі:

- а) көтермелеу
- ә) жазалау
- б) үйрету
- в) сын және өзіндік сын
- г) мәжбүрлеу

14. Оқытушының кәсіптік қаруланушылығы төмендегіде көрінбейді:

- а) теориялық білімдер деңгейінде
- ә) оқыту әдістерін меңгеруде
- б) студент тұлғасын және өмірін зерттеп, білуде
- в) сында
- г) тәрбиелік әсер ету әдістемесін, педагогикалық техниканы меңгеруде

15. Педагогикалық этика ұстанымы болып не саналмайды?

- а) кәсіптік жанқиярлық
- ә) кәсіптік ынтымақтастық және ұйымшылдық
- б) кәсіптік адамгершілік
- в) педагогтің болашаққа сеніммен қарауы
- г) беделділік

16. Оқытушының қоғамдық-саяси қасиеттеріне төмендегі жатпайды:

- а) шынайылық және қарапайымдылық
- ә) идеялық сенімділік
- б) азаматтылық, отаншылдық, интернационализм
- в) әлеуметтік белсенділік, жауапкершілік
- г) көпшілік-саяси жұмыстың дағдылары

17. Оқытушының адамгершілік және қарым-қатынастық қасиеттеріне төмендегі жатпайды:

- а) идеялық сенімділік
- ә) адамшылық және қайырымдылық
- б) табандылық және талап етушілік
- в) кішіпейілділік және ықыластылық
- г) шынайылық және қарапайымдылық

18. Оқытушы тұлғасының психологиялық қасиеті төмендегіде көрінбейді:

- а) педагогтің қырағылығы мен назар аударушылығында
- ә) педагогтің ой-қиялында
- б) оқытушының сезімдерін білдіруінде, әртістік өнерінде
- в) әлеуметтік белсенділігінде, жауапкершілігінде
- г) тәртіптілігінде

19. Мораль – ол төмендегі ғылымдардың зерттейтін нысаны:

- а) психология
- ә) биология
- б) этика
- в) әлеуметтану – социология
- г) эстетика

20. Оқытушының әлеуметтік-педагогикалық қабілеттеріне төмендегі жатпайды:

- а) студент тұлғасын және өмірін зерттеп, білу қабілеті
- ә) қарым-қатынас орнату қабілеті
- б) ұйымдастырушылық қабілеті
- в) сындарлы қызметтік қабілеті
- г) танымдық қабілеті

ІІІ БӨЛІМ. ПЕДАГОГТИҢ АДАМГЕРШІЛІК МӘДЕНИЕТІ

3.1. Тұлғаның адамгершілік бағыттылығы педагогтің адамгершілік мәдениетінің негізі ретінде

Педагог тұлғасының бағыттылығы көпқырлы. Оны құрайтын құндылық бағдарлар төмендегідей:

- 1) өзіме бағытталу – өзімді таныту: мені басқалар білімді, талап-шыл мұғалім деп тануы үшін;
- 2) педагогикалық әсер ету құралдарына бағытталу;
- 3) оқушыға, оқушылар ұжымына бағытталу;
- 4) педагогикалық қызмет мақсаттарына: адамгершілік стратегиясына, қызмет тәсілдері мен нысанын шығармашылықпен түрлендіруге бағытталу.

Педагог үшін, бағыттылықтың барлық түрлері үйлесімді шоғырландырылған жағдайда, мақсатқа жетекші бағыттылықтың (қызметтің адамгершіліктілігі) болғаны маңызды. Бұл жерде оқытушының өзін-өзі лайықты көрсете алуы, мақсатқа сай амал-құралдар, оқушылардың қажеттіліктерін ескеруі туралы сөз болып отыр. Бірақ болашақтың алдында жауапкершілік сезіну, оқушыларға саналы қамқорлық пен сүйіспеншілік орнаған жағдайда ғана педагогикалық шеберлік қалыптаса бастайды.

Сонымен, педагог тұлғасының адамгершілік бағыттылығы негізінде екі құштарлық: оның оқытатын *пәнін жақсы көруі және оқушылармен араласуға қажеттілік, оларға деген сүйіспеншілік* жатуға тиіс.

Адамгершілікке құрылған педагогика ғасырлар бойы оның ең озық өкілдерінің көзқарастары арқылы бастапқы этикалық нормалар ретінде балаларға сүйіспеншілікті атап келді. Дегенмен балаға сезімдік-құндылық көзқарас әртүрлі көрініс тапты. Ж.Ж.Руссо, Л.Толстой, Р.Штайнер үшін балаларды сүйу – олардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес, өздерін шығармашылық жағынан танытуына барынша бостандық беру дегенді білдіретін. И.Г.Песталоцци мен Януш Корчак: «Балалар үшін, бірақ барлық қуаныштары мен реніштерін бөлісе жүріп, олармен бірге өмір сүру қажет», – деген ұстанымға берік болған-ды. Р.Оуэн, А.С.Макаренко өздерінің тәрбиеленушілеріне қамқорлық жасай отырып, оларды қазіргі өмірде де, келешек өмірде де бақытты болуға үйретуге ұмтылды.

Педагогикада қатаң әдістерді жақтаушылар не айтса да, өзара жақындасу, жақсы көру, қамқорлық жасау сияқты ізгі істерсіз педагогтің балалармен рухани бірлігіне қол жеткізу мүмкін емес. Бұны В.А.Сухомлинский *оқу-тәрбие үдерісінің бас-аяғы* деп әділетті атаған.

Соған байланысты, кейінгі Ортағасыр дәуірінің өзінде-ақ барлық балалар мекемелері «адамгершіліктің шеберханасы» болуға тиіс деп санаған Я.А.Коменскийдің пікіріне құлақ асқанымыз жөн. Кейіннен бұл жайында: И.И.Бецкой, Н.И.Пирогов, П.П.Блонский, М.Монтессори жазған-ды. Адамгершілікті талап ету, яғни балаларға қырағылықпен, қамқорлықпен, мәпелеп қарауды талап ету, жалпы алғанда, бүгінгі күні де өзекті мәселе болып отыр, өйткені эконмикалық тұрақсыздық, мәдениетке қарсы көзқарастар, әлемнің тұрақсыздығы жағдайында жас ұрпақ ерекше қамқорлыққа, қорғауға мұқтаж.

Балалар мекемелерінде тәрбиеленушілерге адамгершілікті болу – демек, олардың *денсаулығын нығайту*, жас, жыныс және жеке-дара ерекшеліктерін ескере отырып, *денелерінің толыққанды шынығуы мен рухани дамуы үшін жағдайлар туғызу* деген сөз.

Педагогтің адамгершілігі білім-тәрбие беру, балалық шақты қорғау туралы отандық және халықаралық құжаттарда бекітілген *балалардың құқықтары мен бстандықтарын бұлжытпай сақтаудан* да көрінеді.

БҰҰ-ның Балалар құқықтары туралы конвенциясында *әрбір баланың толыққанды білім алуға, өнермен, спортпен айналысуға, өзінің жеке пікірі болуына құқылы* екені айтылған.

Януш Корчактың балалар үйлеріндегі жарғыларында тәрбиеленушілердің көптеген құқықтарының арасында: баланың ойын ойнауға, құпиясының болуына, өз мәселелеріне мұқият көңіл бөлуге, қарсылық білдіруге, сондай-ақ өзі кім болса, сол болуға құқы бар екені аталған. Балаларға қатысты кез келген зорлық-зомбылық, күштеу әрекеттеріне: бөтен пікірді мойындату, жеке қадір-қасиеттерін кемсіту, ұрып-соғып жазалау, бостандығын шектеу, тамақтан қағу, ұйықтатпау сияқты теріс істерге жол берілмейтіндігін ерекше атап айту керек. Бұл нормалардың теңдей шамада қоғамдық және отбасылық тәрбиеге де қатысы бар.

Педагогтің тәрбиеленушілермен қарым-қатынастарында байқалатын этикалық қасиеттер ауқымы кең және алуан түрлі. Арнайы зерттеулер, мысалы, жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларының мұғалімнің бойындағы: әдептілік, мейірбандық, әділеттілік, балалардың қиындықтарын түсіну, оқушыға бағдарламалық мате-

риалдарды меңгеруі үшін көмектескісі келетін ниеті, кішіпейілділік, адалдық, еңбекқорлық, сабырлылық, оқушының танымдық қасиеттеріне сену, төзімділік, талап қоюшылық және басқа да кәсіптік маңызды қасиеттерді бағалайтынын көрсетеді. Бірақ тәрбиеленуші бағалайтын ең басты қасиеттер – мұғалімнің *жан-дүниесінің кеңдігі, шынайылығы және жылы, жайдары қарым-қатынастары. Педагогиканың адамнан аналық мейірімге жақын қасиеттерді талап ететінін* режиссер, профессор М.О.Кнебель өте дұрыс айтқан. «Педагогика поэзиясы» атты кітабында ол ананың баласына қолында бардың ең жақсысын беретінін, ал педагогтің оқушыларына тәрбие мен білім беру үшін жанын салатынын жазған. Мамандықтың ішкі мағынасы да осыдан көрінеді.

Педагогтің жанын салуы қиын да, қуанышты да. Қиын болатыны – ол ұстаздан жанның күшімен қатар, орасан үлкен дене күшін де салуды қажет етеді. Ал қуанышты болатыны – есесіне педагогтің барлық шығындарын да, қиындықтары мен азаптарын да артығымен өтейтін жас энергияның мол ағынын алатыны.

Бала тұлғасының отбасында және балалар мекемесінде қалыптасуына қойылатын педагогикалық талаптардың бірлігін қамтамасыз ету үшін, жас мұғалім мен тәрбиеші қарым-қатынастың, араласудың, оның ішінде қарамағындағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен сөйлесудің дұрыс стилі мен мәнерін таңдағаны жөн: ол баланың әкесін немесе анасын «қиын баланы» жаман тәрбиелегені үшін жазғырмауға, өсиет айтудан бас тартуға, пайда болған кикілжіңді және оны шешу жолын сабырмен, сенімді түрде түсіндіруге тиіс. Ал бастысы – ұстаз тұрақты түрде әлеуметтік-сауықтыру жұмысын жүргізіп, отбасы мен мектептің жемісті ынтымақтастығының тиімді жолдарын іздестіруі қажет.

Сонымен қатар педагогтің жұмыс бойынша әріптестерімен өзара қарым-қатынастарының «этикалық кодексі» бар. Таяу болашаққа көз жүгіртіп өтейік. Өзіңізді мынандай жағдайда елестетіп көріңіз: сіз, жас маман, жоғары оқу орнының немесе колледждің түлегі, жаңа педагогикалық ұжымға жұмыс істеуге келдіңіз дейік.

Төмендегідей бірнеше ережені ұстануға кеңес береміз:

– Осы мекемеде жылдар бойы қалыптасқан жұмыс түрлері мен тәртібін сынға алуға және сол бойда бір немесе басқа жаңа әдістерді ұсынуға асықпаңыз. Ұжымдағы жағдайды, әріптестеріңіздің, яғни әртүрлі ұрпақ өкілдерінің жетістіктері мен кемшіліктерін мұқият біліп алуға тырысыңыз.

– Әріптесіңіздің ашық сабағын немесе жұмысын талқылау барысында, әсіресе тексерушілер қатысып отырғанда, оның дұрыс, жағымды жақтарын сипаттаудан бастаңыз, сол арқылы сіз оған моральдық қолдау көрсетесіз.

– Егер сіз сабақ беретін сыныпта оқушылар тапсырмаңызды орындай алмаса немесе сабақта өздерін дұрыс ұстамаса, ол үшін оқушыларды, сынып жетекшісін, ата-аналарды кінәлау орынсыз. Сәтсіздіктердің себептерін өзіңіздің әдістемелік қателіктеріңізден іздегеніңіз жөн.

Егер сіз жасы үлкен, қадірлі әріптесіңіздің немесе мекеме әкімшілігінің пікірімен келіспесеңіз, соны қабылдауға міндетті емессіз, бірақ қарым-қатынасты ушықтырудың да қажеті жоқ. Ең жақсысы, өзіңіздің пікіріңіздің дұрыстығына дәлелдер келтіріп, пікірлерінің дұрыс еместігіне қарсыластарыңыздың көздерін жеткізіңіз.

Есіңізде болсын: сіздің кішіпейілділігіңіз, ашық-жарқындылығыңыз іскерлік ынтымақтастыққа ұмтылысыңыз, ең жақсы іс-тәжірибелерді ескеруге, жаңа бастаманы қолдауға құлшынысыңыз – еңбек ұжымындағы табысты қызметіңіз және жақсы шығармашылық көңіл-күйіңіз үшін қолайлы ахуал орнататын басты алғышарттар.

3.2. Педагогтің борышы және ар-ұжданы

Қызметтің түріне байланысты нақты кәсіптік топқа жатушылық адамға бірқатар міндеттер жиынтығын жүктейді. Осы міндеттерді орындауы – адамның тиісті әлеуметтік рөл атқарып жүргенінің дәлелі. Бұл міндеттер оқытушының алдында қоғамдық қажеттілік немесе мақсаттылық, оның педагогикалық борышы сияқты болып тұрады. Оқытушының тиісті рөл атқаруы оның тұлға, азамат немесе кәсіпқой адам ретіндегі өзін-өзі танытуы болып танылады. Бірті-бірте оқытушының кәсіптік борышын орындауы әдетке – оның тұлға ретіндегі адамгершілік қажеттілігіне айналады.

Педагогтік борыш – ол оқытушыға қоғам, педагогикалық ұжым тарапынан қойылатын, сондай-ақ оның алдында оларды орындау оның ішкі моральдық қажеттілігіне айналған міндеттер түрінде тұратын кәсіптік талаптардың жиынтығы.

Педагогтік борыштың мәнін ашатын бұл анықтаманың шынайы және жеке сипаттағы екі жағы бар. Шынайы жағы – ол педагогтің оқытушылық еңбегінің ерекшелігінен туатын борыш талаптарының мазмұны болса, жеке-дара сипаты бар жағы – оқытушының өзіне

қатысты қажетті талаптарды белгілі бір әлеуметтік рөл орындаушыға қатысты талаптар деп сезінуі, сондай-ақ оларды орындауға ішкі дайындығы мен қажетсінуі.

Педагогикалық ұжым мүшелерінің адамгершілік-педагогикалық борышқа деген көзқарасы әртүрлі болуы мүмкін. Бір оқытушы борыш ұйғарымдарын айналасындағылардың айыптауынан сақтанғаннан орындайды, яғни өзіне тиімсіз болса да, оны бұзбайды.

Екінші оқытушы аталған борышты әріптестерінің қолдауына, басшылықтың мақтауына ие болу үшін орындайды (себебі, мүмкін, оның істегенін көргендер рақмет айтатын шығар).

Үшіншісі бұны ұжым, кәсіптік топ, қоғам талап етіп отырғанына өзінің нық сенімі болғандықтан орындайды (Борышқа сай істеп отырмын, өйткені солай болуы керек).

Төртінші оқытушы үшін борышты орындау – оның адамгершілік қанағаттанушылығын туғызатын ішкі қажеттілік (Студенттерді, оқытушылық қызметті сүйемін, студенттерге жақсылық жасау өзіме сондай ұнайды).

Соңғы нұсқа – адамгершілік-педагогикалық борыш дамуындағы ең жоғарғы, толық кемелденген саты.

Оқытушының өзі орындаған борышынан қуаныш пен қанағат сезімін алуы адамгершілік мәдениеті өте жоғары адамдарға ғана тән және қолжетімді. Бүгінгі таңда адамгершілік-педагогикалық борышқа деген талап артып келеді. Олар: жоғары оқу орны өмірі туралы сырттай жағымды әсер туғызатын жасанды әрекеттер, процент қуушылық іспетті, қағаз жүзінде ғана көрінетін үйреншікті, таптаурын ережелерін еңсеруді, сонымен қатар оқыту мен тәрбие үдерісіне қазіргі заманға сай инновациялық тәсілдерді енгізу мүмкіндіктерін белсенді шығармашылық ұмтылыспен іздеуді қамтиды.

Борышқа адал болудың адамгершілік қажеттілігі – үлкен күш. Алайда борыштың бір өзі педагогикалық үдерістің барша іс-тәжірибесін реттей алмайды. Оның себебін төмендегіден көре аламыз.

Борыш оқытушыны адамгершілік мінез-құлықтың сырттан баяндалған бағдарламасы іспетті талаптарды ғана орындауға бағыттайды. Бұл талаптар жоғары оқу орнының өмірі туғызып жатқан моральдық міндеттер мен жағдайлардың барлығын бірдей күнібұрын біліп, есепке ала алмайды. Оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың арасындағы көптеген қарым-қатынастар олардың өздеріне ғана қатысты, қоғамдық бақылаудан жасырын жүреді және оларды ұжым, қоғам бағыттай да, реттей де алмайды. Осындай жағдайлар

үшін адамгершілік-педагогикалық іс-тәжірибе мораль әрекеттеріне басқадай тетіктер ойластырған.

Моральдық санасы жоғары жетілген оқытушы өзінің борышын адал орындайды, тіпті қоғам, кәсіптік топ, педагогикалық ұжым ұйғаратын талаптардан артық істейді. Оған қоса, кейде ол биігірек моральдық мақсат-мұраттар үшін, ұжымда қалыптасқан пікірлерге қарсы тұруға мәжбүр болады. Ондай оқытушы үшін өзі адамгершілік-педагогикалық міндеттердің қарапайым, әрі ең кіші бөлшегі деп қабылдайтын педагогтік борышты жай ғана орындау жеткіліксіз.

Сөйтіп, қоғамның адамгершілік өмірі борыш жеткілікті тиімді бола алмайтын жерде әрекет ететін басқа реттегіш қарастырған. Ондай реттегіш – ар-ұждан.

Ар-ұждан – ол адамның өзінің алдындағы істері үшін моральдық жауапкершілік сезімі мен санасы және әділеттік пен қайырымдылық туралы жеке көзқарастарына сай әрекет етуге деген ішкі қажеттілігі.

Ар-ұждан үні – ол қалыпты емес жағдайлардың қажеттіліктерін нәзік білдіретін, адамның өзіне деген меншікті талаптары болып әрекет ететін қоғамдық талаптардың жеке-дара және әлденеде қайталанбайтын пішін алған, тұлға өзгерткен үні.

Оқытушының мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін реттегіш қызметін орындай отырып, ар-ұждан, бір жағынан, оның өз іс-әрекеттерін бағалауға көмектессе, екінші жағынан, шығармашылық ізденістерге ынталандырады, педагогикалық мораль талаптарын немқұрайды орындаудан сақтандырады. Ар-ұждан санасында пайдалы және сезімдік қасиеттер: бір жағынан, мінез-құлқы, педагогикалық қызметінің нәтижелері үшін өзінің жауапкершілігін түсіну, моральдық қанағаттанушылық, екінші жағынан, істеген ісі үшін қуаныш немесе күйініш, ұялу сезімдері біріккен. Ар-ұждан адамның өзін-өзі жазалауына, тек өзінің ішкі жан-дүниесіне ғана арналған ұяты мен ашу-ыза-сына айналады.

Борыш пен ар-ұждан талаптары тек өздерінің негізгі қызметтік мазмұны бойынша сәйкес келеді және жеке бір жағдайларда ғана ар-ұждан санасы борышпен қарама-қарсылыққа келіп қалуы, яғни бұл борыштың талаптары тым дерексіз, яғни өмір қайталанбас шешім іздеуді талап еткен кезде орын алуы мүмкін. Бұндай шешімді, әдетте, адамның ар-ұжданы қажет етеді.

Педагогтің ар-ұжданында оқытушының басқа адамдар алдындағы жауапкершілігі өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Ал оқытушы өзін

соның алдында жауапты сезінетін әлеуметтік топ биік, кең болған сайын, осы адамның өзіндік ішкі соты болып танылатын ар-ұждан үні күшейе түседі.

Демек, педагог ар-ұжданының дамуы деңгейі әр бөлек оқытушылардың моральдық қажеттіліктері сияқты әртүрлі.

Ар-ұжданның қалыптасуы мен дамуы педагог борышының дамуына байланысты.

Алғашқы кездерде оқытушы өзіне қойылатын адамгершілік-педагогикалық талаптарды сырттан келетін талаптар деп қабылдайды. Оларды орындау белгілі бір өзгермейтін қалыпты, таптаурындықты, уақыт өте келе ішкі моральдық қажеттілікке айналатын моральдық әдетті қалыптастырады, яғни оқытушының өзіне деген талабына айналып, ар-ұждан ретінде жұмыс істей бастайды.

Мінез-құлықтың реттегіші сияқты ар-ұждан оқытушыға әртүрлі әсер етеді. Адамды моральдық ақтауға келмейтін іс істегені үшін уайымдауға ғана мәжбүрлейтін ар-ұждан емес, таңдауға табанды, бұлжымастай ықпал ететін, адамды адамгершілікке жатпайтын қылықтардан сақтандыратын ар-ұждан жетілген, дамыған болып танылады.

Оқытушы өзінің педагогикалық мораль талаптарынан шегінген әрекеттерін ақтауға себеп іздеген жағдайларда, ар-ұждан үніне құлақ асатын моральдық қажеттілік нашар дамыған деп айта аламыз, өйткені бұған қызметтің кез келген түрінде, әсіресе жас ұрпақтарды оқыту саласында төзуге болмайды. Ар-ұждан талаптарына сай өмір сүріп, жұмыс істеу қажеттіліктерінен жүрдай мұғалім өзінің кәсіптік міндеттерін сапалы орындай алмайды.

3.3. Педагогтің абыройы мен қадір-қасиеті

Сонымен, оқытушы борыш талаптарын оны қоғам қоғам міндеттеген соң орындайды, ал оның қоғамға қызмет етуге деген қажеттілігі бар. Ар-ұждан үніне ол адамгершілікті, әділетті және адамдық мінез-құлыққа ішкі қажеттілік сезетіндіктен де адал болады.

Оқытушы өзіне әріптестер, студенттер қалай қарайтыны, ол туралы қандай пікірде екендері, оның іс-әрекеттеріне және барша кәсіптік қызметіне қандай баға қоятындары жайында ойланбай тұра алмайды. Қоғам адамның қоғамдық борышын орындауына мүдделі бола отырып, қоғамда танылуға қатысты туғызған әртүрлі үлгілер адамдарды құрметке, даңққа бөлейді.

Мораль талаптарын бұзғандарды қоғам айыптайды, масқаралайды. Ондай жағдайлар үшін қоғамның адамгершілікті өмірі өзгеше. Адамдық мүдде адамның қоғамда танылып, құрметке ие болуға деген қажеттілігін – сана және абырой сезімін қалыптастырды.

Абырой – адам қызметінің, сіңірген еңбектерінің оған деген құрмет, сондай-ақ беделі, ізгі істері арқылы қоғамда танылуын көрсететін моральдық түсінік. «Абырой» деген сөздің өзінің шығуы тарихы «құрмет», «құрметтеу», «сыйлау» сөздерімен байланысты.

Екінші жағынан, абырой, – егер адамның өз абыройына көзқарасы тұрғысынан айтсақ, – қоғамда танылуға қол жеткізу, айналадағылар тарапынан оң баға алуға ұмтылудан көрінеді. Осы мағынасында абырой жеке адамға тән сана мен сезім ретінде танылады. «Абырой» ұғымында, демек, оқытушы үшін – жоғары оқу орны басшылығы, студенттер тарапынан қоғамдық пікір мен бағалау және оның оң баға алуға деген жеке-дара қажеттілігі бірлесе әрекет етеді.

Танылуға, құрметтелуге, беделге ие болуға қажеттілік көбінесе беделді және қадір-қасиетті бағалайтын адамдарға тән.

Шын мәнінде, қадір-қасиет моральдық құндылықты және адам тұлғасының маңыздылығын білдіреді. **Адамгершілік қадір-қасиет – ол адамның өзін-өзі құрметтеуі, санасы, өзінің тұлға ретіндегі құндылығын сезінуі.** Ол адамның әртүрлі: оны қорлау, жәбірлеу, жала жабу, басқа адамдарды ол туралы теріс пікірлермен жаңылдыру, басқа адамдардың оған жеккөрінішін туғызу сияқты әрекеттерге қарсы тұруынан байқалады.

Оқытушының қадір-қасиеті оның өзіне, ақыл-ойы мен адамгершілік күшіне, шығармашылық мүмкіндіктеріне деген сенімімен тығыз байланысты. Өзіне сенбеу адамды аздырады, қалжыратып, көбінесе оның жанын құлазытады, өйткені оның қабілеттерінің ашылуына, бойындағы мүмкіндіктерінің көрінуіне кедергі жасайды. Адамның өз бойында СЕНІМ туғызып, жетілдіруі – ол бір мезгілде өзінде сана мен қадір-қасиет сезімін тәрбиелеу деген сөз.

Өзінің қадір-қасиетін сезіну мұғалімді тәртіпке салады, өзіне жоғары талаптар қоюға мәжбүрлейді, қол жеткен жетістіктерімен шектеліп қалмай, адамгершілік мұратқа жетуге ұмтылдырады.

Сана мен қадір-қасиетті сезіну – ол оқытушыны өмірдегі барлық жағдайларда: адамгершіліктің қарапайым нормаларын, адамдық қарым-қатынас нормаларын өзі орындап, айналасындағылардан да

соны талап етуге, өзара қарым-қатынас мәдениетін, адамгершілік пен әділеттіліктің қарапайым нормаларын сақтауға мәжбүр етеді.

Қадір-қасиетке деген құқықты адам дүние есігін ашқан сәтте-ақ алады. «Қадір-қасиетінді жасыңнан сақта», – дегенде, халық адамның оны өз өмірінің алғашқы қадамдарынан-ақ ала бастайтынын, бірте-бірте саналылық, ұстамдылық, адалдық, шыншылдық қасиеттер дами отырып, кейіннен кәсіптік борышын орындауына оң әсер ететінін айтады.

Қадір-қасиет – адамның кәсіпқойлығы жайындағы ізгі даңқы ғана емес. Педагогтің қадір-қасиетін жоғалтпауы – оның ең биік адамгершілік борышы. Педагог мамандығының қадір-қасиеті, абыройы мұғалімді оны сүйуге, студенттерді сүйуге, өзінің оқытатын пәнін сүйіп, білім мен тәрбие беру үдерісінде табыстарға жетуге міндеттейді.

Ар-ұждан мен қадір-қасиет, абырой ұғымдары бір-біріне өте жақын: жеке ар-ұждан – ол қадір-қасиет деген сөз.

«Қадір-қасиетті сақтау» деген сөз тіркесін «адам деңгейінде тұру», адамның өз-өзін сыйлауы, оны жағымды жақтарынан сипаттайтын қасиеттерге құрметкен қарау деп түсіндіруге болады.

Сонымен, шынайы адамгершілік сана – ол үйлесімді дамыған адамгершілік қажеттіліктерді, айқын сана мен борыш сезімін, ар-ұжданды, ұятты және қадір-қасиетті санамен сезіну. Сондықтан тәрбие жүйесінде оқытушы адамгершілік сананың барлық элементтерін жан-жақты дамытуға ұмтылуға тиіс. Сана мен борыш сезімін тәрбиелеу ісінде ерекше қиындықтар пайда болады. Борышты жете сезінбеу адамды енжар, тұрақсыз, табанды және жүйелі күш-жігер салуға қабілетсіз етеді. Өз кезегінде, борышты бұзық, ақылға қонбайтындай кате, басқа моральдық құндылықтардан оқшау, теріс деп түсіну – адамның адамгершілік рухта дамуына кедергі келтіреді, өзгелердің қайғы-қасіреттерін сезінуге қабілетсіз, қатыгез, бірбеткей, ақыл-санасы жұтаң пенде қалыптасуына келтіреді.

Сондай-ақ өз іс-әрекеттерінде «ар-ұждан үнін» ғана басшылыққа алатын адамдар да адамгершілік тұрғысынан жеткілікті кемелденбеген болып шығады. Борыш талаптарымен үйлеспейтін ар-ұждан сезімі адамды кате ұстанымдар ұстануға келтіруі мүмкін. Борыш талаптарынан ажырап, нақты жағдайдан тыс қалған «ар-ұждан үні» дерексіз, сондықтан кате болып саналады.

Борыш пен ар-ұждан сезімдерінің, сонымен қатар адамгершілік мұраттардың қалыптасуы үдерісі – ол сыртқы адамгершілік талаптар

мен нормалардың бірте-бірте игерілуі, тұлғаның ішкі ұстанымына айналуы үдерісі.

Оқытушының адамгершілік ұстанымдары міндетті түрде оның педагогтік әдептілігінің сыртқы көрінісінен байқалады.

3.4. Педагогтің әдептілігі

Оқытушы мен студенттердің араласуы барысында қарым-қатынастардың екі сезімдік өрісі қалыптасуы мүмкін. Шынайы тәрбие нәтижесін педагогтің жағымды сезімдерге негізделетін өзара қарым-қатынастар орнатып, ұйымдастыра білу қабілеті береді. Теріс сезімдік жай-күй әсерлердің түпкілікті мақсаты ретінде емес, ықтимал жағдай, яғни оң сезімдік әсерге (мысалы, сыйластықты жоғалтып алудан қорқу) қол жеткізу үшін еңсерілетін құрал, амал ретінде пайда болуы мүмкін.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, педагогтің нақ осы әдептілігі оқытушыға қарым-қатынасты оң, жағымды сезімдерге құруға, студенттермен психологиялық байланыс орнатып, сақтауға мүмкіндік береді.

Әдептілік сөзбе-сөз мағынасында «жанасу» дегенді білдіреді. Ол – адамдардың өзара қарым-қатынастарын реттеуге көмектесетін адамгершілік санат. Адамгершілік ұстанымына негізделе отырып, әдепті мінез-құлық ең бір қиын-қыстау және қарама-қайшы жағдайларда да адамға деген сыйластықтың сақталуын талап етеді. Әдепті болу – әрбір адамға, әсіресе өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір педагогке қойылатын адамгершілік талап.

Педагогтің әдептілігі – оқытушының кәсіптік қасиеті, оның шеберлігінің бір бөлшегі. *Педагогтің әдептілігі* әдептіліктің жалпы түсінігінен оқытушы тұлғасының қасиеттерін ғана (студенттерге құрмет, сүйіспеншілік, сыпайылық) білдірмейді, студенттерге дұрыс көзқарасты таңдауды, яғни жастарға әсер етудің тәрбиелік, пәрменді құралын таңдай білуді көрсетеді.

Педагогтің әдептілігі – ол оқытушыдан іс-әрекеттің (қылық-тың) барлық шынайы салдарларын алдын ала көре білуді, оның жеке-дара қабылдануын көре білуді, жоғары адамгершілік, сезімталдық, студентке қамқорлық, кез келген жағдайда онымен жылы қарым-қатынас орнатудың ең жақсы тәсілдерін меңгеруді талап ететін адамгершілік мінез-құлық.

Педагогтің әдептілігі студенттермен қарым-қатынаста шектен шығатын әрекеттерге жол бермейді. Оларға әсер студия мөлшері тәрбиелік тәсілдердің қолданылуынан көрінеді. Медицинадағы дәрі-дәрмектердің дәл мөлшерді және оларды қабылдау тәртібін талап ететіні сияқты, оқытушының сөзі де, оның әдістері де оңтайлы, мәжбүрлеусіз, сыпайы түрде қолданылуға тиіс. Шамадан асып кету кері әрекетке: тым көп талап етушілік – студенттердің құлақ аспауына, шамадан тыс кешірімділік олардың тарапынан дәрежелік көрсетілуіне келтіруі мүмкін. Студенттерді сыйлай отырып, оқытушы оларға сол құрметін көрсете алуы керек. Құрмет көрсету студенттің бойында өзінің қадір-қасиетін бағалау сезімін қалыптастырады және педагогикалық ықпалға қарсылық танытатындарды қарусыздандырып, оларды тәрбие ісіне қатысушы етеді.

Сыйластық, ішкі жан жылуы талапшылдықты жоққа шығармайды, керісінше, соны талап етеді. Құрметтеу мен талапшылдықтың байланысы қарама-қайшылықтарды еңсеруге құрылады. Тұлғаға талап қоюшылық оған деген құрметтің артуы шамасына қарай, студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ұлғаяды және күрделене түседі. Студент тұлғасының тәрбиелілігі деңгейіне байланысты, оқытушы өзінің онымен қарым-қатынасының реңктерін: сыйластықтан – айқын салқынқандылыққа, кеңпейілділіктен – немқұрайдылыққа, жұмсақтақтан қаталдыққа өзгертіп отырады.

Педагогтің әдептілігі – ол қашанда шығармашылық, қашанда ізденіс, әлдебір қайталанбас іс-әрекет.

Педагог әдептілігінің қажеттілігі оқытушының студенттермен, әріптестермен, педагогикалық үдерістің басқа қатысушыларымен қарым-қатынастардағы мінез-құлықты реттеу барысында байқалады. Сонымен қатар бұл қажеттілік адамгершілік мінез-құлықтың бір мезгілде бірқатар әртүрлі және қайсыбір жағдайларда бір-бірлеріне қарама-қайшы талаптарының сақталуы қажет етілетіндіктен пайда болады. Мәселен, қалыпты байланыс пен қарым-қатынасты сақтауға ұмтылуды қажет ететін қиын жағдайларда кемшіліктерге төзбеуге де тура келеді. Мысалы, әріптестің дұрыс емес мінезін сынау әділетсіздікке төзбеу ұстанымын көрсетеді. Алайда сынау барысында оның қадір-қасиетін, беделін кемсіту мүмкіндігі де пайда болады. Сондықтан педагогикалық үдеріске қатысушыларға қатысты: сынның түрі мен шамасы, оның мазмұны, зілді немесе зілсіз сөйлеу, шектен шықпау әрекеттері өте маңызды, өйткені олар сақталмаса, адамға деген құрмет жоғалады.

Оқытушының кемшіліктеріне, лайықсыз іс-әрекеттеріне мүлдем төзімсіз болып қала білу, сонымен қатар ізгі қарым-қатынасты сақтай білу – шын мәнінде педагогтің әдептілігін көрсетеді.

Педагогика мен психологияда педагогтің әдептілігі жайында жазылған еңбектер өте көп: олар оқытушыға әріптестермен, студенттермен араласқанда кикілжіңдерге жол бермеуге үйренуге, өзара қарым-қатынастарды дұрыс құра білуге көмектеседі.

Соған байланысты, бәрінен бұрын, педагог әдептілігінің педагогикалық үдерісті адамгершілік жағынан реттейтінін атап өту маңызды.

Педагог әдептілігінің адамгершілік қатынастар түрі ретіндегі ерекшелігі, ең алдымен, оқытушының айрықша адамгершілік жауапкершілігінен, оның кәсіптік міндеттілігі – педагогикалық үдерістің жетекші қатысушысы болудан, оны бағыттап, ұйымдастырудан, ол кезде пайда болатын қарама-қайшылықтарды педагогикалық ықпал қиындамайтындай, үзілмейтіндей, керісінше, ізгі, іскерлік, адамдық қатынастар сақталатындай етіп реттей отырып, оқыту-тәрбиелеу үдерісі үшін қажетті жағдайларды белсенді туғызып, қолдаудан көрінеді.

Оқытушының өз еңбегінің нәтижелері, іс-әрекеттерінің салдарлары туралы қам жеуі де педагог әдептілігінің ерекшелігі болып саналады. Педагогтің әдептілігі педагогикалық тиімділікті, сол үшін жағдайлар туғызуды көздейді.

Тұрақты өзгеріп жататын жағдайларда әдепті және педагог мораліне адал болып қалу үшін, оқытушы өзінің мінез-құлқына қатысты бірқатар талаптарды ескеруге тиіс.

Педагог әдептілігінің аса маңызды талабы – оқытушының қандай да бір теріс әрекеттерге келтіруі мүмкін, демек, әдептілікпен араласуды қажет ететін *жағдайды бағалай білуі*.

Осы тектес жағдайларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- Оқытушы студентті ыңғайсыз жағдайға түсіруге мәжбүр болған және жағдайды реттеу ғана талап етілетін кез.
- Оқытушы өзінің еркінен тыс, байқамай, студент тарапынан ешқандай кінә болмаса да, оның намысына тиіп кеткенде, ол орын алған жағдайды дереу түзетуге немесе, жоқ дегенде, жеңілдетуге тиіс.
- Орын алған жағдайларға байланысты студент ыңғайсыз күйге түскенде немесе жеке қасиеттеріне бола өзін абдырап қалғандай сезінсе және сол себепті алдында тұрған міндетті орындай алмайтын болса, онда ол сырттан келетін көмекке зәру.

Осы тектес жағдайды көріп, *танып-білу* – педагог әдептілігінің алғашқы шарты.

Оқытушының адамгершілік қарама-қайшылықтардың себептері туралы барынша мол ақпараты болуы қажет, ал егер жеткілікті ақпарат болмаса, шешімдер қабылдағанда оның дәл және толық еместігін ескеруге тиіс. Педагог әдептілігі студенттің жеке басының ерекшеліктерін және қарама-қайшылық байқалатын шынайы талаптарды: жағдайдың бағыты кімге тәуелді, студент бұны істей ала ма, оқытушы оған қалай көмектесе алады дегендей нақты жағдаяттарды ескере білуді талап етеді. Студенттің шамасы келмейтін жағдайда, тіпті қарапайым деген талаптарды ақтауға болмайды. Сондықтан студентке ықпал етудің әр түрлерін таңдағанда, оның жан-дүниесінің нәзіктігі, сезімталдығы, кінәмшілдігі сияқты жеке қасиеттерін есепке алу қажет.

Әдептілік оқытушыдан іс-әрекет орын алатын *жағдайды бағалай білуді* талап етеді. Оқытушының сөзі мен іс-әрекеті жағдайларға байланысты әртүрлі қабылданады (мысалы, ескерту жұртшылық алдында немесе оңаша, қадірменді адамдар бар немесе жоқ жерде жасалды). Әдептіліктің маңызды талабы – бір студентке қарсы педагогикалық шаралардың барша студенттік топқа қалай әсер ететінін *алдын ала білу* қабілеті. Педагогикалық тұрғыдан осы адам үшін ғана мақсатқа сай емес, бүкіл топ қолдайтын және басқа студенттерге ықпал етудің адамгершілік мінез-құлық тәжірибесіне енгізілетін іс-әрекеттер ғана адамгершілік жағынан дұрыс болып саналады.

Оқытушының іс-әрекеттері қолайлы ахуал және ұжымдағы әрбір адамның қорғалушылығы, сондай-ақ қабылданатын шешімдердің әділеттілігіне сенімділік сезімін туғызуға тиіс.

Әлбетте, оқытушы әдістерінің ішінен студент тарапына, оның ішінде топтың алдында айтылатын ескертулерді алып тастауға болмайды. Егер сөз әдептілік талаптарына кереғар болмаса, онда ол – студенттерге ықпал етудің тиімді әдісі. Оның үстіне, кейде басқалардың көз алдындағы ашық әңгіме қажет те болады.

Сезімталдық және әдептілік – әлсіз, науқас, ашушаң, жаны күйзеліске түскен, сондай-ақ өзінің іс-әрекеттері мен сөздерін бағалауда жаңсақ кететін студенттерге қатысты өте қажет қасиеттер.

Педагог әдептілігі – ол оқытушының жекелеген іс-әрекеттері емес, студенттер қашанда оның ізеттілігіне, сезімталдығы мен мейірімділігіне сенімді бола алатын мінез-құлық стилі. *Оқытушының әдептілігі – үлкен күш*: ол студенттерге қарағанда көп білетін және түсінетін адамға ғана емес, оларға сенетін, кейде олар лайық болғаннан

да артық жақсы қарайтын адамға деген алғыс, ризашылық сезімін туғызады. Яғни *оқытушының әдептілігі студентке сенім артуды*, А.С.Макаренко айтқандай, тіпті қателесіп кету тәуекелдігі болса да, ғылыми болжай отырып, оның «болашағына үлкен сеніммен қарауды» қажет етеді. Студенттердің мүмкіндіктеріне шүбәланып қарайтын және оны әрбір мүмкін жағдайда атап көрсетіп отыратын оқытушыны әдепті деп айтуға болмайды. Оқытушының сенімі студенттерді іске ынталандыруға тиіс. Ол үшін студент өзінің істерінен, жетістіктерінен қуаныш сезімін алуы үшін, оның жетістіктерін әдейі асыра көрсету тәсіліне жүгінуге болады. Сенім салғырттық емес, егер ол шынайы көрсетілсе, нақты істермен тиянақталса, егер бақылаумен үйлестірілсе, оқытушының студентке қатысты белгілі бір қырағылығы сақталса, бақылау тым талапшыл емес, еңсені көтерпейтін күдікпен жасалмаса, – пәрменді болмақ.

Оқытушының әдептілігі мейірімділіктің адамгершілік ұстанымдарын анағұрлым күшейтеді және оқытушы үшін де, студенттер үшін де шынайы адамгершілік мектебіне айналады.

Педагог әдептілігі оқытушыға қарама-қайшылықтарды шешудің әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Кейде студентті өткір сынға алудың орнына, оқытушының оны қорғап шығуы – белгілі бір жағдайда оның кемшіліктерін еңсеруге тіпті күштірек әсер етеді.

Оқытушылардың студенттермен кикілжіңдеріне жасалған талдау олардың себептерінің бірі оқытушының көбінесе студенттердің сыртқы түр-келбетіне, ақыл-санасына, қабілеттеріне қатысты дөрекі ескерту жасауынан байқалатын әдепсіздігі екенін көрсетеді. Кейбір оқытушылар: «Астыңа шеге кіріп кеткендей, неге қыбыжықтап отырсың?» – деген сияқты ескертулерді дұрыс деп санайды. Ашуға булыққан оқытушы аудиторияға келгенде, студент жігітті немесе студент қызды көшеде көргенін, олардың қалай киінгендерін есіне түсіреді. Көпшілік жағдайларда кикілжің осыдан басталады.

Оқытушының әдептілігі дәрістер оқу кезінде де, іс-тәжірибелік сабақтардың барлық кезеңдерінде қажет. Ол студенттердің білімдерін тексерген кезде өзінің мінезіне ерекше ыждағатпен қарауға тиіс. Бұл жерде әдептілік студенттің беріп отырған жауабын тыңдай білуден: жауаптың мазмұны мен түріне мүдделілікпен көңіл бөліп, студенттің жауап беру барысында қиналып отырғанын көріп, шыдымдылық танытуынан көрінеді. Әлбетте, оқытушының: «Бұның не қажеті бар?», «Отыр. Қашанда ештеңе білмейсің!» – деген сияқты дөрекі ескертулер жасауына болмайды.

Барлық студенттер емтихан кезінде өздерін тыңдауға құлықты, сыйластықпен, түсіністікпен қарайтын оқытушыға жауап беруді қалайды. Ол кезде оқытушының алдында отырған студенттің жауабын жымиып, жылы көзқараспен, бет-жүзінің қимылдарымен, бас изеуімен көрсетіп, қолдап отыруы маңызды, оның жауабын ортасынан үзіп тастап, сөйлей жөнелгені дұрыс емес. Студенттер оқытушылардың өздерін тәкаппарлық таныта тыңдап, жауаптарына әжуалай, кекесінмен түсіндірме беретін әдеттерінің өздеріне кедергі келтіретінін айтады.

Сондай-ақ баға қою сәті де маңызды. Кейде оқытушы қойған бағасын: «Сен мені таңғалдырдың, саған «4» қоюға мәжбүрмін», – деп түсіндіргенде, студент ұстазының сөзін оның жақсы бағасына риза болмағаны деп түсінеді. Оқытушы білімі осалдау студенттің сәтті жауабына шынайы риза болып, ол үшін қам жеуге тиіс қой.

Сонымен, *әдеп, әдептілік – педагогикалық адамгершілікке тән мінез-құлық: онда тәрбие ісіне кедергі жасайтын барлық әрекеттерге төзбеушілік көрінеді, ол – адам үшін күресу құралы, оқытушының іс-әрекеттерінен ішкі жан-дүниесінің көрінуі.* Оқытушының қабылдаған осы мінез-құлық үлгісінде моральдық ойлау мен іс-тәжірибе үйлесім табады.

Педагогтің әдептілігі оның шеберлігімен бірге тәрбиеленіп, қалыптасады. Ол – оқытушының рухани кемелденуінің, студенттермен қарым-қатынас барысында арнаулы білімдер алу үшін тер төге еңбектенуінің нәтижесі. Бәрінен бұрын, бұл – қазіргі заман студенттерінің жасына тән психологияны және олардың жеке-дара ерекшеліктерін білу деген сөз.

Мораль негіздерін білу, іс-әрекеттерден адамгершілік мағына көре білу маңызды. Әрине, жоғарыда айтып өткеніміздей, студенттерге қалай әсер ету қажеттігін білу де маңызсыз емес, өйткені олар оның төмендегідей біліктілігіне өтуге тиіс:

- студенттерді жақсы көру, өзінің оларды сүйетінін көрсету;
- студенттердің ішкі мүмкіндіктерін бақылау, көру;
- жағдайға бейімделу;
- студенттерге әсер студенттің лайықты тәсілін таңдау;
- студенттермен әңгімелесу (әдепсіз оқытушы студентке енжар тыңдаушының рөлін беріп, өзінше кешірімділік танытады).

Сонымен қатар оқытушының бойында оған мораль талаптарын өмірге ең жақсы тәсілдермен енгізуге көмегі тиетін адамгершілік-психологиялық қасиеттер қалыптасуға тиіс. Оқытушының ондай

қасиеттерінің ішінен бірінші кезекте төмендегілерді атауға болады:

- аңғарымпаздық, ілтипаттылық, өзінің де, өзгелердің де іс-әрекеттерінің адамгершілік қырларын көре білу;
- төзімділік және өзін ұстай білу, кикілжіңдер туған жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білу қабілеті;
- өзін меңгеріп, теріс қылықтарын жей білу қабілеті;
- көтеріңкі мақтаныш сезімімен қатар, өзін-өзі сынай білу;
- сөздері мен іс-әрекеттерінің барлық салдарларын көре білу, сондай-ақ педагогикалық үдеріс үшін жағымсыз әсерлерді азайта отырып, оларды дұрыс бағалай білу;
- шығармашылық ойлау, адамгершілік мәселелерін шешу барысындағы батылдық.

Педагогтің әдептілігі төзімділіктің болуын ғана емес, сонымен қатар сезімдерді білдірудің сыртқы дағдыларын – көзқарас, бет-жүз қимылдары, қолымен әртүрлі қимылдар жасау арқылы, яғни қарым-қатынастың сыртқы техникасын білдіретін құралдардың болуын да қажет етеді.

Әдепсіздік, нақты бір жағдайларда өзін адамгершілік ұстанымдарына сай ұстай алмау – жиі ұшырасатын құбылыс және оны оқытушының әдепсіздігімен, педагогика моралі мәселелеріне ыждағатсыздығымен ғана түсіндіру қиын. Себебі, моральдық-этикалық нормалардың іс жүзіне асуы жай ғана дәстүрлер мен үлгілерді сақтауға байланысты емес, ол көбінесе әр кезде дербес, тіпті тәуекелге бару қажет болатын шешім қабылдауды, іс-әрекетті, жағдайды тез талдауды талап ететін адамгершілік-педагогикалық шығармашылыққа байланысты. Бұны білу тәжірибемен бірге келеді.

Оқытушы мен студент пікірлерінің сәйкессіздігі сияқты кикілжіңдердің педагогика қызметінде жиі ұшырасатын құбылыстар екені белгілі. Сондықтан оқытушының, әсіресе жас маманның дау-дамай жағдайларында орын алған қиын мәселелерді педагогикалық оңтайлы тәжірибелерге сай қайта құруға көмегі тиетін, дәлелденген, тиімді мінез-құлық ережелерін ескеруі керек.

Бірінші ереже. Бәрінен бұрын, даулы жағдайды жете түсінуге әрекет жасау қажет, ал бұл – екіжақты сезімдердің ширығуын жеңілдету деген сөз. Қалай? Бұны әркім өзінен бастауға: денесінің «артық» ширығуын, шырмалуды, бейберекет қимылдарды жеңуге тиіс. Бет-жүз қимылдары, дені қалпы, қол қимылдары, білетініміздей, адамның ішкі жай-күйін білдіріп қана қоймай, оған әсерін де тигізеді. Сөйтіп, сыртқы тыныштық және төзім керек!

Екінші ереже. Бұл – оқытушының өз іс-әрекетімен серіктесіне (студентке, әріптесіне) ықпал етуі. Қызбалықты жою дау-дамайға қатысушыны жақын тануға көмектеседі, ал бұл оқытушыға өз ойларын жинақтап, оның жай-күйін білуге мүмкіндік туғызады.

Үшінші ереже. Әңгімелесуші тараптың уәждемелерін түсінуге тырысу. Ой арқылы талдау әдісін қосу сезімдік қозуды, ширығуды төмендетеді. Ең дұрысы, қиын жағдайды: «Мен сіздің жай-күйіңізді түсінемін», – деп, ал өзінің жай-күйін: «Бұл мені қамықтырады», – деп түсіндіру керек. Сонымен, орын алған іс-әрекетті бағалауға әрекет жасамаңыз, алдымен қалыптасқан жағдайға өзіңіздің көзқарасыңызды білдіруге тырысыңыз.

Төртінші ереже. Мақсатты келісіп алу. Сізді студентпен не біріктіретінін мүмкіндігінше ертерек сезініп, өзара қарым-қатынастардың «ортақ мүддесін» көре біліп, «біз» деген ұстанымға шыға отырып, оны көрсету қажет.

Бесінші ереже. Өзіңіздің ұстанымыңызды мүмкіндігінше тиімді шешіммен нығайта отырып бекіту. Ақырында, кикілжің шешілген соң, оның пайда болуы себептерін және алдын алу мүмкіндіктерін талдай келе, оған ойша оралу қажет. Қашанда қиын қақтығысты басқаннан гөрі, оны болдырмау оңай.

Сонымен, педагогтің әдептілігі – оқытушының белсенді шығармашылығының бір түрі: онда оның төзімділігінен көрінетін адамгершілік санасы мен іс-әрекеті бір мақсатқа біріккен.

3.5. Оқытушының төзімділігі

Жоғары оқу орнының оқытушысы тұлғасының адамгершілік-этикалық әлеуетін көп жағдайда оның *төзімділігі*, яғни өзінің әріптестерімен, студенттермен қарым-қатынастарын адамгершілік ұстанымына құру қабілеті айқындайды.

Кәсіптік қызметі барысында оқытушы жоғары оқу орны жүйесінің әртүрлі карама-қайшылықтарымен бетпе-бет келеді, ал оларды шешу тиімділігінің дәрежесі көбінесе оның бойында төзімділіктің қалыптасуымен айқындалады.

Мысалы, жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінде қазіргі заманғы тәсілдер мен үлгілерді іске асыру барысында карама-қайшылықтар туып жатады, олардың арасында қызметтік үлгіні, тұлғаның бағыттылығы тәсілін, күштемеу педагогикасын және басқаларын атауға болады.

Солардың ішінде соңғысына тоқталып өтейік. Бірнеше төтенше нұсқасында жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделетін осы идеялар кешені – күштемеу идеясы: қоғам және басқа адамдар тарапынан адамға өзінің қалағанындай болу, өзін-өзі еркін, сыртқы әсерлерсіз басқару, өзінің ұстанымдарына сай, адамгершілік бостандықпен, зиян келтіргені, адамдарға және табиғаттағы тірі тіршілік иелеріне зорлық-зомбылық көрсеткені үшін жауапкершілік көтерумен әрекет ету мүмкіндігінің берілуі, сондай-ақ адамды мәжбүрліктен, қамығудан, қиналудан, қатал жазаланудан, жәбірленуден, қорлықтардан қорғау идеясы Батыс педагогикасында жүзеге асты. Алайда бүгінгі күні педагогикалық күштеумен күресу және тәрбиелік мақсатта күш қолданбауға ұмтылу, яғни бір қарама-қайшылықты екіншісіне залал келтіре отырып, қалыптан тыс ұлғайтып, асыра қарау ойшыл адамның қалыптасуына келтірмей қоймайды. Нәтижесінде, біз тұтынушы адаммен, конформист – ыңғайға жығылғыш, тұрақсыз адаммен бетпе-бет келеміз.

Бұл мәселенің диалектикалық шешімін табу қажет. Ол шешім, біздің көзқарасымыз бойынша, екі – күштеу және күштемеу құбылысы да барлық әлеуметтік маңызды істер мен үдерістерде соншалықты айқын көрінеді. Мысалы, нарықтық экономикада күштейтін де, күштемейтін де қатынастар өте көп ұшырасады (кәсіпкер сауалнаманы және өзінің жеке қабілеттерін ескере отырып, өзі үшін бір немесе басқа кәсіпті, бизнесті таңдайды, оны дамыту үшін таланты мен күш-жігерін салады, сонымен қатар оны мемлекет қылмыстық салықтардан қорғамастан, ақылға сыймайтын, шамадан тыс салықтармен аяусыз қанайды).

Күштеу және күштемеу өмірдің барлық салаларында тығыз ұштасып жатады.

Алайда күштеу және күштемеу мәселесі әртүрлі педагогикалық жүйелерде тұлғаны қалыптастыру саласында ерекше өзекті мәселеге айналған. Мәселен, Ж.Ж.Руссо мен Л.Н.Толстой кез келген тәрбиелік әсер мен ықпал етуді күштеу әрекеті деп пайымдаған. Соған байланысты білім және тәрбие беру үдерісінде азғантай да күштеудің болмауы мүмкін емес екенін, ал күштеудің және күштемеудің қараниеттілігі мен зияндылығының дәрежесі бірдей еместігін, айырмашылығы бірден байқалатынын айтқымыз келеді (мысалы, кейде күштеу игі іс болып шығады: күштеудің нәтижесінде науқас адам емделіп, сау адамға айналады немесе адамдар арасындағы сатқындық жойылады). Сондықтан қажетті күштеудің оң және жеке-

дара жақтарын дәл тануымыз қажет, әлбетте, күштеуді алдымен ақылға қонымды, мақсатқа сай, ізгілікті етіп, қоғамның және жеке адамдардың аман-есендігіне бағытталған міндеттерді шешіп алуымыз керек. Ал тәрбие саласында, Б.Т.Лихачев әділетті атап өткендей, «тіпті ең жақсы деген жағдайларда да жақсылық үшін, құтқару үшін, адамзат руханияты және өмірдің өзі үшін күштеуді болдырмау мүмкін емес» [32; 77]. Сол ғана, біздің көзқарасымыз бойынша, күштеу мен күштемеудің арақатынасын «елеулі төзімділікпен» түсінудің негізі бола алады.

Соған байланысты, оқытушыны оның бойында төмендегідей көзқарастардың қалыптасуына септігі тиетін, білім беру мазмұнын құратын жұмыс түрімен қамту мақсатқа сай болмақ:

- іс жүзінде кез келген ғаламдық қарама-қайшылық жоғары білім беру жүйесіне іштей тән және көпшілік жағдайларда әлі де ұзақ уақыт сақталатын түрі бар;
- қарама-қайшылықты назарға алмау немесе «төтенше» жолмен шешуге әрекеттену, яғни ол кезде оны туғызатын өрістік құрамдас бөліктер жұбының бірінің тігісін жатқыза немесе маңыздылығын күшейту нәтиже бермейді, көбінесе сәтсіз болып, көптеген жаңа қарама-қайшылықтарды туғызады;
- бір немесе басқа қарама-қайшылықтарды жоғары кәсіптік білім беру жүйесіне оқу үдерісін ұйымдастырудың әртүрлі инновациялық әдістерін, амалдары мен тәсілдерін енгізу жолымен шешу шараларын олардың авторларының өздері (немесе авторлар ұжымдары) орындауға тиіс, өйткені олар жағымды, жасампаз да, сонымен қатар теріс, «бүлдіретін» де әдістермен бетпе-бет келетін болады: соңғысының болатыны даусыз, сондықтан соңғыны азайтуға немесе ішінара бейтараптандыруға ұмтылу дұрыс болмақ.

Ондай әдістердің қатарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- философия курсының арнаулы тарауларын, ғылым және ғылыми таным әдістемесін оқып, үйрену;
- жоғары мектеп педагогикасының арнаулы курстарының тарауларын меңгеру: оларда жоғарыда аталған идеялардың жалпылама да, нақты да жүзеге асуы көрсетілген;
- оқытушының арнаулы курстарға қатысуы, курстық, дипломдық және басқа да біліктілік жұмыстарын, сондай-ақ мақалалар, мысалы, көрсетілген мәселелер бойынша очерктер жазу.

Оқытушы төзімділігінің қалыптасуына оның **толықтырушылық ұстанымын** диалектикалық түсінуі де, жоғары оқу орнындағы білім беру кеңістігінде оның шынайы көрінуі де септігін тигізеді.

Жалпылама қорытылған нұсқасында ол былайша естіледі: әртүрлі ғылымдарда зерттелетін көптеген нысандар мен үдерістер бойынша бір – жалғыз ғана тәсіл емес, негізгілер ретінде зерттелетін нысандар мен құбылыстардың әр жақтарын қарайтын бірнеше әртүрлі тәсіл болуы әбден мүмкін.

XX ғасырдың басында-ақ Н.Бор тұжырымдаған толықтырушылық ұстанымы нақты ғылыми танымда пайдаланылып, дами түсті. Алайда аталған ұстанымның саны көп мысалдары мен көріністері ғылыми білімнің басқа да салаларында, атап айтқанда, жоғары мектеп педагогикасы жататын әлеуметтік-гуманитарлық салада да табылуы мүмкін.

Бұл ұстанымның жоғары кәсіптік білім беру саласы субъектілерінің төзімділігіне тікелей қатысы бар, өйткені, бәрінен бұрын, іс жүзінде (әртүрлі инновациялық үдерістерді: бағдарламаларды, оқу құралдары мен оқулықтарды, басшылық нұсқаулықтарын енгізу барысында да, жұмыстың дәстүрлі үлгілерін пайдаланғанда да) бұл ұстанымның диалектикалық емес түсінілуі тәсілді «және-және» ұстанымы бойынша «немесе-немесе» тәсіліне ауыстыруға келтіреді. Нақтырақ айтқанда, бұл мынаны көрсетеді: оқу үдерісін ұйымдастырудың бір немесе басқа тәсілін жүзеге асыра отырып, оқытушы басқа тәсілдердің ол ұстанған тәсілге мүлдем қарама-қайшы еместігін түсінбестен, шын мәнінде барлық басқа тәсілдерді мүлдем қабыл алмайды, өйткені ол зерттелетін нысандар мен құбылыстарда мүлдем басқа қасиеттерді, ерекшеліктер мен бастапқы қағидаларды негізге алады.

Мысал үшін: «Жоғары оқу орнының оқытушысы әртіс болуға тиіс пе?» – деген сұрақты келтірейік.

Әрбір оқытушы, жеке алып қарағанда, – қызықты тұлға, сондықтан әртүрлі ойын әсерлерін туғызуға әрекет жасаудың қажеті жоқ, қашанда өз қалпыңды сақтауға тырысуың керек. Алайда бұл сұрақты «немесе-немесе» ұстанымы бойынша шешу қажет емес, оның шешіміне «және-және» тұрғысынан қарау керек. Дау жоқ, тұлғалық ерекшеліктер студент үшін қызықты, алайда жоғары оқу орындарында оқытудың бүгінгі таңдағы қиын (студент тарапынан екіжақты мінез-құлық фактілерінің көптеп байқалуы, жоғары оқу орнында оқуға ынталылықтың нашарлығы және тағы басқадай) жағдайларында ойын әсерлері жеткілікті қисынды көрінеді. Мысалы, студенттің сабақ үлгеріміне, мінез-құлқына оқытушының жоғары дәрежеде көңілі

толмауы, оқытушының егер студент бір немесе басқа оқу материалын меңгермеген жағдайда не болатыны жайында қам жейтіндей түр көрсетуі, студенттің жеткен жетістігіне риза екенін әдейі қуанғандай кейіппен білдіруі, аз да болса, оны ары қарай сабаққа ынталандырудың маңызды факторы бола алады.

Сонымен, *оқытушы төзімділігінің қалыптасуы үшін, білім беру жүйесінің жоғары оқу орнындағы қарама-қайшылықтарына оның «диалектикалық» көзқарасымен қарайтын жеке-дара қасиеті үлкен рөл атқарады.* Соған байланысты, оқытушының төзімділігі мәселесінің оның бойында сын тұрғысынан ойлау қабілетінің қалыптасуына тығыз байланысты екенін айтқымыз келеді. В.А.Попков «төзімділік – ол сын тұрғысынан ойлау стилінің сипаттамасын құрайтын құрамдас бөлігі, әрі «пікірлердің салмақтылығы», «жан-жақты көпқырлы талдау», «егжей-тегжейлі сараптама», «пікірлер және қорытындылар жасауға асықпаушылық» деген сияқты сөздермен сипатталатын ерекшелік жүктейтінін сенімді дәлелдеді [41; 271].

Сондықтан жоғарыда айтылғандарға байланысты:

- оқытушы өзі жасаған немесе қарсыласы жасаған, бір қарағанда, қарама-қайшылықтардың диалектикалық бірлігі мағынасында бір-біріне сәйкес емес талдау нәтижелері көрсетілуге тиіс;
- оқытушы өзі жасаған немесе қарсыласы жасаған, толықтырушылық ұстанымы мағынасында «бір мезгілде бұл да, анау да» деген формуламен қарапайым түсіндірілетін талдаудың нәтижелері көрсетілуге тиіс.

Сонымен қатар жоғары оқу орны оқытушысының төзімділігі қалыптасуының ықтимал жолдары бұнымен сарқылмайды.

3.6. «Оқытушы – студент» қатынастары жүйесі

Бірінші кезекте, біздің көзқарасымыз бойынша, оқытушының студентке құрметі жайында айтуымыз керек. Оқытушының студентке құрметі – ол жас жігітке немесе қызға тұлға ретінде қарайтын, әлеуметтік құндылық және маңызды қасиеттер мен міндеттер иеленуші ретінде қарайтын құрметі. *Студентке құрмет – ол оның тұлғасын жәбірлеуге, адамдық қадір-қасиеттерін қорлауға жол берілмеуі.*

«Тұлға мәселесі, – деп жазды А.С.Макаренко, – әрбір адамнан тұлғаны көргенде шешілуі мүмкін».

Әрбір студентті құрметтеу және одан тұлғаны көру – оқытушының ақылы мен жүрегінің күрделі жұмысы.

Студенттерді құрметтеу – оқытушы үшін жалпы адамгершілік талап. Іс жүзінде ол нақтырақ адамгершілік нормалардың тұтас жүйесінде жүзеге асады. Олардың қатарына төмендегілерді жатқызу керек:

- студентке талапшылдық – ол оған деген құрметтің шамасы және сол құрметтің көрсетілуі іспетті;
- студенттің оқытушыға қатысты пікірін құрметтеу – оқытушының өзіне талап қоюы сияқты;
- студенттің ойлары мен сезімдерінің дербестігіне төзімділік, олар тіпті оқытушыға әлдебір жерде дұрыс емес болып көрінсе де, олардан «қылмыстылық» көрмеу;
- студенттің жақсы ниеттеріне, оның ізеттілігіне, қабілеттеріне, ізгі ұмтылыстарына сенім;
- әрбір студентке, оның ойлары мен іс-әрекеттеріне елеулі факт ретінде назар аудару.

Студентке талап қоюшылықтың оған құрмет білдіру ретінде де, осы құрметтің шамасы ретінде де педагогикалық құндылығы бар.

Талапшылдық – ол оқытушының студенттердің жеке-дара қасиеттеріне, іс-әрекеттері мен білімдеріне ең жоғары адамгершілік өлшемдерін бағалау ретінде қарай білу, студент тұлғасын жетілдіріп отыру қажеттігін тұрақты сезіну, оның мәдениетін көтеру, онда жасырын жатқан барлық мүмкіндіктердің іс жүзіне асуына қол жеткізу деген сөз. Оқытушының студентке талап қоюшылығы – оны құрметтеудің өзіндік шамасы: оқытушы оған қаншалықты көп талап қойса, ол оны соншалықты көп құрметтейді немесе керісінше. «Тұлғаға талапшылдық пен оған деген құрмет, – деп жазған А.С.Макаренко, – екі түрлі нәрсе емес, керісінше, бір-ақ нәрсе».

Оқытушының студентке құрметінің шамасы және көрінісі болу үшін, талапшылдық педагогикалық мораль нормасы ретінде адамгершілікпен іске асырылуға тиіс, яғни онда бірқатар маңызды белгілер болуы керек, олардың арасында төмендегілерді атауға болады:

- педагогикалық үдерістің қажеттіліктерінен, оқыту мен тәрбиелеудің міндеттерінен туған әділеттілік, мақсатқа сай болушылық. Талап қоюшылық тұлғаның ақыл-ойы мен адамгершілігінің, тұлғасының, эстетикалық талғамының дамуына көмегі тисе ғана өзін ақтайды;

- талапшылдық тұлғаға қысым жасамауға, басып тастамауға, сонымен қатар оны біржақты дамуға бағдарламауға тиіс (бір ғана пән бойынша тапсырмалар есепсіз көп болмауға тиіс);
- студент тағдырында ісі жоқ безбұйрек шенеуніктің емес, студент тағдырына шынайы мүдделі адамның ізгі ниеті, яғни талапшылдығы;
- талапшылдық студентке түсінікті және оқытушының жеке мүддесі, әпенділігі немесе еркелігі емес, қажеттілік ретінде қабылдануға тиіс;
- талаптардың нақтылығы, орындалушылығы, студенттің мүмкіндіктеріне сай болуы. Талапшылдықты іс жүзінде орындаудың қиындықтары көбінесе аталған нормалардан шегінуге, оқытушыларда талапшылдықты түсінуде бірліктің жоқтығына байланысты.

Оқытушы мен студенттің өзара құрметі үшін қолайлы шарттарды оқытушының адамгершілік нормасын орындауы, яғни студенттің ұстазы туралы пікірін оқытушының өзіне талап қоюы ретінде бағалауы туғызады.

Оқытушының өзіне талап қоюы – ол оның өз қателіктері мен олқылықтарына, жұмысы мен іс-әрекеттеріне көзқарасы, ол – оның өз қасиеттері мен қадірін олардың қоғамдық құндылығы тұрғысынан бағалауы. Ондай талапшылдық студенттің оқытушы атына жасаған ескертулерін тыңдау және ескеру мүмкіндігін қажет етеді. Оқытушыға қойылатын бұл адамгершілік талапты, өкінішке қарай, барлық дерлік оқытушылар бірдей бөлісе бермейді.

Оқытушының шындықты, сондай-ақ оның жұмысы туралы студенттің пікірін ашық мойындағысы келмеуі (тіпті ол туралы айтуға тыйым салуы) педагогикалық мораль ісіндегі ескірген дәстүр болып саналады. Ал бұл дәстүрді қалай болғанда да сақтауға тырысу әрекетін бірқатар: тәрбиенің мақсаттарын, міндеттерін, тәсілдерін белсенді, батыл және дербес ойлаушы тұлғаны тәрбиелеу деп жеткілікті түсінбеу; оқытушының өз кемшіліктерін жасыру ниеті, кемшіліктерін түзете алатын қабілетіне сенімділігінің болмауы, беделінен айырылып қалудан қорқу; студенттердің ақылына сенбеу; өзінің кәсіптік білімдарлығына сын көзімен қарамау сияқты жеке себептермен түсіндіруге болады.

Ұжымда сынның нашар дамуы оған дұрыс емес көзқарастың қалыптасуына келтіреді. Көптеген оқытушылар сынның пайдалылығын түсіне тұра, өздерінің аттарына айтылған ескертулерді

ренішпен қабылдайды. Бұл жерде сынды қалай айта білу қабілеті көмектесе алады. Оқытушы сынға ынталылық танытуға, өзі, жұмысы туралы сыни пікірлерді өзі ойластыруға, оларға көмектесу түрі деп қарауға тиіс.

Студент тұлғасын, оның пікірлерінің дербестігін және оқытушы атына айтылатын сынның құндылығын құрметтеу талаптарын жүзеге асыру жолында жекелеген студентке қатысты теріс сезімдер, реніш, тіпті ашу-ыза тұрады. Себебі, студенттер әрдайым елгезек, сезімтал бола бермейді, керісінше, дөрекілік, әділетсіздік көрсетуі мүмкін.

Сондықтан оқытушыға *адамгершілік талап – сезімдерін меңгере, студенттерге деген теріс сезімдерін тұншықтыра, оң сезімдерін дамыта білу талабы* пайда болады. Бұл жерде оқытушыға – қоғам алдындағы борышын, өзінің алдындағы педагог мамандығын таңдаған, сол арқылы өзіне ерікті түрде осы еңбекке байланысты міндеттерді, оның ішінде студенттерді құрметтеу, барлық білім алушыларға бірдей төзімді болу міндетін жүктеген адам алдындағы борышын жете түсінуі көмектеседі. Оқытушыға студенттермен қарым-қатынастарындағы қиындықтарды еңсеруге өз еңбегінің маңыздылығын терең түсінуі, сол түсінуден шығатын тұрақты жағымды сезімдер, бірінші кезекте, студенттерді жақсы көру сезімі көмекке келеді.

Оқытушының жас жігітке немесе қызға қатысты жеккөрушілігі олардың да жеккөрушілігін туғызады. Кейде оқытушының студентті жеккөрушілігі оның алдында қорқу сезімінің қалыптасуына келтіреді, әрі ондай оқытушы тәрбиенің ең жақсы құралы жазалау деп санайды.

Жеккөрушілік қарым-қатынастың үзілуіне және оқытушының немқұрайдылығына жеткізеді.

Педагог өз бойындағы теріс сезімдерін басуға, оны студенттермен біріктіретін өзара көмек сезімін қалыптастыруға тиіс.

Оқытушының студенттерге сүйіспеншілігінің өзіндік ерекше мазмұны бар.

Оқытушының студенттерге махаббаты – ол бір немесе бірнеше жас жігіт пен қызды жақсы көру сезімі емес, кеше ғана бейтаныс, ал бүгін жоғары оқу орнына білім алу үшін келген әрбір және кез келген жас жігітке немесе қызға деген жақсы көру сезімі болуға тиіс. Бұл махаббаттың ерекшелігі – оның педагогикалық бағыттылығы. Оның мағынасы – білім алушы адамды жақсы көруден, оның дамуына атсалысудан, студенттермен араласу қуанышынан шығады, өйткені оқыту-тәрбиелеу үдерісі үшін жағымды ахуал орнатады.

Оқытушының студенттерге махаббаты – пәрменді махаббат. Ол өзіне белгілі бір мазмұнды, атап айтқанда: студенттерге ықпал ете білу, олардың мінез-құлықтарының қалыптасуын, ақылдарының толысуын және олардың ең жақсы мүмкіндіктерінің іске асуын қадағалау, тәрбиеленушілеріне терең сүйіспеншілік сезіну қуанышын камтиды. Ол студенттермен жұмыс істеудің жақсы тәсілдерін, мысалы, олардың қабілеттерін, шығармашылық белсенділігін, білім-ғылымға ынтасын оңтайлы дамытатын тәсілдерді қажымай-талмай іздеумен болады.

Студенттерді жақсы көру – демек, олардың болашағын ойлау, қам жеу деген сөз. Студенттерді сүю – ол оларды өмірдегі қиындықтарды жеңуге дайындау, жаман қылықтарға қарсы тұруға, өздері өмір сүріп жатқан, жақсыға өзгертуге лайық әлемді жаңартуға үйрету.

Жоғары оқу орнында оқыту және тәрбиелеу үдерісін жетілдіру тәсілдерінің бірі – педагогикалық ынтымақтастықты, соған сай келетін, оқытушылар мен студенттер арасындағы адамгершілік қарым-қатынастарды, тәлім алушыларға ықпал етудің, олармен өзара іс-қимылдардың жаңа әдістерін көздейтін ынтымақтастықты іске асыру. Осы қатынастардың сапалы өзгеруі оқытушының басты назарын жоғары оқу орнында білім алу қызықты және қуанышты болуына аударатынынан көрінеді.

Бүгінгі таңда жоғары мектепке, бәрінен бұрын, шынайы адамгершіліктің, өзара құрметтің рухы және адамды жоғары құндылық деп түсіну өте қажет.

Ынтымақтастық педагогикасы: студенттердің ақыл-ойын жетілдіретін, олардың өз қабілеттеріне сенімін тереңдетіп, белсенділігі мен шығармашылығын ынталандыратын, қадір-қасиетін, адамгершілік сана-сезімін – өзін-өзі құрметтеуін көтеретін оқыту және тәрбиелеу үдерісін, осындай қамқорлықты қажет етеді.

Оқытушы: студенттердің қажеттіліктері мен қызығушылықтарын түсінетін, олардың күштірек, ақылдырақ, мейірімдірек болуы үшін қамқорлық жасайтын, олармен тең адамдай жұмыс істейтін, оларды оқу үдерісінің өзімен қызықтыратын, олармен жоғары оқу орнындағы өмірді қалай жақсы ұйымдастыруға болатыны жайында ақылдасатын, іс жүзінде өзінің ісінің дұрыстығына сендіріп, түсіндіретін, тұрақты түрде бақылау жасап отыратын ұстаз болуға тиіс.

Осының барлығы оқытушыны жұмылдырып, оны тұрақты шығармашылыққа, жұмыстың жаңа әдістері мен тәсілдерін іздеуге, өзінің қызметін тұрақты түзетіп отыруға ынталандырады.

Оқытушы студенттерді оқытып, үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар өзі де олардан үйренеді.

Ынтымақтастық педагогикасы – оқытуды қызықты іс, қажетті, пайдалы және, бәрінен бұрын, студенттердің өздері үшін маңызды іс деп ұйымдастыру деген сөз. Ол – студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін барынша кең пайдалану, оларды оқу, шығармашылық ізденіс үдерісіне тарту.

Жоғарыда баяндалғандарды тұжырымдай келе, педагог мамандығы бойынша жаңадан жұмысқа кіріскен оқытушыларға төмендегідей кеңестер беру керек:

1. Студенттермен қарым-қатынастарында оқытушы жоғары оқу орнын – мемлекетіміздің бір бөлшегі, ал оқытушының студенттермен қарым-қатынасын қоғамдық талаптардың білдірілуі деп түсінуді негізге алуға тиіс.

2. Қоғамның сенімгер тұлғасы ретіндегі рөлін түсіне және соның ұстанымдарын сақтай отырып, оқытушы педагогикалық қағидасын ашық көрсетпеуі керек. Студенттер үшін педагогтің сөзі мен ісі борышты орындау деп қана емес, сонымен бірге оның жеке сенімдерінің, көзқарастарының көрінісі деп қабылдануға тиіс. Педагогтің шынайылығы – оның өз тәрбиеленушілерімен берік қарым-қатынастарының кепілі. Ол қоғамның қабылданған талаптарын оқытушы өзінің жеке ұстанымдары арқылы өткізіп, оның тұлғасының қажеттіліктеріне айналғанына негізделеді.

3. Студенттермен өзара сәтті іс-қимылдар болуы үшін, оқытушы бәрінен бұрын, өзінің тұлғасын дұрыс бағалауға тиіс. Өзін тану, өзін басқара білу – әрбір оқытушының тұрақты ісі болуы керек. Оқытушының өзінің сезімдік жай-күйін меңгере білуі ерекше назар аударуды қажет етеді: ашуланып сөйлеу, теріс сезімдердің басым болуы, дауыс көтеру, айғайлау әдеті оқыту-тәрбиелеу үдерісіне зиян келтіреді. Кікілжіңнің тууына оқытушының өзінің қаншалықты ықпалы болғаны жайында ол әрдайым өзіне есеп беруге тиіс.

4. Педагогтің мақсатқа сай көзқарасы студенттер мен оқытушының өзара құрметіне, студенттер тұлғасының қадір-қасиеттерінің және педагогтің өзінің жеке қадір-қасиеті мен беделінің орнығуына негізделіп құрылады. Әрбір тәрбиеленушінің жеке-дара қасиеттерін сыйлап, әрқайсысын түсіну, олардың бірге оқитын жолдастары алдындағы беделінің нығаюы үшін жағдай жасау, тұлғаның жағымды қасиеттерінің дамуын қолдау қажет.

5. Сонымен қатар оқытушы өзін жағымды жағынан көрсетіп, таныта білуге тиіс: әлбетте, өзінің қадір-қасиеттерін әсірелеместен, студенттерге өз тұлғасының күшін, әуестенетін істерін, біліктілігін, білімінің ауқымы кеңдігін көрсетуі керек.

6. Студенттің психикалық жай-күйі мен мінез-құлқының ерекшеліктеріне қатысты ақпараттың жеткіліксіздігіне байланысты айқынсыздық қарым-қатынасқа тән элемент болып саналатындықтан, оқытушы өзінің қырағылығын, педагогикалық қиялдарын дамытып, сезімдік ахуалды, мінез-құлық әрекеттерін, оны дұрыс түсіндіруді білуге тиіс. Жағдайды талдауға және шешім қабылдауға шығармашылықпен қарау педагогтің басқаның – студенттің, әріптестің және өзгелердің рөлін – олардың көзқарасын қабылдай білуіне негізделеді.

7. Оқытушының студенттерімен нақты сабақтар барысында қарым-қатынас орнату шеберлігінің маңызды көрсеткіші – педагогтің сөйлеу қызметін азайту есебінен студенттердің сөйлеу қызметін арттыру, өнімсіз үнсіздікті азайту, байланыстарды (сұрақтар – жауаптар) ұлғайту болып табылады. Қарым-қатынасты жандандыруға студенттер ойларының қайталануын пайдалану, олардың пікірлеріне сілтеме жасау, тікелей талаптарды азайту әрекеттері мүмкіндік береді.

8. Студенттердің жетістіктері елеусіз болса да, оларды мақтауға жомарт болу керек. Студентті мақтауды – ұжымның алдында, ал жазғыруды оңаша істеген жөн. Ол кезде оқытушының сөзі «әлсіз» болмауға тиіс. Егер тіпті дауысыңызды дұрыс мәнерге келтіре алмасаңыз да, сізге қолдарыңыздың, бет-жүзіңіздің қимылдары, көзқарасыңыз көмектесе алады.

9. Жұмысқа кіріскеннен кейін, сіз белгілі бір уақыт аралығында өзіңіз күткен нәтижелерді байқамасаңыз да, бәрібір студенттердің білімдеріне қатысты көп шағым айтпаңыз, әңгімені шағымданудан бастамаңыз. Сіздің міндетіңіз – ата-аналарды өзіңіздің педагогикалық мақсаттарыңыздың одақтастары етіңіз, оларды ойлануға ынталандырыңыз. Ал бұл оқытушы студенттің тағдырына шынайы мүдделілік танытқан, ол үшін алаңдаған, онымен ынтымақтаса жұмыс істеуге ниетіңіз туған жағдайда ғана мүмкін болады. Ата-аналардың есебінен өзіңіздің дәрменсіздігіңізді жеңу үшін құрал іздеудің орнына, отбасына жиірек қуаныш әкеліп, оның көмекшісіне айналғаныңыз дұрыс.

10. Мамандығы бойынша жаңадан жұмысқа кіріскен оқытушының әңгіменің тақырыбы болмауы немесе, ең жаманы, сұрақтардың астына алып, әдепсіздік көрсетуі себепті, өзара түсіністікке келе білу қабілеті

жетіспей жатады. Әңгіменің мазмұны екі тарапқа да қызықты болуға тиіс, ал бұны оқытушының өзі ойластырып, ұйымдастыруы керек.

11. Аудиториядан тыс қызметпен айналысу барысында жағдай толық шамада қайталанып қана қоймайды, ол кезде оқытушылық тәжірибеде пайда болып жататын кез келген мәселені шешудің дәл тәсіл-амалдарын беру мүмкін емес. Нақты жағдайларда, қайсыбір оқиғаның тиімді шешімін көрсететін белгілі бір мінез-құлық стилінің ұстанымдарын қалыптастыруға болады.

12. Студенттермен қарым-қатынаста жұмыстағы әріптестердің беделін қолдау керектігін есте ұстау керек. Әріптес беделінің түсуі белгілі бір шамада сіздің де студенттерге педагогикалық ықпалыңыздың әлсіреуіне келтіруі мүмкін.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Мұғалім тұлғасының адамгершілік бағыттылығының мәні неде?
2. «Педагог борышы» деген не?
3. «Ар-ұждан үні» деп нені түсінесіз?
4. «Мұғалімнің намысы» санаты педагог қызметінің қандай ерекшеліктеріне байланысты?
5. Мұғалімнің адамгершілік қадір-қасиетінің маңызы неде?
6. Жалпы әдептіліктің педагог әдептілігінен қандай айырмашылығы бар?
7. Педагог әдептілігінің аса маңызды талабы неден көрінеді?
8. Мұғалімнің қандай адамгершілік-психологиялық қасиеттері болуға тиіс?
9. «Оқушыны сүй» түсінігі нені білдіреді?
10. «Оқушыны құрметтеу» дегенді қалай түсінесіз?
11. Адамгершілік санаттары туралы курстық, дипломдық жұмыстар, баяндамалар, рефераттар, әңгімелер жазыңыз.

ТЕСТІЛЕР. ДҰРЫС ЖАУАБЫН ТАҢДАҢЫЗ:

1. Өзіндік жеке құндылық үшін маңызды және ешқандай жағдайларға қарамастан, оларды бекітетін сезім:
 - а) әділеттілік
 - ә) борыш
 - б) ар-ұждан
 - в) жауапкершілік
 - г) жеке қадір-қасиет
2. Адамгершілік міндеттерін орындаудың қажеттілігі – ол:
 - а) ар-ұждан
 - ә) ұят
 - б) борыш
 - в) кінә
 - г) жауапкершілік

3. Борыштың орындалуын тексеретін моральдық-психологиялық сезім:

- а) ұят
- ә) ар-ұждан
- б) міндеттілік
- в) кінә
- г) борыш

4. Мұғалімнің биік моральдық қасиеттерді сезінуі және өз бойындағы осы сезімдерді құрметтеуі:

- а) қадір-қасиет
- ә) намыс
- б) ізгілік
- в) әділеттілік
- г) жомарттық

5. Ізгі мақсатқа жетуге ықпал ететін адамгершілік қасиет:

- а) сенім
- ә) ашу-ыза
- б) төзімсіздік
- в) табандылық
- г) ерлік

6. Адамдар қарым-қатынастарындағы төзімділік:

- а) сенім
- ә) құрмет
- б) төзімділік
- в) кішіпейілділік
- г) ықыластылық

7. Жақсылықты жақсылықпен өтеудің моральдық талаптары:

- а) сезімталдық
- ә) ілтипаттылық
- б) алғыс
- в) ықыластылық
- г) дәрекілік

8. Оқытушының педагогтік қызметтің әртүрлі салаларына өз қалауымен қатысуы:

- а) батылдық

- ә) белсенділік
- б) бастамашылық
- в) ерлік
- г) жанқиярлық

9. Педагогтің сенімдерінде белгілі бір идеяға адалдықты және осы идеяны мінез-құлықта жүйелі жүргізуді білдіретін оң адамгершілік қасиеті:

- а) белсенділік
- ә) жинақылық
- б) жанқиярлық
- в) ерлік
- г) ыңғайға жығылушылық

10. Педагогтің студенттерге дұрыс көзқарас таңдау, яғни оларға ықпал етудің тәрбиелеуші, пәрменді құралын таңдау қабілеті:

- а) сыпайылық
- ә) құрмет
- б) сүйіспеншілік
- в) төзімділік
- г) әдептілік

11. Оқытушының өз қателіктері мен олқылықтарына, жұмысы мен іс-әректтеріне көзқарасы, оның өз қасиеттерін олардың қоғамдық құндылығы тұрғысынан бағалауы – ол:

- а) сыпайылық
- ә) студенттерге құрмет
- б) өзіне талап қоюшылық
- в) төзімділік
- г) әдептілік

12. Толықтырушылық ұстанымын кім тұжырымдады?

- а) А.С.Макаренко
- ә) Н.Бор
- б) В.А.Сухомлинский
- в) А.Құнанбаев
- г) Ш.Құдайбердиев

13. Адам қызметінің, оның сіңірген еңбектерінің қоғамда танылуы оған деген құрметтен көрінетінін білдіретін моральдық түсінік:

- а) намыс
- ә) ар-ұждан
- б) борыш
- в) төзімділік
- г) әдептілік

14. Студенттердің жеке басы қасиеттерін, іс-әрекеттері мен білімдерін оқытушының ең жоғары адамгершілік өлшемдер тұрғысынан бағалай білу қабілеті – ол:

- а) студенттерге құрмет
- ә) талапшылдық
- б) адамгершілік
- в) төзімділік
- г) әдептілік

15. Оқытушы жан-дүниесінің нәзік қырларының іс-әрекеттерінде көрінуі:

- а) төзімділік
- ә) ұят
- б) борыш
- в) әдептілік
- г) ар-ұждан

16. Оқытушының барлық нақты іс-әрекеттерінің салдарларын көре білуін, оның жеке-дара қабылдауын болжай білуін қамтитын адамгершілік мінез-құлқы:

- а) әдептілік
- ә) талапшылдық
- б) адамгершілік
- в) төзімділік
- г) студенттерге құрмет

17. Оқытушының өз-өзіне құрметі мен санасы және өзінің тұлға ретіндегі құндылығын сезінуі:

- а) қадір-қасиет
- ә) ұят

- б) борыш
- в) ар-ұждан
- г) әдептілік

18. Адамның өзінің алдында мінез-құлқы үшін моральдық жауапкершілік сезінуі:

- а) адамгершілік
- ә) ұят
- б) борыш
- в) қадір-қасиет
- г) әдептілік

19. Оқытушыға қоғам, педагогикалық ұжым, кәсіптік топ қоятын, оның алдында міндеттер түрінде тұратын, оларды сақтау оның ішкі моральдық қажеттілігіне айналатын талаптар:

- а) әдептілік
- ә) ұят
- б) борыш
- в) қадір-қасиет
- г) адамгершілік

20. «Тұлғаға талапшылдық пен оған деген құрмет – екі түрлі нәрсе емес, керісінше, бір-ақ нәрсе» деп жазған:

- а) А.С.Макаренко
- ә) Ы.Алтынсарин
- б) В.А.Сухомлинский
- в) Қ.Сәтбаев
- г) М.Әуезов

IV БӨЛІМ. ПЕДАГОГТИҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЭТИКАСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ

4.1. Қарым-қатынас адамгершілік құндылық ретінде

Қарым-қатынас адамның қалыпты тіршілік қарекетінің қажеттілігі және шарты, оның психологиялық саулығы болып танылады. Адамның өзі қарым-қатынаста ғана адам, тұлға бола алады.

Қарым-қатынас – күрделі және көпқырлы үдеріс. Қарым-қатынас үдерісі ретінде төмендегілер әрекет ете алады:

- жеке адамдардың өзара іс-әрекеттерінің үдерісі;
- ақпараттық үдеріс;
- адамдардың бір-бірлеріне көзқарасы;
- өзара түсінісу үдерісі.

Қарым-қатынастың көптеген түрлерінің арасында негізгілер деп келесілерді атауға болады:

- Қарым-қатынас – ол жеке адамдардың өзара іс-әрекеттері.
- Қарым-қатынас – ол адамның дербес қызметінің бір түрі.
- Қарым-қатынас – ол адам қызметінің басқа түрлерінің әр қыры.

Әлеуметтік-психологиялық әдебиетте қарым-қатынасты төмендегідей ажырату кең тараған:

- тікелей және жанама қарым-қатынас;
- тұлғааралық және көпшілік қарым-қатынас.

Тікелей қарым-қатынас – ол жеке адамдардың айқын кері байланысы бар табиғи психологиялық араласуы, байланысы (әңгімелесу, ойын және тағы басқа).

Жанама қарым-қатынас – ол қандай да бір құралдардың (телефон, хат, анкета) көмегімен орындалатын толық емес психикалық байланыс.

Тұлғааралық қарым-қатынас – ол шағын топтар арасындағы тікелей, азды-көпті тұрақты немесе үздіксіз қарым-қатынас. Бұл қазіргі уақытта, айталық, студенттік топ, болашақта педагогикалық ұжым болуы мүмкін.

Тұлғааралық қатынастардың маңызды шарты – қатынасқа қатысушылардың бір-бірлерінің жеке-дара қасиеттері мен ерекшеліктерін белгілі бір деңгейде білуі. Бұл бірлескен іс-тәжірибе, бірлескен қызмет, өзара сыйластық, өзара түсінісу негізінде мүмкін болады.

Көпшілік қарым-қатынас – ол көпшіліктің, әдетте, бір-бірімен таныс емес адамдардың жол-жөнекей тікелей байланыста (жұртшылық арасында, жұмыста және тағы басқа жерлерде) болуы.

Көпшілік байланыс – ол жанама қарым-қатынасқа жақын үдеріс: ол кезде хабарлар жекелеген адамдарға емес, бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен үлкен әлеуметтік топтарға арналады.

Тұлғааралық та, көпшілік те қатынастар тікелей және жанама бола алады.

Қатынастың мазмұны әртүрлі болуы мүмкін:

- ақпарат беру;
- серіктестердің бір-біріне өзара ықпалы;
- серіктестердің бір-бірін өзара бағалауы;
- серіктестердің өзара іс-әрекеттері;
- топтық қызметті басқару және басқадай.

Қарым-қатынас қызметі:

1. *Байланыстық қызмет*: оның мақсаты – хабарларды алуға және беруге екіжақты даярлық және тұрақты өзара бағдарлылық түрінде өзара байланыс орнату.

2. *Ақпарат алмасу* – яғни сауалға жауап түрінде әлдебір хабарларды, мәліметтерді қабылдау-беру, сондай-ақ пікірлер алмасу, ойлар мен шешімдерді бөлісу.

3. *Ынталандыру* серіктестің қарым-қатынаста оны бір немесе басқа іс-әрекетті орындауға бағыттайтын белсенділігін көтеру.

4. *Үйлестіру* – бірлескен қызметті ұйымдастыру барысында іс-әрекеттерді өзара бағдарлау және келісу.

5. *Түсіну* – хабарламаның мағынасын дұрыс қабылдау ғана емес, сонымен қатар серіктестердің бір-бірін (ниеттерін, ұстанымдарын, күйзелістерін, көңіл күйін) түсінуі.

6. *Сезімдік қоздыру* – серіктестің бойында қажетті күйзелістерді, сезімдерді туғызу, сондай-ақ оның көмегі арқылы жеке күйзелістері мен жай-күйін өзгерту.

7. *Қарым-қатынастар орнату* – қоғамда жеке адам әрекет етуге тиіс: рөл атқаратын, мәртебелік, іскерлік, тұлғааралық және басқадай байланыстар жүйесінде адамның өз орнын сезінуі және белгілеуі.

8. *Әсер ету* – серіктестің жай-күйін, мінез-құлқын, жеке-дара мағынасы бар қасиеттерін, оның ішінде ниеттерін, ұстанымдарын, пікірлерін, шешімдерін, көзқарастарын, қажеттіліктерін, іс-әрекеттерін, белсенділігін өзгерту. Әрі бұл қызметтің: оқытушы – студент, оқытушы – оқытушы, студент – студент қатынастары жүйесінде де маңыздылығы аз емес.

Қатынас құрылымы оның үш жағының бірлігін көрсетеді:

- Коммуникациялық (қатынасып тұратын адамдар арасындағы ақпарат алмасу).

- Интерактивтік (қатынасып тұратын адамдар арасындағы өзара іс-әрекеттер).
- Сезінушілік (қатынасу барысында серіктестердің бір-бірін сезіммен қабылдауы және түсінуі).

Кәсіптік қатынастарда коммуникация қызметі, яғни қатынасқа қатысушылар үшін маңызды ақпарат алмасу қызметі ерекше орын алады. Коммуникацияның негізгі үш түрі ажыратылады:

1. Адамның өзі немесе тыңдармандар үшін сөйлеген сөзі (монолог, яғни әңгімелесушіге бағыттамай сөйлеу).
2. Сұхбат (субъектілер өзара белсенді).
3. Полилогтік (көпжақты қатынас, көбінесе коммуникациялық бастамаға ие болу үшін күресу сипаты бар).

Коммуникация үдерісінің үлгісі (Г.Лассуэль бойынша):

1. Хабарды кім береді – коммутатор
2. Не беріледі – хабарлама (мәтін).
3. Хабар беру қалай іске асады – арна арқылы.
4. Хабарлама кімге арналған – аудитория.
5. Нәтижесі қандай – әсерлі.

Қатынастың сөйлесу және сөйлеспеу құралдары ажыратылады. Сөйлесу құралдары сөз әрекеттерінің мазмұндылығын, ал сөйлесуге жатпайтын құралдар оның мәнерлілігін айқындайды.

Сөйлесуге жатпайтын қатынас құралдары:

- а) оптикалық-кинетикалық – тұрыс, кимыл, бет кимылдары, жүріс, қозғалыс бағыты, үзіліс ұзақтығы, байланыс жиілігі;
- ә) просодиялық¹ және экстралингвистикалық – дауыс ырғағы, дауыстың қаттылығы, дыбыс ырғағы, үзіліс, тыныс алу, күлу, жылау, жөтелу;
- б) әдепке жататын: қол алысу, сүйісу, арқадан қағу;
- в) кеңістік-уақыттық (аралық, уақыт, қатынас жағдайы).

Сөйлеспейтін қатынас қызметтері:

- сөйлеу әсерін күшейтеді немесе баяулатады;
- қатынасқа қатысушылардың ниеттерін анықтауға көмектеседі;
- серіктестің бейнесін сомдайды;
- қатынасқа қатысушылардың психологиялық жақындығының оңтайлы деңгейін сақтайды;
- тұлғаның психикалық жай-күйінің индикаторы болады;
- айтылған сөздің эмоцияға қанығуын күшейтеді.

¹ Просодия – просодия (өлең буындарының арақатысы туралы ілім).

Сөйлеу және сөйлемей құралдарының біріктірілуі қатынас субъектілерінің бірі-біріне әсер етуі үдерісін құрайды. Бұндай әсер оған қабылдау және өзара түсінісу тетіктері қосылғанда тиімді болмақ.

Әлеуметтік психологияда қабылдау (немесе перцепция) деп басқа адамның сыртқы түрі мен мінез-құлқы негізінде қалыптасатын бейнесін түсіну қалыптасқан.

Топаралық қатынас үдерістерінде кең таралған тетік болып стереотизация саналады.

Әлеуметтік стереотип – адамның әлеуметтік құбылыс немесе нысан, адамдар туралы, әдетте, сезіммен айшықталған және тұрақты, өзгермейтін көзқарасы (яғни таптаурындық.)

Оның жарқын мысалдары – этностық стереотиптер (қазақтардың қонақжайлылығы, ағылшындардың сыпайылығы және тағы басқа). Стереотип көбінесе алдыңғы шектеулі кезең негізінде пайда болады, қорытындылар шектеулі ақпарат негізінде жасалады. Стереотиптер өзгерістерге тұрақты, яғни көп жағдайда өзгермейді.

Адамдар бір-бірін қабылдағанда әртүрлі факторлар: артықшылық, тартымдылық, көзқарастар туғызатын қателіктер болуы мүмкін.

Артықшылық факторының әсері серіктестердің тендей еместігі жағдайында көрінеді. Бұл жерде қателік әлдебір маңызды өлшем бойынша бізден асып тұрған адаммен кездескенде байқалады: біз оны бізге тең болғаннан гөрі артығырақ бағалауға бейімбіз немесе керісінше. Ол кезде оның артықшылығы туралы ақпарат беретін құралдар:

- ол адамның киімі, бөлектеп тұратын белгілер, шаш үлгісі, сәнденуі және басқалары;
- ол адамның мінез-құлық мәнері.

Тартымдылық факторының әсерімен басқа адамның жеке басының қасиеттері артық бағаланады немесе жете бағаланбайды. Бұл жердегі қателік мынада: адам сырт келбеті бойынша қаншалықты тартымды болса, барлық басқа қатынастарда ол барлығынан артық болып көрінеді.

Көзқарас факторының бізге әсері, өзімізге көзқарасы жаман адамдарға қарағанда, жақсы қарайтындарды жоғары бағалайтынмыздан көрінеді.

Стереотизация салдарлары:

- басқа адамның бейнесіне қарадүрсін көзқарасқа, оны қалыптасқан үлгімен ауыстыруға;
- қате көзқарастың, тысқары пікірдің пайда болуына келтіреді.

Тұлғааралық қатынастарда қабылдау тетіктері болып: сәйкестендіру, эмпатия, рефлексия танылады.

Сәйкестендіру – ол бір адамның басқа адамды саналы және санадан тыс өзіне ұқсатуы арқылы түсінуі тәсілі. Бұл – басқа адамды түсінудің аса қарапайым түрі.

Эмпатия – басқа адамды сезімдер және сезімге құрылған көзқарас деңгейінде түсіну.

Рефлексия – адамның өзін қарым-қатынастағы серіктесінің қалай қабылдайтынын саналы, тиянақты түрде түсінуі.

Тұлғааралық қабылдаудың мазмұны жайындағы терең түсінік үшін атрибуция құбылысын оқып, білу керек. *Атрибуция¹ теориясы – ол өзгелердің мінез-құлқын адамдардың қалай түсіндіретіні туралы теория: олар әрекет ету себептерін өзге адамның ішкі қасиеттері мен ұстанымдарына жатқыза ма, әлде сыртқы жағдайларға ма?*

Атрибуция зерттеулерін «дұрыс мағына психологиясы» талдайды: соның көмегімен адам күнделікті оқиғаларды түсіндіреді. Атрибуцияның ерекше құбылысы басқа адам туралы ақпарат жетіспегенде, оны телу (атрибуция) үдерісімен ауыстыруға тура келетін жағдайда пайда болады.

Тұлғааралық қабылдау барысында атрибуция сипаты келесі көрсеткіштерге:

- іс-әрекеттің үйреншіктілігі немесе бірегейлігі дәрежесіне;
- іс-әрекеттің қалаулы болуы немесе қалаулы болмауы дәрежесіне;
- қабылдау субъектісінің өзінің оқиғаға қатысушы немесе бақылаушы болып табылатынына байланысты.

Атрибуция тұрпаттары:

- *жеке-дара атрибуция*: іс-әрекеттің себебі оны жасаған адамның тікелей өзіне телінеді;
- *нысандық атрибуция*: іс-әрекет қандай нысанға бағытталса, оның себебі сол нысанға телінеді;
- *жағдаяттық атрибуция*: жасалатын әрекеттің себебі жағдайларға телінеді.

Атрибуцияның түбегейлі қателігі – бақылаушылардың басқалардың мінез-құлықтарына әсерлердің жағдаяттық себептерін жете бағаламай,

¹ Атрибуция – атрибуция (лат attribution – телу). Мысалы, көркем туындының авторын, уақыты мен жасалған (жазылған) уақытын анықтау; оның стилін, арқауын, жасалу (жазылу) техникасын талдауға, зерттеулерге сүйенеді.

жеке тұлғалық әсерлерді асыра бағалауы үрдісі. Сараптамалық зерттеулер мынаны көрсетеді: біз белгілі бір шамада адамдардың мінез-құлқын олардың ішкі қасиеттеріне теліміз де, адамды басқадай емес, дәл осылай істеуге мәжбүр ететін жағдаяттық әсерлерді (тіпті олар айдай анық болып тұрса да) ескермейміз.

Қарым-қатынас жүйелік құрылым болып табылады және оны осы тұрғыдан субъектілердің өзара әрекеттері деп қарауға болады.

Өзара әрекет – ол серіктестің қарсы әрекетін (жауап қайтаруын) туғызуға бағытталған әрекеттің жүйелі түрде орындалуы. Осылай туғызылған әрекет, өз кезегінде, әрекет етушінің келесі әрекетін туғызады.

Өзара әрекеттің құрамдас бөліктері:

- 1) адамдар;
- 2) адамдардың өзара байланысы;
- 3) адамдардың бір-бірлеріне әсері, ықпалы;
- 4) қатынас субъектілерінің өзара өзгеруі.

Өзара әрекеттің негізгі екі тұрпаты:

- ынтымақтастық, ықпалдастық;
- кикілжің, бәсекелестік.

Өзара әрекеттердің түрлері (Р.Ф.Бейлс бойынша).

Жағымды сезімдер саласы:

- 1) ынтымақтастық;
- 2) шиеленістің бәсеңсуі;
- 3) келісім.

Қиындықтарды шешу саласы:

- 1) ұсыныс;
- 2) пікір;
- 3) басқалардың бағдары.

Мәселе қою саласы:

- 1) ақпарат беруді өтіну;
- 2) пікір білдіруді өтіну;
- 3) жүгіну туралы өтініш.

Теріс сезімдер саласы:

- 1) келіспеушілік;
- 2) шиеленіс;
- 3) антагонизм¹ көрінісі.

¹ Антагонизм – антагонизм (ерте грек тілінде талас, күрес) – дұшпан күштердің, үрдістердің өткір күресуімен ерекшеленетін бітіспес қарама-қайшылық.

Америкалық зерттеушілер Стейнберг, Миллер өзара әрекетті бақылауға бағдарлану және түсінуге бағдарлану тұрғысынан ажыратады:

- бақылауға бағдарлану – жағдайды бақылауда ұстауға және басқа адамдардың мінез-құлқын басқаруға ұмтылу, үстем болуды қалау;
- түсінуге бағдарлану – жағдайды түсінуге және басқалардың мінез-құлқын түсінуге, кикілжіндерге жол бермеуге ұмтылу.

Қатынас стратегиялары:

- 1) «бақылаушы» стратегиясы – серіктесті өзінің өзара әрекет ету жоспарын қабылдауға мәжбүрлеуге ұмтылу;
- 2) «түсінушінің» стратегиясы – серіктестің ыңғайына бейімделу.

Жүгінудің сипаты:

- 1) ашық – өзінің пікірі білдіріледі және басқалардың көзқарастары ескеріледі;
- 2) жабық – көзқарастар ашық айтылмайды;
- 3) аралас:
 - а) бір тарап өз көзқарасын ашпай тұрып, екінші тараптың көзқарасын анықтайды;
 - ә) серіктестердің бірі екінші тараптың ниеттерін ескерместен, көмек көрсетілетініне есеп жасай отырып, өзінің көзқарасын ашады.

Қарым-қатынастың өзара әрекет ретіндегі барынша көп тиімділігіне қол жеткізу үшін, келесідей шарттар қажет:

- а) қатынас субъектілерінің мәртебелеріне байланыссыз, олардың психологиялық ұстанымдарының теңдігі;
- ә) серіктестердің белсенді байланысуы рөлінің теңдей танылуы;
- б) серіктестердің бір-бірін психологиялық қолдауы.

Кикілжіндер орын алатын жағдайлар: тараптардың әлдебір мәселе бойынша көзқарастары қарама-қарсы болғанда, немесе мақсаттардың немесе осындай жағдайда оған қол жеткізу құралдарының қарама-қайшылығы, немесе қарсыластар мүдделерінің, қалауларының, қызығушылықтарының сәйкессіздігі анықталғанда.

Кикілжіндерге жол бермеу үшін адамдар қарым-қатынастарда мәдениетті болуға тиіс.

Қарым-қатынас мәдениеті – ол қарым-қатынас нормалары, ұстанымдары мен ережелерінің жүйесі, сондай-ақ олардың орындалуы үшін, адамзат қоғамы өзара әрекеттер байланыстарын оңтайландыру және тиімді ету мақсатында жасап шығарған технология. Қатынас мәдениеті тұлғааралық қатынастың төмендегідей:

- тұлғаның мүдделеріне, құқықтары мен бостандықтарына адамгершілік көзқараспен қарауға сай келетін;
- қоғамдастықта «іс-әрекетке басшылық» ретінде қабылданған;
- тұлғаның өзінің көзқарастары мен сенімдеріне қайшы келмейтін;
- тұлғаның осы нормаларды сақтауға дайындығы мен қабілетін білдіретін нормаларын білуді, түсінуді және сақтауды қажет етеді.

Тұлғаның қарым-қатынастағы адамгершілік мәдениетінің негізгі белгілері:

- серіктеске құрметпен қарау, ұстамдылық, сыпайылық, адамның жанын қатты жаралауы мүмкін сөзге абай болу;
- қарым-қатынас мақсаттарының айқындығы, әңгімелесуші тараптың пікірлерін түсінуге, бағалауға және қабылдауға дайын болушылық;
- өзін тұрақты жетілдіріп отыру, өзін қарым-қатынасқа даярлау;
- өзара сенім туғызатын, кикілжің жағдайларының алдын алуға және еңсеруге көмектесетін төзімділік ұстанымдарын сақтау.

Жалпы алғанда, жоғарыда келтірілген белгілердің барлығын педагогтің беделі іспетті бір ғана өте ауқымды ұғымға біріктіруге болады.

4.2. Педагог беделі жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінің табыстылығы ретінде

Қазіргі заманғы ЖОО-да оқытушының рөлі өсіп, оның студенттерге психологиялық және педагогикалық ықпалының ауқымы кеңейе түскен. Оқытушы енді білім мен ақпарат беруші ғана бола алмайды: ол педагог, психолог, психотерапевт болуға тиіс. Оның педагогикалық қызметінің табыстылығы және беделі көбінесе осыған байланысты.

Оқытушының беделі – оның ұжымдағы кәсіптік, педагогикалық және жеке жағдайының біріктірілген сипаттамасы: ол әріптестермен, студенттермен өзара қарым-қатынас барысында көрінеді, оқу-тәрбие үдерісінің жемісті болуына әсер етеді.

Оқытушы беделі екі құрамдас бөліктен: *рөлдің беделінен* және *тұлғаның беделінен* тұрады. Егер бірнеше жыл бұрын рөлдің беделі басымдық алса, енді қазір оқытушының тұлғасы, оның жарқын, қайталанбайтын, студенттерге тәрбиелік (педагогикалық) және психотерапиялық әсер ететін қасиеті негізгі болып саналады.

Оқытушы беделі педагогикалық біліктіліктің үш: «пәндік» (ғылыми білімдер); «коммуникациялық» (оқушыларын және әріптестерін білу); «танымдық» (өзін-өзі білуі, мінез-құлқын түзете білуі) тұрпатын жеткілікті биік деңгейде дамытудан қалыптасады.

Педагог тұлғасы беделінің негізгі көрсеткіштері:

1. Оқытушының өзін-өзі бағалауына оның тұлғасына студенттер мен әріптестері беретін бағаның сәйкес болуы.
2. Қарама-қайшы және күрделі ақпаратты қабылдап, өңдей білу, қызметтегі және өмірдегі қиын жағдайлардан лайықты түрде шығу жолын таба білу.

Жүргізілген педагогикалық зерттеулердің негізінде беделді және беделді емес оқытушының жан-жақты сипаттамасы ажыратылды. Беделді оқытушылардың: жоғары педагогикалық қырағылығы, студенттерге құрметі, олардың белсенділігі мен зияткерлік істерін ынталандыра білуі, педагогикалық шешімдер қабылдау кезіндегі шеберлігі, студенттермен қарым-қатынасқа қанағаттанушылығы байқалады. Беделді емес оқытушыларда педагогикалық қарым-қатынаста қатал, авторитарлық тәсілдер басым, сабақ берудің таптаурын әдістері, қатынастың біржақтылығы, студенттердің оқудағы жетістіктеріне қарамастан, оларды құрметтей білмеушілік жиі кездеседі.

Оқытушылардың педагогикалық қызметінде жиі ұшырасатын негізгі қиындықтар мен мәселелерге жіті назар аудару қажет. Олардың ішінде аса маңызды саналатындары:

- жеке қызметінің барлық құрамдас бөліктерін және өзінің тұлға ретіндегі қасиеттерін талдай білмеу;
- студенттердің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін жеткілікті түсінбеу және оларды ескере білмеу;
- студенттермен және әріптестермен байланыс үдерісін құра алмау;
- өзінің психологиялық жай-күйлерін меңгере және психологиялық кедергілерді еңсере білмеу.

Осындай қиындықтарды жеңе білуге үйрену керек. Өзгелерді басқару өздеріңізді басқарудан басталатынын сіздер түсінесіздер. Әрқайсыңыз өз ерекшеліктеріңіз бен қабілеттеріңіз туралы білуге, яғни өздеріңізді жете тануға, өз психологиялық бейнеңізді жасауға, педагогикалық қарым-қатынасқа үйренуге тиіссіздер.

Барлық жоғары оқу орындарында жылма-жыл «Оқытушы студенттер көзімен» деген тақырып бойынша өткізілетін сауалнама студенттердің ең алдымен оқытушылар бойындағы: қайырымдылық,

ашық-жарқындық, көңілділік, белсенділік, ілтипат сияқты жеке-дара қасиеттерді, содан кейін ғана зияткерлік: ақыл-ойының ширақтығын, тапқырлығын және өзі оқытатын пәнін жақсы білетінін бағалайтынын көрсетті. Студенттерге оқытушының бойында жеке және зияткерлік қасиеттері үйлесім тапқаны ұнайды. Теріс мінездер ешкімге ұнамайды. Ал оқытушылар студенттерді қалай бағалайды? Олар студенттердің зиялылығын: ақылды, қабілетті немесе, керісінше, топас, миғұла деп бірауызды бағалайды. Жеке-дара ерекшеліктерді бағалау қиындау: бұл жерде бір студентке қатысты көптеген әртүрлі пікірлер болады.

Білім алушылардың білімдері мен мінез-құлықтарын бағалаған кезде, олардың қадір-қасиеттерін, намысын кемсітпеу үшін, әрбір педагогикалық жағдайдың студенттер мен педагог қызметінің нәтижесі екенін, сондықтан қиын жағдай тіпті оның қатысуынсыз орын алса да, педагог оның шешілуі үшін жауапты екенін есте ұстауы керек.

Тіпті әлдебір себептермен оқытушы студентті сыйлай алмайтын жағдайларда да, оны мүлдем ызаландырып алмау, байланысты үзіп, тығырыққа тіремеу үшін, оған дұрыс қарауы қажет. Оған деген өзінің теріс көзқарасын көрсетпеуге, өзін адамгершілікке сай ұстауға тырысуы керек. Әрине, білім алушылардың кемшіліктері туралы оқытушы куәгерлерсіз және өзгеше сыпайы түрде айтуға тиіс. Ондай пікірлердің мақсаты сындарлы болса, студентті кемшіліктерін түзеп, өзіне қолжетімді жетістіктерге жетуге ынталандырады. Өсиеттер айтқанда, этикалық жағынан дұрыс сөйлей білуге, дауыс ырғағын дұрыс қоюға кеңес беріледі.

Біздің ойымызша, оқытушы тұлғасында жеке және іскерлік қасиеттерінің үйлесім тапқаны дұрыс.

Оқытушының беделі оның төмендегідей тұлғалық (лайықты деп саналатын) қасиеттеріне негізделеді:

1. Кәсіптік шеберлік және пәнді терең білу.
2. Өзінің ойларын бейнелі түрде және түсінікті етіп жеткізе білу.
3. Жалпы жоғары мәдениет пен біліктілік.
4. Шапшаң ойлап, жылдам жауап бере білу.
5. Өзінің жеке пікірінен танбай, қорғай алу.
6. Мәнерлі (сөйлеу арқылы емес) тәсілдерді пайдалана білу.
7. Студент психологиясын, оның қасиеттері мен кемшіліктерін түсіну қабілеті.
8. Әңгімелесушіге қатысты ықыластылық. Ізгіліктілік және шыдамдылық.

9. Әділеттілікпен үйлесім тапқан қаталдық.

10. Педагогикалық орнықтылық және қиын жағдайлардағы тапқырлық.

11. Ұқыпты сыртқы түр-келбет.

Оқытушыларға лайықсыз қасиеттерге төмендегілер жатады:

1. Менмендік, дөрекілік, қайырымсыздық.

2. Өзін ғана жақсы көрушілік.

3. Беймазалық.

4. Баяу жауап қатушылық, кертартпалық.

5. Студентті тұқыртуға ұмтылушылық.

6. Жинақы болмау, жалқаулық.

7. Шамадан тыс сезімталдық, ашушандық.

8. Педагогтік шеберліктің жоқтығы.

Сонымен, аудиторияда оқытушының алдында тұратын бірінші кезектегі міндеттердің бірі – өзін ақпараттың (білімдердің) беделді көзі ретінде көрсету, өйткені бедел сол бойда аудиторияның сенімін және ақпаратқа қызығушылығын қамтамасыз етеді. Бедел аудиториямен ұзақ уақыт жұмыс істеудің және әртүрлі педагогикалық тәсілдердің көмегімен оны өз жағына тартудың нәтижесі болып шығады.

Аудиторияға алғаш кірген оқытушы аудиторияның сенімін арттыратын маңызды кәсіби ерекшеліктерін баса көрсету үшін, беделін күшейту үшін, өзін жарнамалау, жете таныстыру амалдарын пайдалана алады. Мысалы, оның өзінің жарық көрген, әсіресе шетелдік жарияланымдары, жиындарда сөйлеген сөздері жайында айтып өтуіне, осы аудитория үшін беделді, белгілі адамдармен ынтымақтастығына сілтеме жасауына болады. Өзін жарнамалаудың кең тараған түрі киім, шаш үлгісін, сөмке немесе портфель тандаудан, яғни өзінің беделін сыртқы әсерлер арқылы құрудан басталады.

Зерттеулердің тұтас бірқатары мансап құру үшін әлеуметтік жағдайдың талап етуі бойынша киіну керек екенін көрсетті. Бұл ойымызды «Адам көркі – шүберек» деген мақал дәлелдей түседі. Кейде аудиторияның ықыласына ие болуға тырысып, оқытушы оның қабылдау үлгісін бұзбау үшін, әдейі соның ыңғайына жығылып киінеді. Мәселен, өзінің жастығын және студенттермен жарасымдылығын көрсетуді қалайтын оқытушы студенттік «сән үлгісіне тән» киімдер киеді. Киімге және сыртқы түр-келбетке мүлдем немқұрайды қараушылықты да өзін-өзі жарнамалау деп түсінуге болады.

Егер «шүберек» арқылы өзін-өзі жарнамалау әлдебір себептермен іске аспаса, мінез-құлық бойынша өзін-өзі жарнамалау байқалмай қалмайды. Әсіресе бейнелі ақпаратты мінез-құлықтың сөзбен айтылмайтын құралдары – дене қозғалысы деп аталатынның бәрі береді.

Бәрінен бұрын, оқытушы өзі және аудитория арасында дұрыс арақашықтық таңдауға тиіс. Оқытушы үшін бұл арақашықтық үш және одан артық («әлеуметтік», «қоғамдық» немесе «көпшілік» аймағы деп аталатын) метрді құрайды. Аймақтан 1/2 метрден артық өтіп кету жеке, ішкі және тіпті ерекше етене аймаққа ену дегенді білдіреді де, міндетті түрде тыңдармандар тарапынан түсінбестік, қолайсыздық сезіну, әсіресе егер ол шекаралар тұрақты және дөрекі бұзылатын болса, тіпті қарсылық туғызады. Кейде шекараны оқытушының өзінің достық қарым-қатынасын және жақынырақ сенімді байланыс орнату ниетін білдіру үшін бұзуына болады. Алайда арақашықтықты сақтау дұрыс болмақ. Сонымен қатар тыңдармандар алдында оқытушының қалай тұратыны да маңызды. Оңтайлы тұрыс – аудиторияға бет-жүзді қаратып, ал ең жаманы – арқаны қаратып тұру (өкінішке қарай, оқытушы, әсіресе тәжірибесіз маман материалды тақтаға бұрылып тұрып түсіндіретін жағдайлар аз кездеспейді). Оқытушының аудиторияға қырынан қарап тұруы көбінесе оқшаулану және жақын, сенімді қатынастар орнатуға құлықсыздық сезімін туғызады.

Дене тұрқы, сымбат, жүріс-тұрыс, қимылдар жасау сияқты, сөзбен айтылмайтын құралдар да өзін-өзі жарнамалау элементтері бола алады. Дұрыс дене сымбаты сенімділік, тыныштық және өзіндік жоғары баға сезімін туғызады. Оқытушы жүрген, отырған немесе тұрған кезде, үнемі өзінің дене сымбатын қадағалап отыруға тиіс. Дәріс оқитын оқытушының бойы аласа болса, оның өзі үшін тым биік мінбермен (кафедра) қатар тұрғаны жөн.

Құжаттарды мінберге қою талап етіледі, бірақ оның үстіне қолды қоймау, қозғамау, оған сүйенбеу керек. Мінберге сүйенгенде, дәріс оқитын оқытушының денесі қисаяды, киімінің жеңі қатпарланып қалады. Денесінің қисаюы тыныс алуының қиындауына келтіреді, ал ол, өз кезегінде, сөйлеуді қиындатып, дәрістің мазмұнына да әсер етеді.

Үстел басында және онсыз орынтаққа отырғанда, бір аяқты екінші аяққа қойып және қолдарды тізенің үстінде аяқастырып алу ыңғайсыз көрінеді. Орынтақтың арқалығы мен шынтақ қоятын бөліктерін елеместен, аяқты сәл артқа қарай шегіндіріп, өкшені еденге тіреп, еркін отыру керек.

Аякты жеткілікті сенімді, ширақ басып жүру оқытушының жинақылығын және тындырымдылығын дәлелдейді. Өзіне сенімді іскер адам рөлін ойнап-ақ сондай болып сезінуге болады.

Өзін-өзі жарнамалаудың сөйлеусіз құралдарының арасында бет-жүз (ым, ишара) және дене қимылдары елеулі орын алады. Дене қимылдарының көмегімен оқытушы аудиторияға көзқарасын және сезімдік жай-күйін білдіреді. Бет-жүз қимылдарына, мәнерлілігіне ерекше назар аудару қажет. Бірқатар зерттеулерде дәлелденгендей, бет-жүз, негізінен, ерін мен қас қимылдары, олардың мәнерлілігі арқылы жеті: қорқыныш, күйзеліс, ашу, жиіркеніш, қызығушылық, таңдану және бақыт сезімін үлкен дәрежедегі дәлдікпен анықтауға болады. Дегенмен адам өзін көбірек бақылап отырғанда, бет-жүздің, әсіресе сол жақ беттің мәнерлілігі азырақ хабар береді. Кез келген жағдайда оқытушы үшін бет-жүздің мәнерлілігін меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар өзінің алдында отырған студенттерге деген көзқарасын көрсету үшін белгілі бір жай-күй туғызуы маңызды. Бет-жүз түнеріңкі, бедірейген, менмен, жиіркенішті болмауға тиіс. Бет-келбетке ілтипаттылық, жинақылық және іскерлік сипат берген жөн.

Оның үстіне, көзқарас тура, ашық, байланысқа ынталандыратын болуы керек. Аудиторияға оқытушының жүгіріп тұратын көзі немесе басқа жаққа қарап тұрып сөйлейтін әдеті өте нашар әсер қалдырады.

Дәріс оқитын оқытушыға аудиториядағы тыңдармандарға тура, бірақ қадалып қарамауға, әр кезде барлықтарына шолып қарауға кеңес беріледі. Шолуды бөлменің сол жағынан бастап, оңға қарай, содан кейін алдыңғы қатарлардан соңғы қатарларға дейін жеткізе қарау керек. Оқытушының өзіне жиірек қарайтынын сезетін студенттің материалды сапалы меңгеріп, есінде жақсы сақтайтыны дәлелденген.

Оқытушы өзіне сенімділігін, ұстамдылығын, біліктілігін көрсетуі үшін, бет-жүз және дене қимылдарын жүйелі түрде бақылап қана қоймай, оларды алдына қойған мақсаттарына бағындыра да білуге тиіс. Қажетсіз және ашу туғызатын, мысалы, тырнақтарымен сыртылдатын, саусақтарымен ұрғылайтын, сақалын (ер адам) саусақтарымен тарағыштайтын, шашын сипалай беретін, маңдайын сұрткіштейтін, саусақтың буындарын шытырлататын әдеттерден арылу қажет. Кішкентай, тіпті елеусіз әдеттің өзі оқытушының кәсіби кемшілігіне айналуы мүмкін.

Кеуде деңгейіндегі қимылдар – ең жақсы қимылдар. Олар күш-қайрат, байсалды басымдық береді және сенімділік ұялатады. Ал

шаш, бет сипалау немесе дененің әр жеріне қол тигізе беру әдеттері мазасыздық, әбігершілік және сенімсіздік туғызады.

Шынтақты денеге жақын ұстау керек. Егер сөйлеп тұрған адамның қолдары қимылдар жасамаса, көрсетіп ұстаудың қажеті жоқ, оларды айкастырып немесе жай ғана төмен түсіріп ұстау керек. Қолдармен не істеу керек деп қам жеу қажет емес. Қимылдар табиғи және сөйлеу арқылы байланыс орнатудың ақылға қонымды жалғасы болуға тиіс. Оқытушының дауыс ырғағын дұрыс қойып, сөйлеу мәнерін жетік меңгергені өте маңызды. Дауыс немесе паралингвистикалық¹ ерекшеліктерді оқытушының кәсіби маңызды қасиеттеріне жатқызуға болады.

Дене қимылдарын меңгеруі сияқты, оқытушының дауысын да меңгеруі қажет. Дауыстың қаттылығын тұрақты түрде өзгертіп отыру тактикасы өте тиімді. Оқытушының сөйлеуі үшін дауыс ырғағының және оны өзгертіп отырудың үлкен маңызы бар. Дауыс ырғағы еш өзгермейтін, бірсарынды сөйленетін сөз тыңдаушылардың қалғып-мүлгуіне, назарларының нашарлауына, қызығушылықтарының жоғалуына әкеліп соқтырады. Керісінше, ширақ, бейнелі сөйленген сөз тыңдармандарды тартып, оларды жалықтырмайды.

Сөйлеу екпінділігі сипаттары да паралингвистика қатарына жатады. Сөйлеу екпіні, яғни жылдамдығы мәселелерді талқылауға, нақты бір тілді білуге, сезімдік жай-күйге, шынайылық пен жалғандыққа қатысты сенімділікті дәлелдейді. Орыс тілі үшін бір минутта 250 сөз айту жылдамдығы, яғни секундына 4 сөз айту қалыпты екпінділік болып есептеледі. Екпінділікті минутына 120 сөзге дейін азайтуы сөйлеушінің өзіне сенімсіздігін, менмендігін немесе тілді нашар білетінін көрсетеді. Жылдам екпінділік (минутына 400 сөзге дейін) сөйлеудің шапшаңдығын ғана емес, сөйлеушінің толқынысын немесе абыржушылығын көрсетеді.

Сараптамалар дәлелдегендей, тыңдармандар олардың өздеріне тән сөйлеу екпінділігін жақсы қабылдайды. Дегенмен материалдың қиындығына, тыңдармандардың ықтияттылығына, оқытушының өзінің көңіл күйіне байланысты, сөйлеудің өзгеріп тұратын екпінділігі оңтайлы болып саналады.

¹ Паралингвистика – хабарланатын ойдың, пікірдің сөзбен білдірілуі тәсілдерімен қоса, сөйлеу барысында тілден тысқары амалдардың қолданылуымен берілуін зерттейтін тіл білімі саласы.

Сөйлеудің басқа қарым-қатынастық өлшемін де ескерген жөн. Екпін түсетін дауысты дыбыстың айқын және түсінікті айтылуы маңызды, ал екпін түспейтін дауысты дыбыстар сөздің анықтығына елеулі әсер етпейді. Мәнерлі сөз ойдың көптеген реңктерін, қырларын бере алады.

Мәселен, Б.Шоу: «50 рет «иә» және 500 рет «жоқ» деп айтылуы мүмкін, өйткені олар әртүрлі мағына әкеледі, бірақ оларды бір мағынада ғана жазуға болады», – деген.

Сөйлегенде қате жібермеуге тырысу керек. Әсіресе адамды сол бойда теріс жағынан көрсететін әрекет, яғни сөзге екпінді дұрыс түсірмеу өте қауіпті. Таныс емес сөздерді пайдаланбаған жөн. Кәсіби пайдалы болып сөздік кеңестерді пайдалану әдеті саналады.

Тыңдармандарға: «іс-шарамен қамту...», «тиісті назар аудару...» деген сияқты кеңсе ауқымындағы кезекші сөздер жайсыз әсер туғызады.

Сондай-ақ: «ал», «міне», «десек те», «түсінесіз бе», «яғни» және басқадай жауыр болып кеткен сөздерден арылу қажет. Ондай сөздер оқытушының сабағын мазмұнды етпек түгілі, студенттерді жалықтырып, тіпті ызаларын келтіреді. М.Твен: Дұрыс және дұрыс дерлік сөздің арасындағы айырмашылық жер мен көктей», – деген. Бір құбылысты әртүрлі сипаттап айтуға болады. «Таудың басында енді жел соқпайды», – деген сөйлемнің орнына Гёте:

«Тау шыңдары түн тыныштығында мүлгіді», – деп жазғанды дұрыс санаған.

Өзіңіздің сөздік қорыңыз жайында ойлаңыз. Мысалы, психологтардың деректері бойынша кішкентай бала – 3600, 14 жастағы жасөспірім – 9000, орта білімі бар ересек адам – 11700, ал «жоғары» зиялы адам 13500-ге дейін сөз пайдаланады. А.С.Пушкиннің сөздік қоры 21200 сөзден тұрған.

Адам орташа есеппен 15 минут шаршамай тыңдай алады. Содан кейін үзіліс немесе азғантай шегініс жасап, бір қызықты факт келтіру дұрыс болатынын білген жөн.

Тыңдарманға әсер ететін кейбір әрекеттерге жататындар:

- а) мысалдар айту, бүге-шігесіне дейін баяндау, салыстыру (әсіресе күлкілі салыстыру есте жақсы сақталады);
- ә) сөзді немесе сөйлемді ауыспалы мағынада қолдану (метафора), бейнелі қатар, қысқа әңгімелер (әзіл-оспақтар);
- б) қайталау («Ешкімнің бұған мүлдем құқы жоқ»);
- в) түсіндіру;

- г) үндеу (саңкылдау);
- ғ) дәйексөз келтіру;
- д) карама-қарсы қою;
- е) алдын ала мәлімдеу («Сіз... таңғалатын боласыз»);
- ж) сөздерді ойнату (мақалдар, мәтелдер, идиомалар¹, тосын пікірлер);
- з) қосымша (жолай жасалатын ескерту).

Сонымен, оқытушының студентпен өзара іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін, студенттердің белсенділігін көтеруге, олармен кері байланыс орнатуға, қойылған міндеттерді шешу үшін қолайлы жағдайлар туғызуға, ақпарат көзінің беделін күшейтуге бағдарлану керек. Педагог мамандар үшін келесі кеңес шын мәнінде пайдалы болуы мүмкін: ***«Студенттердің бойларында өздерінің маңыздылығын сезінетіндей, оған қоса, студенттердің жеке қасиеттерінің дамуын ғана емес, тұлға ретінде өсуін қадағалайтындай жағдайда болатын әрекет істеу керек».***

4.3. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық қарым-қатынастың стилі және ерекшеліктері

Іс жүзіндегі нақты қызметпен қатар, адамдар арасындағы өзара әрекеттестік – адам дамуының басты факторлары. Адамдық қатынастар, оның ішінде оқу үдерісіндегі қатынастар субъект – субъект негізінде, екі тарап та теңдей тұлғалар ретінде, қатынас үдерісінің теңқұқылы қатысушылары ретінде араласатын негізде құрылуға тиіс. Осы шарт сақталса, рөларалық «оқытушы – студент» байланысы емес, тұлғааралық байланыс орнап, соның нәтижесінде әңгімелесу үдерісі, демек, қатынасқа қатысушының біреуінің екіншісіне ықпалын барынша қабылдау және ашықтық сезімі пайда болады. Қатынасқа қатысушылардың әрқайсысының танымдық, сезімдік, мінез-құлық салаларындағы жағымды өзгерістері үшін оңтайлы негіз құрылады. Сөйтіп, рөларалық қатынасты тұлғааралық қатынаспен ауыстыру әрекеті оқу үдерісіндегі түршілдік (формализм – мазмұннан гөрі, сыртқы нысанға бой ұрушылық) пен қасаңдықтан (догматизм – нақтылы жағдайларды ескермейтін дерексіз әдіс) шегінуге мүмкіндік береді. Бірақ нұсқаулық-бұйырушылық тәсілден – қатынастың

¹ Идиома – идиома (мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасынан шықпайтын фразеологиялық оралым).

демократиялық, теңқұқылық тәсіліне, біржақты сөйлеуден (монолог) сұхбаттасуға (диалог) көшу, – егер қатысушы екі тарап оған дайын болмаса, – ешқашан іске аспайды. Қатынастың осындай түрі шынайы қатынасқа айналуы үшін, адамгершілік сипаты бойынша педагогтің де, студенттің де тұлғалары қатынасының өзегі болып қалыптасуға тиіс.

«Тұлға қатынасының өзегі» түсінігінің мазмұнына сол тұлғаның бойында дамып үлгірген және қатынаста көрінетін барлық психологиялық қасиеттері кіреді. Бұл қасиеттер тұлғаның әртүрлі: оң да, теріс те санаттарға жататын адамдармен қарым-қатынас жасауы барысындағы тәжірибесін көрсетеді. Қатынастың әрбір қатысушысына қарым-қатынас мәдениетін сіңіріп, оң тәжірибе қалыптастырып, адамның бойынан биік құндылықты көре білуге, ал әңгімелесушінің, қатынасқа қатысушының бойынан оның өзі сияқты тұлғаны көруге үйрету қажет. *Педагог мамандар арасындағы қарым-қатынастың оңтайлы болуы педагогтің өзіне, оның педагогтік шеберлігіне және қарым-қатынас мәдениетіне байланысты.*

Студенттермен жақсы өзара қарым-қатынас орнату үшін, оқытушы оқу үдерісінің әрбір қатысушысына ілтипаттылық пен құрмет көрсетуге, олардың жетістіктері мен сәтсіздіктеріне, табыстары мен қателіктеріне бірге қатысушы бола алуға, олар үшін қам жеуге тиіс. Зерттеулер өзінің меншікті «МЕН» деген тұлғасына ғана көңіл бөліп, тәрбиеленушілерге формализм, авторитаризм танытып, оқыту жағдайына атүсті қарайтын педагог өзінің артықшылықтарын баса көрсетіп, мінез-құлық көріністерін де оларға мәжбүрлі түрде таңатынын дәлелдеп отыр. Назарын «басқаға» көбірек аударатын ұстаздар тәрбиеленушілерінің ыңғайына еркінен тыс көбірек жығылып, кейде өзін-өзі кемсітіп, белсенділіктерін тым құлдыратып жібереді.

«Мен – өзге» дегенді ұстанатын педагогтің студентпен қарым-қатынасты тең жағдайда құруға және оны сөйлесу, әңгімелесу түрінде дамытуға құлшынған ұмтылыстары байқалады.

Ондай өзара әрекеттесудің «оқытушы – студент» қатынастарының және барша оқу үдерісінің адамгершілікке құрылуына шынайы септігі тиеді.

Танымал психолог В.А.Кан-Калик педагогикалық қарым-қатынастың төмендегідей стильдерін ажыратқан:

1. Педагогтің жоғары кәсіби ұстанымдары негізіндегі қатынас және, жалпы, оның педагог қызметіне көзқарасы. Ондайлар

жайында: «Балалар (студенттер) олардың қыр соңынан қалмайды!» – деген көзқарас қалыптасады. Оның үстіне, жоғары мектепте қарым-қатынасқа ынталылықты жалпылама кәсіптік мүдделер, әсіресе салалық кафедралардағы мүдделер ынталандырады.

2. **Достық ықылас негізіндегі қарым-қатынас.** Ол ортақ іске әуестенушілікті білдіреді. Педагог тәлім беруші, аға жолдас, біріккен оқу қызметіне қатысушы рөлін атқарады. Алайда ол кезде еш именбейтін дәрежелікке, өзімсінуге жол берілмеуі керек. Бұл әсіресе кикілжің, дау-дамай оқиғаларына тап болғысы келмейтін жас мамандарға қатысты.

3. **Қатынас – арақашықтық** педагогикалық қатынастардың ең көп тараған түріне жатады. Бұл жағдайда өзара қарым-қатынастарда тұрақты түрде барлық салаларда арақашықтық байқалады: оқытуда – оқытушының беделі мен кәсіптік шеберлігіне; тәрбие ісінде оның өмірлік тәжірибесі мен жасына сілтеме жасалады. Ондай стиль «оқытушы – студенттер» қатынастарын қалыптастырады. Бірақ бұл студенттер оқытушыны құрдасы іспетті қабылдауға тиіс дегенді білдірмейді.

4. **Қатынас – қорқыту** қатынастың адамгершілікке жатпайтын теріс үлгісі бола отырып, сол тәртіпке жүгінетін оқытушының педагог ретінде жетілмегендігін көрсетеді.

5. **Қатынас – әзіл-оспақ** өзін танытуға ұмтылатын жас оқытушыларға тән. Ондай қатынас жалған, арзан беделдің қалыптасуына келтіреді. Көбінесе педагогтік тәжірибеде стильдердің әртүрлі шамада үйлесуі, яғни біреуінің басымдығы байқалады.

Кейінгі жылдарда педагог қатынастары стильдерінің шетелде жасалған жіктемелерінің арасында мұғалімдердің М.Тален ұсынған кәсіптік ұстанымдарының типологиясы қызықты болып көрінеді.

I үлгі – «Сократ». Ол – сабақ үстінде әдейі өзі ушықтыратын даулар мен пікірталастарды жақсы көретін әдетімен танылған педагог. Оған тұрақты қақтығыстардың себебінен оқу үдерісінде жеке қасиеттерін көрсету, бірақ жүйеліліктің жоқтығы тән; тәрбиеленушілер өз ұстанымдарын қорғауды күшейтуге тырысады, олардан танбауды үйренеді.

II үлгі – «Топ пікірсайысын басқарушы». Оқу-тәрбие үдерісінде өзіне делдалдық рөл бере отырып, студенттер арасында келісім мен ынтымақтастық орнатуды ең басты деп санайды: ол үшін демократиялық келісім пікірсайыс нәтижесінен маңыздырақ.

III үлгі – «Шебер». Педагог, бәрінен бұрын, оқу үдерісінен гөрі, жалпы, өмірге деген көзқараста даусыз көшіріп алуға жататын еліктеу үлгісі ретінде әрекет етеді.

IV үлгі – «Генерал». Ол екіжақты мағыналылықты қаламайды, ерекше талапшыл, студенттерден өзін тыңдауды қатаң талап етеді, өйткені өзінің пікірін қашанда және барлық істерде дұрыс деп санайды, ал тәрбиеленуші, әскерге жаңа алынған жауынгер сияқты, өзіне берілген бұйрықтарға сөзсіз бағынуға тиіс. Типология авторының деректері бойынша, педагогтік іс-тәжірибеде барлық қоса алынған стильдерге қарағанда, осы стиль көбірек таралған.

V үлгі – «Менеджер». Бұл – түпкілікті бағдарланған оқу орындарында кең таралуға жеткен және білім алушылардың тиімді қызметі ахуалымен, олардың бастамалары мен дербес істерінің қолдау табуымен ұштасқан стиль.

VI үлгі – «Жаттықтырушы». Аудиториядағы қарым-қатынас ахуалына бірлесе жұмыс істеу рухы сіңген.

Білім алушылар бұл жағдайда әркім жеке тұрғанда тұлға ретінде маңызды емес, бірақ бәрі бірге көп нәрсе істей алатын бір команданың ойыншыларына ұқсайды. Педагогке топтық күш-жігерді шабыттандырушы рөлі берілген: ол үшін ең бастысы – түпкілікті нәтиже, тамаша жетістік, жеңіс.

VII үлгі – «Жетекші». Ол – тірі энциклопедияның іске асқан бейнесі. Қысқа жауап береді, дәл, ұстамды. Барлық сұрақтардың өздері сияқты, жауаптары да оған алдын ала белгілі. Техникалық жағынан мүлтіксіз, міне, дәл осы себепті көбінесе ашық жалықтырып жібереді. М.Тален типологизацияға салынған негіздемені: студенттердің қажеттіліктеріне емес, өз қажеттіліктеріне сүйене отырып, педагогтің рөл таңдауын арнайы көрсетеді.

Педагог қатынастарының біржақты сөйлеуге (монолог) және екіжақты әңгімелесуге (сұхбат) құрылатынын атап айтуымыз керек. Педагог қатынастарының бұл үлгілері мүлдем қарама-қайшы. Бірінші жағдайда «субъект – объект» (нысан) қатынастары қалыптасады: ондағы нысан – оқушы, студент, сынып, топ. Екінші жағдайда «субъект – субъект» қатынасы қалыптасады: онда педагог білім алушымен немесе білім алушылармен серіктестік қатынастар негізінде, онымен немесе олармен өзара одақтаса әрекеттеседі. Педагогтік ынтымақтастықтың мәнін осы ерекшелік құрайды: ол кезде өзінің қызметінде оқытушы педагог еңбегі жайындағы: біреуі ғана (педагог) – оқытуға, жеткіншектің дамуын бағыттауға, тәрбиелеуге, ал

басқалары оның басшылығымен оқуға, дамуға тиіс дейтін үйреншікті көзқарастардан шегінеді. Педагогтік ынтымақтастық негізінде қалыптасатын жемісті педагогикалық қарым-қатынастың шарттары қандай?

1. **Педагогтік ынтымақтастық** – ол «оқытушы – студент» жүйесіндегі өзара іс-қимылдарға негізделген екіжақты үдеріс: оның табыстылығы педагог қызметі мен тұлғасына және студенттің қызметіне тәуелді.

2. **Педагогпен өзара әрекеттесу** білім алушы тұлғасының жеке мүмкіндіктерінің барынша кең ашылуына ықпал ете отырып, оған парапар болады.

3. **Педагогтік қарым-қатынас** ынтымақтастыққа құрылып, оқытушының оңтайлы педагогтік шешімдерді шығармашылықпен іздестіріп, табуын қажет етеді.

Сонымен, «субъект – субъект» қарым-қатынастарына құрылған педагогтік қатынас шығармашылық үдерісінде жүзеге асып, оқытудың адамгершілік ұстанымдарының қалыптасуына септігін тигізетін ынтымақтастықтан көрінеді.

Педагог қызметінің негізгі түрлері қарым-қатынас жағдайында өтеді. Ол дәріс, семинар, емтихан, сынақ, курс жобасын немесе реферат қорғау болсын, мейлі, оқытушы студенттер ағынымен, топпен, кіші топпен, тұлғамен араласып, қарым-қатынас жасайды. Қарым-қатынастың мазмұны – ақпарат алмасу. Бірақ бұнымен қарым-қатынас сарқылмайды. Қарым-қатынастың аса маңызды жағы – бір адамның екінші адамдағы бейнесін сақтап қалу, өзін басқаға бірлескен қызмет арқылы көшіру. Бұл – енді тұлға қарым-қатынасы.

Қарым-қатынас жасайтын адамдар өзінің тұрмыс-тіршілігін басқалармен бөлісуге, екі жақты да толғандыратын әлдебір оқиғаларды талқылауға ұмтылады. Ол – оқытушы мен студенттің бірлескен қызметіндегі жеке-дара тұлғалық өзара іс-әрекеттер, ал осы мағынасында қарым-қатынас оқу-тәрбие міндеттерін шешудің аса маңызды құралы ретінде танылады. Оқытушы мен студенттер ұжымының өнімді қарым-қатынасы ұйымдастырылмаса, педагогтің жоғары оқу орнындағы дидактикалық және, әлбетте, тәрбиелік міндеттерін жемісті жүзеге асыруы мүмкін болмайды.

Қарым-қатынас үш қырынан танылады:

- біріншіден, оқу үдерісі міндеттерін шешу құралы ретінде;
- екіншіден, тәрбие үдерісінің әлеуметтік-психологиялық қамсыздандырылуы жүйесі ретінде;

- үшіншіден, оқытушылар мен студенттердің өзара қарым-қатынастарын ұйымдастыру тәсілі ретінде (онда оқыту мен тәрбие ұштастырыла жүргізіледі) және тұлғаны және шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу үдерісі ретінде.

Сонымен, жоғары оқу орнының оқытушысы қарым-қатынас үдерісінің бастамашысы және басқарушысы ретінде танылады. Үдерістің мәнін педагог пен студенттік ұжымның өзара әрекеттесуінің жүйесі, тәсілдері мен машықтары құраса, ал мазмұнын ақпарат алмасу, оқу-тәрбиелік әсер, өзара қарым-қатынастар ұйымдастыру және педагог тұлғасының білім алушыларға берілуінен көреміз.

Ғалымдардың саны көп зерттеулері мен іс-тәжірибе өздерінің педагог ретіндегі қызметін жаңа бастап жатқан жас оқытушылардың педагогтермен, студенттермен жеке-дара байланыс саласында өзара қарым-қатынас орнатуда қиындықтар сезінетінін, ал студенттердің нақ осы салада елеулі талаптар қоятынын көрсетіп отыр.

Студенттермен кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынастардың негіздерін меңгеру үшін, оның мазмұндық және үдерістік сипаттамаларын білу қажет. Ұстаздардың өзара қарым-қатынастары – қатынастың қандай қыры: оқу-тәрбие міндеттерін шешу немесе өзара қарым-қатынастар ұйымдастыру туралы сөз болса да, ол – шығармашылық үдеріс. Педагогикалық міндеттерді шешудің де, осы шешімді студенттермен қарым-қатынаста жүзеге асыру үдерісінің де шығармашылық сипаты бар.

Қандай ақпарат таңдалып алынғанына, оның қалай құрылғанына, онда ортақ және жеке мақсаттар қалай үйлесетініне, ал оның аудиторияға қалай жететініне, талқыланатынына, тексерілетініне, түсінілетініне, студенттердің қалай бағалайтынына, осының бәріне, шын мәнінде, дәрістің табысы, білімдердің сапасы, өзара байланыс тікелей байланысты. Егер жоғары оқу орны қызметінің тұрақты түрлерін (дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтар, зертханалық жұмыстар) алып қарасақ, онда оларға дайындалу, содан кейін өткізу үдерісі өзіне шығармашылық тұрғыдан меңгерілуге тиіс белгілі бір байланыс құрылымын қамтиды.

Оқу үдерісінде коммуникация мәселелерін зерттеу педагогтік қарым-қатынастың оқытушының шығармашылық жұмысымен тікелей байланысы бар келесі құрылымын ажыратуға мүмкіндік береді. Педагогтік қатынас үдерісінің қамтитын салалары:

1. Болжам кезеңі – педагогикалық қызметке даярлау барысында педагогтің топпен, ағынмен қарым-қатынасы.

2. Қатынастың бастапқы кезеңі – аудиториямен, топпен тікелей қатынасты ұйымдастыру.
3. Дамып келе жатқан педагогтік үдерісте қарым-қатынасты басқару.
4. Қатынастың іске асқан жүйесін талдау және алдағы қызметтегі қатынасты үлгілеу.

Қатынастың ажыратылған шығармашылық кезеңдерінің мазмұндық және үдерістік ерекшеліктерін қарап өтейік.

Бірінші кезең. Қатынасты үлгілеу барысында алдағы қызметтің төмендегілерге:

- а) педагогикалық мақсаттар мен міндеттерге;
- ә) аудиториядағы жалпы педагогикалық және адамгершілік-психологиялық ахуалға;
- б) педагогтің өзінің шығармашылық дара ерекшелігіне;
- в) студенттердің жеке ерекшеліктеріне;
- г) оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің ұсынылатын жүйесіне сай келетін байланыстық құрылымын жоспарлау жүзеге асады.

Осының барлығы, қоса алғанда, педагогтік қатынастың алға озып отыратын сатысы болып табылады. Бұл сатыны жақсы ойластыру керек. Сабақтардың әдістемелік және мазмұндық құрылымы сезімдік бірліктің пайда болуына, қатынас ахуалының құрылуына ықпал етуге тиіс. В.А.Сухомлинский: «Ілім – білімдердің атүсті берілуі емес. Ол – адамдардың аса күрделі өзара қарым-қатынасы», – деген-ді.

Екінші кезең. Бұл – қатынастың бастапқы кезеңі, аудиториямен тікелей өзара әрекеттесудің ұйымдастырылуы, көптеген жағдайларда педагогтік қызметтің мазмұндық және әлеуметтік-психологиялық қырының табыстылығын айқындайтын байланыстың басталуы. Осы кезеңнің аса маңызды элементтері төмендегілер:

- а) қатынастың жоспарланып қойған үлгісін нақтылау;
- ә) алда тұрған қатынастың шарттары мен құрылымын нақтылау;
- б) тікелей қатынастың бастапқы сатысын жүзеге асыру.

Оқытушы алғашқы сәттерден-ақ аудиторияның жалпы жай-күйін және қызметінің алғашқы кезеңдерінде таңдалып алынған әдістердің көмегімен жұмыс істеу мүмкіндіктерін нақтылап алуға тиіс. Педагог қарым-қатынастың бастамашысы ретінде әрекет етеді: табыстылық оның қатынас алдындағы жағдаяттан тікелей педагогтік қатынасқа көшуді қалай ұйымдастыратынына байланысты. Ол аудиторияны өзіне қаратып, тартымдылық ахуалын құра, сезімдік бірліктің көзге көрінбейтін қырларын сезіне ала ма? Сабақта танымдық ізденісті

меңгеру қатынастың дұрыс жоспарланып ұйымдастырылған жүйесі арқылы іске асады.

Үшінші кезең – дамып келе жатқан педагогикалық үдерісті басқару. Оқыту әдісі мен қатынас жүйесі бір-біріне парапар, дұрыс болуға тиіс. Сонда ғана оқытушы мен студенттердің бірлескен жұмысы тиімді болмақ.

Демек, дәріске дидактикалық және әдістемелік талаптардан өзге, төмендегідей бірқатар әлеуметтік-психологиялық талаптар да қойылады:

1. Ақпарат беру және оны студенттердің жеке-дара қабылдауы үшін, топпен психологиялық байланыс орнатып, қалыптастыру.

2. Дәрістің психологиялық негізделген бөлігін әзірлеу, яғни әңгіменің, шешендік мәселелердің, ойланудың және басқаларының элементтерін ұйымдастыру, фактілер мен қорытындылардың, айқын мысалдар мен теориялық материалдың белгілі бір қисынының болуы. Ондай тәсілдердің оңтайлы үйлесуі психологиялық байланысты, демек, студенттердің таным үдерісіне нақты тартылуын қамтамасыз етеді.

3. Психологиялық тәсілдер жүйесі арқылы ұжымдық ізденіс және бірлесе ойластыру мүмкіндігін табу, ал бұл оқыту қиындықтарының барлық түрлерін еңсеру үшін ерекше маңызды, өйткені бұл жерде, басқаларға қарағанда, қатынасты құраушылар көбірек қажет.

4. Студенттердің танымдық қызметін басқару. Қатынас стилі жас пен тәжірибенің психологиялық кедергілерін алып тастайды, өзара қарым-қатынастарды бірлескен шығармашылық қызметке қызығушылық негізінде ұйымдастыруға септігі тиеді.

5. Дәрістің ақпараттық құрылуын ғана емес, педагог тұлғасының өзіндік танылуын да қамтамасыз ететін іскерлік және тұлғалық қырлардың бірлігі. Ол дәріске дүниетанымдық бағыттылық береді, оқыту жұмысының кез келген түрінің тиімділігін көтереді.

6. Педагог пен студенттердің өзара қарым-қатынастарының тұтас, педагогикалық мақсатқа сай жүйесі. Ол студенттерді педагогпен қарым-қатынасқа бағыттайды және оқытылатын пәнге қызығушылықтарын оятады, әлеуметтік-психологиялық резервтер есебінен оқуға ынталарын көтереді.

Сонымен, жоғары оқу орнында мақсатқа сай ұйымдастырылған педагогтік қатынас тұрақты байланыс қызметін орындап қана қоймайды, сонымен қатар алға қарай қарқынды бағыттылықтың және дүниетанымдық көзқарастардың қалыптасуына да ықпал етеді.

Төртінші кезең. Оқытушы қатынастың өзі таңдаған жүйесіне талдау жасауды, осы ұжымда қарым-қатынасты ұйымдастырудың басқа ықтимал жолдарын нақтылайды, сабақтың мазмұнын жіті талдап, сол арқылы өзінің аудиториямен алдағы қатынасына болжам құрады. Төртінші кезеңде қатынас сатысы аяқталып, бірінші кезеңге көшу жүзеге асады.

Сондай-ақ жоғары оқу орнындағы педагогтік қатынастың өзіндік ерекшеліктері де бар екенін айтуымыз керек.

Жоғары оқу орнының мектептен айырмашылығы оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнынан, олардың түрлерінің өзгеруінен көрінеді. *Жоғары оқу орнының негізгі қызметі – болашақ маманның тұлғасын қалыптастыру.* Сол себепті оқытушылар мен студенттердің қарым-қатынасы осы мақсатқа бағындырылуға тиіс. Мектептегі «мұғалім – оқушы» қатынасынан жоғары оқу орнындағы «оқытушы – студент» тармағындағы педагогтік қатынас жүйесінің айырмашылығы олардың ортақ мамандыққа бірге қатысуы фактісінің өзінен шығады, ал бұл елеулі шамада бірлескен қызметтің жемісті болуына кедергі келтіретін жас тосқауылының алынып тасталуына септігін тигізеді.

Жоғары оқу орнындағы педагогтік қатынаста үйлесім табатын екі фактор:

- 1) өзара «жетектелуші – жетекші» қатынастары;
- 2) білім алушы мен білім беруші ынтымақтастығының өзара қатынастары.

Нақ осы әлеуметтік-психологиялық құрылым жоғары оқу орнындағы өзара қарым-қатынастарға ерекше сезімдік өнімділік береді. Студенттер қызметінде серіктестікті сезіну болмаса, онда оларды дербес жұмысқа тарту, олардың мамандыққа ынтасын ояту, жалпы, тұлғаның кәсіптік бағыттылығын тәрбиелеу қиын. Жоғары оқу орнындағы тәрбие мен білім беру үдерісінің табыстылығын ЖОО деңгейінде сенімді құрылған өзара қарым-қатынас жүйесі ғана қамтамасыз ете алады.

«Оқытушы – студент», «студент – студент» қатынастарына қойылатын негізгі талаптарды келесідей тұжырымдауға болады:

- тәрбие үдерісін ұйымдастыру барысында ынтымақтастық пен жетекшілік факторларының өзара әрекеттесуі;
- педагог, ұстаздармен бірлесушілік, ұйымшылдық, кәсіптік ортақтық рухын қалыптастыру;
- педагогтік қатынас жүйесін сана-сезімі дамыған ересек адамға бағдарлау, сол арқылы авторитарлық тәрбиенің ықпалын еңсеру;

- студенттердің мамандыққа қызығушылығын тәрбие мен оқытуды басқару факторы ретінде, педагогикалық және тәрбиелік жұмыстың негіздері ретінде пайдалану. Бұндай стиль келесі маңызды екі фактордың әсерімен қалыптасады:
- ғылымға, пәнге әуестенушілік;
- ғылыми ізденіс саласын педагогтік сезім деп аталатын педагогтік ықпал ету материалына айналдыруға ұмтылу.

Осындай стильдің қалыптасуы жоғары оқу орнына тән: *ғылым мен оқыту үдерісі әр жаққа тартатын* қарама-қайшылықты еңсеруге байланысты. Ал олар орталықтан тебетін күштерден орталыққа ұмтылатын күштерге айналуға тиіс. Ғылыми және педагогтік қызметтің күшейтілген үйлесімі педагогтік қатынастың әлеуметтік-психологиялық құрылымында негізге алынатын болып саналады.

Еркінсіп, дөрекілік танытуға ұласып кетпеген достық қатынас, кәсіптік міндеттерді бірлесе іске асыру барысында қалыптасқан қатынас оқу үдерісі құрылатын қажетті сезімдік ахуалды құрайды. Оқытушы мен студенттердің өзара қарым-қатынастарының этикалық-психологиялық негіздері бірте-бірте қалыптасады. Олар көптеген: білім алушылардың өмірінде, оқу барысында, қоғамдық тәжірибесінде, институт пен кафедра дәстүрлерінде орын алатын, сондай-ақ ЖОО оқытушысының студентті педагог мамандығына бағыттауы сияқты себептерге байланысты.

Жоғары мектеп педагогикасы бойынша жүргізілген зерттеулер жас адамның жоғары оқу орнына түскен бойда өзінің психологиялық ерекшеліктері бойынша бірден студентке айналмайтынын растайды. Алдымен оқыту қызметінің, бақылаудың жаңа түрлеріне, әлеуметтік мәртебеге бейімделу үдерісі жүреді, отбасынан оқшаулану, жаңа тұрмыстық жағдайлар да әсер етпей қоймайды. Сондықтан бірінші курс студенттері мен профессор-оқытушылар құрамының өзара қарым-қатынасы жүйесін дұрыс құру ерекше маңызды. Мектептегі мұғалім мен оқушылар арасындағы қатынасты жоғары оқу орнындағы қатынастарға айнытпай көшіре қою әдеті студенттер мен оқытушылар арасында қатынастар дамуының ары карайғы үдерісіне кедергі келтіреді, тіпті кейде педагогтік қатынас құрылымын бүлдіреді. Жоғары мектеп кафедра, факультет, жалпы жоғары оқу орны өмірінде, күнделікті педагогтік қатынаста жүзеге асатын психологиялық ахуалға биік талаптар қояды. Студенттермен қарым-қатынастың өзіндік жеке стилін қалыптастыру профессорлардың, доценттердің, оқытушылардың шығармашылық дара қасиетінің дамуына байла-

нысты. Жоғары оқу орнында жаңадан қызметін бастаған педагог үшін маңызды міндет – тәрбие мақсаттары жолында студенттермен қарым-қатынас орнатудың өзіндік оңтайлы стилін табу. Оған төмендегідей тәсіл-амалдардың көмегі тиеді:

- студенттерді зерттеу қызметінің бастапқы үлгілеріне жұмылдыру;
- студенттердің ең жақсы тұлғалық әлеуметтенуі үшін бірлескен қатынас үлгілерін жасау, кафедра отырыстарына, конференцияларға жұртшылық арасында оқылатын дәрістерге қатысу, баспасөзде сөйлеу және тағы басқа;
- бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысы;
- бірлесе реттелмеген, ресми емес байланыстар, ғылым, өнер, мамандық, кітаптар жайындағы әңгімелер;
- ЖОО профессорлары мен оқытушылары құрамының студенттердің оқудан тыс өміріне (байқаулар, олимпиадалар, конкурстар, «дөңгелек үстелдер» іспетті іс-шараларға) қатысуы.

Педагогтің ықпалы оқыту мен бағдарлаудан – ғылыми ізденуге, ресми реттелген қатынастан ресми емес, сенімді қатынасқа көше отырып, жүйелі және үздіксіз болуға тиіс. Ғалым педагог пен студенттердің өзара қарым-қатынастарының этикалық-психологиялық негізіне ерекше талаптар қойылады. Бұл тұрғыда жеке-типтік сипаттамалар немесе қатынас стилі маңызды рөл атқарады. Қатынас стилінен төмендегілерді көруге болады:

- а) педагогтің қатынасу, байланысу мүмкіндіктерінің ерекшеліктері;
- ә) өзара қатынастардың қол жеткен деңгейі;
- б) педагогтің шығармашылық жеке қасиеті;
- в) студенттік ұжымның ерекшеліктері.

Қарым-қатынас стилі қоғамның әлеуметтік-этикалық ұстанымдарын жүзеге асырады, педагогтің тұлға және маман ретіндегі деңгейін, оның сезімдік-психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді.

Қатынастың оңтайлы стилі – ол оқытушы мен студенттердің бірлескен шығармашылық қызметке қызығушылығына негізделген, жоғары оқу орны қабырғасында маман тұлғасы қалыптасуының өзіндік ерекшелігін білдіретін және өзіне педагогтің әлеуметтік-этикалық ұстанымдарының, кәсіптік-педагогтік қатынас дағдыларының өзара әрекеттесуін қамтитын қатынас.

Студенттік ағын немесе топ – ол оқытушы тұлғасын қалыптастыратын орта. Педагог тұлғасы бұл ортадан тыс қалыптаса алмайды. Оңтайлы педагогтік қатынастың меншікті стилін, дағдылары

мен машықтарын қалыптастыру мақсатында, дайындық барысында, төмендегі өзара тығыз байланысты екі міндетті шешетін қатынас тренингін пайдалануға болады:

- педагогтік қатынастың табиғатын, құрылымы мен заңдылықтарын зерттеу, жете түсіну және меңгеру;
- педагогтік қатынастың шараларын және «технологиясын» меңгеру, қарым-қатынас қабілеттерін дамыту, кәсіптік-педагогтік қатынастың машықтары мен дағдыларын қалыптастыру.

Жоғары мектеп педагогикасында төмендегілерге бағытталған жаттығуларды қамтитын педагогтік қатынас тренингі жүйесі жасалған:

а) педагогтік қатынастың шаралары мен «технологиясын» оның аса маңызды элементтері негізінде нақты, іс жүзінде меңгеру;

ә) мақсатқа сай әрекет – белгілі бір педагогикалық жағдайда, қарым-қатынасты педагог қызметінің барша құрылымы негізінде орнату. *Бірінші саты:* жоғары оқу орны аудиториясында жүйелі әрекет ету, педагогикалық жұмыс уақытында дененің бұлшық еттерінің ширығын болдырмау дағдыларын қалыптастыруға, сондай-ақ жіті назар аудару, қырағылық және жұмылу дағдыларын дамытуға бағытталған жаттығулардан тұрады. Оларға магнитофон жазбасын, көру-сөйлеу техникасын пайдаланумен қатар, мимика (бет-жүз қимылдары) мен пантомимиканың (дене қимылдары) дамуын қамтамасыз ететін тапсырмаларды пайдаланатын, сөйлеу техникасы мен мәдениеті бойынша жаттығулардың арнаулы тобы жатады. *Екінші саты* – осы ұжымдағы педагогтік қызметтің нақты шарттарына сәйкес, өзіне әдеттегі жағдайлардағы қатынастарға үйретуді, педагогтік ой-қиялды, түйсікті, ойдан шығару дағдыларын дамытуды, қатынас міндеттерін қоюды және шешуді қамтитын педагогикалық тренинг. Оған әдеттегі жағдайларда әрекет етуге берілетін көптүрлі тапсырмалармен (сынақ, емтихан, семинар) қоса, арнайы әзірленген педагогикалық міндеттер кіреді.

Қоғамымыздағы әлеуметтік және саяси үдерістер тұлғаның өзін танытуға ұмтылысын туғызып, оның ерте әлеуметтенуіне мүмкіндік берді. Бұл жоғары оқу орнындағы өмірге де әсер етпей қалған жоқ. Студенттердің өзін-өзі басқару органдары жоғары оқу орнында білім алушылардың тұрмыс жағдайларын, оқудағы міндеттерін орындауын, қоғамдық және әлеуметтік өмірін үнемі бақылап отырады. Өздерінің құқықтары, семестрлік және апталық сабақ, дербес жұмыстар, бақылау жұмыстарының жүктемесі жайында жақсы

хабардар студенттер мәдениетінің құқықтық деңгейі жоғарылаған. Осының бәрін оқытушы педагогтік қызметтің қатынастық жағын ойластырғанда ескеруге тиіс, өйткені одан жоғары оқу орнындағы қатынастың демократиялануы үрдісі айқын байқалады. Бұндай жағдайда педагог екі: беймаза ақылгөйліктен және өзімсініп, еш именбестен дөрекілік танытудан аулақ болуға тиіс. Оқытушы өзінің қарым-қатынас орнату шеберлігін дамытып қана қоймай, сонымен бірге студенттерге де қатынас мәдениетін сіңіріп, үйретуге тиіс. Педагог қазіргі заманғы жастардың психологиясын білумен қатар, олардың әлеуметтенуі мен құндылық бағдарларының ерекшеліктеріне қатысты әлеуметтанушылық деректерінің тұрақты түрде есебін жүргізіп отыруға тиіс. Жас педагог мамандардың мынаны білгені пайдасыз емес: 80 жылдарда «бейресми» деп аталғандардың ішінен 90 жылдары көптеген қоғамдық-саяси көшбасшылар шыққан; тұлғалардың қалаулары қатарында ересектермен қарым-қатынас – 24-орында, ал ата-аналармен қарым-қатынас 19-орында тұрған. Әлеуметтанушылар сонымен қатар ұрпақтар ауысымының қарқынды артып келе жатқанын айтады. Бүгінгі таңда ұрпақтар ауысымы (әлеуметтену, құндылық бағдарлар) әрбір бес жылда болып тұрады. Осы жағынан бірінші курс студенттері және оқуды тамамдаған түлектер әртүрлі ұрпақтарға жатады: олардың көзқарастарының түбегейлі өзгеше болуы елімізде орын алып жатқан әлеуметтік және экономикалық өзгерістер серпініне және, жалпы, дүниежүзілік қоғамдастықтың дамуы қарқынына байланысты. Ал бұл көптеген қақтығыстар себептерінің бірі болуы мүмкін.

4.4. Қақтығыстар және олардың алдын алу

Латынның *conflictus* – «конфликт» деген сөзінен шыққан қақтығыс қарама-қайшы мүдделерді, көзқарастарды, ұмтылыстарды, сондай-ақ шиеленісіп кетуі мүмкін алауыздық пен келісе алмаушылықты, кикілжіңді, дау-дамайды білдіреді.

Психологияда *қақтығыс деп қарама-қарсы үрдістердің, уәждемелер мен мүдделердің бір мезгілде әрекет етуін түсіну* қалыптасқан.

Қақтығыстар жұптаса, топ арасында, жасырын, ашық, кездейсоқ және күнілгері ойластырылып, тұлғаишілік, тұлғааралық болуы мүмкін.

Біздің көзқарасымыз бойынша, тұлғаишілік, яғни жеке адамның өз басында өтіп жататын қақтығыстар ерекше назар аударуды қажет етеді. Тұлғаишілік қақтығыстар – ол уәждемелер, мақсатты және

мінез-құлық пен іс-әрекетті таңдаудың ішкі күресі. И.П.Павлов тұлғайшілік қақтығысты «кұлатып түсіру» деп атаған: демек, бұл – әрқайсысы бастың ми қыртысынан шығатын қарама-қарсы екі ниеттің қақтығысы. Ішкі түйсік солай істеуге итермелейді, ал адам өзін оған қарама-қарсы әлдене істеуге мәжбүрлейді: бұны мінез-құлықтың қисыны талап етеді. Қанағаттанбаушылық сезімі қиындықты шешудің ең жақсы нұсқасын іздеп табуға мәжбүрлеген кезде, тұлғайшілік қақтығыс жасампаз бола алады. Тұлғаның ішкі бүлдіргіш қақтығысы адам қиындықтың қанағаттанарлық шешімін ұзақ уақыт бойы таба алмаған (өз қабілеттерін дұрыс бағаламаған, мақсатына қол жеткізе алмаған) кезде пайда болады. *Тұлғайшілік қақтығыстың* белгілері – психиканың қатты ширығуы, сезімдік қозушылық, адамның өзіне қанағаттанбауы, реніш сезімі.

Қақтығыстардың *тұлғааралық қақтығыстар* деп аталатын түрі кең тараған. Тұлғааралық қақтығыстар барысында тұлғалардың мүдделері, көзқарастары, мінез-құлық нормалары және басқалары бетпе-бет келеді. Өкінішке қарай, өзгелердің қателіктерін тіміскілеп тауып жүретін адамдар бар. Әдетте, олардың арасында пәлеқорлар, «домалақ арыз» жазғыштар жиі кездеседі.

Қақтығыстар себептері келесідей:

- жекебастық;
- мінез-құлықтық деп ажыратылады.

Ұжымдық-шығармашылық қақтығыстар мынадай жағдайларда орын алады:

- шығармашылық өсу мүмкіндігі жоқ кезде;
- қызметтік міндеттер нақтыланбағанда;
- жұмыстың шынайы нормалары, еңбекті бағалау өлшемдері белгіленбеген кезде;
- моральдық және материалдық қолдау жүйесі қолданылмайтын уақытта;
- жұмыс және оқу үшін қажетті ақпарат жоқ кезде.

Осының бәрі адамның тыныштығын бұзады. Соған қатысты В.А.Сухомлинский: «Адамның жан тыныштығы, тепе-теңдігі бұзылған жерде оның өмірі тозаққа айналады», – деген.

Тұлғалар қақтығысы мінез-құлық алғышарттары және жағдаяттық алғышарттар негізінде пайда болады.

Мінез-құлық алғышарттары – ол мінездің тұрақты, айналасын-дағыларға соқтығысуға итермелейтін: өзіндік сынның төмендігі, қате түсінік, тысқары пікір, іштарлық, пайдакүнемдік, менмендік сияқты

қасиеттері. Бұл жағдайда ұстаным – адамның қоршаған ортаны белгілі бір көзқарас тұрғысынан қабылдауға санадан тыс дайын болушылығы үлкен рөл атқарады.

Жағдаяттық алғышарттар төмендегілерге байланысты:

- адамның өзіне сенімсіздігі, өз мүмкіндіктерін іске асырудың айқынсыздығы сезімі;
- хабардар болудың жеткіліксіздігі немесе бұрмаланушылығы;
- адамның әріптестерін танып-білмеуі;
- қалыптасқан жағдайға теріс көзқарас.

Соған байланысты барлық адамдарға бірдей талаптар қоюға болмайды, өйткені күш-жігерлерінің әртүрлілігіне қарай адамдар қойылатын талаптарды әртүрлі қабылдайды. Мысалы, егер адам жігерлі, ширақ болса, онда кикілжің немесе қақтығыс қатаң тәртіп, бірсарынды қызмет, жалғыздық сияқты шарттардан тууы мүмкін. Егер адам енжар болса, онда қақтығыс қайнап жатқан қызмет талап етілетін жерде пайда болады.

Мінез-құлықтан туатын қақтығыстардың себептері, біздің көзқарасымыз бойынша, көбінесе төмендегідей жағдайларға байланысты:

- оқытушылар мен студенттерге көтеріңкі талаптардың шамадан тыс көп қойылуы;
- жеке мүдделердің қоғамдық мүдделермен сәйкессіздігі;
- асқын сезімдік жауап қату, сондай-ақ қарсы әрекеттің дұрыс еместігі;
- орын алған оқиға туралы жеткілікті хабардар болмаушылық;
- адамның жазықсыз айыпталуы, мейірімсіздік, қадір-қасиетінің аяққа тапталуы; жалпы, тәрбиенің жетіспеушілігі;
- оқытушылардың жұмысын, студенттердің білімдерін, үйренген машықтарын бағалаудың айқын өлшемдерінің болмауы, яғни қолайлы психологиялық ахуалдың жоқтығы.

Қақтығыстардың алдын алу үшін, бірінші кезекте, адамның мінез-құлқы есепке алынғаны маңызды. Егер ол өзгелерден биік, *басым* болса, оған басымдылығын, артықшылығын танытуға мүмкіндік беріп, жолын кеспеу керек, бірақ дегенмен басқалар өз көзқарастарынан танбаса, ол да үстем болу ниетінен қайтады. *Басымдығы жоқ* адам өзгелердің көмегіне, болашаққа сеніммен қарауға ынталандыратын қолдауға мұқтаж. Егер студент сыртқы дүниеге көбірек бет бұрған, белсенді қызметке ұмтылатын, яғни *экстраверт* болса, онда оқытушы онымен қарым-қатынасында өзара сыйластық жағдайын бұзбауға,

бірақ оның «шамадан тыс белсенділігін» жеңіл әзілмен басуға тиіс. Ал тұйық, сыр бермейтін студентпен, яғни *интровертпен* оқытушы өзін сыпайы ұстауға тиіс.

Қақтығыстардың тиімді алдын алу шараларына төмендегідей ережелердің бірқатарын жатқызуға болады:

- ескертуді оңаша жерде және «иә, иә, бірақ» деген сарында жасаған жөн;
- дауласып, ренжісіп жатқандарға ашуларын басуға уақыт беру керек, сонда, шынымен де, ашулары басылады;
- басқаның көзқарасын дереу және шорт кесіп жоққа шығаруға болмайды;
- адам өзінің дұрыс емес ісін мүмкіндігінше тез және батыл түрде мойындаса, ықтимал сынның алдын алуға болады;
- пікірсайыста сыпайы сөйлесіп, пікірлер бірдей шығатын мәселелерден бастау керек;
- әріптестермен, студенттермен нақты жағдайдан шығу жолдарын талқылау қажет;
- «бас тарту әсерін» пайдалану, яғни, К.С.Станиславский бойынша, адамның кемшіліктерінен бас тартып, оның бойындағы жақсы қасиеттерін іздеу керек; бұның ізгі, жылы қарым-қатынастар орнатуға көмегі тиеді;
- сыпайы болу керек, сыпайылық өзара қарым-қатынастағы ширығуды басады;
- тұлғаның өзіне баға берудің орнына, әрекеттерді, яғни қылық істеген тұлғаны емес, оның істеген қылығын талқылау қажет.

Кикілжің, қақтығыс туған жағдайда оны төмендегідей жолдармен жылдам шешуге болады:

- бір тараптың ұстанымын немесе артықшылығын мойындап, екінші тарапты соған көндіру;
- өздерінің келіспейтін ұстанымдарын сақтай отырып, өзара жол беру арқылы келісімге келу;
- ортақ мүдделер қалыптастыру есебінен өзара келісімге келу.

Сонымен қатар қақтығыстарды реттеудің үш деңгейі ажыратылады:

- тараптардың бір-бірлеріне шағымдарын, талаптарын, мүдделерін, құндылықтарын ұзақ қарап отыруға мүмкіндік те, уақыт та жоқ кезде, дереу шұғыл араласып, дауласып жатқан тараптарды жай ғана «басып қойып», олармен «келіссөз», ашық әңгіме жүргізу керек;

- қол жеткен «татуластық» енді кикілжінді түбегейлі шешуге бағытталған терең келіссөздерді мүмкін етеді;
- қақтығыстардың алдын алу, болмай қоймайтын қақтығысты дер кезінде ашып, табу және оларды шешудің сындарлы арнасына салу.

Қақтығыстардың алдын алудың міндеттері және сол үшін атқарылатын қызметтер төмендегідей:

- қақтығыс жағдайларын алдын ала білу және қадағалау;
- қақтығысты бейбіт жолмен және әділетті шешуге ұмтылатын әр тараптың күштерін қолдау;
- тараптардың біреуіне не екіншісіне, немесе екеуіне де қажетті көмек көрсету;
- тараптардың келіссөздерінде делдалдық ету;
- тараптардың құқықтары мен міндеттеріне сүйену;
- ақылға қонымды шешімге келмейтіндерге айыппұл шаралары тетіктерін қолдану.

Қорыта келе, Д.Карнегидің «Әңгімелесуші тарапты өзіңе қалай тартуға болады?» – деген ұсынысын еске алған жөн.

Өзіңіз сөйлегенде:

- әңгімелесушіні дайындауға сай келетін сөздерді таңдау;
- нұсқау бермес бұрын, оны жақсылап ойлап алыңыз;
- нұсқау мейлінше қысқа болуға тиіс;
- пікіріңіз мүмкіндігінше айқын болсын;
- сұрақтарды қолдап отырыңыз;
- әңгімелесушінің уәждемелерін төмендетіңіз немесе күшейтіңіз;
- карамағыңыздағылардың сізбен барлық жерде келісе бермегені жөн;
- сөзіңіздің қалай әсер туғызатынын қадағалаңыз.

Әңгімелесуші тарапты тыңдаған кезде:

- әңгімені үзіп тастауға немесе қарсы сөйлеуге асықпаңыз;
- әңгімелесушінің көзіне қараңыз;
- бөгде әңгімеге көңіліңіз бөлінбесін;
- әңгімелесушінің айтқандарынан маңыздыларын есіңізде сақтаңыз;
- қаншалықты ауыр болса да, тыңдауды тоқтатпаңыз;
- әңгімелесуші тарапқа теріс көзқараста болмаңыз;
- дау неден туды – көзқарастардың бірдей болмауынан ба, әлде сұрақтың дұрыс қойылмауынан ба, – соны түсінуге тырысыңыз.

4.5. Педагогтің кәсіби мәдениетіндегі әдеп

Әдеп (этикет) – ол осы қоғамда немесе белгілі бір жағдайда жол берілетін және қабылданатын немесе, керісінше, жол берілмейтін, қабылданбайтын мінез-құлықты реттейтін ережелер жиынтығы. Әрине, ол қарым-қатынас пен мінез-құлықтың түрлерін, «техникасын» айқындайды, сондықтан мәдениетті, өнегелі адам ретінде саналу үшін, әдеп ережелерін білу ғана жеткіліксіз. Қоғамдағы мінез-құлық әдеп (этикет) пен әдепнама (этика), яғни мінез-құлық жайындағы ілім моральдің жалпы ұстанымдары мен нормаларына сүйенуге тиіс. Әдепке байланысты әрбір мәселе этикалық нормалар тұрғысынан шешілуге тиіс. Біздің мәнерлеріміз – – этикалық түсініктеріміздің көрінісі. Сыпайыгершілік және адамдарға көңіл бөлу, басқа адамға жанашырлық таныту және түсіне білу – ол адамгершілік мінез-құлықтың негізінде жатқан биік этикалық қасиет және әдептің қарапайым түрлерінен көрінеді.

Әдепке бірқатар *ерекшеліктер* тән. Әдеп – ол адамның ішкі мәдениетінің, оның моральдық қасиеттерінің сыртқы көрінісі. Бұл – оның басқа адамдарға ізгі ниеті, құрметі, оларға қамқорлық жасай білу қабілеті көрініс тапқан *адамгершілік мәдениетінің* ерекше түрі. Рас, білімі аз адамның әдеп ережелерін білмеуі себепті, ішкі руханият, мейірімділік, ізгілік іспетті биік адамгершілік мәдениет сырттай көрінбеуі де мүмкін. Ал, керісінше, сыпайы «кербездің» сырбаз мәнерлері міндетті түрде оның адамгершілік мәдениетін көрсете бермейді.

Әдеп – ол адамның адамгершілік мәдениетінің қоғамда қабылданған эстетикалық пішіні, үлгісі, сондықтан адам: басқа адаммен кездескенде және қоштасқанда сөйлеу, жүру-тұру, тамақ жеу, киім кию, сәндену мәнеріне, маңызды оқиғаларды атап өту, қонақ қабылдау сияқты өзінің қарым-қатынасы мен мінез-құлқының барлық түрлеріне адамгершілік қана емес, эстетикалық та сипат беруге тырыса отырып, оларды «әсемдік заңы бойынша» құруға тырысады. Біз, сірә, «көркем мәнерлер», «сыпайы мінез», «әсем қимылдар» деген сөздерді жайдан-жай айтпаймыз.

Әдептің жалпыға бірдей сипаты бар, өйткені ол өмірдің барлық салаларына таралатындықтан, нақты ережелер: адамның қалай дұрыс сөйлеуі, киінуі, үстел басында, ұжымда, отбасында, қоғамдық орындарда, театрда, көшеде және басқа жерлерде өзін қалай ұстауы керектігін ұйғарады.

Әдеп нормаларының адамдардың мінез-құлықтарында ненің жалпылама қабылданғандығы, ал ненің олай еместігі туралы шартты келісім сипаты да, жазылмаған келісім сипаты да бар. Бұл шарттылықты әдептің міндеті – адамдарға қарым-қатынастарды және өзара түсінісуді жеңілдететін мінез-құлық үлгілерін ұсыну екенімен түсіндіруге болады.

Әдеп өзіне ғасырлар бойы сақталып келген және көптеген халықтарға тән *жалпыадамзаттық мінез-құлық нормаларын* қамтиды. Сондықтан оларды, мысалы, сәлемдесу, алғыс білдіру сияқты қарапайым ережелерді әлдебір белгілі қоғамның адамдары ғана емес, барлық адамдар сақтайды (сақтауға тиіс).

Әдеп сонымен қатар *ерекше ұлттық ерекшеліктерді* де қамтиды, өйткені әртүрлі халықтар әдеп ережелерін өздерінің меншікті мәдениеттерінің дәстүрлеріне байланысты түзетіп, толықтыра түсті. Сондықтан көптеген әдеп-ғұрыптар мен салттар әртүрлі халықтар өмірінің тарихи шарттарына сай қалыптасқан.

Әдеп талаптары даусыз болып саналмайды, олар *салыстырмалы және тарихи сипаты* бар: олардың сақталуы уақытқа, орынға, жағдайларға тәуелді және адамның әдеп мәдениетінде жүзеге асады.

Әдеп мәдениеті – ол адамның жалпы адамгершілік мәдениетінің, өнегелілігінің, *әдептің белгілі бір ұстанымдары мен нормаларын* сақтай отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға деген ішкі көзқарасының көрінісі. Әдептің негізгі ұстанымдарына, бәрінен бұрын, басқа адамдарға деген *ізгі көзқарас пен құрмет* жатады. Ол бізден: *сыпайыгершілік, әдептілік, сезімталдық, шаманы білу, өнегелілік, тыңдай білу, қарапайымдылық* іспетті нормалардың сақталуын талап етеді.

Жоғарыда қаралған **әдеп нормалары** бір мезгілде оның негізге алынатын *ұстанымдары* да болып табылады. Одан өзге, мінез-құлықтың **жалпы ережелері** де бар. Оларға, атап айтқанда, адамдардың әдеп саласындағы «теңсіздігі» жатады. Ол теңсіздік:

- әйелдердің ер адамдар алдындағы;
- ересектердің өздерінен жасы кішілер алдындағы;
- бастықтың (директор, мұғалім) өзіне бағыныштылар алдындағы;
- науқастардың, әлсіздердің, мүгедектердің сау адамдар алдындағы АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫНАН көрінеді.

Әдептің нақты жағдайлардағы ережелерін қарастырайық.

Танысу барысындағы әдеп ережелері

Қарым-қатынас орнатудың алғашқы қадамы – танысу. Танысқанда немесе біреуді таныстырғанда, әдетте, адамның тегі, аты-жөні, кейде лауазымы немесе атағы айтылады. Танысу кезінде сақталуы қажет саналатын жалпыға бірдей қабылданған бірқатар ережелер бар. Ер адам жасына немесе лауазымына қарамастан, қашанда әйелге алдымен өзін таныстырады. Жасы кіші немесе лауазымы төмен ер адамдар мен әйелдерді жиналғандарға жасы үлкендер таныстырады. Теңдей жағдайда жасырақ адам – жасы үлкенге, ер адам – әйелге, бағынысты адам – бастығына; жалғыз адам – жұптарға, топқа (тіпті әйел де жұпқа бірінші болып) өзін таныстырады. Егер ер адам таныстыру кезінде отырған болса, орнынан тұруға міндетті. Әйел өзінен жасы үлкен немесе лауазымы жағынан жоғары тұрған ханымға таныстырылатын жағдайды есептемегенде, басқа кезде орнынан тұрмауына болады. Егер көпшілік орында бір адам бірнеше адамға немесе көпшілікке таныстырылса, онда оның тегі, аты барлығына естілетіндей, дауыстап айтылады. Аты аталған адам барлығына басын иіп, сәлемдеседі.

Таныстыру үшін делдалдың қызметіне жүгінген орынды. Алайда адам өзін таныстыра алады. Егер біреу сізге келіп танысса, сіз де аты-жөніңізді айтуыңыз керек. Егер біреу екі адамды таныстырса, ол кісілердің аты-жөнін өзі айтуға тиіс. Екеуін бетпе-бет келтіріп: «Танысыңыздар», – деуге болмайды. Ол – оғаштау қылық, олай ету әдепке жатпайды. Егер таныстырушы жастары қатар, жынысы бір адамдарды таныстырса, онда көбірек таныс адамға таныстығы аз адамның аты-жөнін айтуға тиіс. Отбасы мүшелерін, әдетте, тегін айтпай, мысалы, «Әділ Сыдықұлы, Сізге бауырым Қанатты таныстыруға рұқсат етіңіз», – деп таныстыру қалыптасқан.

Өзіне біреу жаңа адамды таныстырғанда, ол кісі өзінің аты-жөнін, содан кейін: «Өте жақсы», немесе: «Сізбен танысқанымға қуаныштымын», – дегенді қоса айтады. Таныстырылған адам ол сөздерді айтуға тиіс емес. Таныстырылғаннан кейін жаңа таныстар бір-бірімен сәлемдесіп, көпшілік жағдайларда қол алысады немесе әңгімелесіп тұрады. Көбінесе әңгімені дәрежесі жоғары, жасы үлкен адам немесе әйел бастайды. Әңгімеге тартылған, бірақ бір-біріне таныстырылмаған адамдар қоштасқанда, бір-бірлеріне қол беруге міндетті емес.

Дене, бет-жүз қимылдары, жүріс-тұрыс

Сәлемдесу, танысу, таныстыру барысында адамның өзінің әдептілік мәдениетін көрсететін белгілі бір *мінез-құлық мәнерлері* бар. *Мәнерлер* – ол басқа адамдармен араласу, қарым-қатынас жасау барысында сөйлеген сөзі, дауыс ырғағы, өзіне тән жүріс-тұрысы, денесінің, бет-жүзінің әртүрлі қимылдары арқылы адамның өзін ұстауының, мінез-құлқын көрсетуінің тәсілі. *Өзін ұстау мәнері* – ұқыпты киіну, сөйлегенде сыпайы, әдепті болу сияқты, ол да айналадағы адамдарға құрмет көрсетудің тәсілі.

Жақсы мәнерлер деп: қарапайымдылық, ұстамдылық, өз әрекеттері мен қылықтарын бақылай білу, адамдармен ыждағатты және әдепті сөйлесу саналады. Жақсы мәнерлер адамнан денесін дұрыс ұстауын, қозғалыс-қимылдарын меңгере білуін талап етеді. Жақсы мәнерлер бізге түнеріп немесе жеке басымыздың қамымен ойға батып жүрмеуді үйретеді. Сыпайы, жылы жүзді болу керек, адамдарға нашар көңіл-күйімізді немесе *жаман мәнерлерімізді* көрсетпегуге тиіспіз.

Жаман мәнерлер деп адамның: қатты сөйлеу, тұрпайы сөздер айту, оғаш қылық пен мінез көрсету, олақ киіну, дөрекілік, айналасындағыларға ашық менмендікпен қарау, басқаларға ұялмастан өзінің еркі мен тілектерін таңу, ашуын жасыра білмеу, әдепсіздік, бейпілауыздық таныту, қорлайтын, қадір-қасиетін кемсітетін лақап ат пен айдар тағу арқылы жанындағы адамдардың намысына қасақана тию әрекеттерін санау қалыптасқан.

Адамның мінез-құлқына қойылатын басты талаптардың бірі – *оның табиғилығы*. Адамның жасанды мінезі қашанда сырт көзге көрініп тұрады, сол себепті ол көп нәрседен ұтылады. Адамның шынайы бет-келбеті – *тұлғаның беделі* деген сөз. Ол оның *қимылдарынан, бет-жүзінің құбылуынан, жүріс-тұрысынан* байқалады. Осындай *ауызбен айтылмайтын қатынас құралдары* арқылы, *сөйленетін сөздерге* қарағанда, адам өзі қаламаса да, анағұрлым көп жайды баяндай алады.

Соған байланысты сөйлеу қызметінде әдеп сақтау қажеттігі туады.

Сөйлеу қызметі – ол жеке адамның сөйлеу арқылы қарым-қатынасын жүзеге асыру бойынша психикалық-физиологиялық және әлеуметтік-мәдени қызметтерінің жиынтығы.

Сөйлеу қызметі үшін төмендегілер қажет:

- сөздерді, сөйлемдерді буын-буындарын бөліп, ұғынықты айта білу;
- ойлары мен сезімдерін дұрыс беретін сөздерді таба білу;

- грамматиканы дұрыс пайдалану (тіл ережелерін білу).

Осы талаптарды сақтап, орындау «сөйлеу мәдениеті» деген ұғымға кіреді.

Сөйлеу мәдениеті – ол сөйлеудің қазіргі заманғы әдеби тіл нормаларына сәйкестігі дәрежесі, тілді мақсатқа сай және еш қиындықсыз пайдалануды қамтамасыз ететін білімдер мен машықтардың жиынтығы.

Мәдениетті сөйлеудің негізгі белгілері:

- сөйлеудің дұрыстығы;
- сөйлеудің анықтығы;
- қисындылық;
- сөйлеудің тазалығы;
- сөйлеудің бейнелілігі;
- сөз байлығы.

СҰРАҚТАР МЕН ТАПСЫРМАЛАР:

1. Қарым-қатынастың атқаратын қызметтері қандай?
2. Педагог қызметіндеі сөйлемеу арқылы іске асатын қатынас құралдарының мәні мен маңызын ашып көрсетіңіз.
3. Тұлғааралық қатынастарда қабылдау тетіктері қандай рөл атқарады?
4. Педагог тұлғасы беделінің негізгі көрсеткіштерін атаңыз.
5. Педагог қызметінде қандай қиындықтар ұшырасады?
6. Педагог қатынастары стилі қалай жіктеледі?
7. Педагогтің жемісті қатынастарының қандай шарттары бар?
8. Педагог беделінің мәні мен маңызы неден көрінеді?
9. Педагог беделі қандай ұстанымдарға құрылады?
10. Жеке бедел құрудың психологиялық тетігінің қандай ерекшеліктері бар?
11. «Мен – тұжырымдама» деген не және оның педагог беделінің қалыптасуына қандай қатысы бар?
12. Қақтығыстардың қандай түрлері болады?
13. Төмендегі келтірілген қақтығыстардың шешімін табыңыз.

Қақтығыс жағдаяттарының әртүрлі тұрпаттарын сипаттау негізінде, кикілжің шешімінің жалпылама сызбанұсқасын нақтылау керек.

Қақтығыстың бірінші жағдайы.

Жоғары оқу орнында бір кафедрада екі оқытушы – Татьяна мен Сәуле жұмыс істейді. Олардың әрқайсысының кикілжің, дау-дамай кезінде өзін қорғай алатын және басқаға есесін жібермейтін қабілеттері бар. Одан өзге, Татьянаның басқалар туралы естіген-білген құпияны сақтай алмайтыны былай тұрсын, оны өзінің жеке мақсаттарына жету үшін пайдаланып қалуға тырысады. Оған Сәуленің күйеуімен ажырасқан кездегі және жаңадан күйеуге шығар алдындағы өмірінен кейбір деректер мәлім болды. Сәуленің ол кездегі мінез-құлқы, іс-әрекеттері әрдайым қоғамда қабылданған мораль нормаларына сай емес-тін. Сәуле Татьянадан естігендерін ешкімге айтпауды өтінсе де, ол өзіне мәлім жайттарды таныстарымен, әріптестерімен, зертхана қызметкерлерімен талқылай бастады. Адамдардың басым көпшілігі оны тыңдағанмен, олардың пікірлері әртүрлі болды. Біреулері: «Өмірде ондай күнәлар болып жатады, бірақ Сәуле қазір жақсы адам ғой», – десе, екіншісі: Әріптестерімнің жеке өмірінде шаруам жоқ, ал Сәулені жақсы қызметкер деп білемін», – дегендей ойларын айтты. Татьянаның да, Сәуленің де кәсіптік жағдайларына және әріптестерімен қарым-қатынастарына бұл ақпараттың ешқандай әсері байқалған жоқ, бірақ содан кейін олардың арасында қатты өшпенділік пайда болды.

Бұл жағдайдан қалай шығуға болады?

(Қосымша: кафедра жалпыуниверситеттік болғандықтан, тіпті бір кафедрада жұмыс істесе де, бұл екі оқытушы жұмыс бабында бір-бірімен бетпе-бет келмейді, өйткені әртүрлі факультеттерде қызмет етеді).

Кикілжіңді шешу үлгісі (төмендегілерді анықтау қажет):

1. Қақтығыстың түрі, оған адамдардың тартылуы дәрежесі бойынша тұрпаты, себебі, кикілжіңге қатысушылардың ұстанымдары мен мүдделері.

2. Қақтығыс неден байқалады, оның шиеленістілігі және ықтимал мерзімі (қаншалықты ұзаққа созылады).

3. Қақтығыстың, жалпы, ұжымның тыныс-тіршілігіне, жұмыс істеу қабілетіне тигізетін әсерінің деңгейі.

4. Қақтығыс жағдайын шешудің жолдары мен тәсілдері.

Жауап:

1. Қақтығысқа адамдардың тартылуы дәрежесі бойынша ол тұлғааралық, яғни екі адам арасындағы кикілжің (оған ұжым қатысқан жоқ) болып есептеледі.

Түрі бойынша қақтығыс мақсатқа жету қақтығыстарының қатарына жатады. Сондай-ақ бұл қақтығысты құндылықтар қақтығысына (құпия ақпаратты жария етуге деген әртүрлі мінез-құлық құндылығы, көзқарас) және өзара іс-әрекеттер қақтығысына жатқызуға болады. Қақтығыс Татьянаның басқа адамдардың білуі міндетті емес және кафедра ұжымы жұмысының табыстылығына еш әсері жоқ ақпаратты көпшілік арасына жайып жібергенінен басталған. Татьянаның мақсаты – ұжымның сеніміне кіру және басқа адамдарды алдап-арбау құралына ие болу (бұл оның мінез-құлқының ерекшелігін ескергенде, тіпті де ұжымдағы моральдық тазалық үшін күресу емес). Сәуленің ниеті – кейбір іс-әрекеттеріне көпшіліктің назар аударғанынан өзін қорғау.

2. Қақтығыс бұл жерде екі әйелдің жеке мәселелерге қатысты дұрдараздығынан көрінеді, өйткені олар жұмыс бабында бір-бірімен өзара араласпайды. Олардың мінез-құлықтарының ерекшеліктеріне байланысты, қақтығыс жасырын түрде (өйткені Сәуле, әлбетте, кикілжіңнің себебін ашық айта қоймайды) ұзақ уақытқа созылуы мүмкін.

3. Бұл кикілжің іс жүзінде ұжымның тыныс-тіршілігі мен жұмысының барысына еш әсер етпейді. Әріптестер әу баста-ақ оны құптамаған.

4. Жалпы жоғары оқу орны кафедрасының оқытушылары, әдетте, бір-бірлерімен сирек кездеседі. Сондықтан бұл кикілжіңді шешудің нақты тәсілі – оны бүкіл ұжымда да, оның себепкерлерімен де талқыламау керек. Сонда бұл оқиға көп ұзамай ұмыт болады. Бірақ дәл қазір Сәуле мен Татьянаға бірлесе атқаратын жұмыс тапсырудың қажеті жоқ, бұл олардың өзара қарым-қатынастарының реттелуіне келтіруі мүмкін.

Екінші қақтығыс жағдайы.

Олег – жоғары оқу орнының екінші курсына оқитын студент. Оған күрделі тақырып бойынша келесі тест сұрақтарының жауаптарын табудың сәті түсті. Курста бірге оқитын екі жолдасы одан сол жауаптарды сұраған соң, ол телефонмен айтып берді. Бұрын Олег пен сол екі жігіттің біреуі арасында бір қызға бола туған жанжал ұмыт болған сияқты еді. Әйткенмен Олег айтқан жауаптар дұрыс болмай шығып, жігіттер қанағаттанғысыз баға алып қалды, ал Олег тестіні жақсы тапсырды. Қайталап тестілеу барысында оқытушының қатаңырақ талаптар қойғаны белгілі. Мінез-құлықтары бойынша Олег те, ана екі

жігіт те қорқақ емес, өз мүдделерін қорғай алады. Олег сабаққа көп алаңдамайды. Оның екі курстасы жұмыс істейтіндіктен, оқуға көп уақыт бөле алмайды. Соған қарамастан, олар үшін оқу, білім алу – қызметте шынайы ілгерілеу құралы.

Орын алған кикілжіңді шешудің қандай амалдары бар?

Кикілжіңді шешу үлгісі (төмендегілерді анықтау қажет):

1. Қақтығыстың түрі, оған адамдардың тартылуы дәрежесі бойынша тұрпаты, себебі, кикілжіңге қатысушылардың ұстанымдары мен мүдделері.

2. Қақтығыс неден байқалады, оның шиеленістілігі және ықтимал мерзімі (қаншалықты ұзаққа созылады).

3. Кикілжіңге қатысушылардың қарсы әрекеттерінің тұрпаты.

4. Қақтығыс жағдайын шешудің жолдары мен тәсілдері.

Жауап:

1. Қақтығысқа адамдардың тартылуы дәрежесі бойынша ол тұлғааралық, яғни екі адам арасындағы кикілжің болып саналады, әрі бір тараптан екі қатысушы шығып отыр.

Түрі бойынша қақтығыс мақсатқа жету қақтығыстарының қатарына жатады. Сондай-ақ бұл қақтығысты құндылықтар қақтығысына да жатқызуға болады, өйткені онда студенттер ортасында қабылданған өзара әрекеттер нормалары бұзылған. Кикілжің Олегтің курстасынан өш алғысы келген ниетінен шығып отыр. Олегтің мақсаты – өзін танытып қалу және қарсыласын жеңу (оншалықты әділ емес әдістермен болса да). Балалардың ниеті – Олегті әділетсіз ісі, қылығы үшін жаза-лау.

2. Жігіттердің мінездеріндегі ерекшеліктерді ескергенде, қақтығыс олардың арасында елеулі, тіпті қаткыл әңгіме түрінде көрініс беруі мүмкін. Егер осы әңгіменің нәтижесінде екі жаққа да тиімді келісімге қол жетпесе, онда келесі қадам Олегтің істеген қылығын студенттер тобының алдында, көпшіліктің талқылауына салу болмақ. Кикілжің алғашқы уақытта тым өткір болуы ықтимал, бірақ ұзақ уақытқа созыла қоймас.

Кикілжіңді шешудің екінші нұсқасы егер қатысушылардың бірі ішіне реніш сақтап қалған (Олегтің басынан бір қызға қатысты өткен оқиғадағыдай) жағдайда болуы мүмкін. Онда кикілжің болашақта да жалғаса бергенмен, оншалықты өткір емес, бірақ созылмалы сипатта болуы кәміл.

3. Ең ықтимал жайт – Олегтің бұған қарсы жауабы, әрекеті жағдайға алаңдаушылық болса, ал жігіттердің бойларын алдану, сәтсіздік, шарасыздық сезімі жайлауы мүмкін.

4. Бірінші жағдайда барлық жайттарды анықтағаннан кейін кикілжің ары қарай жалғаспайды және оны шешудің тәсілі – ренжісу жағдайларын және қатысушылардың көзқарастарын анықтау, сондай-ақ болашақта өзара қандай қарым-қатынастар орнайтынын анықтау болмақ.

Екінші жағдайда қақтығыс, кикілжің өткір болмағанмен ұзаққа созылатын сипат алады. Егер қатысушылар оны шешудің қажет екенін жете сезінбесе, түсінбесе, онда реніш студенттер жоғары оқу орнын бітіргенше созыла беруі мүмкін. Күштердің айқын басымдығына (екі студент бір жігітке қарсы) сүйеніп және екі жігіт үшін тест тапсырудың аса маңыздылығын (олардың қызметте жоғарылауы соған байланысты), сондай-ақ жігіттердің мінез-құлқындағы ерекшеліктерді ескергенде, кикілжің, шындығында, бірінші жолмен дами беретін болады.

Үшінші қақтығыс жағдайы.

Қалада бір күні студенттерге арналған іс-шара белгіленді. Ол ерікті іс-шара болғандықтан, университетте сабақтар кейін шегерілмеді. А. есімді оқытушының сол күні бір пар семинар сабағы бар болғандықтан, ол университетке дейінгі жолына бір сағаттан артық уақыт кетсе де, дәл уақытында келген-ді. Студенттер сабаққа келмеді. Оқытушы деканға барып шағым айтқанмен, ол студенттерді жазалай алмайтынын мәлімдеді, өйткені ондай іс-шараға бару-бармау – олардың өз құқы. Оқытушының ол шараға студенттердің қатыспағанына, жай ғана сабаққа келмей қалғандарына айтқан уәждемесіне мән бермей, декан бұл фактіні дәлелдеудің мүмкін еместігінен танбады.

Оқытушы студенттерге деген ренішін көңілінде сақтап, басқаларға қарағанда сабаққа келмеген топқа көбірек талаптар қойып, тексеру жұмыстарын жиірек өткізіп, үлгерімдерін қаталырақ бағалайтын болды.

Студенттер оқытушының бұл қатал көзқарасының себебін, әрине, түсінді, бірақ ештеңе дәлелдей алмады, өйткені оқытушы әрдайым олардың үлгерімінің шынайы бағалануы өлшемдерін алға тартып отырды.

Кикілжіңді шешу үлгісі (төмендегілерді анықтау қажет):

1. Қақтығыстың түрі, мәселелік-қызметтік белгісі, оған адамдардың тартылуы дәрежесі бойынша тұрпаты, себебі, кикілжіңге қатысушылардың ұстанымдары мен мүдделері.

1. Қақтығыс неден байқалады, оның шиеленістілігі және ықтимал мерзімі (қаншалықты ұзаққа созылады).

2. Кікілжіңге қатысушылардың қарсы әрекеттерінің тұрпаты, ренжисудің, жалпы, ұжымның тыныс-тіршілігі мен жұмысқа қабілетіне әсер етуі деңгейі.

3. Қақтығыс жағдайын шешудің жолдары мен тәсілдері.

Төртінші қақтығыс жағдайы.

Ата-анасы ұлын мемлекеттік жоғары оқу орнына таныстың көмегімен түсуге көндіруге күш салып, әрекеттенеді. Бұл жоғары оқу орнындағы басшылық арасында ата-ананың беделді танысы бар. Қиындық мынада: жас жігіттің басқа мемлекеттік жоғары оқу орнына өз күшімен түскісі келеді (ата-анасына масыл болмай, шәкіртақы алып оқу үшін). Өкінішке қарай, біздің адал жас жігітіміз мектепте нашар оқығандықтан, оның жоғары оқу орнына өз күшімен түсетін шынайы мүмкіндігі жоқ дерлік.

Одан өзге, ата-анасы орналастырғысы келетін жоғары оқу орнында әскери кафедра бар, ал оның мүлдем әскер қатарына шақырылғысы келмейді.

«Иә» үшін уәждемелер (ата-анасымен келісіп, таныстықпен оқуға түсудің пайдасына): 1) жастардың көпшіліктері солай істейді; 2) ата-анаммен ұрсыспаған жөн; 3) достары сол үшін жазғырмайды, өйткені көптеген достарының бастарында да сондай жағдай болған (біреуі таныстықты пайдаланады, екіншісі пара береді); 4) талантты балалардың жақсы оқитындары сирек, сондықтан оларға да әлдебір көмек керек.

«Қарсы» үшін уәждемелер: 1) соңынан ар-ұжданым маза бермейтін болады, өзімді-өзім құрметтеуден қаламын; 2) ата-анамның өздері соны ұсынса да, олардың алдында ұят; 3) ата-анамның көмегінсіз маңызды өмірлік мәселелерді шеше алмайтын қауқарсыздығыммен ұзақ уақыт келісуге тура келеді; 4) егер қайсыбір уақытта танымал адам немесе үлкен бастық болсам, сол кезде әлдекім менің өмірбаянымдағы осы бір жайтты біліп қалса, онда ол маған қарсы қолданылатын қару болады ғой; 5) жақсы оқитын қабілетім болмағандықтан, беделді жоғары оқу орнында оқи алуым қиын болады, тұрақты түрде ата-анамның осы оқу орнындағы беделді танысының көмегіне жүгінуге тура келеді.

Бесінші қақтығыс жағдайы.

Мектеп бітіріп жатқан түлектердің бірі жұмысшы мамандығын алу үшін қайда, – жоғары оқу орнына ма, әлде колледжге ме, – оқуға

түскені дұрыс болатынын әлі анықтай қойған жоқ. Оның мектептегі сабақ үлгерімі орташа болған, бірақ соған қарамастан, осы өмірден жақсы орын алғысы, бәрінен бұрын, көп ақша тапқысы келеді. Ол қазір жоғары білімді мамандардың көпшілік жағдайларда онша көп сұранысқа ие болмайтынын немесе мамандығы бойынша жұмыс істемейтінін естіген. Одан өзге, оның тезірек ақша табуға кіріскісі келеді. Бірақ оның ата-анасы (жеткілікті ауқатты адамдар) оны бірнеше жыл өздері асырауға даяр, әйтеуір ол жақсы жоғары білім алып шықса болғаны.

«Иә» үшін уәждемелер (жоғары білімнің пайдасына): 1) жоғары біліммен барлық жерде, оның ішінде жақсы лауазымға жұмысқа орналасуға болады, ал колледж бітірсең, инженер бола алмайсың; 2) тіпті білім алу маңызды да емес, бақытты алаңсыз студенттік өмір маңызды, оның үстіне, ата-анаң жоғары оқу орнындағы оқуыңды және басқадай шығындарыңды қаржыландыруға даяр; 3) достарыңның көпшілігі жоғары оқу орнына түседі; 4) егер ұнамаса, қашанда оқудан шығып кетуге болады; 5) жоғары оқу орны әскер қатарында қызмет етуден құтқарады.

«Қарсы» үшін уәждемелер: 1) қазір жоғары біліміңмен ешкімді таңғалдыра алмайсың; 2) жоғары білімнің өзі сапасыз болып кетті; 3) жастық кезде колледжде білім алып, дербес жұмыс істей жүріп-ақ жоғары білім алуға болады; 4) шынымен жұмыс істей бастағанда, ішімдікке салынбауға, есірткімен әуестенбеуге, сандалбайлықтан азып-тозып кетпеуге мүмкіндік мол; 5) жұмыс істесең тезірек есейесің, тіпті қыздардың өздері көбірек құрметтеп, сүйетін болады.

Алтыншы қақтығыс жағдайы.

Бірде достардың ортасында сіздер танымал әртісті талқылай бастадыңыздар. Бір жағынан, ол ән шығарып, керемет әндер орындайды, бірақ, екінші жағынан, сіздер күнделікті өмірде оның оңбаған адам екенін білдіңіздер (әйелін баласымен бірге тастап кетіп, олардың тағдырына еш алаңдамайды, көбінесе ішімдікке тойып алып, бұзақылық жасайды, өзінің кордебалетіне уәде берген ақшаны әрдайым төлемейді). «Осындай эстрада «жұлдызы» жақсы көруге және құрметтеуге лайық па?» – деген сұрақ туады.

«Иә» үшін уәждемелер («жұлдызды» құрметтеп, жақсы көрудің пайдасына): 1) талантты адамдардың көпшілігінің мінез-құлықтары нашар; 2) біз оны шығармашылығы үшін құрметтейміз, бұл жерде ол керемет, ал жекелеген кемшіліктері – оның жеке басының және

онымен тым жақындасып кеткендердің ісі; 3) талантты адамдардың сезімдер мен әрекеттер ауқымы кең: бір жағынан, олар күнә жасауға бейім, бірақ, екінші жағынан, қателіктерін түсініп, опынуға да дайын (шығармашылықтың өзі – опыну деген сөз және «күнәларының» өтемі); 4) тіпті көптеген ізгілікті дейтін адамдардың да кемшіліктері аз емес, бірақ олар жайында ешкім білмейді.

«Қарсы» үшін уәждемелер: 1) ақын және әнші – ол бірбүтін тұлға, сондықтан оның шығармашылығы мен күнделікті өмірдегі мінез-құлқын бөліп қарауға болмайды; 2) белгілі әнші қашанда өз өмірінің қоғамдық назардан тыс қалмайтынын есінде ұстауы керек, сол себепті ол өзінің іс-әрекеттері, қылықтары үшін жауап беруге тиіс; 3) адам танымал бола бастағанда-ақ оны миллиондаған табынушылары жақсы көріп, құрметтейді, ол өзі болудан қалады, оның таланты – қоғамдық игілік, сондықтан ол өзінің барлық іс-әрекеттері мен қылықтары үшін жауап беруге тиіс; 4) көптеген талантты адамдар өзін бакылаудан шығарып алғанда құлдырай бастайды және өзінің кемшіліктері мен құмарлықтарының құлына айналады.

ТЕСТІЛЕР. ДҰРЫС ЖАУАБЫН ТАҢДАҢЫЗ:

1. Негізінде оқытушы мен студенттің қабылдауы жататын қарым-қатынас – ол:

- а) коммуникациялық
- ә) естушілік (перцептивтік)
- б) біржақты сөйлеушілік (монологтік)
- в) интерактивті
- г) полилогтік (көпжақты)

2. Перцептивтік қарым-қатынастың тетігі – ол:

- а) эмпатия
- ә) дене қимылдары
- б) бет-жүз қимылдары
- в) жанасу
- г) пантомимика

3. Негізінде білім беру үдерісі субъектілерінің өзара іс-қимылы жататын қарым-қатынас – ол:

- а) сұхбатқа құрылған
- ә) байланыс орнауына байланысты
- б) интерактивті
- в) полилогтік
- г) монологтік

4. Дене қимылдары, бет-жүз қимылдары, пантомимика көмегімен қатынас құралдары:

- а) кеңістік-уақыттық
- ә) просодиялық
- б) экстралингвистикалық
- в) дене арқылы сезіну
- г) оптикалық-кинетикалық

5. Бірлескен қызметті ұйымдастыру барысында өзара бағдарлану және іс-әрекеттерді келісу мақсатын көздейтін қарым-қатынас қызметі:

- а) байланыс
- ә) түсіністік
- б) ақпарат алмасу
- в) үйлестіру
- г) ой қозғайтын ынталандыру

6. Басқа адамды өзіне саналы түрде және санадан тыс ұқсату арқылы түсіну тәсілі:

- а) стереотизация
- ә) эмпатия
- б) сәйкестендіру
- в) рефлексия
- г) түйсік

7. Адамгершілікке жатпайтын, соған жүгінетін оқытушының қауқарсыздығын айқын көрсететін қарым-қатынастың теріс түрі:

- а) қатынас – арақашықтық
- ә) қатынас – қорқыту, үркіту
- б) қатынас – әзіл-оспақ
- в) достыққа құрылған қатынас
- г) педагогтің кәсіби ұстанымы негізіндегі қатынас

8. Педагогикалық ойлаудың кенеттен шешім табу деп түсінілетін қасиеті және оны дереу жүзеге асыру:

- а) педагогтік суырыпсалма қасиет
- ә) педагогтік түйсік
- б) педагогтік таза мақсат
- в) педагогтік рефлексия
- г) педагогтік білімдарлық

9. Педагог өзінің тәрбиеленушілеріне толық еркіндік беретін кездегі қатынас стилі:

- а) демократиялық
- ә) бейтарап
- б) авторитарлық
- в) стратегиялық
- г) нұсқаулық

10. Қақтығыстың жағдаяттық алғышарты:

- а) тысқары пікір (қате түсінушілік)
- ә) іштарлық
- б) өзімшілдік
- в) әріптестерді мойындамау
- г) пайдақорлық

11. Осы қоғамда немесе белгілі бір жағдайда жол беруге және қабылдауға болатын-болмайтын қылықтарды реттейтін мінез-құлық ережелерінің жиынтығы:

- а) мәдениет
- ә) мораль
- б) әдеп
- в) әріптестерді мойындамау
- г) дін

12. Не нәрсе мәдениетті сөйлеудің белгісі бола алмайды?

- а) сөйлеудің дұрыстығы
- ә) сөйлеудің нақтылығы
- б) қисындылық
- в) сөйлеудің екімағыналылығы
- г) сөйлеудің бейнелілігі

13. Қарама-қайшы мүдделердің, көзқарастардың, әрекеттердің қақтығысы; араздық, келіспеушілік, ушығып кетуі кәміл дау-дамай – ол:

- а) уәждеме
- ә) үрдіс
- б) қисындылық
- в) кикілжің
- г) мүдде

14. Адамгершілікке жатпайтын, соған жүгінетін оқытушының қауқарсыздығын айқын көрсететін қарым-қатынастың теріс түрі:

- а) қатынас – қорқыту, үркіту
- ә) қатынас – әзіл-оспақ
- б) педагогтің жоғары кәсіби ұстанымдары негізіндегі қатынас
- в) қатынас – арақашықтық
- г) достыққа құрылған қатынас

15. Танымал болуға ұмтылатын жас оқытушыларға тән қарым-қатынас:

- а) қатынас – арақашықтық
- ә) қатынас – әзіл-оспақ
- б) педагогтің жоғары кәсіби ұстанымдары негізіндегі қатынас
- в) қатынас – қорқыту, үркіту
- г) достыққа құрылған қатынас

16. Педагог: тәлімгер, аға жолдас, бірлескен оқу қызметіне қатысушы рөлін орындайтын кездегі қарым-қатынас:

- а) қатынас – әзіл-оспақ
- ә) қатынас – арақашықтық
- б) педагогтің жоғары кәсіби ұстанымдары негізіндегі қатынас
- в) қатынас – қорқыту, үркіту
- г) достыққа құрылған қатынас

17. Қарым-қатынастың ең көп тараған түрпаты:

- а) достыққа құрылған қатынас
- ә) қатынас – арақашықтық
- б) педагогтің жоғары кәсіби ұстанымдары негізіндегі қатынас
- в) қатынас – қорқыту, үркіту
- г) қатынас – әзіл-оспақ

18. Оқытушылыққа жарамайтын болып саналатын қасиет:

- а) жоғары ортақ мәдениет және білімдарлық
- ә) тез әрекет ету және ойлау
- б) өзінің жеке көзқарасынан танбау және қорғай білу
- в) бейнелі (сөйлеусіз) қатынас құралдарын пайдалана білу
- г) беймаза ақылгөйлік

19. Тұлғаның оқытушы беделіне негіз болатын қасиеті:

- а) тәлімгерлік
- ә) жоғары ортақ мәдениет және білімдарлық
- б) баяу әрекет ету, кертартпалық
- в) студентті басып тастауға ұмтылушылық
- г) ұқыпсыздық, жалқаулық

20. Жақсы мәнерлер болып саналады:

- а) қарапайымдылық пен ұстамдылық, өз іс-әрекеттерін бақылай білу
- ә) айтқан сөздеріне ұялмастан, қатты сөйлеу әдеті
- б) дене қимылдары мен мінез-құлықтағы әдепсіздік
- в) ұқыпсыз киіну
- г) дөрекілік, айналасындағыларды ашық менсінбеушілік

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫНЫҢ ЖАУАПТАРЫ:

I	II	III	VI
1 б	1 в	1г	1 ә
2 г	2 а	2 г	2 а
3 г	3 а	3 б	3 б
4 в	4 в	4 а	4 г
5 а	5 в	5 в	5 в
6 а	6 а	6 б	6 б
7 в	7 г	7 б	7 ә
8 ә	8 б	8 б	8 а
9 б	9 в	9 ә	9 ә
10 б	10 б	10 г	10 в
11 б	11 ә	11б	11 б
12 г	12 б	12 б	12 в
13 б	13 б	13 а	13 в
14 а	14 в	14 ә	14 а
15 г	15 г	15 в	15 ә
16 б	16 а	16 а	16 г
17 г	17 а	17 а	17 ә
18 а	18 в	18 ә	18 г
19 г	19 б	19 б	19 ә
20 б	20 а	20 а	20 а

ҚОРЫТЫНДЫ

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дамуы өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім және тәрбие берудің сапасын түбегейлі жақсартуды талап етеді. Бұл міндеттің шешімі педагогтің этикалық деңгейімен тығыз байланысты. Қоғамның саулығы, жинақталған әлеуетті іс жүзіне асыру, жасампаз еңбекке жас адамдардың күші мен қайратын қамту мүмкіндігі көбінесе тиімді білім беру жүйесіне тәуелді.

Осы тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орындарының ұстаздары мен оқытушылары кез келген түпкілікті реформаны жүзеге асыру өткенді егжей-тегжейлі талдаусыз, оны алдағы уақытқа айқын бағдарлаусыз ешқашан мүмкін болмайтынын естерінде ұстауға тиіс. Демек, қазіргі заманғы қоғамның әлеуметтік қатынастардағы түбегейлі өзгерістерімен қатар, нарықтық экономикаға өтуіне байланысты, **Қазақстанның тарихи-педагогикалық мұрасын жаңаша ойлауға деген әділетті қажеттілік пайда болады.** Осының негізінде ұсынылып отырған оқу құралында: Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев сынды қазақ ағартушыларының адамгершілік-этикалық тұжырымдамасына; Қазақстанның алғашқы педагог ғалымдары: М.Кәшімов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың, сондай-ақ Мұқтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев және Мәлік Ғабдуллин сияқты Қазақстанның белгілі қайраткерлерінің мұрасы негізінде жастардың адамгершілік-этикалық тәрбиесі мәселелеріне Қазақстан Республикасы мұғалімінің педагогикалық этикасының теориялық ілімдері ретінде талдау жасалды. Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың педагог этикасына қатысты үлгі сипаттамасына ерекше назар аударылды.

Оқу құралының екінші бөлімінде педагог этикасының теориялық негіздері және жоғары мектептегі педагогикалық үдерісте болашақ мұғалімдердің кәсіби-этикалық тәрбиесі мәселелері ашыла көрсетілді.

Қазіргі заман жағдайында, педагог мамандығы беделінің айтарлықтай түсіп кеткені байқалып отырған кезде, әлеуметтік-экономикалық әлеуеттің, сонымен қатар жалпы адамгершілік мәдениеттің төмендеуі секілді шынайы себептерге байланысты, мұғалім еңбегі шектерінде педагогикалық қызмет барысында оның жеке моральдық беделінің өсуі, моральдық бейнесінің маңыздылығы үшін елеулі мүмкіндіктер сақталып отырғанын айта аламыз. Ал бұл, түптеп келгенде, қазіргі кезеңдегі нарықтық қатынастардың ешбір

қиындықтарына қарамастан, моральдық фактордың рөлі маңызды, елеулі, тұрақты болып қала беретініне деген сенім ұялатады.

Кітаптың үшінші бөлімінде педагог тұлғасының: борыш пен ар-ұждан, абыройы мен қадір-қасиеті, педагогтік әдеп, төзімділік іспетті адамгершілік қасиеттері мен мәдениетінің дамуы деңгейі талданған; «оқытушы – студент» жүйесіндегі адамгершілік қатынастар, педагог тұлғасының адамгершілік бағыттылығының мазмұны ашыла көрсетілген.

Төртінші бөлім жоғары оқу оқытушысының мәдениеті мен педагогтік қатынастары мәселелеріне арналған. Сонымен қатар оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру ісінде сөйлеу арқылы және онсыз қатынас құралдарының маңызы, мазмұны, ерекшеліктері, тетіктері, оларға қойылатын талаптар сипатталған. Педагогтің студенттермен қарым-қатынасы барысында пайда болатын міндеттерді, қиындықтарды шешудің маңызды шарты ретінде оқытушының беделіне ерекше көңіл бөлінген, сонымен қатар қақтығыс, кикілжің оқиғаларының алдын алу, адамгершілік қатынастарды сақтау бойынша да ұсыныстар берілген.

Себебі, бүгінгі таңда **жоғары мектепке, бәрінен бұрын, шынайы адамгершілік, өзара құрмет, адамды ең жоғарғы құндылық деп тану, түсіну аса қажет.** Ал жоғары оқу орнында білім мен тәрбие беру үдерісін жетілдіру тәсілдерінің бірі – ол «оқытушы – студент», «оқытушы – оқытушы» қатынастары жүйесінде тиісті қарым-қатынас пен мінез-құлық мәдениетін талап ететін педагогтік этика ұстанымдарын, педагогикалық ынтымақтастық идеяларын іс жүзіне асыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ¹:

1. Валиханов Ч. Избранные произведения. – М.: Наука, 1984. – 414 с.
2. ЦГА РК, ф. 929, Каз. гос. изд-во, оп. 1, д. 371. л. 48.
3. ЦГА РК, ф. 929. Каз.гос.изд-во, оп.1, д.371.Л. 47.
4. Алтынсарин И. Собр. соч. в трех томах. Т.1 – Алма-Ата: Наука, 1975. – 359 с.
5. ЦГА РК, ф. 81, Наркомпрос КазССР, оп. 1. д. 23.
6. Кунанбаев А. Избранное. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1988. – 340 с.
7. Кунанбаев А. Назидания. – Алма-Ата: Жалын, 1983. – 160 с.
8. Кудайбердиев Ш. Зеркало подлинного счастья // Простор. 1989. – №8. – С.123-158.
9. Антология педагогической мысли Казахстана /Сост. К.Б.Жарикбаев, С.К.Калиев. – Алматы: Рауан, 1995. – 512 с.
10. Кудайбердиев Ш. Три истины. – Алматы: Гаклия, 1991. – 80 с.
11. Торайгыров С. Произведения в 2-х т. – Алма-Ата, 1967.
12. Жумабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 с.
13. Ауэзов М.О. Любите родной язык, родную литературу // Учитель Казахстана, 1957, 22 марта.
14. Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. – Алма-Ата: Мектеп, 1964. – 140 с.
15. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя. – М.: Прогресс, 1990.
16. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. – М. 1956. – 460 с.
17. Габдуллин Б.Г. Эстетические воззрения Абая. – Алма-Ата, 1970.
18. Гоноболин Ф.Н. Книга об учителе. – М.: Просвещение, 1965.
19. Гришин Э.А. Теория и практика профессионально-этической подготовки учителя в системе высшего педагогического образования // Автореф. дисс ... докт. пед. наук, 1981.
20. Гришин Э.А. Профессионально-этическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – Владимир, 1988.
21. Гусейнов А.А. ИИР – ЛИТЦГ // Краткая история этики. – М.: Мысль, 1987.
22. Дадонов Б.И. Эмоциональная направленность и свойства личности // Вопросы психологии, 1977, – №6.
23. Дубровский А.А. Открытое письмо врача учителю. – М.: Просвещение, 1985.
24. Илюсизова СМ. Учитель – ученик. – Алма-Ата: Мектеп, 1989.

¹ Бұл жерде орыс басылымында пайдаланылған әдебиеттер тізімі беріліп отыр. – Аудармашы.

25. Крупская Н.К. Избранные статьи, речи, письма. – М.: АН РСФСР, 1960.
26. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М.: Просвещение, 1987.
27. Кубесов А. Педагогическое наследие Аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989.
28. Кузьмина Н.В. Педагогическое мастерство учителя как фактор развития способностей учащихся // Вопросы психологии. 1983. – № 1.
29. Кузьмина НВ. Очерки психологии труда учителя. – М., 1967.
30. Леонтьев А.Н. Избранные психологические произведения: В II т. – М., 1983. – 725 с.
31. Лиханов А. Драматическая педагогика. – М., 1983.
32. Лихачев Б.Т. Педагогика. – М., 1998. – 464 с.
33. Макаренко А.С. О коммунистической этике. Соч. – М.: Просвещение, 1957. – Т. 7.
34. Меерманова Х.Б. Педагогическое наследие. Р.Г. Лемберг: Дис... к.п.н. – Алматы, 1997. – 144 с.
35. Моделирование педагогических ситуаций. – М., 1991.
36. Назаров И. Ф. Стать воспитателем. – Алма-Ата, 1988.
37. Парыгин Б.Т. Основы социальной психологической теории. – М., 1971. – 12 с.
38. Педагогическая этика / Под ред. З.А. Гришина. – Владимир, 1975.
39. Первомайский Б.Л. О типологической основе структуры личности // «Проблемы личности»: Материалы симпозиума. – М., 1956. – 460 с.
40. Писаренко В.И., Писаренко И.Я. Педагогическая этика. Книга для учителя. Изд. 3-е. – Минск: Нарасвета, 1986.
41. Попков В.А, Коржуев А.В. Теория и практика высшего профессионального образования. – М., 2004. – 425 с.
42. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М., 1996. – 356 с.
43. Серебряков К. Б. Уроки жизни. – М., 1977
44. Сластенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. – М., 1976.
45. Сухомлинский В.А. Разговор с молодым директором школы. – Киев, 1969.
46. Трубников Н.Н. Наука и нравственность. – М., 1990. – 254 с.
47. Шацкий С.Т. Избранные педагогические сочинения. – М., 1980. – 546 с.
48. Шнибекова Э.И. Содержание и формы воспитательной работы в студенческой академической группе. – Алма-Ата, 1977.
49. Шнибекова Э.И. Профессиональная этика в работе учителя. – Алма-Ата, 1987.
50. Чернокозов И.И. Профессиональная этика учителя. – М., 1988.
51. Педагогическая энциклопедия. – М., 1965. – Т.2.

Орынбасарова Элеонора Адалқызы

ПЕДАГОГ ЭТИКАСЫ ЖӘНЕ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ

ISBN 978-601-281-248-0

Қазақ тіліне аударған – **Омарова Сәуле Сыдықбекқызы**
Компьютерде беттеген және мұқаба дизайнін жасаған – **Любовицкая Ольга**

Басуға 2017 жылы қол қойылды.
Форматы 60x84 1/16. Көлемі 13,5 баспа табақ.
Times гарнитурасы. Офсеттік басылым.
Тапсырыс № ____ . Тиражы – 1000 дана.

«Бастау» баспасы
Мемлекеттік лицензия – № 0000036
ҚР Білім және ғылым министрлігі.
ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының
халықаралық код беру туралы №155 –
978-601-281 сертификаты.
Қазақстан Республикасы Ұлттық бизнес-рейтингінің
«Лидер отрасли – 2015» ұлттық сертификаты.
Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 458/460-95.
Тел.: 279 49 53, 279 97 32.

«Полиграфсервис» баспаханасында басылды (тел.: 233 32 53).
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13-а.